Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҚҰРЫЛЫСТЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ

СТРОИТЕЛЬНАЯ ТЕРМИНОЛОГИЯ

ҚР ЕЖ 1.01-101-2014
СП РК 1.01-101-2014

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно–коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

1 ӘЗІРЛЕГЕН:	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ГеоДата Плюс» ЖШС
2 ҰСЫНҒАН:	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3 БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

1 РАЗРАБОТАН:	АО «КазНИИСА», ТОО «ГеоДата Плюс»
2 ПРЕДСТАВЛЕН:	Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно–коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
3 УТВЕРЖДЕН (ы) И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:	Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от «29» декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ IV
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ 1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 1
3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 2
4 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР 2
БИБЛИОГРАФИЯ 170

КІРІСПЕ

Осы ережелер жинағы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Техникалық реттеу туралы», «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңдарын және Қазақстан Республикасының құрылыс саласының нормативтік базасын реформалау аясындағы басқа заңдарын орындау үшін әзірленген.

Осы ережелер жинағының негізгі ерекшелігі – библиографияда берілген, экономикалық дамыған елдердің нормативтік техникалық құжаттарындағы кейбір терминдер мен анықтамаларды қолданудың есебімен сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы құрылыс өнімдерінің белгілері үшін қолданылатын түсініктерді біріктіру және жіктеу арқылы келісуді, техникалық бірлікті қамтамасыз ету.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҚҰРЫЛЫСТЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ

СТРОИТЕЛЬНАЯ ТЕРМИНОЛОГИЯ

Енгізілген күні – 2015-07-01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Осы ережелерде құрылыс материалдары және бұйымдары бойынша терминдер мен анықтамалар берілген. Нормалар мен ережелер мемлекеттік басқару органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында сәулет, қала құрылысы, құрылыс қызметін жүзеге асыратын және құрылыс объектілерін пайдаланатын заңды және жеке тұлғалардың қолдануына арналған.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ережелер жинағын қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар керек:

ҚР ҚН 1.01-01-2001 Сәулет, қала құрылыс және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Негізгі ережелер;

ҚР ҚНжЕ 1.01-03-2008 Құрылыс терминологиясы. Құрылыс материалдары мен бұйымдары;.

МемСТ 12.0.002-80* ЕҚСЖ. Терминдер мен анықтамалар;

МемСТ 12.1.009-76* ЕҚСЖ. Электрлік қауіпсіздік. Терминдер мен анықтамалар;

МемСТ 12.1.033-81 ЕҚСЖ. Өрт қауіпсіздігі. Терминдер мен анықтамалар;

МемСТ 12.1.047-86 (ӘӨК СТ 5236-85) ЕҚСЖ. Өрт техникасы. Терминдер мен анықтамалар;

МемСТ 24346-80 Діріл. Терминдер мен анықтамалар;

МемСТ 25957-83 Ұтымды (инвентарлық) ғимараттар мен имараттар. Жіктеме. Терминдер мен анықтамалар;

МемСТ 26883-86 Ішкі әсер ететін факторлар. Терминдер мен анықтамалар;

МемСТ 27346-87 Құлыптық-темір бұйымдар. Терминдер мен анықтамалар;

ҚР СТ 1.2-2008 Мемлекеттік стандарттар мен ұйымдардың стандарттарын әзірлеудің тәртібі;

ҚР СТ 1.5-2013 Стандарттарды құруға, баяндауға, рәсімдеуге және мазмұндауға қойылатын жалпы талаптар;

ҚР СТ 1.27-2002 Терминологиядағы стандарттау. Негізгі қағидаттар мен әдістер;

ӘӨК СТ 2439-80 Құрылысқа арналған шыныдан жасалған бұйымдар. Терминдер мен анықтамалар;

ӘӨК СТ 383-87 Құрылыстағы өрт қауіпсіздігі. Терминдер мен анықтамалар;

ЭӨК СТ 3979-83 Керамикалық тақтайшалар. Терминдер мен анықтамалар;

ЭӨК СТ 4419-83 Құрылыстағы тот басудан қорғау. Құрылыс конструкциялары. Терминдер мен анықтамалар;

ЭӨК СТ 4926-84 Асбест-цемент бұйымдар. Терминдер мен анықтамалар;

ЭӨК СТ 5063-85 Жылумен оқшаулайын материалдар мен бұйымдар. Терминдер мен анықтамалар.

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 Ережелер жинағы Қазақстан Республикасының стандарттарының: ҚР СТ 1.2, ҚР СТ 1.5, ҚР СТ 1.27 талаптарының есебімен ҚР ҚН 1.01-01 құрылыс нормаларына сәйкес әзірленді.

3.2 Осы ережелер жинағында осы ережелер жинағының 2-бөлімі мен Бибилография бөлімінде көрсетілген, Қазақстан Республикасының ақпарат көздерінде, оның ішінде: ҚР ҚНжЕ 1.01-03, МемСТ 12.0.002, МемСТ 12.1.009, МемСТ 12.1.033, МемСТ 12.2.047, МемСТ 24346, МемСТ 25957, МемСТ 26883, МемСТ 27346, ЭӨК СТ 2439, ЭӨК СТ 383, ЭӨК СТ 3979, ЭӨК СТ 4419, ЭӨК СТ 4926, ЭӨК СТ 5063 және [1], [2] берілген терминдер мен анықтамалар қолданылды.

4 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

3.1 **Абляция:** Материалдардың балқытылуы, сублимациялануы, булануы, ыдырауы және мүжілуі нәтижесінде қатты дененің бетінен ыстық газдың ағынымен заттың әкетілуі.

3.2 **Абляциялық материалдар:** Құралымды атмосферамен немесе жанатын өнімдермен тікелей жанасудан қорғайтын материалдар. Мысалы: толтырғыш ретінде көміртегі (с.б. графит), кремний диоксиді бар (кремнезем, кварц) фенолдық, кремнийорганикалық және басқа синтетикалық шайырлардың негізіндегі жиі пайдаланылатын көмірленген пластмассалар.

3.3 **Қуатпен жабдықтаушы ұйымының абоненті:** Куатпен жабдықтаушы ұйымының тораптарына қосылған қуат қоныдрғылары бар электр күшін (жылуды) пайдаланушылар.

3.4 **Абонент енгізулер (жылу тораптары):** Жабдықтаулар кешені, оның көмегімен ғимараттардың жылу, вентиляция мен ауа кондициялау жүйелері жылу тораптарына қосылады. А.е. ғимараттардың жылумен жабдықтау жүйелерінің жылу желілері аяқталып жергілікті жүйелері басталады.

3.5 **Абразивті кесек:** Өзінің ось төңірегінде айналшықтамайтын, оңдеуге арналған қатты дене түріндегі абразивті құрал. Ескерту: мақсатына қарай олар жануыштығыш кесек немесе супермәре кесеккке бөлінеді.

3.6 **Абразивті құрал:** Құрал, оның кескіш элементтері ретінде абразивті түйірлер (абразив) болып табылады. Абразивті құрал мына түрлерге бөлінеді: абразиві байланған абразивті құрал (ажарлағыш кесектер, шарықтар, сегменттер), иілімді табандағы (ажарлағыш тері, таспа), ерікті абразив түрінде (түйірлер, ұнтақтар, пасталар).

3.7 **Абразивті шевер:** Тісті дөңгелек нысанды қатты дене түріндегі абразивті құрал.

3.8 **Абразивтік өңдеу:** 1. Көптеген абразивті түйірлерімен жүзеге асырылатын кесу арқылы өңдеу. 2. Абразивті құралымен маталлдың жұқа қабатын алып тастаудан тұратын материалды кесу арқылы өңдеу процессі. Абразивті өңдеуге тегістеу, қайрау, жетілдіру және басқа жатады.

3.9 **Абразивті материалдар:** Абразивтік өңдеуді жүзеге асыруға икемді табиғи немесе жасанды материал.

3.10 **Абразивтер:** Беттерді өңдеуге арналған қатты кристаллды түйіршік немесе ұнтақ түрлі материалдар.

3.11 **Абрис (жиек сызба):** Заттың сызба кескіні, контурлық кескінделуі.

3.12 **Абсолют ылғалдық:** Ылғалдық массасының ылғалды заттың көлеміне қатынасы.

3.13 **Ағаштың абсолют ылғалдығы -** ағаштағы су массасының абсолютті құрғақ ағашқа деген қатынасы, пайыз өлшемінде.

3.14 **Ауаның абсолют минималды және абсолют максималды температурасы (климатология):** Бақылау уақыты аралығындағы соңғы 50 - 80 жылдың ішіндегі берілген пункте ауа температурасы ең төмен және ең жоғары ауа температурасының деңгейін жетуін сипаттайды. Сол көрсеткіштердің қамсыздануы бір санына жуық.

3.15 **Абсолют құрғақ ағаш:** 103±2°С температурасы бойынша тұрақты массасына дейін құрғатылған ағаш.

3.16 **Абсолют ұзарту:** Ықтиярлы сызықтық дененің элементінің ұзындығын арттыру немесе кеміту

3.17 **Абсолюттік нөл:** Термодинамикалық температураның санау басы; судың үш еселі нүктесінен төмен 273,16 К орналасқан. Абсолюттік нөл кезінде атомдар мен молекулардың үдемелі және айналмалы қозғалысы тоқтатылады, бірақ олар тыныштық қалпында емес, ал «нөлді» тербеліс деп аталатын қалыпта болады.

3.18 **Абсорбенттер мен адсорбенттер (ауа кондициялау жүйелері):** Ағымды ауаны термодинамикалық өңдеу аппараттарында қолданылатын және сорып алынатын ауаны зиянды газтәрізді қоспалардан тазартуға арналған сұйық және қатты заттектер.

3.19 **Абсорбер:** Ауаны тазарту мақсатында зиянды булар мен газдарды жұтатын абсорбент - сұйық ерітіндісі қолданылатын аппарат.

3.20 **Абстракты:** Дерексіз, сәулет саласындағы абстракт формасы.

3.21 **Аванзал:** Алдынғы зал, үлкен залға кіре берістегі бөлме.

3.22 **Аванложа:** Кейбір театрлардың ложасының ішкі жабық бөлімі (алдындағы кішкене қосымша бөлме).

3.23 **Төтенше жағдайдағы апаттық-қалпына келтіру жұмыстары:** Төтенше жағдай аймағындағы бірінші кезектегі жұмыстар: кейбір бұзылу және жоғары қауіпті ошақтарын оңашалау, желілердегі апаттар мен зақымдарды жою, халықтың өмір сүруінің ең қажетті жағдайларын қалпына келтіру, сондай-ақ аймақты санитарлық тазарту және залалсыздандыру.

3.24 **Эскалатордың апаттық тежегіші:** Жылдамдық бұғауы іске қосылғанда және өз еркімен қозғалу бағыты өзгергенде, сондай-ақ жұмысшы тежегіш істен шыққанда, эскалатордың баспалдақ тақтасын тоқтатуға арналған құрылғы.

3.25 **Апаттық жарықтандыру:** Жұмыс жарықтың авариялық өшірілуі кезіндегі жұмысты жалғастыру (қауіпсіздік жарықтандыруы) немесе адамдарды жайлардан эвакуациялау (эвакуациялық жарықтандыру) мақсатындағы жарықтандыру.

3.26 **Аппатық-реттеуші резервуар (су бұру):** Апат пен ағынды суды тазарту құрылғылардағы жабдықтардың жұмыс тоқталуы кезінде, сонымен қатар суды максималды бұру сағаттарында ағынды суларды қабылдауға арналған сыйымдылық.

3.27 **Апаттық-құтқару қызметі:** Төтенше жағдайларды ескерту мен жою және апаттық- құтқару құрлдарымен жабдықтау мақсатында құрылған ұжым.

3.28 **Апаттық-құтқару жұмыстары:** Адамдарды, материалды мен мәдени байлықтарды құтқару, қоршаған ортаға келтірілетін зиян мөлшерін төмендету, сонымен қатар төтенше жағдайды жайылтпаушылықтау және оған байланысты қауіпті факторларының әсерін жою немесе кеміту мақсатындағы төтенше жағдай зонасындағы адам өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдайларда жүзеге асырылатын жедел жұмыстар, оларды орындау үшін арнайы дайындық, жабдық пен киім-кешек және құтқарушыларды жабдықтау керек.

3.29 **Электржабдықтаудың апаттық тәртібі:** Жүйе элементтерінің жұмыс істеуінің тоқтатылуы нәтижесінде техникалық нормативтерді сақтау мүмкін емес болып келетін электржабдықтаудың тәртібі. Апаттық тәртібінің түсуі қозғалыстың азайтуын немесе мүлдем тоқтатуын міндет етеді.

3.30 **Апат:** Нысанның жұмыс қабілеттілігінің бір деңгейден немесе салыстырмалы түрде бір қызмет ету деңгейінен екінші өте төмен деңгейге нысанның жұмыс тәртібінің көлемді бұзылуымен өтуін тұжырымдаушы оқиға.

3.31 **Құрылыстағы апат:** Құрылыс немесе эксплуатация кезіндегі икемді деңгейді асыратын және азаматтардың қауіпсіздігіне қатерлі ғимараттың зақымдалынуы, құрылымның түгел, оның бөлшегінің, бөлек құрылым элементінің зақымдалынуы немесе құрылымдардың деформациясы, сонымен қатар қарқындылығы есептік мәнін асырмайтын табиғи-климаттық әсері нәтижесінде пайда болған зақымдану немесе қиратулар (жер сілкінісі, жел тегеуріні, көшкін), құрылымдарды және ғимараттарды құру кезіндегі машина, механизмдер, тетіктер мен құрылғылардың зақымдануы.

3.32 **Магистральды құбырдағы апат:** Қысым арқылы қауіпті химиялық немесе өртжарылуқауіпті заттектердің шығарылуы және құйылып кетілуіне байланысты және техногенді төтенше жағдай туғызатын құбыр трассасындағы апат. Ескерту: тасымалдауға жататын өнімнің түріне қарай апатты бірнеше түрлерге бөледі, газ құбырындағы, мұнай құбырындағы және өнім құбырындағы.

3.33 **Жер астындағы құрылғысындағы апат:** Құрылғыдағы адамдардың өмірі мен денсаулығына зақым келтіріп қаржылық шығынға келтіретін құрылғының кенет түгел немесе жартылай қиратылуымен байланысты жерастындағы шахтадағы, тау өндірімінде, жер астындағы қоймаларда немесе сақтау орындарындағы, көлік тоннелі мен рекреация үнгірлеріндегі қауіпті жағдайлар.

3.34 **Сумен жабдықтау жүйесіндегі апат:** Судың тоқтауын немесе судың көлемінің кемуін және (немесе) елдің денсаулығы мен өміріне, қоршаған ортаға, заңды тұлғалар мен жеке тұлғаларға зақым келтіретін су сапасының нашарлауын тудыратын сумен жабдықтау жүйесінің, бөлек құрылғылардың немесе жабдықтардың жұмыстан шығуы.

3.35 **Экология апаты:** Кейбір объектілердің қоршаған ортаға зиянды заттектерді аса көп мөлшерінде шығару, сол себептен қоршаған орта, адамдар мен материалдық құндылықтар үшін жаппай қауіпсіздк пайда болады.

3.36 **Автобаза:** Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, сақтау және көліктік операцияларын жасауға, материалдарды, бұйымдарды, құрылымдарды, топырақты, құрылыс қоқымын, жабдықтарды, бөлшектерді, түйіндерді, агрегаттарды, құрылыс техникасын, адамдарды тасымалдауға арналған өндіріс кәсіпорны.

3.37 **Автобетон тасымалдауыш:** Бетон қоспаларын тасымалдауға арналған арнайы автомобильді көлік.

3.38 **Автобетон араластырғыш:** Шассисіндегі бетонараластырғышы орналасқан автомобиль, ол бетонды дайындап оны қалау жеріне тасымалдауға және дайын бетонды бетон дайындау зауытынан тұтынушыға тасымалдауға арналған.

3.39 **Автобетон сорғыш:** Бетонсорғыштың мобильді түрі болып табылатын өзі жүретін арнайы машина.

3.40 **Автобетон қатынастырғыш:** Түрлі қозғалымды бетон қосапаларын дайындауға және тасымалдауға арналған арнайы автомобиль.

3.41 **Автоблокадалау:** Кенет нормалды шарттардың және істеуінің бұзылуымен тудырылған машинаның, құралдың, жүйенің жұмыс тәртібін автоматты өзгерту (түгел тоқтатылуына дейін); тәртіптеменің сондай өзгерістерді автоматты жүзеге асыратын техникалық құралдардың жиынтығы.

3.42 **Автовокзал:** Автобустардың қалааралық бағыттарында шеткі және тораптық жерлерінде жолаушыларға қызмет көрсету үшін қойылған имараттар кешені және әр түрлі техникалық жабдықтар.

3.43 **Автогрейдер:** Өзі жүретін дөңгелекті реттемелі қайырмасы (ауыстырмалы аспабы) алдыңғы мен артқы дөңгелектерінің арасында орналасқан, жер үймелерін құру, жоспарлау мен профильдеуге, жол төсеміне, түбіндегі және жол төсеміндегі жырықтарға, қазуға және тазартуға, суарылатын шұңқырларға, материалдардың қозғалуына және реттеуленуіне, топырақ жолдарын құру мен жөндегуе арналған машина.

3.44 **Автодром:** Спорттық жарыстар, автомобильдерді сынау және жүргізушілердің тәжірибе алуы (үйренуі) үшін арнайы жабдықталған жолдары бар аумақ. Автодром құрамына сондай-ақ, көрермендер мінбелері, автомобильдерді техникалық күтуге арналған бөлмелер, гараждар ж.т.б. енеді.

3.45 **Жанармай құю орны:** 1. Көліктерді қабылдау, сақтау және оларға түрлі мотор отыны мен майларды құюға арналған ғимараттар, құрылғылар мен технологиялық жүйелердің кешені. 2. Автомобильдерді отынмен, маймен, сумен және басқа материалдармен жабдықтауға арналған құрылғылар, сонымен қатар техникалық қызмет көрсетудің бөлек түрлерін (дөңгелекке ауа толтыру, жуу орындары, тексеру, жөндеу, т. б.) жүзеге асыруға арналған құрылғылар.

3.46 **Блок-контейнерлі типті автожанармай құю станциясы:** Жерүстілік резервуарлар және мұнай өнімдерін автомототехникаға құюға, сақтауға, қабылдауға арналған блок-контейнерлер түрінде жасалған өзге де ғимараттар кешені.

3.47 **Стационарлық типті жанармай станциялары:** Автомототехникаға мұнай өнімдерін құю, сақтау және қабылдауға арналған жерасты мен жерүстілік резервуарлар және басқа да құрылыс ғимараттарының кешені.

3.48 **Автокар:** Қозғалтқышы және жүк платформасы бар рельссіз өзі жүретін арба. Тиеу-жүк түсіру жұмыстарын механикаландыру үшін пайдаланылады. Көтеру платформаларымен, жүккөтергіш крандармен ж.т.б. жиірек жабдықталады.

3.49 **Автоклав:** Қыздыру және жоғары қысым кезінде түрлі физикалық-химиялық процестерді жүргізуге арналған герметикалық аппарат (тығыз жабылатын қазандық).

3.50 **Автоклав материалдары:** Силикат тұтқырғыштары (әк, цемент және олардың қоспалары) және органикалық емес толықтырғыштары (кварцты құм) негізіндегі жоғары температура мен қысым жағдайында қатаятын құрылыс материалдары мен бұйымдары.

3.51 **Автокөтергіш (автомобиль көтергіші):** Жүктерді тік немесе көлденең бағыттарда тасымалдауға арналған жүк көтергіш машина. Автокөтергіш жебелі өзі жүретін көтергіштерге жатады, олардың жүк тасымалдауы ең алдымен көтергіштің айналу қозғалысы арқылы жүзеге асырылады. Құрылыста автокөтергіш тиеу-жүк түсіру мен құрастыру жұмыстары мақсатында қолданылады.

3.52 **Автомагистраль, автострада:** Бір деңгейде басқа жолдармен қиылыспайтын, өткізу мүмкіндігі жоғары және көліктердің қарсы ағынын оңашалау үшін бөлуші жолақтары бар үлкен ұзындықтағы автомобиль жолы.

3.53 **Автоматтандыру:** Энергияны, материалдарды немесе ақпараттарды пайдалану, беру, өзгерту, алу процесстерінде адамды тікелей қатысудан жарым-жартылай немесе толық босататын автоматикалық техника құралдарының және басқару жүйелерінің қолданылуы. Өндіріс процестері, есептеу процестері, жобалау, статистикалық мәліметтерді әзірлеу, жоспарлау, басқару және басқа да көп әрекеттер автоматтандырылады.

3.54 **Жобалаудың автоматтандырылған жүйесі:** Нысандардың жобалау сметалық құжаттарын тапсырысқа сәйкес тиімді әзірлеуді қамтамасыз ететін математикалық әдістердің, техникалық құралдардың (ЭЕМ, байланыс тәсілдері, ақпаратты бейнелейтін құрылғылар және т.с.с.) және ұйымдастыру кешенінің жиынтығы.

3.55 **Құрылысты басқарудың автоматтандырылған жүйесі (ҚБАЖ):** Тиісті шешім қабылдауға және оның орындалуын тексеруге арналған өзінің істеу процесіндегі өзара байланыстағы әкімшілік, ұйымдастырушылық, экономикалық-математикалық әдістерінің, есептеу-техникалық құралдарының ұйымдастыру, техниканың және байланыс құралдарының жиынтығы.

3.56 **Автоматтандырылған жұмыс орны (АЖО):** Өндірістік тапсырманы орындауға қажет ақпаратты өңдеу және бейнелеу процестерін автоматтандыру үшін есептеу техникасы құралдарымен (ЖК) қамтамасыздандырылған оператордың, диспетчердің, конструктордың, технологтың ж.т.б. жұмыс орны.

3.57 **Автоматтандырылған желі:** Өндіріс өнімін немесе оның бөлігін бүкіл дайындау немесе қайта өңделу процесін белгілі технологиялық жүйелілікпен және тапсырманың ырғағымен өзі автоматты түрде орындайтын жұмыс машиналарының және көмекші жабдықтардың кешені.

3.58 **Автоматты өртті хабарлаушы:** Өртке ілеспелі факторларді қабылдап өртті хабарлаушы.

3.59 **Автоматты басқару:** Тікелей адамның қатынасуынсыз берілген алгоритмге сәйкес басқарылатын нысанның (машиналардың, аспаптардың, жүйелердің ж.т.б.) қалыпты қызмет атқаруын қолдау. Ақпаратты автоматты жинау, сақтау, беру және әзірлеумен қамтамасыздандыратын техникалық құралдардың көмегімен, сондай-ақ басқару нысанына басқару ықпалын (сигналдарын) қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

3.60 **Автомобильден түсіргіш, автомобильден аударғыш:** Бортты автомобильдің шанағынан сусымалы жүкті (түйірлерді, қиыршықтастарды, малтатастарды ж.т.б.) түсіруге арналған құрылғы.

3.61 **Автомобиль жолы:** Ең алдымен автомобильдердің қауіпсіз және ыңғайлы жүруіне арналған жол. Автомобиль жолының негізгі бөлшектері: жер төсемі, жамылғысы бар жүру жолағы, автомобильдердің уақытша тоқтауына арналған жол жағасы.

3.62 **Кран орнатылған автомобиль, автокран:** Автомобильдің шассиінің үстіне жинақталған бұрылатын аспа жебелі жұмыс құрылғысы бар өзі жүретін, жүк тиейтін-түсіретін машина.

3.63 **Автомобиль полигоны:** Автомобильдерді сынақтан өткізу үшін жабдықталған жер телімі.

3.64 **Автомобиль көлігі:** Әр түрлі жабынды жолдармен, сондай-ақ жолсыз жағдайларда жүктер мен жолаушыларды тасуды жүзеге асыратын көлік.

3.65 **Дара (жеке) қазандық:** Жеке ғимаратты немесе имаратты жылумен жабдықтауға арналған қазандық.

3.66 **Автопанель тасымалдауыш:** Арнайы көлік құралы, ол автомобиль тартқыштан және арнайы жүк платформасы бар жартылай тіркемеден тұрады. Ол жұмыс қалпына жақын қабат панельдері мен алып бітіру элементтерін тасымалдауға арналған. Автопанельтасымалдауыш жоталы, таспалық, платформалық және көлбеу рамасы бар түрлерге бөлінеді.

3.67 **Автотиегіш:** Қозғалтқыштан жетегі мен ауыстырмалы жұмыс құрылғысы (шөміштері, айыр қармауыштары ж.т.б.) бар өзі жүретін көтергіш-тасымалдаушы машина; тиеу, жүк түсіру, қатарға қалау және дара немесе сусымалы жүктерді бір жерден бір жерге ауыстыру үшін қызмет етеді.

3.68 **Автопоезд:** Жүк-тартқыш пен жартылай тіркемеден немесе бір немесе екі тіркемесі бар автомобильден тұратын көлік құралы.

3.69 **Автоерітіндітасымалдауыш:** Ерітіні бетонды түінділердің түрлі консистенциялық құрылыс ерітінділерді құрылыс объектілеріне тасымалдау, қозғау және үлестеп шығарып салуға арналған арнайы көлік құралы.

3.70 **Ашық типті автотұрақ:** Сыртқы қабырғасы қоршаусыз немесе тым болмағанда, екі қарама-қарсы жақтары ашық имараттар. Бетке таратылған тесіктердің жалпы аумағы сол беттің сыртқы аумағының 50%-нан әр қабатта артық болса ғана бет ашық деп есептелінеді.

3.71 **Көлбеушелері (жарыққалқандары бар) автотұрақтар:** Автомашиналарға жер бетінен көтерілуіне және түсуіне мүмкіндік туғызатын ұдайы көтерілетін (төмендейтін) еден немесе еден араларында көлбеу еңістер қатарлары бар имараттар.

3.72 **Автотрансформатор:** Гальваникалық байланыстағы ортақ бөлімі бар екі немесе одан да көп ораулары бар транформатор.

3.73 **Автоферматасымалдауыш:** Темірбетон фермалардың түгел номенклатурасын тасымалдауға арналған автомобиль тартқыштан және арнайы жүк платформасы бар жартылай тіркемеден тұратын арнайы көлік құралы.

3.74 **Автоцемент тасымалдауыш:** Арнайы көлік құралы; арнайы автопоездерге жатады және цементті герметикалық резервуарда базисті қоймалардан және цемент зауыттарынан пневматикалық жүктемесімен күш түрі бар қоймалардан және бункерлерден тасымалдауға, құбырлар бойынша тікелей пайдаланушының қоймаларына пневматикалық өзінше жүктеуге арналған.

3.75 **Автоқалақтауыш тасымалдауыш:** Дайын қалақау қоспаларды, борлы ескекаяқты зауыт-дайындауыштан құрылыс алаңдарына орталықтандырылған тасымалдауға және көпқабатты ғимараттардың қабаттарына жіберуге арналған арнайы көлік құралы.

3.76 **Автоқатарлауыш:** Іштен жанатын қозғалтқышы бар қатарлауыш.

3.77 **Агломерат:** Тау жыныстары сынықтарының борпылдақ жинақтары.

3.78 **Агломерация:** Көптеген қалалар мен елді мекендердің шын мәнінде бірігуі.

3.79 **Агрегат:** Жаппай өзара алмасушылық қабілеті, бұйымның бөлшектерін басқа құрамдарынан бөлек жинақтауға немесе бұйымды өзін түгел жинақтауға мүмкіндігі және бұйымның белгіленген фунциясын орындау мен немесе өзінше орындау қабілеті бар жинақтау бірлігі

3.80 **Агрегат (хризотил асбесті):** Қалыңдығы 1 мм жуық, аяғына дейін қалыптастырылмаған талшық.

3.81 **Агрегатты қалып: қалыптардың жалпы атауы:** Қатты, сұйық және газ тәрізді қалыптар, олардың ішінде құрамына, температурасына және қысымына қарай қандай да бір заттек болуы мүмкін.

3.82 **Жөндеудің агрегат тәсілі:** Жөндеудің иесізденген тәсілі, ол бойынша бұзылған агрегаттар жаңа агрегаттармен немесе жөнделген агрегаттармен алмастырылады

3.83 **Агрессияшыл су:** Қатты материалдарды, олармен жалғасып істеген жағдайда, еріту мен жою қабілеті бар су. Сол қабілет көбінесе антропогендік іс-әрекетпен байланысты болып шығады, сондай-ақ, сол қабілет қышқыл тұнбаларда болады, олар елді мекендерде құрылғыларға, мәдени ескерткіштерге т.б. қатты зақым келтіреді.

3.84 **Жеміргіш орта:** Бұйымдарда немесе құралымдарда құрылыс материалының тоттануын тудыратын әсерлі орта.

3.85 **Агрессияшыл орта (бетондардың коррозиялық қайраттылығы):** Бетонның физикалық-механикалық сипаттамаларының өзгерістерін оның пайдалану қасиеттерін жоғлатуымен бірге туғызатын сұйық, қатты немесе газ тәрізді орта

3.86 **Жеміргіш әсер -** құрылыс материалының тоттануын тудыратын ортаның жеміргіш әсері.

3.87 **Су агрессиясы:** Судың және судфың ішінде ерітілген заттектердің химиялық әсер еті арқылы түрлі материалдарды жою қабілеті

3.88 **Бейімделу (техникада):** Сыртқы әсерлердің өзгеруіне немесе (және) өзінің құрылымының не қызмет атқару алгоритмінің өзгеруіне техникалық жабдықтардың немесе жүйелердің бейімделу қабілеттілігі.

3.89 **Пластикалық адаптация (бейімделушілік):** Пластикалық деформацияның пайда болуы жүктеудің бірінші кезеңінде іске асырылатын жағдайдағы матриалды денелердің қабілеті; одан келесі жүктеулерде дене шымырлы деформацияланады

3.90 **Сейсмикалық қорғаудың адаптация жүйелері:** Өз ауытқуларының кезеңдері сейсмикалық әсер ету жағдайында өзгеруге ұшырағыш қолайлы жүйелер.

3.91 **Адгезия:** Әр текті қатты немесе сұйық денелердің беттерімен өзара ілінісуі (жабысуы).

3.92 **Аддитивтік:** Жиынтық, бірақ тұтастықты құрмайтын, ансамбльді құрмайтын сәулет кешенін бағалауына қолайлы.

3.93 **Жабынды аддитивті тәсілімен қондыру (жабыны бар әйнек):** Әйнектің сыртына әр түрлі тәсіл арқылы бір немесе көп қабатты, метталдардан, нитрид қышқылдардан, фторидтерден немесе басқа қосындылардан тұратын жабындарды қондыру.

3.94 **Сынаудың адеструктуралық тәсілдері (бұзбайтын тәсілдер):** Құрылыс материалдар мен құрылғылардың қасиеттерін бұзу мен сынама белгісін алып тастауды жүзеге асыруынсыз анықтау (мысалы, бетонның беріктілік шегі, ультрадыбысты толқындарды тарату жылдамдығы бойынша, зерттеу объектісіндегі магнит өрісінің сипаттамасы бойынша бетондағы арматураның қалпын, ылғалды материал мен құрылғылардың диэлектрикалық өткізгіштігінің мөлшері бойынша ылғалдықты).

3.95 **Адиабаттық процессі (адиабаттық процесс):** Процессті жүзеге асыратын жүйе мен қоршаған орта арасындағы жылу алмасуы болмайтын термодинамикалық процесс.

3.96 **Сынаудың адеқұрылымдық әдістері:** сынаманы бұзбай немесе алып тастаусыз құрылыс материалдары мен конструкцияларының қасиеттерін анықтау.

3.97 **Әкімшілік айыппұл:** Салық мағлұмдамасын мерзімінде бермеген немесе мүлде бермеген, тиісті салықты уақытында төлемеген немесе мүлде төлемеген, сондай-ақ басқа да жолсыздық жасаған төлеушіге салық органы салатын айыппұл. Айыппұл әдетте, тұрақты үстеме немесе тиесілі салықтың белгілі бір пайызы түрінде өндіріліп алынады.

3.98 **Адресант:** 1) пошта жөнелтуші немесе телеграф жөнелтімдерін жолдаушы адам; 2) жүк жөнелтуші.

3.99 **Адресат:** Поштаны, тауарды және жөнелтілген жүкті алушы.

3.100 **Адсорбер:** Адсорбция (жұту) процесі өтетін газдарды, буларды немесе ерітінділерді (адсорбативтерді) қатты сорбентке сіңіру үшін қолданылатын құрылғы. Тазартылатын газдардан адсорбат сіңіріледі - ұшпа ерітінділерінің буы (ацетонның, бензиннің, бензолдың, ксилолдың және басқа), азот оксидтерінің, күкірт диоксидінің, фтор, хлор және хлоридтің бірігуі, йод пен сутек йодидінің, күкіртті сутектің және күкіртті органикалық бірігулерінің, сынап буының және басқа.

3.101 **Адсорбция қабаты (металл коррозиясы):** Қоршаған ортаның атомдары мен молекулардың адсорбция нәтижесінде металлдың сыртында пайда болатын және коррозия процесстің өтуіне кедергі жасайтын қабат

3.102 **Бетон адсорбциясы (физикалық):** Адсорбенттің сыртқы қабатындағы молекулалық күш әсері бойынша болатын цемент немесе оның гидратация өнімдерімен қоспа белсенді заттекті жұтуы, сол жағдай қуаттың еркін қабатының кемуін туғызады.

3.103 **Азаршен:** Төбесіне қарай тарылатын тік бұрышты немесе сегіз қырлы бірнеше қабаттан тұратын ағаштан жасалынған күмбез тәрізді жабын,

3.104 **Азерит:** Жеңіл бетондарға арналған жасанды толтырғыш, ол шар тәрізді айна тәрізді диаметрі 5-40 мм борпақ бөлшектер түрінде болады. Азерит сонымен қатар жылылықты оқшаулау төгуі ретінде қолданылады.

3.105 **Азимут (географиялық азимут):** Ұзын нүктенің маридианының жазықтығы мен берілген бағыттат өтетін вертикальді жазықтық арасындағы бағыттан солтүстікке сағат стрелкасының жүруі бойынша еспетелетін екі қырлы бұрыш.

3.106 **Айуан:** Шығыс сәулет өнеріндегі төбесі еңселі, көп бағаналы галерея немесе үлкен нишасы бар портал.

3.107 **Академизм:** Көркемсурет академияларында қалыптасқан, көне заман мен қайта өркендеу дәуіріндегі өнердің сыртқы пішіміне жалаң еліктеу негізінде құрылған классикалық өнер бағыты.

3.108 **Аквариум:** Су жануарлары мен өсімдіктерін ұстау үшін бейімделген арнайы қоймалар (шыныланған жәшіктер мен банкалар, ірі бассейндер).

3.109 **Арна көпір:** Көпір немесе суарнасы (құбыры, науасы, арнасы) бар эстакада тәрізді имарат; суарнасы саймен, шатқалмен, өзенмен, жолмен ж.т.б. қиылысқан жерде салынады.

3.110 **Аккредитивтеу:** Қандай да бір мекеме, оның жеке тұлғасы үшін несие ашуы.

3.111 **Аксонометриялық бетсалым:** Ғимараттың үш мөлшерлі немесе оның фрагментінің немесе оның құрылымдық түйінінің келешекте бұрмалауынсыз сызба жазықтығындағы шартты бейнесі

3.112 **Өрістілік:** Кеңістіктегі көлемді денелерді сызбада бейнелейтін әрі тек бір ғана проекциясымен шектелетін, сонымен қатар жобаланатын құралы қатынасты сол проекцияның координатты осьтардың бейнесін қосатын тәсіл

3.113 **Акт-рұқсат:** Істегі кәсіпорынның аумағында СМР өндіруге құқысын беретін еңбек қорғау нормативті құжат.

3.114 **Активация (металл коррозиясы):** Металдың пассив күйінен актив күйіне ауысуы.

3.115 **Негізгі жабынатын металлдың (ішкі қабаттың) активациясы (металлдарды коррозиядан қорғау):** Негізгі жабынатын металлдың сыртын ерітінделерде химиялық немесе элктрхимиялық тәсілдерімен қышқыл қабатын жабынды алу алдында өңдеу

3.116 **Ерітінді арқылы активтендірілетін желім (полимерлік):** Органикалық ерітіндімен сыртқа жабынын суландырған кезіндегі адгезиялық қабілеті пайда болатын полимерлік желім.

3.117 **Жылумен активтендірілетін желім (полимерлік):** Жылу әсерінен адгезиялық қабілеті пайда болатын полимерлік желім.

3.118 **Активтендіретін заттек (металлдардың коррозиясы):** Металдың пассивті қалпынан активті қалпына алмасуын жүзеге асыратын немесе пассивті қалпының жүзеге асырылуын қиындататын заттек (реагент)

3.119 **Белсенді жаға қорғау:** Жаға үінділерінің жиналуын және оларды жаға бойындағы бағытта, сонымен қатар аквторияның терең орындарына қозғалуын тоқтатуға арналған жаға қорғау құрылғылардың кешені. Сонымен қатар, белсенді жаға жағажай зонасында кесек материалдардың (қиыршық тастың, жұмыр тастың, тастың және басқаның), жасанды бірр қалыпта құйылған элменттердің төсеуін, банкет ұйымдастыруды қарастырады.

3.120 **Белсенді діріл қорғау:** Қосымша көздің қуатын қолданатын дірілді қорғау.

3.121 **Табанның белсенді зонасы (фундаменттер табаны):** Қосымша кернеуді және сол арқылы пайда болған деформациялар мен жылжымалы топыраққа қатысты қозғауларды қабылдайтын табан бөлшегі.

3.122 **Үйме табанының белсенді зонасы (автомобиль жолдары):** Үйменің шөгуі мен тұрақтылығын болжамдау кезінде есепке алынатын табанның қалыңдық күші.

3.123 **Цементке қосылатын белсенді минералды қоспа:** Жұқа ұсақталған қалпында гидравликалық немесе пуцооланикалық қабілеті пайда болатын цементке қосылатын минералды қоспа.

3.124 **Белсенді өртке қарсы қорғау:** Өрт сөндіруге, адамдарды және материалды құндыларды өрттің қауіпті факторларынан қорғауға арналған өрт қызметінің күші мен құралдары.

3.125 **Күн жылуының белсенді жүйесі фундамент табандары):** Топырақтың тіреуіш қабырғасының орнынан қозғалуы кезінде пайда болатын минималды қысым.

3.126 **Белсенді қысым (фундамент табандары):** Топырақтан тіреуіш қабырғаның қозғалып кету кезінде пайда болатын минималды қысым.

3.127 **Еспе дененің белсенді қысымы:** Берілген жүкетемесімен еспе дененің массасының тіреуіш қабырғаға ақырғы тепе-теңдік жағдайында әсер етілетін ең жоғары жиынтық қысымы.

3.128 **Белсенді қалып (бетондағы болат арматурасының коррозия қалпы):** Бетондағы болат арматурасының коррозияның түрлі қарқындылығы жағдайындағы қалпы.

3.129 **Цемент белсенділігі:** Стандартты жағдайларда сыналып, нормативтік құжатпен белгіленген стандартты цемент ерітіндісінен жасалған үлгісін қысу бойынша нақты мықтылығы.

3.130 **Белсенді минералды (гидравликалық) қоспалар:** Әуе тұтқырларына (әктасқа, гипске) гидравликалық қабілет беретін қоспалар, ал гидравликалық тұтқырларының тұщы мен сульфатты судағы беріктік қабілетін арттырады. Сонымен қатар минералды қоспалар бетондар мен ерітінділердің тығыздығын және тұзға беріктігін күшейтеді. Ондай қоспалар ретінде мыналар болып табылады: жанартаулық тегісі бар табиғи материалдар-доломиттер, опокалар, трассалар, трепелдер; шөгін тегісі бар - доломиттер, опокалар, трепелдер, глиеждер. Жасанды материалдар-отын күлдері, домналық түйіршіктелген боқаттар және басқа.

3.131 **Белсенді лай** (ағынды суларды тазарту): 1. Микроағза кешені оның үстіндегі адсорбтанған және жартылай қышқылдандырылған ластандыратын ағынды судың

заттектерін бірге қосқанда. 2. ағынды суды тазарту процессін аэробты биоқышқылдандырғыштарда (аэротенктер, окситенктер) жүзеге асыратын судағы салмақталған белсенді биомасса.

3.132 **Белсенді тәжірибе (эксперимент):** Әр тәжірибедегі факторлар деңгейі зерттеушімен белгелінетін эксперимент.

3.133 **Әсерлі бояғыштар:** Талшықпен берік химиялық байланыс туғызатын қасиеті бар бояғыштар.

3.134 **Активтер:** Есепке алу категориясы, құрамына нарық тұлғасының жекеменшікті мүліктерінің құны, сондай-ақ қарыздарды төлеуге арналған қаржы мен қорлары кіреді.

3.135 **Кәсіпорынның (ұйымның) активтері:** Кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын барлық активтер.

3.136 **Актинометр:** Перпендикуляр сәулелі бетке түсетін тура күн радиациясының (сәулелену) қарқындылығын өлшеуге арналған метеорологиялық құрал. Актинометрдің істеу қағидасы денемен сәулеленуді жұту мен күн радиациясының қуатын жылу қуатына ауысу негізінде орындалады.

3.137 **Актуальдандыру:** Жоспар шешімін (ғимараттың) және жобаның басқа құжаттарын жобаның нақты дамуы туралы жаңа деректер негізінде өзгерту, жаңалау және қайта қарастыру (мысалы, құрылыс жайындағы ағынды ақпаратты есепке алу мақсатында объект құрылысының графигін қайта қарастыру).

3.138 **Акустика:** Қандай да бір бөлмелердің дыбыстық (акустикалық) сипаттамасы.

3.139 **Сәулет акустикасы:** Жайлардағы дыбыс процесстерін зерртейтін акустика бөлімі. Сәулет акустикасының құрамында сонымен қатар дыбыстың толқын табиғатын есепке алғанда жайдағы ауаның өз немесе мәжбүрлі ауытқу процесстерін қарастыратын толқын акустикасы, дыбыс толқындардың бірнеше рет шағылуын есепке алғанда әр түрлі формалы жайларда дыбыстың таралуын зерттейтін геометриялық акутикасы бар. Сәулет акустиканың заңдары көрініс құрылымдарын, вокзалдарды, ауежайларды, өндіріс ғимараттарды жобалау кезінде шу-дыбыспен қосақталған технолигиялық процесстерімен есепке алынады.

3.140 **Құрылыс акустикасы:** Ғимараттардың қоршау құрылымдарының ауа мен соқпа шуынан дыбыс оқшаулау мәселелерді, дыбыс жұтатын материалдармен және құрылғылармен ішкі жабындарды қаптау арқылы шу деңгейін төмендету жөніндегі мәселерді, сонымен қатар жабындарда дыбыс оқшаулау материалдарын қолдану жөніндегі мәселелерді қарастыратын акустика бөлімі.

3.141 **Күйретпейтін бақылаудың акустикалық аппаратурасы:** Функционалды байланысты күйретпейтін бақылаудың акустикалық құралдар мен (немесе) электрондық блоктар мен түрлендіргіштерді біріктіретін акустикалық құрылымның құрам бөлігі.

3.142 **Акустикалық дефектометрия (кемістікметрия):** Кемістіктердің параметрлерін өлшеу, олардың бақылау объектісінде түрі мен бағдарлауын акустикалық күйретпейтін бақылау арқылы бағалау.

3.143 **Акустикалық дефектоскопия:** 1. Тұтастықтың және біртектіліктің бұзылмауы жөніндегі акустикалық күйретпейтін бақылау. 2. Серпінді ауытқуларды әсіресе дыбыстық жиілік диапазонды (20 кГц дейін) пайдаланумен негізделгендефектоскопия тәсілі. Ол көп

қабатты құрылғыларды, қабатты пластиктердегі байланыстардың және басқа дефектілерін анықтау мақсатында қолданылады.

3.144 **Жайдың акустикалық өңдеуленуі:** Ғимараттың барлық немесе ішкі қабатының бөлігін ғана дыбыс жұту материалмен қаптау немесе арнайы дыбыс жұтқыш құрылғылармен қаптау, жайларда дара дыбыс жұтқыштарды орнату.

3.145 **Шоқтың акустикалық осі (негізгі сәуле):** Амплитуданың максимум нүктелерін алыс зонасында қосатын, эффективті акустикалық орталығына дейін созылған сызық.

3.146 **Акустикалық көлеңке:** Бақылау объектісіндегі зона, оның ішіне берілген бағытта таратылатын ультрадыбыстық қуаттың бақылау объектің формасы немесе тұтас еместігі себебінен кіруі мүмкін емес.

3.147 **Акустикалық қалыңдықметрия:** Бақылау объектінің қалыңдығын акустикалық күйретпейтін бақылау тәсілі арқылы өлшеу.

3.148 **Дыбысжұтатын құрылымның немесе даналық дыбысжұтқыштың акустикалық сипаттамасы:** Дыбыс жұтудың ревербциялық коэффициентінің жиілік сипаттамасы немесе бір дыбыс жұтқышқа келетін, м2, дыбыс жұтудың эквивалентті көлемінің жиілік сипаттамасы.

3.149 **Акустикалық матриалдар:** Құрамы ұсақ тесікті материалдар, олардың дыбысжұту қабілеттері бар және олар жайлар мен техникалық құралдарды дыбыстан оқшаулау үшін қабат арасындағы жабындарда қолданылады, сонымен қатар қоғам жайлардың акустикалық қабілеттерін арттыру жөнінде қолданылады (көрермен залдары, лекция дәрісханасы т.б.).

3.150 **Акустикалық құрылыс материалдары:** Ғимараттардың акустикалық жайластыруды-дыбыс комфортын шығару үшін арналған құрылыс материалдары мен бұйымдар. Акустикалық материалдар дыбысжұтатын және дыбыс оқшаулайтындарға бөлінеді. Акустикалық материалдар төсеніш, тақта, блоктар, мақта немесе сусымалы заттектер түрінде жасалынады (керамзит, күп болып кеткен перлит).

3.151 **Акустикалық тереңдік өлшеуіш:** Шағылдырғышқа дейінгі қашықтықты және оның жатқан жерінің тереңдігін, координаттарын өлшейтін құрал.

3.152 **Акустикалық дефектоскоп (ақаутапқы):** Тұтастық және біртектілік түріндегі кемістіктерді күйретпейтін бақылауға арналған күйретпейтін акустикалық бақылаудың құралы.

3.153 **Акустикалық импеданс (дыбыс толқынының кедергісі):** Жалпы, қума толқынымен қатар ағынсыз толқыны немесе шағылыстыратын тоқыны бар жағдайда, дыбыс қысым амплитудасының тербелмелі жылдамдықтың амплитудасына қатынасы. Идеалды серпінді қабілеті бар матриалдар және жалпақ бойлық толқыны үшін ол тығыздықтың сол толқынның жылдамдығына көбейтіндісіне тең.

3.154 **Акустикалық каротаж:** Тау жыныстарындағы ультрадыбыстық және дыбыстық серпінді толқындардың сипаттамаларын зерттеуінде негізделген каротаж.

3.155 **Акустикалық күйретпейтін бақылаудың:** Бақылау объектісінде қобалжитын немесе пайда болатын серпінді тербелістерді қолдану жөнінде негізделген күйретпейтін бақылау.

Ескерту: жиіліктің ультрадыбыстық диапазонын қолданатын акустикалық күйретпейтін бақылаудың тәсілдері, жабдықтарды, құралдарды ультрадыбыс ретінде атауға болады, мысалы "ультрадыбыстық дефектоскопия", "ультрадыбыстық дефектоскоп".

3.156 **Акустикалық құрылым аспабы:** Материалдардың құрылымын анықтауға арналған акустикалық күйретпейтін бақылаудың аспабы.

3.157 **Акустикалық қалыңдық өлшегіш:** Қалыңдықты және (немесе) оның белгіленген мәнінен ауытқуын өлшеуге арналған акустикалық күйретпейтін бақылаудың аспабы.

3.158 **Акустикалық өріс:** Ультрадыбыстық қуат көзінен пайда болған үш өлшемді сәулелену құрылымы.

3.159 **Акцент:** Сәулет саласында композициялық мәнісін күшейту мақсатында ерекшелендірілген ғимараттардың, құрылымдардың, олардың кешендерінің құрамды бөлшектері немесе бөлек элементтері.

3.160 **Алебастр:** 1) құрылыстық гипс атауларының бірі; 2) түсі қардай ақ ұнтақталған агрегат тәрізді табиғи гипс (гипс тасы); 140-180°С күйдіру арқылы жартылайсулы (құрылыс) гипсін алу үшін арналған шикізат.

3.161 **Алевролит:** Цементтелген, тығыздалған, диагенетикалық өзгерістерге ұшыраған кесек қатты жыныс. Ол әсіресе 100 ден 10 мкм дейінгі өлшемі бар түйірлерден тұрады. Алеврит қаптау жұмыстарында сәтті пайдалынады. Жыныстардың қабатты орындары жабындарды қаптауға арналған плиталық материал ретінде оны шығару ыңғайлық тудырады. Жыныстың алуан-түсті гаммасы қызықты декоративті нәтижесін жетуге мүмкіндік береді. Алевролит өңдеуге- кесуге және жылтыратуға өте қолайлы.

3.162 **Алит:** Химиялық белсенді минерал - үш кальцийлі силикат-клинкерлі матриалдардың ең негізгі материалдардың бірі. Сумен әрекеттесуі аса жоғары жылу бөлінуімен жүзеге асырылады. Алиттің тез қату мен жоғары беріктік қабілеті бар, сол қабілеттер берілген клинкерден жоғарытаңбалы портландцементін алуды қамтамасыз етеді.

3.163 **Алкидті шайыр:** Көпнегізді қышқылдардың, майлы қышқылдардың немесе көпатомды спирті бар майлардың поликонденсациясы арқылы алынған синтетикалық шайыр.

3.164 **Алкид лактары:** Органикалық еріткіштердегі алкид шайырларының ерітіндісі. Тоттануға қарсы және атмосфера әсеріне тұрақты жабын ретінде ағаштан және металдан жасалған әртүрлі бұйымдарды қорғау және әрлеу, эмаль бояулары және астарламаларды дайындау үшін қолданылады.

3.165 **Алмаз:** 1. Текше сингонияның көмірсудың полиморфизмдік түрлендіруі болып саналатын кристаллдық заттек. Ескерту: ол тауып алу тәсілдері бойынша табиғи және синтетикалық алмазға бөлінеді, және қолданылуы бойынша- зергерлік пен техникалық; 2. Табиғи көміртектің кристаллды модификациясының бірі болып табылатын минерал. Түсі сарғыш, ақ, сұр, жасыл, одан сирек көгілдір мен қара; кейде түссіз. Ең қатты минерал. Минералогия шкаласы бойынша қаттылығы 10. Тығыздығы 3 500-3560 кг/м3. Алмаздың түссіз кристаллдары ең құнды тастар. Техникада ұсақ алмаздар қолданылады, олар ең алдымен абразивті және өнеркәсіптің басқа салаларында қолданылады.

3.166 **Алмазды арқанды ара:** Алмазды элементтері орнатылған, кесуге арналған болат арқан түрінде жасалған алмаз абразивті құрал.

3.167 **Алмасты паста**: Алмаз ұсақ ұнтақ пен үстіңгі -белсенді заттектің аралас қоспасы.

3.168 **Алмас сымы:** Үстінде алмас қабаты түсірілген сым түріндегі алмас абразивті құрал.

3.169 **Алмас бұрғылауы:** Ұсақ техникалық алмастармен арматураланған жыныс жоятын және сумен бұрғылау майда уақтарды кетіретін құрал арқылы механикалық айналма бұрғылау.

3.170 **Алмас бұрандасы:** Тесік бұрғылауға арналған, қыры алмазстан жасалынған құрал.

3.171 **Алмас кесегі:** Формасы жалпақ немесе бір қалыпты тіксызықты құрулары бар жабындардың комбинациясынан құрылған, бір немесе бірнеше жабындарында алмазды қабаты бар алмас абразивті құрал.

3.172 **Алмас құралы:** Жұмысқа арналған бөлігі алмаздан жасалынған құрал.

3.173 **Алмасты қиылатын шеңбер:** Кесуге және оюға арналған алмасты қабаты бар дөңгелек тәрізді алмасты шеңбер.

3.174 **Алмасты ұнтақ:** Өлшемі 2000 мкм астам емес алмастың кристаллдар мен поликристаллдар жиынтығы.

3.175 **Алмас кескісі:** Жұмысқа арналған бөлігі алмастың кристаллы немесе поликристаллы болып табылатын кескі.

3.176 **Алупласт:** Пластиктен құрылған жеңіл қалқан үшін профиль.

3.177 **Альбедо:** Денелердің, ғимараттардың, ғаламшарлардың үстінгі қабаттарының шағылдырғыштық қабілеттерінің сипаттамасы. Альбедо- үстінгі қабатпен тараталатын сәулелендіру ағынның сол қабатқа түсетін ағынға деген қатынасы. Альбедо интегральді (энергетикалық)- радиацияның түгел ағыны үшін, және монохроматикалық (ультра күлгі, жарық және инфра қызыл) болып бөлінеді. Альбедо жылудың жайға күн радиациясынан түсуін есептеген кезде қолданылады.

3.178 **Альков:** Тереңдеу, жатаржай ретінде келетін қабырғадағы қуыс.

3.179 **Альпілік төбешік:** Тау ландшафтына тән құмнан, тастан және өсімдіктерден жасалынған бақ-саябақжасанды композициясы.

3.180 **Альпинарий:** Тау пейзажын еліктейтін, альпі флорасының өсімдіктерін экспонаттауға арналған ботаникалық бақтың бөлімі, немесе көгалдандырылған территориясындағы декоративті экспозиция.

3.181 **Альтернатива:** 1. Бірін бірі жоққа шығаратын мүмкіндіктерінің (шешім варианттарының) біреуін таңдау қажеттілігі. 2. әр мүмкін, басқаларды жоққа шығаратын, басқару шешімдерінің біреуі немесе бірнешенің варианты. 3. Операцияны, ойын теориясын, шешім теориясын зерттеу түсініктемесі- мәселенің мүмкін шешімінің варианты. Ол жағдайда алтернатива термині ретінде шешімнің өзі әрі оны жүзеге асыру нәтижесі ұғынылады.

3.182 **Қуаттың алтернативті көздері (эоколгиялық қауіпсіз табиғи көздер):** Күн сәулелендірудің, желдің қуаты, шағын гидроэнергетика, жер үстіндегі және жер астындағы судың, ауаның төмен потенциалды жылуы және басқа, сонымен қатар

өндірістегі және тұрмыстық шаруашылықтағы қайталама энергетикалық ресурстар (өндірістік және ағынды тұрмыстық судың жылуы, вентиляциялық жүйелерінің тағы басқа).

3.183 **Альфрей жұмыстары:** Жабындарды ағаштан істелгенге, декоративтік тас пен жібекке ұқсатып жасау, аэрографикалық өңдеу, трафарет орнату, филенканы созу және басқа. Жабындарды альфреймен өңдеуі жоғары сапалы майлау бояулары бойынша орындалады. Қарапайым альфреймен өңдеуді (филенкаларды созу, трафареттерді орнату, валиктермен суреттерді орындау) жай қарапайым немесе жақсартылған бояулармен жүзеге асырылады.

3.184 **Үш кальцийлі алюминат:** Негізгі клинкерлі материалдардың бірі -жоғары химиялық белсенділік минералы; қату кезінің бірінші тәулігінде ол гидратация жылуының ең көп мөлшерін шығарады және тез қатады, алайда, оның қату өнімінің төзімділігі төмен және күкірт қышқылды қосындыларына қарсы берітігі төмен болып келеді.

3.185 **Алюминиевые конструкции:** Негізгі материалы алюминий құйындысы немесе техникалық алюминий болып табылатын құрылымдар мен бұйымдар. Алюминий құрылымдардың негізгі артықшылығы: жеңілдік, беріктік, төзімділік, өндірудің жоғары индустрияланауы және жақсы сыртқы түрі.

3.186 **Алюминийлеу:** Бұйымдарды тоттанудан сақтау, сыртқы көрінісін ажарлау, оларға арнайы физика-химиялық қасиеттерді беру үшін алюминийді немесе оның негізіндегі қорытпаларды металл бұйымдардың беттеріне түсіру.

3.187 **Төрт кальцийлі алюмоферрит:** Негізгі клинкерлі материалдардың бірі, ол орташа жылубөлінуімен сипаттанады, алиттен гөрі едәуір баяу қатады, бірақ одан тез ақтайды. Алитке қарағанда оның өнімдерінің берктігі шамалы төменірек.

3.188 **Алюр:** Жақтаудан кейінгі кіреберіс немесе галерея.

3.189 **Аминопластар, карбамид пластиктері:** Несеп және меламиноформальдегид шайырлары негізіндегі пластмассалар. Жақсы физикалық-механикалық және электроқшалауғыш қасиеттері бар, беріктігі мол, қиын жанатын, күнге тұрақты, жеңіл боялатын материалдар. Аминопластарды құрылыста әрлеу, жылу және дыбысоқшалауғыш материалдар ретінде пайдаланады.

3.190 **Бетонның аммонийлық тоттануы:** Аммоний тұздарының ерітінділерімен әрекеттесу нәтижесіндегі бетонның тоттануы.

3.191 **Бәсеңдеткіш:** Машиналардағы, құрылыстардағы соққыларды жұмсарту мен олардың тербелісін азайтуға және динамикалық жүктемелердің әсерінен қорғауға арналған құрылғы.

3.192 **Амортизациялық аударым:** Табысты амортизациялық аударымға азайту құқығы, өндіріс құрал-жабдығының құнын оның бүкіл жұмыс істеу мерзімі бойына азайту фактісін мойындау белгісі ретінде беріледі. Амортизациялық аударым құқығын берудің арқасында негізгі құрал-жабдықтың бағасы оның құнының тиісті бөлігі әр жылға тура келетіндей етіп бірнеше жылға бөлінеді.

3.193 **Амортизациялық мерзім:** Өндіріс құрал-жабдықтарының құнын бөлінген амортизациялық қаржы есебінен толық өтеу үшін қажет мерзім. Амортизациялық мерзімді мемлекет реттеп отырады.

3.194 **Амортизациялық қор:** Негізгі қорларды қарауға және кеңейтіп көбейтуге арналған ақша қаражаты; экономикалық табиғаты екі жақты, яғни бір мезгілде тозған негізгі қорлардың орнын толтыру процесін және оларды кеңейте көбейту процесін қамтамасыз етеді.

3.195 **Амортизация:** Негізгі қорлардың құнын сол қорлар арқылы өндірілетін өнімдер мен қызметтерге бірте-бірте көшіру; ақша қаражаттарын мақсатты шоғырландыру және оларды тозған негізгі қорлардың орнын толтыру үшін пайдалану. Пайдалану процесінде негізгі қорлар тозады, өзінің тұтыну құнын жоғалтады. Өндірілген өнім өткізілгеннен кейін алынған кірістің бір бөлігі негізгі қорларды қалпына келтіруге (реновация) арналған арнаулы амортизациялық қорға аударылады.

3.196 **Амортизация (техникада):** Машиналарда және ғимараттарда соққыны, дірілдеуді және т.с.с. өшіру (жұмсарту).

3.197 **Талдау:** 1. Қойылған мақсаттарға жету үшін қарастырылатын объекттің жарамсыздығын, баламалылығын, нәтижелігін анықтау мақсатында жүзеге асырылатын іс-әрекет. 2. Зерттелетін объектіні (ойдағы және шын) құрамды элементтерге бөлуімен негізделген зерттеу тәсілі. Талдау білімнің барлық салаларының негізгі тәсілі болып табылады. Материалдық өндірісте (сонымен қатар құрылыста) объект ретінде өндіріс процессінің барлық натуралды-заттық факторлары (қолданылатын материалды-техникалық ресурстардың жиынтығы) мен өндіріс қатынастарының жүйесінің құрамын анықтайтын факторлар (өндіріс процессінің қатысушыларының қатынастары, басқару саласы мен тағы басқа) да табылады.

3.198 **Геологиялық шарттарды және бедерлерді талдау мен бағалау:** Құрылыстың және территорияны меңгерудің басқа қала салу түрлерінің жағымды шарттарын генезис, литология, геологиялық қыртыстарының қалыңдығы, генетикалық түрлер мен бедер фомалары, эндогенді және экзогенді процесстер мен олардың таныту алғышарт туралы деректері негізінде анықтау.

3.199 **Гидрологиялық және гидрогеологиялық шарттарды талдау мен бағалау (қала құрылысында):** Аумақтың қала құрылысын меңгеру жағымсыздығын жер сыртындағы және жер астындағы сулардың күйі, тәртібімен ресурстары, территорияның су басылуы шарттары туралы деректер негізінде анықтау

3.200 **Климат жағдайын талдау мен бағалау (қала құрылысында):** Бір жағынан атмосферадағы геофизикалық процесстердің табиғи динамикасын (ауа температурасы мен ылғалдығы, желдің жылдамдығы, бағыты мен қайталануы, атмосфералық шөгінділер жалпы саны, күн радиациясының мөлшері), екінші жағынан антропогендік іс-әрекет нәтижесіндегі атмосфералық ауаның ластануын көрсететін қала құрылысын климаттық сипаттамалар бойынша игеруге арналған территорияның белгілі жайлылығы, сонымен қатар рельфетің, су объектілерімен, өсімдіктердің, құрылымдардың сипаттамалары бойынша шартталған территорияның микроклиматтық ерекшелерін талдау.

3.201 **Металлграфикалық талдау:** Металдар мен металл қорытпаларының микро және макроқұрамын зерттеу тәсілі

3.202 **Белгісіздікті талдау (өнім жүйенің өмір циклін):** Белгісіздіктің кіру мәнінің жиынтық әсері мен деректердің өзгеруіне байланысты өмір циклдің инвентаризациялық талдаудың нәтижесіне енгізілетін белгісіздіктің мәнін белгілеу мен сандық есептеу

жөніндегі жүйелік процедурасы. Белгісіздіктің мәнін есептеу үшін ықтималдықтың диапазондары немесе таратулары қолданылады.

3.203 **Тәуекелді талдау:** қауіптерді табу мен идентификациялау мақсатында және тәуекелді бағалау үшін істегі ақпаратты жүйелі пайдалану

3.204 **Елеуіш талдау:** Сусымалы материалдардың құрамының ірілігін түйіршіктердің қоспасын бірнеше қатар іргелес класстарға бөлуі өтетін елеуіштер жиыны арқылы анықтау тәсілі. Класстар шығысы салмақ бірліктерінде берілген (кг, г) сонымен қатар пайыз ретінде берілген.

3.205 **Талданатын кезең:** Қажетті тығыздықтың мәнін келесі бақыланатын кезең арасында белгілеу мақсатында тығыздық вариациясының партия бойынша орташа коэффициенті есептелетін кезең; партия бойынша беріктік вариацияның орташа коэффициентін келесі бағаланатын кезең аралығында есептеленетін уақыт кезеңі.

3.206 **Аналог:** 1. Салыстыруға жататын бұйымына ұқсас, функционалды мақсаты мен қолдану шарттары бойынша тәріздес отанда немесе шетелде өндірілген өнім. 2. Бір немесе бірнеше белгілері бойынша жобаланатын немесе бағаланатынға ұқсас сәулет формасы.

3.207 **Аналогия:** Ұқсастық, қатынас тепе-теңдігі, сонымен қатар салыстыру арқылы тану. Сәулет обьектілерінің ұқсастығын бірнеше белгілері бойынша анықтау: физикалық параметрлер, сәулет стилі бойынша.

3.208 **Ангар:** Ұшу аппараттары тұруға, техникалық қызмет қабылдауына және жөнделуіне арналған имарат.

3.209 **Анкерлік тақта:** Имараттың іргетасының негізіне салынатын және іргетасты анкерлік бұрандамасының басымен бұзуынан сақтау үшін қойылатын металл тақта.

3.210 **Анкерлік бұрандама:** Анкерлік тақтаның тесігінен өткізіліп тік білікті 90° айнала бұралып орнатылатын тікбұрышты басы бар бұрандама.

3.211 **Анкрелер (қара топырақты):** Қара топырақтан жұлып алу мақсатымен істеітн құрылғылар.

3.212 **Анкерлі қапсыра ұстау (жүк қапсыра ұстау құралдары):** Іс-қимылы жүкті жүктің қуысындағы төсеме элементін бекітуі арқылы ұстау қапсыра ұстауы.

3.213 **Қара топырақтағы құрылыс объектісін (құрылғысын) анкерлеу:** Объекттің (құрылғының) қара топырақпен, олардың түйісу үстіндегі созу немесе жылжыту күштерінің тұрақтылық пен өзара байланысты қамтамасыз ететін құрылыс тәсілі.

3.214 **Бітеудегі тартудың анкерленетін ұзындық (фундаменттер):** Тарту кескіні, ол арқылы акнерлік күш цемент тасына немесе тамырдың қатқан материалына жіберіледі.

3.215 **Сәнмаңдайша:** Әдетте ұстынға орналасқан аражабын арқалығы; сәулет ордерінің үстіңгі бөлігі: архитрав, фриз және карнизден тұрады.

3.216 **Тоттанудан қорғайтын жабындар:** Сыртқы ортаның тоттандыратын әсерінен қорғау және бұйымдарға сәндік көрініс беру үшін жасалатын бұйымдар мен құралымдардың жұқа жабындары. Тоттанудан қорғайтын жабындардың негізгі түрлері: металл сырлы бояу, шыныэмаль, оксидтық пленкалар, резеңке пленкалар, пластмасса және битум майлары.

3.217 **Антипирендер:** Материалдарды тұтанудан және өзінен өзі жануынан сақтандырушы заттар мен қоспалар. Антипирендерді бояулардың құрамында

бұйымдардың бетіне жағады немесе (және) материалдарға сіңдірілетін қоспалар түрінде пайдаланады.

3.218 **Ағаштарды антипирендеу:** Оттың әсеріне төзімділігін үлғайту үшін ағаштарға химиялық заттардың (антипирен) ерітіндісін не қоспасын толық немесе үстүртін сіңіру.

3.219 **Антисептиктеу:** Түрлі металл емес материалдардың (ағашты және одан жасалған бұйымдарды, пластмассаны ж.т.б.) биотөзімділігін және құралымдардың пайдалану мерзімін ұзарту мақсатымен химиялық заттарды (антисептиктермен) өңдеу.

3.220 **Антисептиктік заттар, антисептиктер:** Шіруге қарсы материалдардың тұрақтылығын күшейтетін, микробтардың әсеріне қарсы тұратын химиялық заттар.

3.221 **Антресоль:** Түрлі мақсатта пайдаланылатын бөлмелер (өндірістік, әкімшілік-тұрмыстық немесе инженерлік жабдықтарға арналған) орналасқан ғимарат ішіндегі алаң: 1) тұрғын үйде көлемді және сирек қолданылатын заттарды қою үшін пәтердің төбесінен төмен жасалынатын сөре; 2) бөлменің пайдалы ауданын көбейтетін тұрғын, қоғамдық немесе өндірістік ғимараттың биік бөлмесінің жоғарғы бөлігінде орналасатын жартылай қабат.

3.222 **Анфилада, анфиладалық құрылым:** Есіктері ашық болса интерьерде алшақтық көрініс тудыратын және мүмкіншілігі шектеулі тұлғаларға жүруін жеңілдететін, есіктерінің ойықтары бір бағытта орналасқан бір біріне жалғасатын залдар, бөлмелер қатары.

3.223 **Апсида, абсида:** Жартылай күмбезбен немесе иілген тоғыспамен жабылған, жайғасымында жартышеңберлі, қырлы немесе тікбұрышты ғимараттың шығыңқы жері.

3.224 **Арболит:** Органикалық толтырғыштардың, минералдық тұтқырғыштардың және судың қоспасынан тұратын жеңіл бетон.

3.225 **Аргиллит:** Балшықтардың тығыздалынғанынан, сусызданғанынан және цементтелуінен пайда болған шөгінді тау жынысы.

3.226 **Топсасыз арка:** Ұштары қысылған, аралық топсасы жоқ арка.

3.227 **Көтеріңкі арка:** Жартылай аралықтан аралыққа дейінгі шегіндегі көтерілу жебесі бар арка.

3.228 **Иілгіш арка:** Өлшеу кезінде есепке алынатын деформациялық қабілеті бар арка.

3.229 **Тынық арка:** Саңылауы немесе ойығы ішкі контур шегінде түгел қабырғамен толтырылған арка.

3.230 **Тақталы желімделген арка:** Қабат бойынша немесе қабат пен жиігі бойынша тақтайлардың (қабаттардың) желімдеуі арқылы пайда болатын арка.

3.231 **Қатты арка:** Есеп кезінде саналмайтын шамалы деформациясы бар арка

3.232 **Қуа соққан арка:** Үстінгі жағы үшкірлі болып келетін, пішіні қайықтың қуа соққан бөлімі тәрізді арка.

3.233 **Үйреншікті арка:** Еңіс жабынының үйреншігін құрастыратын арка.

3.234 **Шеңберлі арка:** Осі шеңбер осінің бойынан сызылған.

3.235 **Шілтер арка (ағаштан жасалынған):** Тақтай жақтауыштардан тұратын құрамды арка.

3.236 **Шұғыл арка:** Көтерілу жебесі аралықтан артық немесе оған тең арка.

3.237 **Жақ тәрізді арка:** Орталығы табанынан төмен орналасқан, шеңберден жартылай кем дөңгелек арка.

3.238 **Көп қабатты арка:** Осі вертикальді осіне қарағанда симметриялық орналасқан бірнеше орталықтары әр-түрлі дөңгелек доғаларынан құралған арка.

3.239 **Кері арка:** Дөңестігі төмен қаралған және табанында жүктелген арка.

3.240 **Айылды арка:** 1. Күмбез немесе одан жоғары арка көпірдің ұшып өту жерлеріндегі құрылымдардың конструкцияларын қолдайтын арка.

3.241 **Сырғымалы арка:** Табандары әр-түрлі деңгейде орналасқан арка.

3.242 **Жайпақ арка:** Көтерілу жебесі аралыққа тең немесе одан 1/5 кем арка.

3.243 **Төмендетілген арка:** Көтерілу жебесі аралықтың 1/5 немесе 1/2 шегіндегі арка

3.244 **Жүк түсіретін арка:** Қабырғада жасалынған және ғимараттың үстіңгі бөлшектерінің жүктемені қабырғалардың бүйір массивтеріне, тіреулеріне, контрфорстарына, дыңды фундаменттерге түсіретін арка.

3.245 **Бууғышы бар арка:** Кернегішті қабылдау үшін табандары мен тарамдары бууғышпен қосылған арка.

3.246 **Сүйірлі арка:** Төбесінде бұрыш астында қиылысқан және екі немесе одна да көп орталығы бар, радиусы аралықтың жарты ұзындығынан артық доғаларымен сызылған екі дөңес жартылай аркаларымен құрастырылған арка.

3.247 **Үш топсалы арка:** Табанында және құлыпында топсалы біріктірулері бар арка.

3.248 **Аркада:** Діңгектерге немесе ұстындарға тірелген бірдей аркалардың қатары.

3.249 **Аркатура:** Ғимараттың қасбетіндегі немесе ішкі бөлмелерінің қабырғасындағы әшекейлік жалған аркалардың қатары.

3.250 **Аркбутан:** Тоғыспа кермесінің күшін тіреу діңгектеріне - контрфорсына беретін тіреуші сырттағы тас жартылай арка, ішкі тіреулердің көлденең қимасының ауданын едәуір азайтуына мүмкіншілік береді және ғимараттың пайдалы көлемін ұлғайтады.

3.251 **Арматура:** Негізгі жабдықтардың құрамына кірмейтін, бірақ оның қалыпты жұмысын қамтамасыз ететін құрылғылар мен бөлшектер. Арматураларды құбырлық, электротехникалық, пештік ж.т.б. деп ажыратады.

3.252 **Арматура (құралымдарда):** Құрылыс құралымдары материалдарына енетін күшейту элементтері.

3.253 **Темірбетон құралымының арматурасы:** Ең алдымен созатын күштерді қабылдау және алдын ала кернеуді тудыру үшін салынатын темірбетон құралымдары құрамының бөлшегі. Темірбетон құралымдарының болат арматурасы (шыбықтары, сымдары, торлары, қаңқалары), сондай-ақ шыныталшықтар, шыныпластиктер кеңінен таралған.

3.254 **Жанама арматура:** Темірбетон құралымдарының орталық сығылған элементтерінің төзімділік қасиетін арттыруға арналған көлденең (шиырма, сақиналы) арматура.

3.255 **Көтергіш арматура:** Жұмыс істеліп жатқан кезде пайда болған жинақтау, тасымалдау жүктемелерді, сондай-ақ, бетон мен калыптың өздерінің салмағын көтере алатын темірбетон құралымдарының арматурасы.

3.256 **Арматуралау жұмыстары:** Қалыпқа (опалубкаға) салу немесе темірбетон құралымының арматурадан жасалған қаңқасының бетондайтын жеріне орнықтыруды дайындау жұмыстарының кешені.

3.257 **Арматуралық білдек:** Арматуралық болаттан жасалған бұйымдарды кесуге, майыстыруға және түзетуге арналған машина.

3.258 **Арматуралау:** Материалдарды немесе құрылымдарды басқа беріктігі артық материалдан жасалған элементтермен (арматурамен) күшейту.

3.259 **Арматураланған шыны:** Қалыптау кезінде болат сымнан пісірілген металл тор қыспақтап салынған табақты силикат шыны.

3.260 **Арматураланған пластиктер:** Беріктігін арттыратын толтырғышы жіп, жгут, мата ж.т.б. тәрізді талшықты заттар құрайтын пластмассалар.

3.261 **Шегенделген цементтік құралымдар:** Жиі тоқылған немесе жіңішке сымнан пісірілген торлармен арматураланған ұсақ түйіршікті бетоннан жасалған жұқақабырғалы (қалыңдығы 15-20 мм) құралымдар.

3.262 **Аркатәрізді бөгет:** Беріктігі тоғыспа тәрізді жұмыс атқаруы негізінде қамтамасызданып судың горизонталь қысымының өзен жағаларына немесе ұстындарына (шеткі тіреулеріне) берілісімен қамтылатын жайғасымындағы қисықсызықты (арка тәрізді) бөгет.

3.263 **Аркатәрізді көпір:** Негізгі көтеретін құралымдары қысылып майысумен қызмет атқаратын аркалардан немесе тоғыспалардан тұратын аралық құралымдары бар көпір.

3.264 **Сәулет:** Имараттар мен олардың кешендерін тағайындауларына сәйкес жобалау және салу өнері.

3.265 **Кіші пішіндер сәулеті:** Ашық кеңістіктерді ұйымдастыру үшін (фонтандар, баспалдақтар, кабырғалықтар, құлпытастар, стеллалар, фонарлар, киоскілер, жарнамалар ж.т.б.) сәндік-материалдық, абаттандыру қызметтері бар кіші имараттар.

3.266 **Архитрав:** Ұстынның капителіне орналасатын сәнмаңдайшаның үш жатықтық бөлігінің төменгісі.

3.267 **Асбест:** Иілгіш және жіңішке талшықтарға (жуандығы 0,5мкм-ге дейін) таралатын талшық агрегаттарды құрайтын минералдардың силикат топтарының жалпыланған атауы. Бұйымдардың пластмассаларының, асбестоцементтерінің, отқа төзгіш және жылуоқшаулағыш материалдарының толтырғыштары ретінде қолданылады.

3.268 **Асбестті цемент:** Өзгеше арматура ретіндегі асбест талшықтарымен арматуралынған қатып қалған цемент тас болып табылатын және табақ бұйымдарын (жабындық плиткаларды, ирек және жартылай ирек табақтарды), өндіруге арналған, сонымен қатар құбыр бұйымдарын - асбестті цемент құбырларын өндіруге арналған құрылыстық композициялы материал.

3.269 **Асбест цементтік қысымсыз құбыр:** Құбырларда атмосфералық қысымды асырмайтын қысымы бар тасымалданатын сұйықтық немесе газды қолдану асбест цементтен жасалған құбыр.

3.270 **Асбест цементтік қысымды құбыр:** Құбырларда артық қысымы бар (атмосфералық қысымын асыратын) тасымалданатын сұйықтық немесе газды қолдану асбест цементтен жасалған құбыр.

3.271 **Асбест цементтік қалыпқа келтірілген бөлшек:** Күрделі формасы бар ұштастыруды жабында ұйымдастыратын асбест цементтік бұйым.

3.272 **Асбест цементтік бұйымдар:** 1. Цемент, асбест пен қосуы бар немесе қосуы жоқ судан құрылған қоспасының қатуы арқылы алынатын жасанды композициялық

материалдар. 2. Цемент, хризотил асбесті, кейде сыртқы бейнесін көркемдейтін, диэлектрикалық қабілеттерін арттыратын немесе су сіңіруді кемітетін қосымшалар қосылған қоспасынан жасалынатын құрылыс бұйымдар.

3.273 **Асбест цементті жартылай цилиндр:** Тұйықталған түзу цилиндр тәрізді, құбырдың жылу оқшаулағыш қабатында қорғау қаптамасын құрауға арналған асбест цементтік бұйым.

3.274 **Асбестоцементтен жасалған панель:** Сыртқы беті асбестоцементтен және ішкі кеңістігі қажет жағдайда оқшаулағыш материалмен толтырылатын, қырынан тік орнатып пайдалануға арналған жазық құрылыс элементіне жататын бұйым.

3.275 **Асбозурит:** 15-30 % (массасы бойынша) асбест талшықтан және 70-85% трепелодан (диатомит) тұратын ұнтақ тәрізді қоспа ретіндегі сусымалы жылу оқшауландырғыш материал.

3.276 **Асбопеколит:** Асфальтопекті пластикалық масса - ұнтақталған асбесттің таскөмірлі құмымен және инфузориялық жерімен аралас қоспасы. Қышқылға берікті құбырлар мен тақталарды сонымен қатар престелген бұйымдарды өндіруге арналған қышқыл-сілтіге берік материал.

3.277 **Асбошифер:** Асбест цементінен жасалынған табақ материалы.

3.278 **Стандарттау аспектісі:** Стандартпен белгіленген талаптарының жалпыланған құрамының қысқаша түрде көрсету.

3.279 **Аспирациялық қондырулар:** Жабындардағы шаңды кетіруге және оны ауа сымдар арқылы тасымалдау, ауан шаңнан тазарту мен оны қоршаған ортаға кетіруге арналған құрылғылардың жиынтығы

3.280 **Аспирациялық жаппа:** Түрлі жапқыштар, қаптамалар, жергілікті сорғыштар түрінде орындалған және пайда болатын шаңды оқшаулау мақсатында жасалынған құрылғы.

3.281 **Аспирация:** Өндіріс жайлардың ластануын жоққа шығару мақсатында шаң мен зиянды газдарды олардың пайда болған жерлерінде технологиялық жабдықтармен сорып тастау және оларды тасымалдау мен ауаны тазарту.

3.282 **Ассенизация:** Елді мекендерді тазарту жүйесі, ең алдымен сұйық қалған-құтқанды және кірлерді шығарып тастау

3.283 **Асбестоцементтен жасалған тақта:** Сыртқы беті асбестоцементтен және ішкі кеңістігі қажет жағдайда оқшаулағыш материалмен толтырылатын, жалпағынан жатқызып пайдалануға арналған жазық құрылыс элементіне жататын бұйым.

3.284 **Асбестоцемент құралымдары:** Асбестоцемент тақталары негізінде жасалған құрылыстық құралымдар және бұйымдар (тақталар, панельдер, т.б.).

3.285 **Асбестоцементтен жасалған желдеткіштік қорап:** Желдеткіштер жүйесін орналастыруға арналған қуыс кеңістігі бар бұйым.

3.286 **Асбестоцементтен жасалған швеллер:** Құрылыс құралымдарының қаңқасын жасауға арналған швеллер тәрізді асбестоцементтен жасалған бұйым.

3.287 **Асфальт:** Табиғи немесе жасанды құрылыс материалы. Жасанды асфальт - мұнай битумымен (13-60%) ұнтақталған минералдық толтырғыштардың (көбінесе әктастың) қоспасы. Малтатас, құм немесе қиыршықтаспен араластырғанда асфальтобетон жасалады.

3.288 **Асфальтобетон, асфальттық бетон:** Қиыршықтастан, құмнан, минералдық ұнтақтан және битум қоспасынан жасалатын құрылыс материалы. Жолдар жабынын, өндіріс ғимараттарының едендерін ж.т.б. жасау үшін пайдаланылады.

3.289 **Оттан қорғайтын атмосфераға төзімді зат:** Атмосфера факторларының үнемі әсерінде болатын бұйымдарды берілген шектеу мерзімінде ұзақ уақыт оттан қорғауды қамтамасыз ететін зат.

3.290 **Асфальтобетонараластырғыш:** Құм, қиыршықтас және басқа құрамбөліктерді битуммен араластырып асфальтобетон мен басқа да битумминералды қоспаларды дайындауға арналған қондырғы.

3.291 **Асфальттөсегіш:** Жолдардың және аэродромдардың жабындарының негізін төсегенде және жөндегенде асфальтобетонды және басқа битумминералды қоспаларды тарату мен салуға арналған өзі жүретін жол құрылысының машинасы.

3.292 **Атлант:** Ғимараттың төбелік аражабынын, портикті ж.т.б. көтеріп тұрған еркек мүсіні.

3.293 **Аттик:** Сәулет ғимаратын ұштаушы карниздің үстіндегі бедерленген және жазулармен жиі сәнделетін қабырға. Әдетте салтанаттық арканы ұштайды.

3.294 **Аудит:** Шаруашылық жүргізуші субъектілердің бухгалтерлік немесе салық есептемесін, бастапқы құжаттарының есебін және қаржы-шаруашылық қызметінің басқа да деректерін, олардың растығын, толықтығын, қолданылып жүрген заңдар мен белгіленген нормативтерге сай келуін айқындау мақсатымен тексеру.

3.295 **Суды ауалау:** Судың сапасын көтеру мақсатында темірсіздендіру және бос көміртекқышқылы мен күкіртсутегілерінен ажыратып алу арқылы тазалағыш су құбырлары имараттарында жүргізілетін ауадағы оттегімен суды қанықтыру. Сондай-ақ ақаба суларды биологиялық тазарту имараттарында, балық өсіру тоғандарында жүргізіледі.

3.296 **Ғимараттарды ауалау:** Өндірістік ғимараттарда, әсіресе ыстық цехтерде ауаларын реттеп табиғи ауамен алмастыру. Сыртқы және ішкі ауа тығыздықтарының айырымы себебінен терезелер, аэрациялық фонарлар арқылы орындалады.

3.297 **Аэровокзал:** Жолаушыларға қызмет көрсету және жүктерді реттеп өткізуге арналған ғимарат немесе ғимараттар жиынтығы.

3.298 **Аэродром:** Ұшып-отыратын жолағы, үстінде ауалы кеңістігі және жабдықтары бар жер телімі, ұшақтардың ұшу, қону, жүру, тұру және күтілуіне арналған имараттар кешені.

3.299 **Аэродром жабыны:** Ұшатын аппараттарды үзіліссіз пайдалану үшін ұшақтардың ұшып-отыратын жолақтарының, жүретін жолдарының, тоқтайтын жерлерінің және аэродромның басқа алаңдарының жасанды жабыны. Әдетте аэродромдық жабын үш құралымдық қабаттан: жабынның өзінен, жасанды негізінен, табиғи топырақ негізінен тұрады.

3.300 **Аэродром имараттары:** Ұшу аланының топырақ элементтерінен, топырақ негіздерінен, аэродром жабындары, су алып кету және кәріздер жүйелерінен, сондай-ақ арнайы алаңшалар мен құралымдардан тұратын имараттар.

3.301 **Аэрозольдар:** Ауада (немесе басқа газда) өлшеулі сұйықтардан не қатты бөлшектерден тұратын майдаланған жүйелер. Бөлшектердің өлшемдерімен және олардың

физикалық табиғатымен байланысты аэрозольдарды шаңдарға, түтіндерге және тұмандарға бөледі. Өлшемдері 10-100 мкм қатты бөлшектер шаңдарды, 0,5-5 мкм - түтіндерді, 10 мкм үлкен сұйықтың тамшылары - тұмандарды (кейде оларды спрейлер деп атайды) құрайды.

3.302 **Аэропорт:** Жолаушыларды және жүктерді ауа көліктерімен реттеп тасымалдауын қамтамасыздандыруға арналған ғимараттар, имараттар және жабдықтар кешені. Аэропорттың құрамына аэродром, аэровокзал, пошта және жүк таситын қызметтер, шеберханалар, ангарлар, жанармай қоймалары және басқа қызмет-техникалық кешендер кіреді. Аэропорт ұшақтардың қауіпсіз ұшып-қонуын қамтамасыз ету үшін радиоэлектрондық және жарық беру техникалық жүйелерімен және жабдықтарымен құралдандырылады.

3.303 **Аэротенк:** Ақаба суларды аэробтық бактериялардың көмегі арқылы биология әдісімен тазартуға арналған имарат.

3.304 **Ығыстырғыш аэротенк:** Ақаба су мен лайды дәліздің бір жақ бетінен жинақтап жіберіліп, сондай-ақ қарама-қарсы жақ бетінен жинақтап шығарылып тұратын аэротенк.

3.305 **Аэротенк-тұндырғыш:** Технологиясы бір-бірімен тікелей байланысты, құралымы мен атқаратын қызметіне қарай аэротенк пен тұндырғыштан біріктіріліп жасалған имарат.

3.306 **Аэротенк-араластырғыш:** Ақаба су мен лайды дәліздің бір жақ ұзын қабырғасының бойымен бірқалыпты жеткізіп, екінші жақ қабырғасын бойлата әкетіп тұратын аэротенк.

3.307 **Аэросүзгі:** Ақаба суларды биологиялық әдіспен тазартуға арналған имарат.

3.308 **$А_{эфф}$:** Құрылыс материалдарындағы табиғи радионуклидтердің меншікті тиімді белсенділігі.

3.309 **Аспа шойтоқпақ:** Бағытталып құлағанда соққы энергиясы себебінен пайдалы іс жасайтын соққы әсері машиналарының (коперлардың, созғыш және штамптағыш балғалардың ж.т.б.) жұмыс бөлшегі.

3.310 **Багет:** Азды көпті күрделі профильге тәріздес өңделген жіңішке ағаштан жасалынған тақтайша немесе кесек. Оның көркемді өңделуі немесе мүсіндемемен қапталуы мүмкін.

3.311 **Түптабан:** Табан, бір заттың негізі, сәулетте ұстынның немесе бағананың табандық іргетасы.

3.312 **Сәулеттегі түптабан:** Ұстынның немесе пилястраның төменгі тірек бөлігі, негізі (табаны).

3.313 **Жеделәрекетті ғимараттар мен имараттардың прокат базасы:** Құрылысты жеделәрекетті ғимараттармен және (немесе) имараттармен қамту, оларды тасымалдау, жинақтау, пайдалану және бөлшектеу қызметтері қоса кіретін мамандандырылған мекеме.

3.314 **Базальт:** Құрылыста қаптайтын, электр тогын өткізбейтін және қышқылға төзімді материал ретінде қолданылатын тау жынысы.

3.315 **Базистік жыл:** Есептерді жүзеге асыру кезінде база ретінде қабылданған жыл.

3.316 **Өнім сапасының көрсеткішінің базалық мәні:** Салыстырмалы бағалау кезінде негіз болып алынатын өнім сапасының көрсеткішінің мәні

3.317 **Бас мекеменің базалық сынау бөлімі:** Берілген тәртіп бойынша өнімнің белгілі түрлері жөнінде сынау жүргізуге немесе мемлекеттік сынау бойынша бас мекемеге бекітілген сынау түрлерінің бірін жүргізуге тағайындалған бөлім.

3.318 **Аязға беріктігін (бетонның) анықтау базалық тәсілі:** Сынаудың циклдер саны бетонның аязға беріктілігі жөніндегі сандық мағынасына сай келетін тәсіл.

3.319 **Базалық үлгі:** Техникалық деңгейі мен сапасын бағалау кезінде алынған, озат ғылыми-техникалық жетістіктерді анықталған уақытқа сипаттайтын өнім үлгісі.

3.320 **Бұйым құрылымының технологиялық базалық көрсеткіші:** Технолгиялықты бағалау кезінде бастапқы ретінде алынған көрсеткіш.

3.321 **Байдак:** Қалыңдығы 40 мм астам еден тақталары.

3.322 **Орағыту:** Негізгі құбырға қойылған арматура немесе аспап жарамсыз болғанда технологиялық процесті керек режимде жалғастыра беру үшін, сондай-ақ технологиялық процесті тоқтатпай, оларды шұғыл айырбастау керек болғанда, құбырдың негізгі бөлігіне қатар қосылатын құбырдың айналма бөлігі.

3.323 **Кеңейткіш бак:** Судың ең жоғары жұмыс температурасына дейін қызған кезінде пайда болатын артық суды қабылдау үшін тұйық жылу жүйесіне орнатылған резервуар.

3.324 **Баланс:** 1) кәсіпорынның шығыс және кіріс қаржы көрсеткіштері; 2) бір нәрсенің (жылудың, энергияның, заттың ж.т.б.) шығысы мен кірісі.

3.325 **Бухгалтерлік баланс:** Белгілі бір моментке (күнге) кәсіпорындар мен бірлестіктердің қаражаттарын ақшадай бағалаудағы түрлері мен көздері бойынша жинақтап бейнелеу және экономикалық топтау тәсілі.

3.326 **Негізгі өндіріс құралдарының баланс құны:** Есеп беру кезеңнің басындағы немесе аяғындағы (немесе белгілі бір күнге) бухгалтерлік баланста бейнеленген өндірістің негізгі қорларының құны.

3.327 **Арқалық:** Жұмысын иіліп атқаратын бөрене түріндегі құралымдық элемент.

3.328 **Арқалық қабырға:** Аралықтың биіктігі бойынша едәуір жерін жабатын (яғни, қабырғаның қызметін атқарушы) арқалық түріндегі құралымдық элемент.

3.329 **Балкон:** Қасбеттің қабырғасынан сыртқа шығарылған, демалуға арналған, қоршалған ашық алаңша.

3.330 **Балласт:** Жолдың жоғарғы құрылымының балластық қабатының материалы (қиыршықтас, малтатас, құм ж.т.б.).

3.331 **Балластық қабат:** Сусымалы материалдардан (қиыршықтас, малтатас, құм ж.т.б.) жіңішке жолақ түріндегі темір жолдың жер төсеміне салынатын жолдың жоғарғы құрылымының бөлігі.

3.332 **Арқалық көпір:** Негізгі көтеруші құрылымдары болып жұмыс істейтін ұзындығы 150-160 м (алдын ала кернелген темір бетон) және 200-250 м (болат) дейін арқалықтар немесе арқалық фермалардың аралық құрылыстарын құрайтын көпір.

3.333 **Тізбек қоршау:** Өзара үсті жақтарынан горизонталь арқалықпен немесе сүйеніштермен біріктірілген ағаштан, тастан, металдан жасалған қысқа мәнерлі бағаналардың (бунақтіреулердің) қатарынан тұратын баспалдақтардың, террасалардың, балкондардың, төбелердің қоршауы.

3.334 **Бүйірлік тізбек қоршау:** Баспалдақ тақтасының екі шетінде алжапқыш немесе ернеулік пен ернеу арасында орналасқан тізбек қоршау бөлігі.

3.335 **Шеткі тізбек қоршау:** Шеткі эскалатор ернеуі мен құрылыс имараттарының арасына орналасқан тізбек қоршау бөлігі.

3.336 **Сыртқы тізбек қоршау:** Вестибюль едені мен шеткі тізбек қоршауға жанасқан, соңғысы еркін-тұратын болып жасалған жағдайда, жолаушылардың кіру мен шығу орындарында орналасқан тізбек қоршау бөлігі.

3.337 **Ортадағы тізбек қоршау:** Екі жапсарлас эскалаторлардың ернеулерінің арасына орналасқан тізбек қоршау бөлігі.

3.338 **Эскалатордың тізбек қоршауы:** Жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оларды механизмдер мен металл құрылымдардан бөлетін және интерьер құруға қызмет ететін қалқандар, ернеулер және басқа элементтердің жиынтығы.

3.339 **Деректер банкі:** Ұжымдық пайдалануға қолайлы, белгіленген жерде шоғырланған ақпараттардың жиынтығы.

3.340 **Банкет:** 1) жауын, тасқын суларының ағынынан қорғау үшін жолдың тау жақ жиегіне жасалған топырақ жал; 2) топырақ материалдарынан, бөгеттің жоғарғы және төменгі бөліктерінде призма түрінде тастан үйіп жасалған жал.

3.341 **Жол банкеті:** Ойықтың жоғарғы жиегін судың ағып келуінен қорғау үшін бойымен төгілген топырақтың үшбұрышты немесе трапеция түріндегі аласа үйіндісі.

3.342 **Бар:** Бағыттаушы құрсаудан, оны айналып тұратын кескіштерге немесе тиеуші қалақтарға арналған ұялы жұдырықтардан жиналған кесуші шынжырдан тұратын кейбір жер қазғыш машиналардың жұмыс құралы.

3.343 **Сәулеттегі барабан (атанақ):** Сүмбіленген күмбезбен тоғыспаға тірелетін ғимараттың цилиндрленген немесе қырланған бөлігі.

3.344 **Барлы машина:** Жыраларды кесу арқылы берік және тоң топырақтарды өңдеуге арналған машина. Жұмыс құралы - тістер тізілген шынжыр (бар).

3.345 **Бассейн (хауыз):** Жасанды су қоймасы.

3.346 **Шашыратқыш бассейн:** Өнеркәсіп кәсіпорындарын сумен қамтамасыз ететін айналмалы жүйесінде жылу күші қондырғыларын, компрессорларды т.б. пайдалану үшін, сол жүйемен айналып жүретін судың температурасын ауада шашырату арқылы төмендететін қы-сымдық құбыр жүйесі бар беті ашық резервуар.

3.347 **Канализациялау бассейні:** Вертикальді орналастырумен немесе құрылымның шекарасымен шектелген канализацияланатын территорияның бөлігі, одан ағынды суларды бұру коллекторлар мен құбырлардың өз бетімен ағатын жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

3.348 **Бассейн-тұндырғыш:** Су жабдықтау, канализация, гидроэнергетика және басқа жүйелеріндегі, сонымен қатар ауыртпалық күш арқылы қондырылатын салмақтандырылған бөлшектерінің сұйықтықтан түсуіне қызмет ететін технологиялық орнатулардағы құрылғы (су бассейні немесе резервуар).

3.349 **Бассейн-салқындатқыш:** Салқындату жүйелерінен түсірілетін жылытылған суларды салқындатуға арналған табиғи немесе жасанды су қоймалары.

3.350 **Бастион:** Қамал қоршаулардың бұрыштарында қондырылатын және мекенді алдынғы жағы мен бойынан атқылауға мүмкіндік беретін дөңгелек немесе бесбұрышты бекініс.

3.351 **Мұнаралы кран:** Басты нысанында құрылыста пайдаланылатын және биік мұнарасы, айналатын құрығы, көтергіш жүкарбасы бар жүккөтергіш кран.

3.352 **Қада оймағы:** Қаданың топыраққа кіруін жеңілдету үшін төменгі ұшына кигізетін болат оймақ.

3.353 **Ұстын табаны:** Діңгектердің, бағандардың, ұстындардың, тіректердің табан-төсеніші.

3.354 **Мұнара:** Орнықтылығы негізгі құрылыммен қамтылатын (тартпаларсыз) дара тұратын биік имарат: телемұнара, радиомұнара, сутегеуірінді мұнара, силос мұнарасы ж.т.б. Әдетте мұнара діңгегі шыбықты кеңістік жүйесінен немесе цилиндрлік темірбетон не тас қабықшадан құралады.

3.355 **Қауіпсіз арақашықтық:** Адамның қауіпті аймақтан тыс жерде екендігі, кісімен қауіпті және қатерлі өндірістік фактордың туатын жерінің арасының ең аз қашықтығы.

3.356 **Қауіпсіздік:** 1) тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің ішкі және сыртқы қатер немесе қауіптерден өмірлік маңызды мүдделерінің қорғалу жағдайы; 2) нысанның адамдарға және қоршаған ортаға қауіпті жағдайларды болдырмайтын қасиеті.

3.357 **Өндіріс құрал-жабдықтарының қауіпсіздігі:** Нормативтік-техникалық құжаттарда белгіленген жағдайларда жинақтау (бөлшектеу) және пайдалану кезінде еңбек қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін өндіріс жабдықтарының қасиеті.

3.358 **Өндіріс процесінің қауіпсіздігі:** Нормативтік-техникалық құжаттармен белгіленген жағдайларда жұмыс жүргізудің еңбек қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін өндіріс процесінің қасиеті.

3.359 **Еңбек қауіпсіздігі жағдайлары:** Жұмыс істеушілерге әсері қауіпті және зиянды өндіріс факторларының болмауы немесе зиянды өндіріс факторларының әсері рұқсат етілген шегінің мәнінен артпайтын еңбек жағдайлары.

3.360 **Сынықсыз әйнек:** Қирағанда сынықтарының жиектері кескіш болмайтын табақша әйнек.

3.361 **Тоқтаусыз (жарамдылық):** Бұйымның біршама уақыт бойы немесе берілген пайдалану жағдайында белгілі бір жұмыс көлемін мәжбүрленбеген үзіліссіз орындауы кезінде жұмыс істеу қабілеттілігін сақтау қасиеті.

3.362 **Қалдықсыз технология:** Шикізат пен энергияны мейлінше ұтымды және кешенді жұмсау арқылы жүргізілетін технологиялық процесс.

3.363 **Қалдықсыз өндіріс:** Қоршаған ортаға зиянсыз энергетика және шикізат қорларын кешенді үнемділікпен пайдалануды көздейтін өндіріс дамуының бір бағыты.

3.364 **Ақ сыр:** Барлық бояулар түрінде және эмалдар үшін, сондай-ақ ре-зеңкені, пластмассаны, қағаздарды бояу үшін қолдананылатын ақ пигменттер. Ең көп тараған түрі мырыштық (және титандық) ақ сыр.

3.365 **Бельведер:** Мұнара, ғимараттың үстіндегі салынымы (әдетте жайғасымда дөңгелек болып келеді); биіктеу жердегі павильон, күрке.

3.366 **Жағаны бекіту орындары:** Суқоймалардың жағаларын, теңіз жағалаулары телімдерін толқынның, ағынның, мұздың тегеуірінді бұзу әсерлерінен қорғауға арналған имараттар.

3.367 **Берма:** Топырақ және тас бөгеттердің, каналдардың, темір жол топырақ төсемінің, карьерлердің, қазаншұңқырлардың құламасындағы горизонталь алаңша (кемер).

3.368 **Ағынды емес технология:** Табиғи су қоймаларына қандай да бір ағын сулардың құйылуын болдырмайтын тұйықталған суайналым жүйесі арқылы іске асатын сумен қамту технологиялық процесі. Ағынды емес технология бойынша лас су жергілікті механикалық, физика-химиялық, биологиялық тазарту әдістері арқылы тазартылады.

3.369 **Шатырсыз желдетілетін төбе:** Өту және жартылай өту кеңістігі жоқ, жылуоқшаулағыш қабат немесе оның жоғарғы бөлігінің үстінде орналасқан, сыртқы ауамен желдетілетін қуысы немесе арналары бар төбе**.**

3.370 **Шатырсыз төбелер (төбежабындар):** Және желдетілмейтін (желдеткіш ауалық қабатшалары жоқ) - бір қабатты панельдерден, ұяшықты немесе жеңіл бетондардан жасалатын; тиімді жылуұстағышы бар темірбетон панельдерден жасалған; жылуұстағышты төкпелеуі және жабын асты орамды материалдардан тұтастырғышы бар көп қабатты құралымды құрылыс салу барысында жасалатын төбелер.

3.371 **Бетон:** 1. Қатқан бетон қоспасы ретінде болып табылатын жасанты тас тәрізді материал. 2. Құрамы тұтқырдың гидратация процессі себебінен қалыптасатын, тұтқыр, ірі және ұсақ толтырғыштарды, түрлі химиялық және минералды қоспаларды араластыру нәтижесінде пайда болатын материал.

3.372 **Автоклавды қату бетоны:** Су буының қысымы атмосфералық қысымынан жоғары жағдайында, автоклавдардағы жылу ылғалды өңдеу кезінде қататын бетон.

3.373 **Асфальтті бетон:** Битум, минералды ұнтақ, құм және ірі толтырғыштан - шағыл мен ұиыршық тастан тұратын қоспаны тығыздау нәтижесінде пайда болатын жасанды материал.

3.374 **Вакуумдалған бетон:** Тығыздалатын бетон қоспасынан артық суды және ауаны вакуумдау көмегімен кетіру арқылы пайда болатын бетон.

3.375 **Дірілгидропрестелген бетон:** Қасиеттері көбінесе бетон қоспасын тығыздау тәсілімен дірілдеуді және гидравликалық престеуді қолданып шартталатын бетон.

3.376 **Дірілпрестелген бетон:** Қасиеттері көбінесе бетон қоспасын тығыздау тәсілімен дірілдеуді және механикалық престеуді қолданып шартталатын бетон.

3.377 **Беріктігі жоғары бетон:** Қысым жөніндегі беріктігі С35/45 және одан астам салмағы ауыр бетон.

3.378 **Гидротехникалық бетон:** Жоғары тығыздығымен, су өтпеу қабілетімен, суыққа төзімділігімен, төмен жылу бөлу қабілетімен, агрессивті сулардың әсеріне қарсы беріктігімен сипатталатын және сол жағдайларда құрылымдардың ұзақ мерзімді жөнді қызмет етуін қамтамасыз ететін бетон.

3.379 **Толтыру бетоны (тас құрылғылары):** Тас қалауындағы қуыстарды толтыруға арналған бетон қоспасы.

3.380 **Табиғи қату бетоны:** Механикалық беріктігі бар, құрамы көбінесе тұтқырдың қатуының аяғынан кейін қалыптасатын, гидратация процессі табиғи шарттарында өтетін бетон

3.381 **Берілген сапалы бетон:** Талап етілген сипаттамалары пайдаланушымен орнатылатын бетон, сол жағдайда пайдаланушы сол талаптардың орындалуын қамтамасыз етуіне жауапты.

3.382 **Берілген құрамы бар бетон:** Құрамы пайдаланушымен орнатылатын бетон, сол жағдайда пайдаланушы сол құрамның орындалуына және орындаушы мен пайдаланушының арасындағы стандарттарда анықталған және қабылдау-тапсыру сынауға жататын келіскен бақылау көрсеткіштерін қамтамасыз етуге жауапты.

3.383 **Қатып қалған бетон:** Механикалық беріктігі бар, құрамы көбінесе цементтің қатуының аяғында қалыптасатын бетон.

3.384 **Қорғайтын бетон:** Орташа тығыздығы 2500кг/м1 астам, жеңіл элементтері бар (сутек, литий, бор) бетон. Ол ионизациялау сәулелендіруден қорғау мақсатында арнайы құрылғыларда (атом электростанциясында және басқа) қолданылады (ең алдымен нейтрондық сәулелендіруді жұтады).

3.385 **Құрастырымдық бетон:** Ғимараттардың, құрылғылардың салмақ түсетін және қоршайтын конструкцияларында қолданылатын, және ең алдымен беріктікті, қаттылықты, салмақ түсетін конструкциялардың жарылуларына беріктігін қамтамасыз ететін бетон, бірақ арнайы бетондарды қоспағанда - олар ерекше жағдайларда пайдаланатын конструкциялары үшін немесе ерекше мақсатты конструкциялары үшін қолдануға арналған, ондай конструкцияларға мыналар жатады: жылу оқшауландырғыш, ыстыққа төзімді, химиялық төзімділігі бар, гидротехникалық, радиациялық-қорғау, декоративтік, дисперстік-арматураланған, полимербетондар, бетон полимерлері, полимер цементтік, қож-сілтілі және басқа бетондар.

3.386 **Цементтік тұтқырдағы бетон:** Клинкерлі цементтер негізінде дайындалатын бетон: портландцемент, қожпортландцемент, пуццоланды портландцемент, сары топырақты цемент.

3.387 **Кернейтін бетон:** Кернейтін тұтқырдың негізінде дайындалатын, конструкциялардағы қату кезіндегі бетонның кеңею процессінде алдын-ала кернеуді - өзінше кернеуді туғызуға арналған бетон.

3.388 **Автоклавды емес қату бетоны (ұяшықты бетондар):** Электр жылыту кезінде немесе атмосфералық қысым кезіндегі сулы қанық бу ортасында табиғи жағдайларда қататын бетон.

3.389 **Аса жеңіл бетон:** Орташа тығыздығы 500кг-м3 кем бетон; ең алдымен жылу оқшауландырғыш материал ретінде ғимараттардың қоршау конструкциялары үшін қолданылады. Аса жеңіл бетондарға ұяшықты бетондар жатады (газды бетон, пенобетон, сонымен қатар айрықша жеңіл борпақ толтырғыштардағы (күп болып кететін перлиттегі, вермикулиттегі және басқа) бетондар).

3.390 **Құмды бетон:** Ұсақ түйірлі бетон, оның құрамында тұтқыр және ұсақ толтырғыш бар (құм)

3.391 **Тығыз құрылымды бетон:** Толтырғыш түйірлерінің арасындағы бос орындары түгел қатып қалған тұтқыр заттек пен көлемі жалпы көлемінен 7%-тен астам емес ұсақ қуыстықпен толтырылған бетон.

3.392 **Ұсақ қуысты бетон:** Ұсақ қуыстарының көлемі жалпы көлемінің 7%тен астам емес бетон.

3.393 **Прессвакуумдалған бетон (прессвакуумбетон):** Қасиеттері бетонның тығыздау арнайы тәсілімен механикалық немесе гидродинамикалық пресстау және вакуумдауды қосып шартталатын бетон.

3.394 **Жаңадан төселінген бетон:** Берілген формаларға құйылған, түрлі механикалық құралдармен немесе гравитация күш әсерімен тығыздалған, құрамы цемент қатуының аяғына дейін қалыптасатын бетон.

3.395 **Силикатты бетон:** Автоклавты және автоклавты емес қатулардың ізбесті тұтқырдағы, ізбес кремний тәрізді тұтқырдан, толтырғыштан (жай құмнан), судан тұратын қоспалардың автоклавдардағы қызу-өңдеу арқылы алынатын бетон.

3.396 **Стандартты бетон:** Өндірушідің техникалық шарттарымен орнатылатын құрамы бар бетон

3.397 **Құрғақ қалыптасу бетоны:** Қасиеттері ең алдымен құрғақ бетон қоспасын төсеу және оны сумен немесе бумен қанығатын тәсілімен шартталатын бетон.

3.398 **Тауарлы бетон:** 1. стационарлық немесе мобильді араластырғыштарда онынң тұтынушылары ретінде болмайтын мекемемен немесе жеке тұлғамен дайындалған бетон қоспасы. 2. Бетон-араластырғаш зауыттарында немесе орталықтандырылған құралдарда тұтынушыларға жіберіліуіне арнап дайындалған бетон қоспасы.

3.399 **Салмақты бетон:** Тығыз құрамды, тығыздығы 2000 нан 2600 кг/м3 дейінгі, салмақты толтырғыштарда дайындалған бетон: ірі немесе кіші толтырғыштарда -ірі түйіршікті бетон, немесе тек кіші толтырғышта - ұсақ түйіршікті бетон.

3.400 **Химиялық төзімді бетон:** Агрессвиті ортаның химиялық әсерін қабылдауға арналған арнайы бетон; арнайы бетондар мыналарға бөлінеді: фуранды (ФАМ, ФА шайыры), полиэфирді (ПН-1 шайыры); фуран-эпоксидті (ФАЭД-20); карбамидті (КФЖ шайыры); акрилді (моно өлшеуіш ММА); сұйық айналы (сұйық натрий немесе калий айнасы).

3.401 **Центрифугаландырылған бетон:** Центрифугаландыру кезіндегі қасиеттері бетон қоспасын ең алдымен тарату мен тығыздау тәсілдерімен шартталатын бетон.

3.402 **Жылу өңдеуленуіне ұшыраған бетон:** Құрамының қалыптасуы жасанды жылудың, ылғалдықтың және қысымның атмосфералық қысымы кезінде артық болуы жағдайында жүзеге асырылатын бетон.

3.403 **Бетондау:** Қатуына қажетті жағдайдлар жасауымен бірге бетон қоспасын тарату, төсеу және тығыздау.

3.404 **Қорама қалыпсыз бетондау:** Бетон қоспасын кергіш арқылы төсеу кезіндегі бетондау, мысалы, бұрғылау-толтыру діңгекті, ленталық фундаменттерді және басқаларды құрау кезінде. Сонымен қатар оған сырт қабаттарды торкреттеу тәсәлімен бетондауын жатқызуға болады.

3.405 **Қысқы бетондау:** Бетон қоспасының қоршаған ортаның температурасы +5 ^{0}С тен төмен кезінде қатуын қамтамасыз ететін амалдарын қолданып бетондау.

3.406 **"Өршімелі ерітінді" тәсілімен бетондау:** Цемент ерітіндісін гидростатикалық қысым әсерімен немесе ерітінді-сорғыш арқылы құбырларда алдын-ала төселген ірі толтырғышқа сықау әсерімен цемент ерітіндісін жіберуімен бөлек су астындағы бетондау.

3.407 **Вертикальді ауыстырылатын құбыр тәсілімен бетондау:** Бетон қоспасын алдын-ала құйылған бетон қоспасына астынғы ұшы батырылған құбырмен жіберуімен су астындағы бетондау; бетондау сайын құбырды бірте-бірте көтереді.

3.408 **Тоқтаусыз бетондау:** Бетон қоспасын бетондау объектісіне құю тоқтаусыз жүзеге асырылатын бетондау.

3.409 **Су астындағы бетондау:** Бетон қоспасы су астына жіберілетін бетон жұмыстарын жүзеге асыру тәсілі. Қоспа құюырлар арқылы немесе қауға арқылы көшіріледі; басқа тәсілі бойынша алдын-ала су астындағы қорама қалыпқа көмілген ("өршімелі ерітінді" тәсілі) тек цемент ерітіндісінің өзі ірі толтырғышқа құбыр арқылы жіберіледі. Су астындағы бетондауды бірталай тереңдікте гидротехникалық құрылғылардың су астындағы бөлшектерін құру мен жөндеу кезінде қолданады.

3.410 **Қабатты бетондау:** Конструкцияның бетондауға жататын бөлімінің түгел көлемі бойынша бетон қоспасын көлденең қабаттарымен төсеу бетондау тәсілі.

3.411 **Бөлек бетондау:** Қорама қалыпқа ірі толтырғышты алдын-ала қалау тәсілімен, одан кейін оны цемент ерітіндісіне сықау арқылы қол жетпес жерлерде немесе қалың арматураланған жерлерде бетондау.

3.412 **Бетонит:** Құрамында 60%-тен кем емес монтмориллонит тобының минералдары бар коллоид топырағы. Ашық көрінген адсорбциялық және каталитикалық белсендігі бар. Ылғандыру кезінде дүмпуге ынталы және біріктіру қабілеті жоғары. Бетонитті мұнай және геологиялық-шолу бұрғылау кезіндегі жуып-шаятын топырақ ерітінделерді дайындау үшін қолданады, ағартатын топырақ ретінде, мұнай өңдеу, химиялық және тамақ өнеркәсіптерінде катализаторлар ретінде, құю қалып қоспаларда және керамикалық массаларда біріктіретін материал ретінде, керамзит пен окатыштарды өндіруінде қолданылады, бетонит суспензиялар орман өрттерді сөндіруге өте тиімді.

3.413 **Бетонды панель (сыртқы бетонды және темірбетонды қабырға панельдері):** Қолдану кезіндегі беріктігі бір бетон арқылы қамтамасыз етілетін панель. Бетонды панельдің құрылым арматурасы бар және панельді тасымалдауда және дайындауда және құрастыруда пайда болатын күшті қабылдауға арналған есептігі болуы мүмкін. егер жұмыс арматурасы тек шектелген учаскелерде ғана бар болса, онда панель бетонды деп саналады (мысалы, тіреуіш зоналарында, жергілікті салмақтан кернеу концентрациясының зоналарында).

3.414 **Бетон бөгеті:** Ауыр немесе ұялы арматураланған бетоннан дайындалған бөгет

3.415 **Бетон қоспасы:** 1. Төсеу мен тығыздау алдында құрамы қалыптасатын, механикалық беріктігі жоқ, берілген компоненттерін араластыру арқылы дайындалатын бетон. 2. Тұтқыр, толтырғыштар, жабулар мен басқа қоспалардың қоспасы. 3. Тұтқыр заттектерден, судан және түрлі ірілігі бар тас тәрізді бөлшектерден - толтырғыштардан - құмнан, шағылдан, немесе гравийден, және қатқанннан кейін жасанды тас материалы болып шығатын - бетон- басқа қоспалардан тұратын құрылыс материалының жартылай фабрикаты.

3.416 **Құрғақ бетон қоспасы:** 1. Қатырушысы жоқ бетон қоспасы. 2. Компоненттерді араластыру кезінде қатырушы қосылмайтын бетон қоспасы.

3.417 **Бетон қоспасы, жарым-жартылай қатырылған:** Араластыруда қатырушы қосылған компоненті енгізілген бетон қоспасы.

3.418 **Бетон бұйымдар:** Зауыттарда және полигондарда алдымен жеңіл бетондардан жасалынатын құрылыс бөлшектері. Ғимараттардың қабырғаларын құру мақсатында қолданылатын ең қолданбалы бетон бұйымдары: тұтас тастар, босденелі тастар, құрама құрылыста қолданылатын салмағы 0,5 тен 3 тоннаға дейінгі ірі бетон блоктар.

3.419 **Бетон жұмыстары:** Бетон мен темірбетондық құрылымдар мен конструкцияларды салу жөніндегі құрылыс процесстерінің жиынтығы. Бетон жұмыстарына қорама қалып жұмыстары, инерциялы материалдарды дайындау мен өңдеу, бетонды дайындау, тасымалдау, төсеу, тығыздау, ал темірбетонды құрылымдар үшін сонымен бірге арматуралық жұмыстары жатады.

3.420 **Бетонды блок (ғимараттар үшін қабырға бетон және темірбетон блоктар):** Тығыздығы тек бір ғана бетонмен қамтамасыз етілетін блок. Блокта құрылымдық арматуралау бар болса және жұмыс арматурасы тек шектеулі учаскелерінде ғана болса (мысалы, жергілікті жүктемеден келетін кернеудің шоғырлану зонасында, ойықтан жоғары бөгетінде, консольді), ол блок бетонды болып саналады.

3.421 **Бетон зауыты:** Бетон немесе бетонның құрғақ қоспасын даййындауға арналған тұрақты немесе уақытша, бір немесе бірнеше құрылыс алаңдарына қызмет көрсететін кәсіпорын.

3.422 **Бетон бөгет:** Негізгі құралымдары гидротехникалық бетоннан жасалған бөгет.

3.423 **Бетон құралымдар мен бұйымдар:** Арматурасыз немесе әлсіз (құралымдық) арматураланған бетоннан жасалған ғимараттар мен имарат элементтері.

3.424 **Бетонтасығыш:** Бетон қоспаларын тасуға арналған тиеп-түсіретін құрылғысы бар қауғамен жабдықталған (шанағы, атанағы, қауғасы) арнайы автомобиль. Бетон қоспалары қауғасының жылу оқшаулағышы немесе жылыту жүйесі болуы мүмкін.

3.425 **Бетонсорғы:** Бетон қоспалары салынатын жеріне құбырлармен горизонталь бойынша 300 м, тік 40 м биіктікке дейін алшақтыққа жеткізуге арналған машина.

3.426 **Бетонополимер:** Біртіндеп полимеризацияланатын мономермен сіңдірілген бетон.

3.427 **Бетонараластырғыш:** Цемент, құм, қиыршықтас немесе малтатасты сумен араластыру жолымен бетон қоспасын дайындауға арналған қондырғы. Автомобиль шассиіне орнатылған бетонараластырғыш (автобетонараластырғыш) қоспаны жұмыстар орнына жеткізеді.

3.428 **Бетонтөсегіш:** Бетон қоспасын үлестіруге, мөлшерлеуге, тығыздауға, жол жабынын өңдеуге арналған өзі жүретін жол-құрылыс машинасы.

3.429 **Биологиялық апат:** Адамдардың өміріне және денсаулығына, ауылшаруашылығы жануарларына және өсімдіктерге қауіп туғызып, қоршаған табиғи ортаға зиян келтіретін мөлшердегі қауіпті биологиялық заттардың тарауы, апат.

3.430 **Құрылыс материалының биологиялық тоттануы:** Биоорганизмдердің болуы арқылы пайда болатын бұйымдардағы немесе құралымдардағы құрылыс материалының тоттануы.

3.431 **Ақаба суларды биологиялық тазарту:** Ақаба суларда еріген және эмульгирленген органикалық заттарды биохимиялық әдіспен бұзу (минерализациялау) арқылы тұрмыстық және өндірістік ақаба суларды тазартатын тәсіл.

3.432 **Биотұрақтылық:** Шірітетін немесе басқа да бүлдіргіш биологиялық процестерді туғызатын саңырауқұлақтардың және бактериялардың әсеріне ұзақ қарсыласатын материалдар мен бұйымдардың қасиеті.

3.433 **Биодәретхана:** Электрожылытумен немесе химиялық қоспалармен үдетілген биологиялық қышқылдандыру процесі әдісін қолдану арқылы дәреттік қалдықтарды қайта өңдеп, органикалық құнарландырғыш өндіруге арналған құрылғы.

3.434 **Биосүзгі:** Ақаба суларды биологиялық тазартуға арналған имарат; сүзетін материалмен толтырылған екі түбі бар резервуар түрінде болады.

3.435 **Битум:** Көмірсутектерден, олардың оттектерінің, күкірттік және азоттық туындыларынан тұратын табиғи немесе жасанды істелетін органикалық күрделі заттардың жалпы атауы.

3.436 **Битум материалдары:** Табиғи асфальттардың немесе мұнайдың битумдарының негізінде жасалынатын материалдар.

3.437 **Битумтасымалдағыш:** Температурасы 200°С-на дейін сұйық битум материалдарын тасуға арналған цистернасы бар арнайы автомобиль.

3.438 **Бифилярды жылу жүйесі:** Екі тең бөлікке бөлінген ("а" мен "б") кезекпен бір құбырға қосылған (алдымен барлық "а" бөлшектері содан кейін "б" бөлшектері), тіреушелердегі және желілердегі жылу құралдары бар орталық су жылуының екі ағынды орнатуы. Әр жылу құралдың бөлшектеріндегі жылу тасымалдауыш қарама-қарсы бағыттарда әр түрлі температурасымен қозғалады, ол жағдай жүйенің барлық жылу құралдағы жылу тасымалдауыштың орта арифметикалық температурасының теңдігін тудырады. Бифилярды жылу жүйесі жылу құралдардың бөлшектерінің гидравликалық байланысы бойынша (ретті байланыс) бір құбырлы, ал құралдардың жылу тасымалдау шарттары бойынша - екі құбырлы су жылу жүйесіне жатады.

3.439 **Бифориум:** Ұстынмен немесе бағанамен бөлінген, екі ойығы бар терезе, роман сәулетінде көп таралған.

3.440 **Қолайлы қоршаған орта:** Қоршаған орта, оның сапасы экологиялық қауіпсіздікті, табиғи экологиялық жүйелердің, басқа табиғи және табиғи-антропогендік объектілердің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

3.441 **Көріктендіру:** Белгілі бір аймақты құрылыс жүргізуге және оны дұрыс пайдалануға жарамды ету үшін, халықтың мәдени-тұрмысына, денсаулығына ыңғайлы жағдай жасау үшін істелетін жұмыстар (аймақты инженерлік тұрғыдан дайындау, жол салу, энергиямен, канализациямен, сумен қамтамасыз ететін имараттар мен коммуникация жүйесін дамыту т.б.) мен шаралар (аймақты тазарту, кептіру, көгалдандыру, микроклиматын жақсарту, топырағын, ауасын, су қоймаларын былғанудан сақтау, санитарлық тазарту, шуды бәсеңдету т.б.) жиынтығы.

3.442 **Тұрмысқа жайлы тұрғын үй:** Шаруашылық-су ішу және ыстық су жабдықтаумен және канализациямен, жылумен және вентиляциямен, радиофикациямен, орталықтандырылған, жергілікті немесе жеке жүйелерден дәстүрлі немесе альтернативті

көздерді қолданып, электржарықпен қамтамасыз етілген, газ немесе электр еден тақтаймен жабдықталған тұрғын жай.

3.443 **Елді мекендерді жайластыру:** Ел өмірі үшін зор, жайлы және мәдени жағдайларды елді мекен территориясында жайластыру шаралар жиынтығы.

3.444 **Территорияны жайластыру:** 1. Қала территориясында және ғимараттың ішінде жайлы өмір сүру жағдайларды қамтамасыз ету. 2. Көгалдандыру, объектілер алдында дем алу мен спортпен шынығуға арналған алаңдарды, жайлы кіру жолдар мен кіреберістерді, өмір сақтау инженерлік жүйелерді орналастыру, өмірлік іс-әрекет қалдықтарды жинау мен кәдеге жарату.

3.445 **Блиндаж:** Фортификациялық құрылғы, ол тірі жан мен қару-жарақтың оқтан, жарықшақтан және снарядтан сақтануға арналған. Блиндаж отыруға арналған баспалдағы бар ойма тәрізді болып келеді, сонымен қатар бөренелерден, металл арқалықтардан, үстіне қара топырақ себілетін басқалардан да жасалынған жабыны бар.

3.446 **Блок-контейнер:** Жабдықтардың (соның ішінде отын үлестіргіш колонкалардың) аппаратураның қажетті жұмыс жағдайларын және онда адам болуын қамтамасыз ететін, микроклимат жасалатын жеке панасы (контейнері) бар толық зауыттық дайындамадан шыққан көлемдік элемент.

3.447 **Көлемді блок (құрылыста):** Ғимарат көлемінің бөлігі (санитарлық-техникалық кабиналары, лифт шахталарының, трансформаторлық қосалқы станцияларының элементтері, сирегірек бөлме, пәтер түрінде) болып табылатын құралымдық жинақтау элементі. Тұтасқұйма (тұтас формаланған) және құрама (жеке панельден жинақталған) деп ажыратылады.

3.448 **Блок-секция:** Қызметі тұрғысынан тәуелсіз, басқа элементтермен үйлестіріліп те, жеке де пайдалануға болатын ғимараттың көлемді-кеңістік элементі.

3.449 **Қабырғалық блок:** Кеуекті жеңіл немесе ауыр бетондардан, кірпіштен және табиғи тастан, сондай-ақ керамикалық материалдардан және силикат бетоннан жасалатын ғимарат қабырғаларының құралымдық элементі.

3.450 **Құрылыс-технологиялық блок:** Кәсіпорындарда немесе құрылыс алаңдарында өзгермейтін көлемді-кеңістік жүйе ретінде алдын ала біріктіріліп жинақталатын құрылыс құралымдары мен жабдықтардың өзара байланысты элементтері.

3.451 **Блокадаланған өндірістік ғимарат:** Ішінде бір немесе бірнеше кәсіпорындардың өндірістік және қосалқы-көмекші цехтер мен қоймалық жайлар біріктірілген ірілендірілген ғимарат.

3.452 **Блокадаланған тұрғын үй:** Екі немесе одан көп пәтерден тұратын, кіру орны үй территориясынан ұйымдастырылған тұрғын үй.

3.453 **Блокадалау:** Электр орнатуларда, құралдарда және жабдықтарда қолданылатын, адамдарды токпен зақымданудан немесе басқа апаттардан сақтайтын шара. Мысалы, блокадалау айырғының сақтау жабынының конструкциясында қарастырылған: оны тек өшірілген айырғыға шешіп немесе кигізуге болады. Блокадалау лифттерде, шахталық көтергіштерде, электр жүргізгіштерде қолданылады.

3.454 **Блокадалау құрал (дарбаза):** Керекті қалыпта механизацияланған жетегі бар дарбазаның бөліктерін тоқтату мен құрықтауға арналған құрал.

3.455 **Блок қалауыш:** Тоннельдерді темірбетон элемент-блоктардан жасалынған жинама қаптауды орнатуға арналған механизм.

3.456 **Блок-секция:** Ғимараттың көлемді-кеңістік элементі, функционалдық жағынан тәуелсіз, ол ғимараттың басқа да элементтерімен бірге әрі өзінше жеке пайдалануы мүмкін.

3.457 **Бойлер (қайнатқыш):** Бумен немесе ыстық сумен суды жылытуға пайдаланылатын құбырлы жылуалмасқыш.

3.458 **Бүйірден табиғи жарықтандыру:** Сыртқы қабырғадағы сәулелік ойықтар арқылы жайды табиғи жарықтандыру.

3.459 **Тұтқа ернеуі:** Тұтқа жұмыс тармағымен қозғалғанда оны ұстап тұруға арналған тұтқа бөлігі.

3.460 **Борттық элемент:** Қабыршаның шеттерін бекітетін қаттылық элементі.

3.461 **Күбі (сәулетте):** Қасбетте үсті ұшталған жартылай цилиндр пішінді кильтәрізді фронтон құратын төбе.

3.462 **Брандмауэр:** 1) ғимараттың тұтас қабырғасын жауып тұратын жарнамалық қалқан; 2) өртке қарсы қабырғаның ескірген атауы.

3.463 **Брекчия, "брекчия" едені**: Реттеп төселген мәрмәр тақталары сынықтарының арасына мәрмәр тасы қосылған цемент еріндісі құйылып қатқаннан кейінгі жылтыратылған еден.

3.464 **Білеу, сырғауыл:** 1) құрылыстық механикада - көлденең қимасының өлшемдері ұзындығымен салыстырғанда әлдеқайда аз құралымдық элемент; 2) ағаш өңдеуде - қалыңдығы және ені 100 мм артық (қимасының өлшемдері) кесілген (сирек жонылған) ағаш материал.

3.465 **Төсемтас: -** көшелерде, алаңдарда, автомобиль жолдарында төсеуге арналған, берік тау жыныстарынан жасалған кесектер пішінді тас материал (ұзындығы 15-30 см, ені 12-15 см, қалыңдығы 10-15 см).

3.466 **Брутто:** 1) тауардың буып-түйілгендегі салмағы; 2) кәсіпорынның немесе ұйымның жалпы табысы.

3.467 **Сақина:** Қаққанда қада бұзылмауы үшін оның жоғарғы басына кигізетін темір сақина.

3.468 **Желекжол:** Көше бойын, теңіз жағасын ж.т.б. жерлерде жағалай ағаш отырғызылған кең аллея.

3.469 **Бульдозер:** Трактордың немесе тартқыштың үстіндегі алмалы-салмалы сайман, сондай-ақ тегістеуге, қиюға немесе топырақты жылжытуға арналған бұрылмайтын не бұрылатын қайырмасы - жұмыс органымен жабдықталған трактордың өзі немесе тартқыш.

3.470 **Бункер:** Арнайы жабдықталған жер астындағы баспана, жаппа, ұзақ уақыттық атыс орны.

3.471 **Бұрғылау балғасы, перфоратор:** Тау жыныстарының массивінде, бетонда, кірпіш қалауда және т.с.с. бұрғылау үшін жасалған соққылау әрекетті машина.

3.472 **Бұрғылау мұнарасы:** Бұрғылау құралын, забойлар қозғалтқыштарын, қаптау құбырларын түсіру және көтеру үшін ұңғыманың үстіне қондырылатын имарат.

3.473 **Бұрғылау құралы:** Шпурларды, ұңғыларды бұрғылауға пайдаланатын механизмдер мен құралдардың жалпы атауы.

3.474 **Бұрғыланып жасалған қадалар:** Қазаншұңқырларды істемей бұрғыланған ұңғыларды бетонмен толтырып жасайтын қадалар.

3.475 **Кесектас:** Әктастардан, доломиттардан, құмтастардан, граниттерден жасалынатын (қабырғасының ұзындығы 150-500 мм) тау жыныстарының ірі кесектері.

3.476 **Буфер:** Соққыны жұмсатуға арналған құрылғы.

3.477 **Бучарда:** Соғатын екі жағы пирамида тәрізді тістермен жабылған төртқырлы металл балға. Тасқалаушы-құрылысшылар тастарды реттеп, өңдеп қалауда қолданады.

3.478 **Діңгек:** Көпірдің аралық тіреуі.

3.479 **Тезағар:** Жоғарғы бьефтен төменгі бьефке су ағызу үшін жасалатын қапталған канал немесе науа тәрізді гидротехникалық имарат.

3.480 **Сарқырама:** Жоғары бөліктен төменгіге үлкен жылдамдықпен (шекті мөлшерден артық жағдайда) суды жіберетін, имараттың өзінің контурларынан үзіліссіз ағынын жүзеге асыратын әр деңгейдегі суағарлардың (суаттардың) арынсыз бөлігін жалғастыруға арналған ашық немесе жабық гидротехникалық имарат.

3.481 **Бьеф:** Сутоғанның, өзеннің, каналдың гидротехникалық имаратқа (бөгетке, шлюзге) тікелей жанасатын бөлігі.

3.482 **Бетонды ваккумдеу:** Бетон қоспасынан оны қалыпқа салып тығыздағаннан кейінгі артық суды жасанды жою (сорып алу).

3.483 **Ванта:** Ұштарда орнатылған қисық сызықты иіленген созылған элменет (білік), әдетте болат арқандардан жасалынады, желімделген ағаштан да жасалануы мүмкін, аспалы құрылғыларда қолданылады.

3.484 **Үйреншікті ванта:** Еңіс аспалы жабынның үйреншіктігін құрастыратын ванта.

3.485 **Ванта құрылғылары:** Созуға ғана жұмыс істейтін негізгі тіреу элементтердің (ванталардың) мен бір-біріне қарама-қарсы немесе тұйық контур бойынша орналасқан қатты тіреулердің үйлесуімен негізделген, құрылғылар.

3.486 **Аспалы көпір:** Тура сызықты болат кергіш-арқандардан орындалған өзгермейтін геометриялық аспалы (ілмелі) түрдегі негізгі көтеруші құралымы бар аспалы көпір.

3.487 **Тартпалар:** Радиомачталарды, антенналарды ж.т.б. бекітуге арналған аспалы құралымдарда қолданылатын иілгіш созылған шыбықтар (болат тростар, арқандар, дөңгелек прокат); бір желіден екінші желіге күш береді және көлденең жүктемені қабылдамайды.

3.488 **Құрылыс процесстерді вариациялық жобалау:** Құрылыс процесстерін орындаудың түрлі бағалауымен шешім жиынтығын шығару. Ол құрылыс өндірістің нәтижелілігін арттыру ішкі қорларын ашу мақсатында, әрі оның одан да сәйкес сипаттамасы мақсатында жүзеге асырылады. математикалық модельдеуді кең арттыру, қазіргі заманның есептеу құралдары мен автоматтандырылған жобалау мен басқару жүйелері негізінде жүзеге асыру жөн.

3.489 **Вариациялық-айырмалық тәсіл:** Вариациялық пен ақырғы-айырмалық тәсілдерінің үйлесуі болып табылатын тәсіл, ол құрылыс механиканың бір мөлшерлі және екі мөлшерлі мәселелерін шешу мақсатында қолданылады.

3.490 **Мақта:** Қоспалардан тазартылып араластырылған талшықтардың аз тығыздалған массасы.

3.491 **Ватерпас:** Жер өңдеу, ұсталық ж.т.б. жұмыстар кезінде жазықтықты тексеруге және еңістің кішкене бұрыштарын өлшеуге арналған аспап; табанына тіктегіш бекітілген тік тіреу (немесе үшбұрыш) болып бейнеледі.

3.492 **Вахта тәсілі:** Жұмыстарды жүзеге асыру кезінде алыс және жаңадан игерілген еңбек ресурстарын, территориялық жағынан өндіріс пен табиғи шарттармен қосалқы болмайтын қолданып еңбек пен өндірісті ұйымдастыру тәсілі.

3.493 **Құрылыстың вахталық тәсілі:** Жұмыскерлердің жұмыстарының периодикалық істеуі (вахта) және демалыс арқылы тұрақты тұру жерлерінен үлкен қашықтыққа алыстатылған бытыратып орналасқан объектілерінің құрылыстың еңбек ресурстарымен тоқтаусыз қамтамасыз ету ұйымдастыру тәсілдерінің бір түрі.

3.494 **Вахталық кент:** Уақытша кент, ол еңбек істейтіндерді вахта тәсілімен жұмыс істеу кезінде орналастыру, әлеуметтік-тұрмыс қызмет етуге арналған, өндіріс қызметтің объектілерінің қасында орнатылады.

3.495 **Пайдалануға енгізу:** Бұйымның мақсаты бойынша пайдалануға дайындығын білдіретін жағдай, және де ол құжат арқылы белгіленген тәртіп бойынша бекітілген.

Ескерту: Техниканың аранйы түрлері үшін пайдалануға енгізуге қоса дайындау жұмыстарын, бақылау, қабылдауды және пайдалану бөлімінің атына бұйымды тірекуді жатқызады.

3.496 **Су құбырын енгізу:** Сыртқы су құбырдың желісін ғимараттың немесе құрылғының ішкі су құбырымен қосатын құбыр.

3.497 **Объекті енгізу:** Тапсырыс берушімен орындаушыдан қабылданған құрылыс аяқталған объекттіні атқарушы өкіметінің жергілікті органдарында берілген тәртіп бойынша тіркеу арқылы заңды рәсімдеу.

3.498 **Кірме құбыр:** Құбырдың сыртқы жүйесінен ғимараттың (имараттың) ішінде орналасқан жапқыштық арматуралары бар түйініне дейінгі құбырдың тармағы.

3.499 **Енгізілетін газ құбыры:** Ғимараттың енгізуіндегі өшірілетін құралдан (өшіргіш құралын ғимараттың сыртында орналасу жағдайында) ішкі газ құбырына дейінгі газ құбыр учаскесі, ғимараттың қабырғасы арқылы каптамада салынған газ құбырын қоса алғанда.

3.500 **Ведомстволық сынау (өнім):** Мүдделі министрлігінің немесе ведомстволық уәкілінің ішінен комиссиямен жүргізілетін сынаулар.

3.501 **Ведомстволық сынау орталығы (өнімді):** Министрлікпен немесе ведомствомен анықталған осы министрліктің немесе ведомстволық кәсіпорындарымен және ұйымдарымен өндірілетін немесе шығарылатын өнімнің бекітілген түрлерін сынау категориясын жүргізуімен міндеттелген ұйым.

3.502 **Велосипед жолы:** Басқа көлік түрлерінен жекеленген қатты жабыны бар велосипедтердің жүруіне арналған жол.

3.503 **Велотрек:** Жаттығу-спорт жұмыстары мен велосипед спорт бойынша жарыстарға арналған жоспарда тұйықталған жолдар тәрізді құрылғы. Жабындардың материалдарының түрлеріне қарай велотректер жер, ағаш, бетон, темірбетон, асфальтбетонды және басқа болып бөлінеді.

3.504 **Ағаш құрылысындағы тәж:** Бөренелердің немесе кесілген ағаш біліктерінің бұрыштарындағы өзара байланысқан көлденең қатар.

3.505 **Шұра:** Құбырларға сұйықтарды, буларды немесе газдарды енгізуге және шығаруға арналған қондырғы.

3.506 **Құбыр шұрасы:** Құбыр телімін қосуға немесе ажыратуға арналған, сондай-ақ сұйықтың, газдың немесе будың берілуін реттеуге арналған жапқыш құрал-жабдық.

3.507 **Вентилятор:** Қалақты айдауыш, ол ауа жүру жүйесіндегі немесе жайлардың көлемінде, технологиялық аппараттарында және басқаларда ауаның қозғалуына немесе айналымына арналған. Көбінесе вентиляция жүйелерінде, ғимараттардағы, шахтадағы, жылыжайлардағы ауаны кондициялау жөнінде қолданылады.

3.508 **Диаметрлі вентилятор (көлденең-ағынды):** Алға майыстырылған және жартылай кіру-шығу келте құбырлары диаметрлі вентилятордың корпусында жұмыс дөңгелегінің айналу жазықтығында орналасқан, қаптамаға кіргізілген қалақтары бар сыртқа тебуші жұмыс дөңгелегі бар, вентилятор түрі.

3.509 **Осьті вентилятор:** Жұмыс дөңгелегі консольді орнатылған қалақтары бар төлкесі болып табылатын вентилятор түрі. Осьті вентилятордың жұмыс дөңгелегін әдетте цилиндрлік қаптамада және ауа өткізгіште осьтарына сәйкес орнатады.

3.510 **Радиальді вентилятор (сыртқа тебуші):** Барабан тәрізді спиральді қаптамаға орнатылған жұмыс дөңгелегі бар вентилятор түрі.

3.511 **Вентиляторлық шаң жұтқыш:** Ротациялық шаң жұтқыш, оның айналу бөлігі бір уақытта шаң жұтқыштың және вентилятордың жұмыс дөңгелек функциясын атқарады.

3.512 **Вентиляция:** 1. Табиғи немесе жасанды реттеленетін жайлардағы ауа алмасуы (тұйықтық жайларда), ол ауа ортаның санитарлық-гигиеналық және технологиялық талаптарына сәйкес пайда болуын қамтамасыз етеді. 2. Зиянды бөлістерді (артық жылуды, ылғалдықты, газдарды, булар мен аэрозольдарды) кетіруге арналған құралдар мен шаралар кешені.

3.513 **Вентиляциялық жүйе:** Вентиляцияның негізгі элементі, ол вентиляциялық ауаны өңдеуге және тасымалдауға арналған. Оның құрамына ауа жүргізгіш пен каналдар жүйесі, атмосферадан сыртқы ауаны алу мен сорылған ластанған ауаны оның ішіне жіберуге арналған құралдары, вентилятор (ауа қозғалысын жасанды жүзеге асыру кезінде), дыбысжұтқыштары кіреді.

3.514 **Вентиляциялық шығару:** Жайлардан атмосфераға табиғи немесе жасанды жолымен кетірілетін ауаның реттелген ағыны

3.515 **Вентиляциялық элемент (дарбазаның):** Әуе алмасуын қамтамасыз ету мүмкіндігі бар дарбаза тақтайының бөлігі.

3.516 **Табиғи вентиляция:** Гравитациялық күштер мен жел қысымы әсерінен ауа алмасуын тудыру мақсатындағы ауа қозғалысы.

3.517 **Жасанды вентиляция:** Әуе үрлеу машиналар- вентиляторлар, компрессорлар және басқа арқылы ауа алмасуын тудыру мақсатындағы ауаның механикалық қозғалысы.

3.518 **Жергілікті вентиляция:** Вентиляцияланатын жайдың ішіндегі ауа алмасуын ұйымдастыру тәсілі, сол кезде ауа ағынын тікелей жұмыс орнына жібереді, ал ауа жұтуды зиянды бөліністердің пайда болуы жерлерінде жүзеге асырады.

3.519 **Ұйымдастырылған вентиляция:** Жайлардағы ауа алмасуын анықталған схема және берілген параметрлер бойынша қамтамасыз ететін вентиляция.

3.520 **Веранда:** 1. Жылуы жоқ әдетте әйнектелген, ғимаратқа қосып құрастырылған және онынң тұрғын үйде орналасуына қарай түрлі функцияларын атқаратын жай (ас үй, қонақ үй, жатаржай, үй жұмыстарымен айналысу бөлмесі және басқа). 2. Ашық немесе әйнектелген жылуы жоқ, ғимаратқа қосып салынған немесе ішіне салынған, сонымен қатар ғимараттан бөлек жеңіл павильон ретінде салынатын жай.

3.521 **Верея:** Дарбаза алдындағы бағана.

3.522 **Верификациялау:** Анықталған талаптардың орындалуын дәлелдейтін объективті дәлелдемелерді ұсыну.

3.523 **Вермикулит:** Қабатты құрамы бар, қосымша молекулярдық қабат арасындағы суы бар, гидрослюдалар тобындағы минерал. Жапырақ тәрізді агрегаттарды немесе ірі пластиналық алтын-сары түсті немесе қоңыр түсті кристаллдарды құрайды. 900-10000 ^{0}С дейін қыздырғанда ол ісінеді. Гидрослюдалар тобындағы минерал, сулы негізгі магний алюмосиликаты мен темір. Түсі қоңыр, қола-сары. жасыл. Минералогиялық шкаласы бойынша қаттылығы- I-1,; тығыздығы-2400-2700 кг/м5. Ұнтақ тәрізді вермикулит өшірілінуіне ұшырағыш емес және майлау қабілеті бойынша графит тәрізді. 800-1000 °С дейін тез қыздыру кезінде көлемі 15-20 рет артық болып ісінеді. Қабырщақтарының арасында өте жұқа ауа қабаты пайда болады, олар ісінген вермикулиттің төмен орта тығыздық пен жоғары жылу мен дыбыс оқшаулау қабілетін шарттайды. Ісінгеннен кейін күйдірілген вермикулит жеңіл бетондардың толтырғышы ретінде, жылу мен дыбыс оқшаулаудырғыш материалдарды өндіру мақсатында қолданылады. Сонымен қатар, ол резиналардың, пластмассалардың толтырғышы ретінде, бояулардың, антифрикциялық материалдарды өндіруде қолданылады.

3.524 **Вермикулитобетон:** Ісінген вермикулиттен жсалынған жеңіл бетон, өнеркәсіптік жабдықтарды жылу оқшаулау, ғимараттардың оқшаулау құрылғыларын жылыту, қабырға панельдерді өндіру, блоктарды тағы басқа құрылыс конструкциялардың мақсатында, қолданылады. Ісінген вермикулиттен жасалынған жеңіл бетонның түрлері: орташа тығыздығы бар 250-400 кг/м3 вермикулитобетондыөнеркәсіптік жабдықтарды жалуыдан оқшаулау мен ғимарат қоршау құрылғыларын салмақтану мақсатында қолданылады. Одан ауыр (конструкциялық-оқшаулау) вермикулитобетон, орташа тығыздығы 600-1 ООО кг/м3, қабырға панельдерді, блоктарды және басқа қоршау конструкцияларды дайындауғы арналған.

3.525 **Верста:** Кірпіштердің немесе тастардың қалау қатарындағы ең шеткі қатары, қабырғаның сыртқы немесе ішкі шегін құрайтын.

3.526 **Верстак:** Өңделетін заттарды бекітуге арналған құралдармен жабдықталған жұмыс істеуге арналған үстел, ал кейде механизацияланған құралды да.

3.527 **Ықтималдық:** Анықталған шарттарда саны шексіз рет қайталана алатын қандай да болмасын белгілі бір оқиғаның пайда болуының мүмкіндік дәрежесінің сандық сипаттамасы оқиғалардың тең мүмкіндігіне сүйенеді. Грунт сипаттамалары, кез-келген мөлшерлер ретінде алынатын, кез-келген мәнді алып, ықтималдықтардың таратылуын құрайды, оны анықтау үшін кез-келген деректер бойынша бір немесе бірнеше раталу параметрлер бойынша бағаланады.

3.528 **Өрттің қауіпті факторларының әсер ету ықтималдығы:** Параметрлерінің күні бұрын берілген мәндерімен өрттің қауіпті факторларының әсер ету мүмкіндігінің математикалық шамасы.

3.529 **Өрттің пайда болу (жану) ықтималдығы:** Өрттің пайда болуына (жануына) қажетті және жеткілікті шарттардың туу мүмкіндігінің математикалық шамасы.

3.530 **Болуы ықтимал ысырулар мен деформациялар:** Кен жұмыстарын дамытуда күнтізбелік жоспарлар болмаған жағдайда анықталған ысырулар мен деформациялар шамасы.

3.531 **Трассаның вертикальді қисығы (геодезия):** Жобаланатын құрылғының трассасының ось бөлігі, вертикальді жазықтықта жатқан қисықболып келетін.

3.532 **Территорияның вертикальді жоспарлауы:** 1. Жобаға сәйкес мекеннің рельефін кесумен немесе топырақ себумен құрылыс мақсатында объектті пайдалануымен өзгерту. 2. Мекеннің табиғи рельефін кесумен немесе топырақ себумен өзгерту және оны құрылыс пен пайдалану мақсатында бейімдеу. Территорияның вертикальді жоспарлауы-елді мекендерді жайластырудың негізгі элементтерінің бірі. Территорияның вертикальді жоспарлау жобасы - жоспарлау жобасының және қала (ауыл) құрылысының міндетті бөлімі.

3.533 **Вертикальді жазықтық (геодезия):** Берілген нүктеменің тік сызығынан өтетін жазықтық.

3.534 **Қара топырақтың үлгісіне вертикальді қысым:** Қара топырақтың үлгісіне салынған вертикальді жүктеменің оның көлденең кесуіне қатынасы.

3.535 **Вертикальді көгаландыру:** Вертикальді жазықтықтарды иелендірілген, өрмелегіш, төгіліп тұратын өсімдіктермен декорациялау.

3.536 **Ордердің вертикальді бөлінуі:** Классикалық сәулет ордерінің негізгі бөліктерін ретті вертикальді орналастыру: стереобит (іргетас), бағаналар мен антаблемент, базалар мен капительдер.

3.537 **Фундамент түбінің вертикальді қозғалуы:** Қара топырақтың сыртқы жүктемелер әсерінен немесе өз массасының әсерінен тығыздалынуы, сонымен қатар қосымша әсер ететін факторлар (топырақ шөгудің сулануы, суықтан қатып қалған топырақтың мұз қабаттарының еруі және басқа) нәтижесінде болатын фундаменттің отырып қалуы; температурасы (аяз ісінуі) немесе химиялық әсерінен кейбір сары топырақты қара топырақтың көлемінің өзгеруі ісінуі мен шөгуі.

3.538 **Жер бетінің тік деформациялары (еңістігі, қисықтығы):** Тік ысырулардың біркелкі болмауынан пайда болатын тік жазықтықтағы жер бетінің деформациялары.

3.539 **Жоғарғы табиғи жарықтандыру:** Бөлмені фонарлар арқылы табиғи жарықтандыру. Ғимарат биіктігінің құлама орындарындағы қабырғалар-дың жарық түсіру ойықтары.

3.540 **Жоғары өрлеу жұмыстары:** Жер бетінен 5 м жоғары биіктікте орындалатын жұмыстар, тікелей құралымдармен немесе жабдықтармен оларды жинақтау және жөндеу жұмыстары жүргізілген кезде орындалатын аражабындар немесе төсемдер, бұл кезде жұмыскерлерді құлаудан сақтайтын негізгі жабдық сақтандыру белдігі болып табылады.

3.541 **Салмақ:** Көлденең тіреуге (немесе басқа құралымға) берілетін дененің еркін құлауынан ұстап тұрған күш.

3.542 **Вестибюль:** Ғимараттың ішкі бөлмелеріне кіру есігі мен алдында орналасқан, келушілерді қабылдауға және бөліп таратуға арналған бөлме.

3.543 **Ұшу-қону жолағы:** Әуе кемелерінің ұшуы мен қонуы үшін арнайы дайындалған және жабдықталған ұшу алаңының бөлігі.

3.544 **Жарылыс:** Шектеулі көлемдегі энергияның елеулі мөлшерде босатылуымен қоса жүретін, нәтижесінде қоршаған орта кеңістігінде соққы толқыны пайда болып және таралатын, техногендік төтенше жағдайдың пайда болуына әкелуге қабілетті немесе әкелетін заттардың физикалық және химиялық айналуының тез ағымдық процесі.

3.545 **Жарылыс жұмыстары:** Табиғи немесе жасанды материалдарға, олардың бұзылуын және алмасуын немесе құрылысы мен пішіндерінің өзгеруін бақылау мақсатында жарылыстың ықпалымен орындалатын жұмыстар.

3.546 **Виадук:** Әдетте көпаралықты биік тіреулерде, терең орлы, тау шұңқырлы, т.б. жолдардың қиылысында салынатын көпір тұрпаттас имарат.

3.547 **Дірілдеткіш:** 1) механикалық дірілдеткіш - жеке қолданылатын не дірілдеткіш машинаның немесе жабдықтың желісі болып табылатын механикалық тербелістерді алуға арналған құрылғы; 2) электр дірілдеткіш - металл сымның кесіндісі, электр магнитті тербелістердің қоздырғышы (көзі) болып қызмет атқара алатын ток өткізгіш материалдан немесе диэлектриктен жасалған істік.

3.548 **Діріл:** Техникадағы механикалық тербелістер. Пайдалы және зиянды тербеліс деп ажыратылады.

3.549 **Тербеліс ауруы:** Ұзақ уақыт тербелісті жағдайда болуына байланысты құрылысшылардың кәсіби сырқаты: аяқ-қол буындарының, жүйке-бұлшық ет және сүйек-буын аппаратының бұзылуы.

3.550 **Тербелмелі машина, дірілдеткіш:** Жұмыс органы тербелмелі қозғалыста болатын машина. Бетонды нығыздауда, темірбетон бұйымдарын пішіндеуде, топыраққа қадалар мен құбырлар қағуда ж.т.б. қолданылады.

3.551 **Тербелмелі көлік:** Тербелмелі машиналардың жұмыс органдарын (жүк таситын) дірілмен жүзеге асыратын сусымалы және түйір материалдарды, пасталар мен сұйықтарды бағыттап ауыстыруға арналған құрылғылар.

3.552 **Дірілоқшаулағыш:** Механизмдердің, көлік қозғалысының ж.т.б. салдарынан туатын дірілдердің зиянды әсерінен адамдарды, имараттарды және аспаптарды қорғау.

3.553 **Дірілбалға:** Ауыстыру массасы шағын, ауыстыру жылдамдықтары үлкен және соққы жиілігі минутына 6000-ға дейін болатын соғу әрекетті аспап.

3.554 **Дірілтақта:** Тербелмелі тығыздауыш машиналардың жұмыс органы немесе байланыссыз топырақты, малтатас-қиыршықтас ж.т.б. материалдарды тығыздауға арналған жеке тербелмелі қондырғы.

3.555 **Діріл алаңша:** Шеңберлі, тік және көлденең тербелістердің немесе соққылардың әрекетінен бетонды және темірбетонды бұйымдарды дайындау кезінде бетон қоспасын нығыздау үшін қолданылатын тұрақты тербелмелі қондырғы.

3.556 **Дірілмен қаққыш:** Топыраққа қадаларды, шпунттарды, құбырларды ж.т.б. элементтерді қағуға арналған тербелмелі машина,

3.557 **Дірілпрокатты қондырғы:** Арматуралық қаңқаларды қалау, бетон қоспаларын беру және дірілдету, дайын бұйымдарды жылумен өңдеу және қалыптан автоматты босату

жұмыстары орындалатын дірілпрокатты станда ірі көлемдегі темірбетонды құрылыс құралымдарын және бұйымдарды өндіруге арналған агрегат.

3.558 **Дірілмен қалыптау:** Діріл мен қалып қысымының бетон қоспасына бірмезгілді ықпалы кезіндегі күрделі кескіннің құрама темірбетонды бұйымдарын қалыптау.

3.559 **Ғимараттардың немесе имараттардың жеделәрекетті (жабдықтық) түрі:** Жеделәрекетті (жабдықтық) ғимараттардың немесе имараттардың қызметтік мақсаттарының ұқсас белгілері бойынша жіктік санаты.

3.560 **Бұрандалы қосылыс:** Бөлшектердің біріндегі ойыққа бұралып енгізілетін бұрамалардың көмегі арқылы бөлшектерді ажыранды қозғалыссыз қосу.

3.561 **Аспалы құралымдар:** Негізгі ұстайтын элементтері тек созу күштерін қабылдайтын құрылыс құралымдары.

3.562 **Аспалы көпір:** Негізгі ұстайтын құралымы созылу арқылы жұмыс істейтін иілгіш элементтерден орындалған, ал өту жолы аспалы көпір.

3.563 **Әшекей әйнек:** Әдетте терезе ойықтарында, есіктерде, аражабындарда, кейде жеке панно түрінде шыныдан немесе жарық өткізгіш материалдан орындалатын оюлы немесе сюжетті әшекейлі композиция; ғимарат қасбетін тұтас шынылау.

3.564 **Ылғалөлшегіш:** Газдардың, сұйықтардың және қатты денелердің с.і. сусымалылардың ылғалдығын анықтауға арналған құрал.

3.565 **Ылғал беру:** Қоршаған ортаның өзгеруіне байланысты материалдың ылғал беру қабілеті. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы тәулігіне 60% және температурасы 20° С болған кездегі материалдың құрғау жылдамдылығымен сиппатталады.

3.566 **Ылғалға төзімділік:** Құрылыс ма-териалдарының кезеңдік ылғалдану және кептіру әсерінен ұзақ уақыт бүлінуге қарсы тұра алу қабілеті.

3.567 **Ылғалдылық:** Қатты денедегі, ұнтақтағы немесе газдағы ылғалдың ұсталуы.

3.568 **Материалдардың кедергісіндегі шыбықтың орталықтан тыс созылып-сығылуы:** Шыбыққа екі бірдей және қарама-қарсы бағытталған күштердің шыбықтың параллель осьтерінің ен бойына әрекеті кезінде туындайтын деформация.

3.569 **Асбестоцементті бұйымдардың сыртқы түрі:** Стандартпен реттеліп, көзбен шолып анықталған қасиеттер жиынтығы.

3.570 **Сыртқы жағдайлар:** Аумақтың жағдайы мен пайдаланылуына әсерін тигізетін оның айналасындағы экологиялық, инфрақұрылымдық және ресурстық факторлар.

3.571 **Суұрма:** Құлама су ағынының энергиясын басу үшін және ағынша соққыларын қабылдауға арналған ауыр тақта түріндегі бөгеттің су ағарынан кейін тікелей орналасқан су ағарлардың арнасын және имарат негізінің топырағын шайылудан қорғауға арналған бекіту элементі.

3.572 **Сутартқыш имараты:** Суды одан әрі тасымалдау үшін және шаруашылықта қолдану мақсатында (суару, сумен қамту, электр энергиясын өндіру т.с.с.) ашық су тоғандарынан (өзен, көл су қоймалары) немесе суағарлардан,әлде жерасты көздерінен алып, оны су құбырларына жеткізетін гидротехникалық имарат.

3.573 **Арынды су мұнаралары және резервуарлар:** Сорғы станцияларының жұмыстарын түзету үшін, су қорын жасауға, сондай-ақ оның тегеуріні мен су құбыры желісіндегі шығынды реттеуге арналған сумен жабдықтау жүйелеріндегі имарат.

3.574 **Су өткізбеушілік:** Материалдың қысым арқылы су өткізу қабілеті; 1см жазық бетінен 1сағат ішінде өтетін су мөлшерімен сипатталады.

3.575 **Асбестоцемент бұйымының суөткізбеушілігі:** Асбестоцементті бұйымның уақыт пен қысымның белгіленген нормативтік параметрлері кезінде судың саңылаулап өтуіне қарсы тұру қабілеттілігі.

3.576 **Су әкету және дренаж жүйелері:** Жабынның үстіндегі суды әкетуге, топырақтық негізге қажетті орнықтылықты қамтамасыз ету мақсатында жер асты суларының деңгейін төмендетуге және аэродромдық жабын қабатының топырақ аса дымқылданған есептік кезеңде жүктемені қабылдауға, сондай-ақ жасанды ұшу-қону жолағы бойынша қозғалған кезде ұшақ доңғалағы аквапланированиені жоғалтпауға арналған имараттар жүйесі.

3.577 **Су төгу:** Карьерлерден, шахталардан, штольнялардан, қазаншұңқырлардан, орлардан ж.т.б. алынатын жерасты және жерүсті суларының әкетілуін және жойылуын қамтамасыз ететін құрылғылар жүйесі.

3.578 **Сутазарту:** Нәтижесінде сумен жабдықтаудың табиғи көзінен су құбырына келіп түсетін судың қолданылуы үшін қажетті сапасына жеткізілетін технологиялық процестер кешені.

3.579 **Суды даярлау:** Бу және су жылыту қазандарын қоректендіруге немесе технологиялық процестерді қамтамасыз етуге арналған су құбырынан немесе табиғи су көзінен алынатын суды өңдеу.

3.580 **Су сіңіргіштік:** Материалдың суды сіңіру және ұстау қабілеті.

3.581 **Керамикалық тақтаның су сіңіргіштігі - белгіленген жағыдайларда** тақтайша қышының ашық кеуектеріне сіңетін судың оның құрғақ күйіндегі массасына қатысты пайызбен алынатын мөлшері.

3.582 **Су деңгейін төмендету:** Қазаншұңқырларды, тоннельдерді, кен өңдеу жолдарын ж.т.б. салу кезінде жерасты суларының деңгейлері мен тегеуріндерін уақытша жасанды төмендету.

3.583 **Суқабылдағыш:** 1) бас тоған имаратының тікелей су көзінен (өзеннен, көлден, су қоймасынан) немесе жер асты су көзінен суды қабылдау қызметін атқаратын бөлігі; 2) тиісті аумақтан мелиорациялық кептіргіш жүйелер арқылы жиналатын суды қабылдайтын және бұрып ағызатын ағын су, суқойма немесе өзек.

3.584 **Су құбыры:** Сумен қамтуды жүзеге асыратын - табиғи көздерден су алатын, оны тазартатын, тасымалдайтын және тұтынушыларға жеткізетін инженерлік имараттар мен құрылғылар кешені.

3.585 **Су құбырларының желісі:** Суды тұтыну орындарына жеткізуге арналған су құбыры желілерінің (құбырлардың) жиынтығы.

3.586 **Су жинағыш науа:** Жаңбыр және еріген қар суларын жинауға және ағызып жіберуге арналған төбе элементі.

3.587 **Су қашыртқы, су қашыртқылық имарат:** Су қоймасындағы судың есептік деңгейден асып кетпеуі үшін бөгет жотасында орналасқан құбырлар (суағар) немесе жоғарғы бьефтегі су деңгейінен төмен орналасқан құбырлар (суағызғыш) не болмаса солар арқылы немесе басқалары арқылы артық судың мөлшерін бірмезгілде ағызуға арналған гидротехникалық имарат.

3.588 **Суағар:** Су ағыны асып төгілетін тосқауыл (табалдырық); гидротехникада суағар деп оның жотасы арқылы еркін тасып ағатын су қашыртқысын атайды.

3.589 **Суағарлық бөгет:** Артық (тасқын) су шығындарын жотаның ұзына бойы немесе суағар тесіктері арқылы жіберу кезінде судың асып төгілуіне мүмкіндік беретін бөгет.

3.590 **Сумен қамту:** Әр түрлі тұты-нушыларды (халықты, өнеркәсіп кәсіпорындарын, транспортты, ауыл шаруашылығын) керек мөлшерде және қажетті сапада сумен жабдықтау үшін қолданылатын шаралар жиынтығы.

3.591 **Сутүсіргі, сутүсіргі имарат:** Гидротехникалық имараттардың саңылау (құбыр) түріндегі тереңде орналасқан су қашыртқысы немесе су қоймаларын босатуға, жоғарғы бьефтердегі шөгінділердің су түбінің тұнбаларын жууға, суды төменгі бьефке шығаруға (жіберуге) арналған жеке имарат.

3.592 **Су өтпейтін қабат, топырақтың су өтпейтін қабаты:** Жердің қалқыма сулары мен жер асты сулары өтпейтін топырақ қабаты.

3.593 **Су құрықтау қабілеті (құрылыс ерітінділері):** Ерітінді қоспаның өз құрамында суды борпақ түбімен жіті сорып алу кезіндегі құрықтау.

3.594 **Суға төзімділік:** 1. Жер астындағы суды фильтрлеуі жоқ қабат. 2. Нашар немесе мүлдем су өоткізбейтін топырақтың қабаты (супесь, суглинок немесе сары топырақ).

3.595 **Суға тұрақтылығы:** Гидрооқшаулау жабынның су ортасына төзімділігін анықтайтын қабілеті.

3.596 **Сушаруашылық жүйе:** 1. Суды пайдалануға және қорғауға арналған өзара байланысты су объектілердің, құрылғылардың, құралдардың кешені. Сушаруашылық жүйелеріне сужабдықтау жүйесі, канализация жүйесі, мелиоратив жүйесі мен гидротехникалық құрылғылар жатады. 2. Суды рационалды пайдалануға және қоршауға арналған өзара байланысты су объектілердің, гидротехникалық құрылғылардың, құралдардың кешені.

3.597 **Сушаруашылық құрылғылар мен құралдар:** Сушаруашылық жүйелердің құрылғылары мен құралдары. Сушаруашылық құрылғыларға және құралдарға сужабдықтау мен канализация жүйесінің желілері мен құрылғылары, мелиоратив жүйелері және гидротехникалық құрылғылар жатады.

3.598 **Сушаруашылық баланс:** Берілген территорияның және/немесе белгіленген объекттің шегіндегі қабылданатын және пайдаланатын сулар арасындағы қатынас, олардың құрамды бөліктеріне атмосфералық жауын-шашындар, ылғалдық конденсациясы, буланып кету, өсімдікпен транспирациялау, жер астындағы және үстіндегі ағын, су пайдалану мен су бұру.

3.599 **Сушаруашылық кешені:** Бір су бассейннің су қорын пайдаланатын ауыл шаруашылығының түрлі салаларының жиынтығы.

3.600 **Сушаруашылық объект:** Құрылғылардың жиынтығы немесе бөлек, су объектілерін пайдалану, қалпына келтіру мен қорғаумен байланысты немесе оның су ресурстарын.

3.601 **Бөген:** Судың ұсталуы, жинақталуы және сақталуы үшін өзен аңғарында су тежеу жабдықтарымен қамтылған сыйымдылығы едәуір жасанды су қоймасы.

3.602 **Суцементті қатынас:** Бетондар мен қоспалардағы судың цементке қатынасын анықтайтын еселеуіш.

3.603 **Су жапқыш:** Құбырлардағы газдардың кері ағысына кедергі келтіретін гидравликалық құрылғы. Сантехникада санитарлық құралдар (унитаздар, раковиналар) арқылы бөлмелерге канализациялық газдарды өткізбеу үшін қолданылады.

3.604 **Сумен жылыту:** Өзінің бойындағы жылыту құралдары арқылы бөлмелерді ыстық сумен жылыту жүйесі.

3.605 **Жанғыштық:** Жану көзінің әсерінен материалдардың жанғыштық қабілеті.

3.606 **Әсер ету:** Құралымдар элементтерінің ішкі күштерін (негіз деформациясының біркелкі болмауынан, тау-кен жұмыстары әсерінен жер бетінің деформацияға ұшырауынан, құралымдар материалдарының жылжығыштығының өзгеруінен, сейсмикалық, жарылғыш, ылғалды және басқа осы тәріздес құбылыстардан) тудыратын құбылыс.

3.607 **Ауа арна, ауа құбыры:** Желдету, ауамен жылыту, ауаны баптау, сондай-ақ технологиялық мақсаттарда қолданылатын ауаны алмастыруға арналған құбыр.

3.608 **Ауа алмасуы:** Бөлмедегі ластанған ауаны жартылай немесе толық таза ауамен алмастыру.

3.609 **Ауаны дайындау:** Ауаның сапасын технологиялық, санитарлық-гигиеналық талаптарға жауап беретіндей ету үшін (шаңнан, зиянды газдардан, қоспалардан тазарту, жылыту, суыту, ылғалдандыру, кептіру, т.с.с.) ауаны өңдеу.

3.610 **Ауасалқындатқыш:** Бөлмеге берілген ауаның температурасын төмендетуге арналған жылуалмастырғыш құрылғы.

3.611 **Ауа қыздырғыш:** Өзі арқылы өтетін ауаны жылытуға арналған жылуалмастырғыш аппарат.

3.612 **Ауа шымылдығы:** Жергілікті желдету жүйесі арқылы берілетін және сырттағы ауаның есік немесе технологиялық ойықтар арқылы бөлмеге енуіне кедергі келтіретін бағытталған ауа ағыны.

3.613 **Ауамен жылыту:** Бөлмелерді жылытылған ауамен жылыту жүйесі.

3.614 **Ауа алабы:** Қаланың (кенттің) немесе өнеркәсіп кәсіпорнының аумағындағы ауа кеңістігі.

3.615 **Ауа сүзгісі:** Бөлмеге желдету және ауаны баптау жүйесі арқылы берілетін немесе технологиялық процестерде, газ турбиналарында, ішкі жану қозғалтқыштарында ж.т.б. қолданылған ауаны шаңнан тазартуға арналған сүзгі.

3.616 **Өрттің тууы (жану):** Өртке (жануға) әкелетін процестер жиынтығы.

3.617 **Ауа алқабы:** Өндірістік кәсіпорынның шектеулі кеңістігінде (бөлмелердің басқа бөлігімен салыстырғанда), әдетте тазарту, жылу-ылғалдау өңдеуінен өткізіліп жіберу арқылы ауа ортасы жағдайының жақсартылған сыртқы ауаны өткізуге арналған жергілікті ағымдық желдету жүйесіндегі құрылғы.

3.618 **Киіз:** Жүн мен тері қалдықтарын илеу арқылы немесе минералдық мақта мен талшықты заттардың қоспасын қалыптау және жылумен өңдеу арқылы алынатын тоқыма материал.

3.619 **Вокзал:** Жолаушыларға қызмет көрсетуге, көлік қозғалысын басқаруға және қызмет құрамын орналастыруға арналған ғимараттардың, имараттар мен құрылғылардың кешені.

3.620 **Волластонит (тау жынысы):** Ақ минерал $Ca_3[Si_3O_9]$; тұтқыр керамиканы, сондай-ақ арнайы жоғарыжиілікті радиокерамиканы, фаянсты, фарфорды, цементтер мен оқшауландырғыштарды ж.т.б. өндіру үшін қолданылады.

3.621 **Асбестоцемент табағының толқыны:** Асбестоцементті толқынды табақтың толқын қадамына орай жасалған бірінен бірі тең мөлшерде болатын шектеулі бөлігі.

3.622 **Толқынды асбестоцементті табақ:** Негізгі нысаны дөңес және еңіс телімдердің кезектесе қайталанып отыратын ұзына бойы тігінен жасалған толқындары бар асбестоцементті табақ.

3.623 **Толқын тосқы, брекватер:** Порт айдыны мен рейдтік айлақтарды, порт арналары мен шлюздарына немесе жағалау телімдеріне келетін жолдарды толқындар әсерінен қорғауға арналған гидротехникалық имарат.

3.624 **Волюта:** Ортасында спираль түрінде оралған шеңбері бар сәулет сарыны; сүйрік өрнектер ұстыны әсембағанының сипатты бөлігі.

3.625 **Тұтану:** Материалдың жалынның пайда болуымен ілесе отырып жануы.

3.626 **Сәулеттегі сегіз қырлы бөлік:** Жоспардағы сегізбұрышты имарат (немесе имараттың бөлігі).

3.627 **Асбестоцементті табақтың ойпаты:** Асбестоцементті толқынды табақтың еңістелген оң беті бар бөлігі.

3.628 **Қималы құлыпты-қапсырма шегелі бұйымдар:** Есікке немесе терезеге толық қималанып салынған, оң беті бір жазықтықтағы есіктің немесе терезенің шетінде немесе одан төмен болып табылатын бұйым.

3.629 **Уақытша жүктеме:** 1. Құрылыс құрылғыны есептеу кезінде іс-әрекет бағытымен қосу орнында мөлшер бойынша өзгеретін жүктеме. Уақытша жүктемелер ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді және ерекешеге бөлінеді. 2. Құрылыс қыұрылғының қызмет ету мерзімінен кем әсер ететін жүктеме - қар, жел, кранды және басқа.

3.630 **Уақытша қалқан:** Қозғауға, басқа жерде орнатуға немесе алып тастауға мүмкін салмақ түспейтін қабырға.

3.631 **Уақытша коррозиядан қорғау:** Металлдар мен бұйымдарды дайындалу, пайдалану, сақтау кезінде коррозиядан қорғау, және арнайы құралдармен тасымалданатын, металлдар мен бұйымдарды пайдалану алдында кетірілетін немесе кетіруді талап етпейтін, егер ол пайдалануға кедергі жасамаса.

3.632 **Уақытша құрылыс құрылымы:** Анық белгіленген объекті салу немесе жаңарту кезіндегі құрылыс өндірістің жоспарланған жолын қамтамасыз ететін, мобильді және стационарлы инженерлік, селитеблі, өнеркәсіптік жүйе бөліктерінің (жолдар, қабырғалар, тұрғын үйлер, цехтар, зауыттар және басқа) интеграциясы нәтижесінде қалыптасатын динамикалық жүйе. Ондай уақытша құрылыс құрылым уақытша болып табылады, ол объект құрылысының өміршеңдік кезеңімен анықталады: өндірісті дайындау кезінде қалыптасып, объекті пайдалануға ұсынудан кейін жойылады.

3.633 **Құрылысты сумен уақытша жабдықтау:** Өндіріс, шаруашылық және өртке қарсы мүдделеріне арналған құбырлар мен жабдықтар жүйесі. Құрылысты сумен уақытша жабдықтауды жобалау кезінде мұқтаждықтарды анықтап, су жабдықтаудың көзі мен схемасын таңдау керек, сонымен қатар құбырлардың диаметрлерін есептеп, құрылыс бас жоспарға трассаны қосу.

3.634 **Ойма қабырғаларының уақытша бекіткіштері:** Қазаншұңқырлардың (транштардың) уақытша бекіткіштері, ол жер жұмыстарын өндіруінің қысышулығы себебінен қазаншұңқырды құламамен үзіп алу мүмкіндігінің жоқ болуы кезінде қолданылады.

3.635 **Уақытша кедергі:** материалдың жоюға деген кедергісі: материалдың бүлінуін тудыратын ең үлкен күшке қарсы болатын шартты кернеу.

3.636 **Уақытша жолдар:** Объектті салу кезіне орнатылатын құрылыс алаң шегіндегі көліктің жүру жолдары.

3.637 **Уақытша инженерлік желілер:** Су мен электрресурстар жөніндегі мұқтаждықтарды (электр қуат, бу, ыстық су, қысылған ауа және басқа) қамтамасыз ету мақсатында құрылыс алаңдарда салынатын коммуникациялар. Уақытша инженерлік желілерді салудың шығындарын кеміту үшін дайындау кезінде инженерлік желілердің бөлек учаскелері, оның ішінде канализациялық учаскелер салынады.

3.638 **Уақытша қада белгілер (нивелирлі):** Нивелирлі қада белгілер, ол ретінде цокольдар мен ғимарат фундаменттерінің кескіндері, темірбетон құбырлардың жүгендері, ағаш бағаналар мен бетон орталықтар болуы мүмкін.

3.639 **Уақытша құрылғылар:** Құрылысшыларға қызмет етуге арналған тұрғын, мәдени-тұрмыстық және басқа ғимараттар мен құрылғылар, кіру жолдары, жолдар, қоймалар, сорғыш қосалқы бекеттер, бетонерітінді түйінділер, инженерлік желілер мен құрылыс-монтаждық жұмыстарын атқаруға арналған және құрылыс біткеннен кейін жойылатын өндіріске қажетті басқа құрылғылар.

3.640 **Уақытша анкер (фундаменттер):** Объекттің топырақпен байланысын 3 жылға дейінгі уақыт интервалында қамтамасыз етуге арналған құрылғы.

3.641 **Уақытша көпір:** Шектелген уақыт бойы қызмет етуге арналған көпір. Әдетте, уақытша көпір ағаштан құрылады, сол себептен көпірдің қызмет ету мерзімі ағаштын қызмет ету мерзімінен аспайды (10-15 жыл). Ағаш көпірлер (немесе көпірдің тіреулері) темір жолдардың құрылысы кезінде немесе уақытша айналып өтулерде тұрақты көпірді құрылуына дейін қолданылады.

3.642 **Уақытша жүктеу-жеңілдету жолдар (темір жолдар):** Карьердің немесе қайырманың жұмыс зонасында салынатын темір жол, оның үстіне жүктеу-жеңілдету операцияларын жүргізуге арналған вагондарды орнатады, ол карьердің керпешін өңдеу немесе қайырманы кеңейту кезінде дамыл-дамыл бұзылып жаңа тұрыста салынады.

3.643 **Әсер ету уақыты:** Құралдың немесе құралдар тобының үлгімен жалғасу уақытынан үлгімен жалғасу аяқталуының арасындағы уақыт интервалы.

3.644 **Тоттанудан екіншілік қорғану:** Құралымды дайындағаннан кейін орта әсерінің шектелуіне немесе ерекшеленуіне байланысты тоттанудан қорғау.

3.645 **Екінші қайтара энергиялық ресурстар:** 1. Жылу мен (немесе) электр қуатын бөлуімен қайта пайдаланылатын өндіріс пен пайдалану қалдықтары. 2. Бірінші қуатты түгел пайдалынбау нәтижесінде кез-келген технологиялық процесс кезінде пайда болатын немесе негізгі өндірістің осы технологиялық процессінде қолданылбайтын қосалқы өнім ретінде болып келетін қуат. 3. Негізгі өндірістің қалдықтарынан немесе қосалқы өнімдерден алынатын қуат көздері, оның құрамында технология процесстерінің жанар газдары (мұнайзауытты, домналық, бағыттас мұнай шығару және басқа), пайдалынған бу,

сонымен қатар технолгиялық процесстері кезінде пайда болатын электр жоғалтулар, олар сол процесстан тыс қуатты алу мқсатында (оның ішінде жылу қуатын) қайта пайдаланылуы мүмкін. Екінші қайтара энергиялық ресурстар жанар, жылу және артық қысымды түрлерге бөлінеді.

3.646 **Вулканит:** 1) диатомиттен (трепелден), асбесттен және әктен дайындалған жылуоқшаулағыш материал; 2) жанартау әрекетінің нәтижесінде пайда болатын тау жыныстары.

3.647 **Жанартау күлі:** Құрамына жанартау шыныларының қалдықтары, жыныстүзуші минералдардың кристалдары, жанартау аузынан шығарылған әр түрлі тау жыныстарының сынықтары кіретін үлпілдек тез үгітілгіш тау жынысы (микротүйіршіктерінің мөлшері 0,05-2 мм).

3.648 **Жыртпа:** Шығыңқы қалаумен немесе шығыңқы ернеумен жасалатын шығыңқы бөлік астындағы із.

3.649 **Материалдардың төзімділігі:** Материалдар мен құралымдардың қайталама (циклдық) жүктемелердің әсеріне қарсы тұру мүмкіндігі.

3.650 **Асбестоцементті табақтың толқындарының биіктігі:** Толқындардың көршілес екі шыңына қатысты жазықтықтан ойпаттың осы шыңдар арасындағы оң бетінде жасалған мейлінше ойылған бетіне дейінгі қашықтық.

3.651 **Қазаншұнқырларды тығыздап жасау:** Табан түріндегі жұмыс органы бар механикалық тығыздағыштармен төгілген топырақты немесе ірі кеуекті отырғыш топырағын тығыздап қазаншұңқырды дайындау процесі.

3.652 **Тұтқыр заттар:** Бетондар мен ерітінділерді дайындауға арналған құрылыс материалдары.

3.653 **Габарит:** Құралымдардың, ғимараттардың, имараттардың, құрылғылардың, көлік құралдарының және т.с.с. сыртқы шекті көріністері немесе өлшемдері.

3.654 **Габарит (бетон тақталары):** Келесі реттілікте көрсетілген тақталардың номиналдық көлемі: жалпы ұзындығы, жалпы кеңдігі мен қалыңдығы.

3.655 **Габарит (көлікте):** Жылжымалы көліктің шекті (сыртқы бейнесі бойынша) келбеті мен көліктің жылжу жолына құрылыстың жақындауы.

3.656 **Тиеу габариті:** Жазық түзу жолда орналасқан ашық жылжымалы құрамда жүк орналасатын (орау мен бекітуді есепке алғанда) шекті көлденең (темір жол осіна перпендикулярды) келбеті.

3.657 **Жылжымалы құрам габариті:** Рессорлардағы бүйір ауытқуын есептемегендегі, тура көлденең жолда белгіленген тиеулі әрі бос күйіндегі максималды нормаланған рұқсат етілген шегі мен тозуы бар ашық жылжымалы құрамның шекті көлденең көрінісі (жол осьіне перпендикуляр).

3.658 **Кеме жүзуіне арналған көпір асты габариті:** Көпір құралымдарының элементтері немесе олардың төменгі жағындағы құрылғылар ішіне кірмейтін есепті кеме жүзетін горизонт және тіреу қырларымен аралық құрылыстың астында жасалған көпір астындағы кеңістіктің көлденең (су ағысының бағытына перпендикуляр) көрінісі.

3.659 **Құрылымның жақындау габариті:** Жылжымалы құраммен тікелей өзара әрекеттесуге арналған құрылғы бөлшектерінен басқа, олармен жанаса алатын әрі жылжымалы құрамның басқа элементтерімен жанасуды болдырмайтын ішіне

жылжымалы құрамнан басқа имараттар мен құрылғылардың, сондай-ақ материал-дар, қосалқы бөлшектер және жабдықтардың ешбір бөліктері кірмейтін шекті көлденең (жол осьіне перпендикуляр) көрінісі.

3.660 **Газгольдер:** Үлестіргіш газ өткізгіштері немесе оны қайта өңдеу қондырғыларына беру алдында газды қабылдау мен сақтауға арналған стационарлық болаттан жасалған имарат.

3.661 **Газобетон:** Тұтқыр, су және кремнеземді құрамдас бөліктерден тұратын қоспаға газдандырғышты (әдетте алюминий ұлпасын) қосу арқылы жасалатын қуыс бетон.

3.662 **Газбен кесу, автогенді кесу, оттекті кесу:** Жанатын өнімдерді біржола жойып, оны оттегі ағынында өртеу арқылы материалды кесу.

3.663 **Газбен пісіру:** Материалды қыздыру үшін дәнекерлеу шілтері көмегімен жағылатын оттекті жанғыш газ қоспасы жалынының жылуын пайдаланатын балқыту дәнекері.

3.664 **Газ торабы:** Газбен жабдықтау жүйесінде тұтынушылар арасында жанғыш газдарды тасымалдау және оларды үлестіруге арналған құбырлардан (газ өткізгіштерден) тұрады.

3.665 **Газ қоймасы, газ сақтау қоймасы:** Газ тұтынудың біркелкі еместігіне сәйкес көлемді газды сақтауға және оның берілуін реттеуге арналған табиғи немесе жасанды сыйымдылық.

3.666 **Газды компрессиялайтын станция** - газ өткізгіш арқылы тасымалдау және сақтау кезінде табиғи газдың қысымын жоғарылатуға арналған имараттар мен жабдықтар кешені.

3.667 **Көгал:** Жасанды шөп жабыны бар жер телімі.

3.668 **Газқысымды дәнекерлеу:** Металдың балқығанға немесе созылмалы күйге жеткенше газ жалынымен дәнекерлеу орнын қыздырғаннан кейінгі біріктіру бөліктерін қысумен (отырғызумен) өзектердің, құбырлардың, қалыпты кескіндердің ж.т.б. түйісіне қосу.

3.669 **Газөткізгіш:** Белгілі бір орыннан тұтынушыларға дейін жанғыш газдарды тасымалдауға арналған жабдықтар мен құралдардың құбырлар кешені.

3.670 **Магистралды газөткізгіш:** Жанғыш газды шығару (немесе өндіру) орнынан қысымын тұтынушыларды жабдықтауға қажет деңгейге төмендететін газ үлестіру станциясына дейін тасымалдайтын газ құбыры.

3.671 **Газ өткізгіштік:** Материалдың өзінің қалыңдығы арқылы газ немесе ауа өткізу қасиеті. Материал қабаты арқылы өтетін газ көлемі қабырға ауданына, газдың өту уақытына, қысым айырмашылығына тікелей еселі және қабырға қалыңдығына кері еселі.

3.672 **Газ үлестіру станциясы:** Газды үлестіруге және оның қысымын реттеуге арналған қондырғылар мен жабдықтар кешені.

3.673 **Газбен жабдықтау:** Халық шаруашылығы мен тұрғындар қажеттілігі үшін газ отынын ұйымдастырылған түрде беру және үлестіру.

3.674 **Газды теңестіру жүйесі:** Деаэрацияның жалпы біріктірілген жүйесімен резервуарлар (камералар) тобында отынның бу фазасының қысымын теңестіруді қамтамасыз ететін жабдық.

3.675 **Газдан химиялық қорғаныш киім:** Газдың қауіпті және (немесе) химиялық жеміргіш ортада жұмыстарды орындау барысында қорғануға арналған киім.

3.676 **Газ жолы:** Су жылытатын немесе бу қазандықтарында, пештерде металл қоршауларынан немесе қыздыру бетінің немесе отқа төзімді жекелеген элементтерден пайда болған канал.

3.677 **Галерея:** 1) бойлық қабырғалардың бірі ұстындар немесе бағандармен, ал кейде тізбек қоршаулармен ауыстырылған ұзын жабық бөлме; 2) бойлық қабырғалардың бірі тегіс терезелерден тұратын ұзартылған зал; 3) опырылуға қарсы (жартылай тоннель) галерея - әдетте, тау қопарылыстарынан теміржол немесе автомобиль жолдарының бөліктерін сақтайтын темірбетонды тіректі қабырға; 4) инженерлік және технологиялық коммуникацияларға, сондай-ақ адамдардың өтуіне арналған ғимараттар мен имараттардың бөлмелерін біріктіретін жер астындағы немесе жердегі, толық немесе жартылай жабық, көлденең немесе көлбеу бойлықты имарат; 5) көрермендер залының жоғарғы қатары.

3.678 **Жұмыртас:** Көбінесе малтатастан, қиыршықтастан, құм қоспасынан, кейде балшық материалдан тұратын борпылдақ ірі кесекті шөгінді жыныс.

3.679 **Гараж:** Автокөлік құралдарын сақтауға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған ғимарат (немесе ғимараттар мен имараттар кешені).

3.680 **Үйлестірілген стандарттар (нормативтік құжаттар):** Стандарттау жөніндегі әр түрлі органдармен бекітілген және өнімдердің, процестер мен қызметтердің өзара алмасушылығын әрі сынақ нәтижелері мен ақпараттардың өзара түсіністігін қамтамасыз ететін бір нысанның стандарттары.

Ескерту: Үйлестірілген стандарттардың ұсынылу нысанында немесе мазмұнында өзгешеліктер болуы мүмкін.

3.681 **Сөндіргіш жайғыш:** Судың артық кинетикалық энергиясын сөндіру және суағар бөгеттің төменгі бьефіндегі ағын жылдамдығын қайта бөлу мақсатында су ағыны ағыншасы мен ағысының бағыттарын (ені бойынша) өзгерту үшін қызмет ететін суқағардағы құрылғы.

3.682 **Бас жоспар:** Құрылыс нысандарын жоспарлау және абаттандыру, ғимараттарды, имараттарды, көлік коммуникацияларын, инженерлік тораптарды орналастыру, шаруашылық және тұрмыстық қызмет ету жүйелерін ұйымдастыру мәселелерінің кешенді шешімінен тұратын жоба бөлігі.

3.683 **Бас мердігер:** Қажет жағдайда басқа ұйымдарды қосалқы мердігер ретінде тарта отырып, тапсырыс берушімен жасалған мердігерлік шарт негізінде берілген нысан бойынша шартта қарастырылған барлық құрылыс жұмыстарының деркезінде әрі сапалы орындалуына жауапты құрылыс ұйымы.

3.684 **Геодезиялық желі:** Теңіз деңгейінде координаттар мен биіктіктердің біртұтас жүйесімен анықталған жағдайдағы жер бетіндегі геодезиялық пункттердің бекітілген жүйесі.

3.685 **Геодезиялық белгі:** Жергілікті геодезиялық пункттегі жағдайды белгілейтін құрылғы немесе имарат.

3.686 **Геодезиялық пункт:** Жергілікті жерде геодезиялық әдістермен (триангуляция, полигонометрия) анықталған белгілі бір жүйедегі координаттар мен биіктіктер жағдайындағы және геодезиялық белгімен бекітілген жер бетіндегі нүкте.

3.687 **Геодезия:** Жоспарлар мен карталарда Жер нысандары мен мөлшерлерін анықтап бейнелеу үшін жер бетіндегі өлшемдерін жүргізу мәселелерін қамтитын ғылым.

3.688 **Геологиялық орта:** Имараттармен әр алуан және белсенді әрекеттесетін көп компонентті дискреттік динамикалық табиғи жүйе. Формацияларға, қосалқы формацияларға, стратиграфолитоло-гиялық кешендерге, петрографикалық типтерге (бір буда, қалыңдық) және біртекті элементтерге бөлінетін әр алуан деңгейлі, түрлі құрамды тектоникалық бұзылғыштығы, желге мүжілгіштігі, суландырғыш ж.т.б. геологиялық денелер жүйесінен тұрады.

3.689 **Геологиялық түсіру:** Кез келген аумақтағы геологиялық құрылысты жан-жақты зерттеу және оның геологиялық картасын құрастыру мақсатында өткізілетін далалық геологиялық зерттеулер кешені.

3.690 **Геологиялық және инженерлік-геологиялық процестер мен құбылыстар:** Адам іс әрекетінен тыс түрлі табиғи факторлардың (және олардың бірлігінің) әсерінен, сонымен бірге оның (инженерлік-геологиялық) әсерінен пайда болатын эндогенді және экзогенді геологиялық процестер. Өзара шарттасушылық, станционарлық емес және мұралыққа беруді дамыту, сондай-ақ детерминациялаумен сипатталады. Құбылыс - бір немесе топтар процестері іс-әрекетінің нәтижесі.

3.691 **Герметикаландыру:** Аппараттар, машиналар, имараттар немесе сұйықтықтар мен газдарға арналған сыйымдылықтар қабырғалары мен қосылыстарының өткізбегіштігін қамтамасыз ету.

3.692 **Құрылыс механикасындағы иілгіш жіп:** Тек созылуға жұмыс істейтін мүмкіндігі бар, өте аз шамалы қаттылықпен бүгілетін иілгіш элемент.

3.693 **Иілгіш асбестоцемент табағы:** Түрлі қалыптардың бетін қаптау үшін пайдаланылатын иілімділігі жоғары бұйым.

3.694 **Материалдар кедергісіндегі шыбықтың иілгіштігі:** Шыбықтың келтірілген ұзындығының оның көлденең қимасы инерциясының ең кіші радиусына қатынасы.

3.695 **Гигроскопиялық:** Материалдардың (немесе заттардың) капиллярлардағы, кеуектердегі, микросызаттардағы ылғалдың конденсациялану есебінен немесе сулы химиялық қосылыстардың пайда болу есебінен қоршаған ортадан (әдетте ауадан су буларын) ылғалды сіңіру қасиеті.

3.696 **Гидратация:** Әр-түрлі заттарға судың қосылуы. Сөнген әқты алу үшін Г. кеңінен қолданылады.

3.697 **Цементтің гидратациясы:** Кристаллгидраттардың құрылуына цемент пен судың химиялық әрекеттесуі.

3.698 **Гидраттық әк (сөнген):** Сөнбеген әктің сөндіру бақылау процесінде алынатын доломиттік немесе кальций, әуелі әк. Ол ұнтақ, қамыр немесе жүзгіндер түрде дайындалады (әкті сүт).

3.699 **Гидроизол:** Мұнай битумдары сіңірілген асбест немесе асбестоцеллюлозалы қағаздан (жұқа картоннан) дайындалған орама материал.

3.700 **Гидрооқшаулағыш материалдар:** Құрылыс құралымдарын, ғимараттар мен имараттарды судың зиянды әсерінен және химиялық жеміргіш су ерітінділерінен қорғауға арналған материалдар.

3.701 **Гидрооқшаулағыш қабат (қабаттар):** Еден арқылы ақаба сулардың және өзге де сұйықтықтардың өтуіне, сондай-ақ еденге топырақ суларының өтуіне кедергі жасаушы қабат.

3.702 **Гидромеханизация:** Барлық технологиялық процестерді немесе олардың бөлігін жүргізу үшін су ағынының кинетикалық энергиясын пайдалану кезіндегі жер, кен және өзге де жұмыстарды механизациялау тәсілі.

3.703 **Гидроқоспа:** Су қосылған сусымалы немесе ірілігі әр түрлі қатты материалдардың қолдан ұсатылған бөлшектерінің механикалық қоспасы.

3.704 **Гидротехникалық имараттар:** Су қорларын пайдалануға немесе судың бүлдіретін әрекеттерімен күресуге арналған инженерлік имараттар.

3.705 **Гидротехникалық бетон:** Үнемі суда болатын немесе сулы ортамен мерзімді түйісіп отыратын, имараттардың немесе олардың жекелеген бөліктерін салу үшін қолданылатын, тоттануға беріктілігі, су өткізбегіштігі және аязға төзімділігімен ерекшеленетін ауыр бетон.

3.706 **Гидротехникалық тығын:** Гидротехникалық имараттың су өткізетін саңылауын толығымен немесе жартылай жабуға арналған қозғалмалы құралым.

3.707 **Гидротехникалық тоннель:** Үстіндегі топырақ массасын ашпай құрылған судың арынды немесе арынсыз қозғалысты тұйық көлденең қималы жерасты су арнасы.

3.708 **Гидроторап:** Орналасуы мен олардың бірге жұмыс істеу шарттары бойынша біріккен гидротехникалық имараттар кешені.

3.709 **Гидрофобты цемент:** Цементтің гигроскопиялығын азайтып, оны тіпті ылғалды жағдайда ұзақ сақтағанның өзінде бүлінуден қорғайтын гипсті және гидрофобты қоспасы бар портладцементті клинкерді ұсақтап үгіту арқылы алынатын тұтқыр зат.

3.710 **Гидроэлектр станциясы (ГЭС), гидроэлектростанция:** Су ағыны энергиясының өзгеру нәтижесінде электр энергиясын өндіретін электр станциясы.

3.711 **Гипс:** 1) $CaSO_4*2H_2O$ минералы - табиғи гипс; 2) $CaSO_4*0.5\ H_2O$ (алебастр) құрылыс гипсі - 140-190°C температурада табиғи гипсті күйдіру арқылы алынатын, ауада тез қатайатын тұтқыр зат.

3.712 **Гипсобетон, гипсті бетон:** Гипсобетонның ұстасуын баяулатқыш, сондай-ақ су мен атмосфераға төзімділігін арттырғыш минералды және органикалық толтырғыштар мен қоспаларды пайдаланатын гипстік тұтқыр материалдар негізіндегі бетон.

3.713 **Гипстік тұтқыр материалдар:** Құрылыс гипсі немесе ангидрит негізінде жасалған әуелік тұтқыр заттар.

3.714 **Гипсцементті пуццоландық тұтқырғыштар:** Құрылыс гипсін (50-70%) портландцементпен (15-25%) және қышқыл гидравликалық қоспамен араластыру арқылы жасалынатын тұтқыр заттар.

3.715 **Безендірілген тегіс қыш тақташа:** Түрлі-түсті сурет салынған, бет жағы тегіс тақташа.

3.716 **Тегіс қыш тақташа:** Безендірілмеген беті тегіс тақташа.

3.717 **Көзек:** Есікті ашпай-ақ, бөлме ішінен кеңістікті қарау үшін қызмет ететін бұйым.

3.718 **Зертас:** Қыш тақташаның бетін жабатын және жоғары температурада күйдіру жолымен бекітілген жұқа шыны түріндегі немесе жартылай кристалданған қабат.

3.719 **Глауконит:** Темір, калий ж.т.б. тұратын негізгі алюмосиликаты, гидрослюдалар тобының минералы.

3.720 **Сазбалшықты цемент:** Тез қатайатын гидравликалық тұтқыр зат; балқытқанға немесе желтектегенге дейін бокситтер мен әктастардың қоспаларын күйдіруден алынатын клинкердің жіңішкелеп ұсақталынған өнімі.

3.721 **Сазбалшық:** Негізінен сазды минералдардан - су силикаттарының қабатты құрылымдарынан тұратын цементті емес жұқа бытыраңқы, бірақ жабысқақ шөгінді тау жыныстары.

3.722 **Тереңдетілген өрттен қорғау:** Бұйым, материал, құралым өнімдерін арнайы өңдеу жолымен өрттен қорғау.

3.723 **Майыстырылған кескіндер:** Қалыңдығы 0,1-20 мм, ені 2000 мм дейін және ұзындығы 30 м дейінгі табақ металдан бейінді илегіш стандармен жасалынатын жеңілдетілген металды кескіндер.

3.724 **Жану:** Заттың оттегімен әрекеттесу нәтижесінде жылу және түтін шығара отырып, жалындауы немесе бықсуы.

3.725 **Көлденең жылжу:** Жылжу мульдасындағы жер беті нүктесі жылжуының векторының көлденең құраушысы.

3.726 **Баспалдақ тақтасының көлденең телімі:** Жолаушылардың қауіпсіз кіруі мен шығуын қамтамасыз етуге арналған күрт төмендеу сатылары жоқ, кіреберіс алаңдар алдындағы баспалдақ тақтасының телімі.

3.727 **Тау жынысы:** Геологиялық процестер нәтижесінде пайда болатын және жер қыртысын құрайтын дербес геологиялық дене түріндегі табиғи минералды агрегаттар.

3.728 **Қалалық көлік:** Қала аумағында және жақын қала маңы аймағында тұрғындар мен жүктерді тасымалдауға арналған, сондай-ақ қаланы көркейту жұмыстарын орындайтын әр түрлі көлік пен құрылғылар кешені.

3.729 **Жанғыштық, тұтанғыштық:** Заттың (материалдың) жалынды тарату немесе бықсыту қасиеті.

3.730 **Құрылыс құралымдарының ыстық металдан қорғаныш жабыны:** Қорғалатын металл құралымын немесе оның элементін қорғаныш металл қорытындысына салу арқылы жасалынатын қорғаныш жабын.

3.731 **Мемлекеттік нормативтер (мемлекеттік нормативтік құжаттар):** Адамның мекендеуі мен тіршілік етуіне қолайлы, қауіпсіз және басқа да қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілердің, нормативтік-техникалық құжаттардың, өзге де міндетті талаптардың, шарттар мен шектеулердің жүйесі.

3.732 **Мемлекеттік әлеуметтік тұрғын үй:** Тұрақты тұруға арналған және мемлекеттік әлеуметтік қолдау құқығына ие азаматтарға жалға ұсынылатын, белгіленген техникалық, санитарлық және басқа да міндетті талаптарға жауап беретін, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үй.

3.733 **Готикалық стиль (готика):** Сәулетте өте биік және көлемді шіркеулер салуға, кабырғаларға түрлі-түсті витражды терезелер, әрі ірі, әрі сұлу мұнаралар тұрғызуға, сүйір терезелер мен порталдар салуға мүмкіндік беретін қаңқалық жүйе (контрфорсты бағаналарға тірелетін сүйір арқалар).

3.734 **Гофрлеу:** Майыстыру мен сығу жұмыстары кезінде олардың қаттылығын арттыру мақсатында қара және түсті металдардың, асбоцементтің, картонның және маталардың ж.т.б. табақтарында гофрлар құру (иілімдер, толқындар).

3.735 **Малтатас:** Негізінен кесе-көлденеңі 2-10 мм мөлшеріндегі тау жыныс-тарының жентектелген сынықтарынан құралатын борпылдақ ірі сынықты шөгінді жыныс.

3.736 **Гравитациялық бөгет:** Құралымның пропорционалды меншікті салмағының негізіндегі үйкелістер күшімен қозғалту күштеріне қатысы бойынша орнықтылығы қамтамасыз етілетін бетонды немесе тас бөгет.

3.737 **Градирня:** Өнеркәсіптік кәсіпорындардың айналмалы сумен қамту жүйелеріндегі және суармалау құралымы бойынша ағатын судың буланған бөлігі есебінен ауаны тазарту құрылғыларындағы атмосфералық ауамен жылу бөлетін аппаратурадан шығарылатын жылы суды салқындатуға арналған имарат.

3.738 **Аумақтың қала құрылыстық құндылығы:** Оның жай-күйі мен пайдаланылуына қойылатын белгілі бір қоғамдық талаптарды қанағаттандыратын аумақтың бейімділік өлшемі.

3.739 **Қала құрылысы регламенті:** Аумақты, оған қоса жылжымайтын мүлікті арттырулар және шектеулер (оның ішінде ауыртпалығы, тыйым салу және сервитуттар) жай-күйін өзгертулер мен пайдаланулар.

3.740 **Гранулометриялық құрам:** 1. Абсолютті құрғақ жердің жалпы салмағына қатысты топырақтың бүртіктер тобының (фракциялар) әр-түрлі көлемінің салмағы бойынша құрамдылығы; 2. Топырақта қатты бүртіктердің әр-түрлі көлемдегі сандық құрамдылығы; 3. толтырғышта пайыздық салмағында көрсетілген белгіленген мөлшерде өтетін бүртіктердің құрамдылығы; 4. Әр-түрлі ірілікте салмағынан немесе пайыздық салмағында көрсетілген зерттелген үлгідегі дән мөлшерінен немесе тау жынысында, қыртыстарда немесе жасанды дәндік (бүртікті) өнімдердегі құрамдылық.

3.741 **Өндірістік кескіндеме:** Кескіндеме немесе басқа түрде көрсетілген өнім шығарылуының немесе құрылыс жұмыстары жүргізілуінің күнтізбелік жоспары.

3.742 **Грейфер:** Металлолом, құбыр, ағаш, үйілген ақпа материалдар ж.т.б. жүктерді іліп алуға бейімделген өзі жабылатын жақты (қақпақты) көтергіш.

3.743 **Грейферлік тиегіш:** Грейфердің көмегімен таулы жыныстар ж.т.б. материалдарды тиеуге арналған машина.

3.744 **Жүк көтергіш кран:** Шамалы қашықтыққа жүктерді көтеру мен көлденең алмастыруға арналған циклді іс-әрекеттік жүк көтергіш машина.

3.745 **Топырақбетон:** Жабысқақ топырақтардан, минералды тұтқыр, су және түрлі қоспалардан жартылай құрғақ тәсілмен алынатын құрылыс материалы.

3.746 **Топырақ:** Адамның инженерлік-құрылыс қызметінің нысаны болып табылатын барлық тау жыныстарының жалпылама атауы.

3.747 **Топырақ бөгеті:** Негізінен топырақ материалдарынан салынатын бөгет.

3.748 **Астарлар:** Сырланатын бетімен сенімді жабын тіркеуді жасайтын, тоттанудан металды қорғайтын, ағаш бітімін “анықтау” үшін лакпен боялған жабынның төменгі (астарлық) қабатын құрастыратын материалдар.

3.749 **Топырақ сулары:** Үнемі сулы көкжиектің бірінші жер бетінің жерасты сулары.

3.750 **Топырақты негіздер:** құралымдар арқылы таралған жүктемелерді қабылдауға арналған тегістелген және тығыздалған жергілікті немесе әкелінген топырақ.

3.751 **Топырақ материалдары:** Күйдірілмеген жабысқақ топырақтардан, кейде портландцемент, сиректеу әк, гипс, сұйық шыны ж.т.б. қолдану арқылы дайындалатын құрылыс материалдары.

3.752 **Топырақараластырғыш машина:** Қозғалыс процесінде топырақты қопсыту, ұсақтау және оны тұтқыр материалдармен араластыруға арналған өзі жүретін машина.

3.753 **Гудрондауыш:** Автомобиль жолдарын жөндеу немесе құрылысы кезінде жол төсемі жолағы бойынша (гудрон негізінде) битумдарын біркелкі үлестіруге арналған тіркемелі немесе өзі жүретін машина.

3.754 **Қысым:** Дене бетіне біркелкі таралған күштердің осы беттің ауданына қатынасымен анықталатын және дене бетінің қандай да бір бөлігіне осы бетке перпендикуляр бағыттар бойынша әсер ететін күштердің қарқындылығын сипаттайтын шама.

3.755 **Қимылсыз күйдегі қысым (армирленген жерден құрылғылар мен іргетастар):** Сүйеп тұратын (жылжымалы емес) қабырғалардың жылжымауында шекті жер қысымы.

3.756 **Гидродинамикалық қысым:** Сұйықтықтың тығыздығынан және жылжу жылдамдығымен байланысты инженерлік жабдықтың (мысалы, сумен жылыту) жүйесінің элементінің үстінің көлемдік бірлігіне сұйықтық ағымының динамикалық әсер ету күші.

3.757 **Гидростатикалық қысым:** Ғимараттың үстінде орналасқан сұйықтық тірегінің биіктігі мен салыстырмалы салмағына (Н/м3) байланысты инженерлік жабдығының (мысалы, сумен жылыту) жүйесінің элементінің үстінің көлемдік бірлігіне сұйықтық ағымының статикалық әсер ету күші.

3.758 **Жердің шеткі белсенді қысымы (сүейтін қабырғалар мен шұңқыр қазандардың бекітулері):** Жылжу үстінен құлаумен нығызданудың босауымен қоршау құрылымынан одан жазықтық бағытта жердің шеткі қысымының (салмағының) минимальды маңызы.

3.759 **Қимылсыз күйдегі жердің шеткі қысымы (сүейтін қабырғалар мен шұңқыр қазандардың бекітулері):** Қозғалмайтын қоршау құрылымның үстіне, яғни оның жер жағына немесе оның жылжуынсыз түсетін жер салмағы.

3.760 **Сылбыр жердің шеткі қысымы (сүейтін қабырғалар мен шұңқыр қазандардың бекітулері):** (Выпор) құюда ауа мен газдың шығуы үшін жасалған форманың үстінен жылжыту және нығыздалуында пайда болатын қоршау құрылымнан жазықтық бағытта жердің шеткі қысымының (салмағының) максимальды маңызы.

3.761 **Бөгетше:** Өзен және теңіз жағалауындағы ойпаттарды су басып қалудан қорғау, арықтарды опырып құлату, тегеурінді техникалық имараттарды жағалаумен (тегеурінді бөгетшелермен) қосу, өзен арналарын реттеу, кеме жүруін және су өткізетін және су

жинайтын имараттардың (тегеурінсіз бөгетшелердің) жұмысын жақсарту үшін үйінді түрінде салынған гидротехникалық имарат.

3.762 **Жоғары бөлікте орнатылған есік жапқыш:** Есіктің автоматты жабылуын қамтамасыз ету үшін қызмет атқаратын қосымша тежегіші бар және есік пен қораптың жоғарғы бөлігіне орнатылған бұйым.

3.763 **Төменгі бөлікте орнатылған есік жапқыш:** Есіктің жабылуы мен айналуын қамтамасыз ету үшін қызмет атқаратын және бөлме еденінен төмен орнатылған бұйым.

3.764 **Есік (терезе) тіреуіші:** Терезе тұтқасы оның ішкі шынысын сындырмау үшін терезенің сыртқы қапсырмасында орнатылған немесе есік тұтқасының ұруынан бөлме қабырғасын сақтау үшін жасалған бұйым.

3.765 **Есік (терезе) бекіткіш:** Есікті (терезені) белгілі бір қалыпта бекітуге немесе қозғалысын шектеуге қызмет ететін бұйым.

3.766 **Екі қабатты резервуар:** Қос қабатты ыдыс түріндегі резервуар (ыдыс ішіндегі ыдыс).

3.767 **Қоставр:** Металл прокатты кескін, екі көлденең сөре мен аралық тіреуден тұратын қоставрлы арқалық немесе кескін.

3.768 **Сәйкестік туралы декларация:** Дайындаушы (орындаушы) айналысқа шығарылатын (немесе) сатылатын өнімнің, көрсетілетін қызметтің белгіленген техникалық нормалау және стандарттау саласының талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат.

3.769 **Сәйкестікті мағлұмдау:** Дайындаушымен (орындаушымен) жүзеге асырылатын сәйкестікті мақұлдау түрі.

3.770 **Сәндік мүсін:** Сәулетпен тығыз байланысты әшекейлейтін мүсін, бедер; ғимараттар мен құрылыстардың фасадтары мен интерьерлерін сәндік әрлеуге арналады және олардың эстетикалық бейнелілігін күшейту құралы болып табылады.

3.771 **Сәндік сылау:** Әрлендіретін үстінің фактурасы мен түсін түрлендіруге мүмкіндік беретін ою және жайпақ бедерді әрлендіріп енгізетін жоғарыңқы көркемдік сапалы сылау (мәрмәр, террацо, сгаффито түсті).

3.772 **Сәндік көркемөнер:** Эстетикалық жайлылықты енгізетін (парктік мүсін, витриналарды түсті көркемдеу, иллюминациялар, мүсінді бұрқақтары ж.т.б.), сәулеттің (монументальдік-сәндік суүреттер, мүсіндер) идеялас-көркем маңыздығын ашуға көмек беретін, адамның өмір сүру саласының көркемдік қалыптасуына себептесетін өнер туындысының пластикалық түрі.

3.773 **Сәндік жабулар металды тоттанудан қорғау:** Негізгі жабатын сәндік түсті металдың үстін жабу.

3.774 **Сәндік қорғау қабаты (қоршау құрылымдарды жылумен оқшаулау):** 1. Қоршау құрылымды сәулеттік бейнелеу үшін және жылытуын қорғауға арналған конструктивтік элемент; 2. Фасадтық үстілерді сәндік көркемдеуге, уялы бетон мен жылытуды қорғауға арналған конструктивтік элемент.

3.775 **Сәндік-бетті енсіз жұқа тақтайша:** Құлпының (ысырманың) тұрқысын сәндік көркемдеуге арналған ойма құлпының (ілгектің) бетті енсіз жұқа тақтайшасына орнатылатын бөлшек.

3.776 **Сәндік қаптама:** Фальщпереплетты жасау үшін сәндік пішіндер. Пішіндер шыныпакеттерге екі - сыртқы және ішкі жағынан жапсырылады.

3.777 **Сәндік жұмыстар:** Сәулетте пайдалы және эстетикалық маңызы бар көркемдеудің әрлеу түрі. Оларға табиғи (гранит, құмдақшөп, мәрмәр, әқтастар ж.т.б.) және жасанды (әрлеу кірпіштер, керамикалық тақталар, майолика, силикатты тақталар, пластмасса ж.т.б.) материалдармен сыртқы және ішкі әрлендіруі жатады; ағашпен әрлендіру (әр-түрлі ағаш түрінен шере жұмыстары, ағаш кесулер); жабыстыру және мүсін жұмыстары (жазық оюлар, барельефтер); металл жұмыстары (көркем соғу, мүсін); сәндік ұсақтау жыныстар (фреска, энкаустика, витраж ж.т.б.).

3.778 **Керамикалық тақташаларды әшекейлеу:** Тақташаның сыртқы бетіне бір немесе бірнеше түсті тегіс немесе бедерлі сурет салу.

3.779 **Шаруашылық ағаш:** Отыннан басқа өлшемі және сапасы бойынша іріктелген дөңгелек ағаш материалдарынан (сортименттер) тұратын ағаш материалдарының негізгі тобы; механикалық және химиялық өңдеу үшін одан әрі жартылай фабрикат ретінде пайдаланылады.

3.780 **Дельта-ағаш, лигнофоль:** Ағаш-қатпарлы пластиктердің бір түрі; крезоло- немесе фенол-формальдегидті шайыр сіңдірілген қабыршақтарды (негізінен, қайың қабыршақтарын) нығыздау және желімдеу арқылы дайындалады.

3.781 **Демпфер:** Машиналар мен механизмдер түйіндерінің зиян механикалық ауытқулары (демпфировалау) энергиясын жұту құрылғысы.

3.782 **Демпфирлеуші қабат (негіздер мен ірге тастар):** Иілгіш қысатын қабат.

3.783 **Ағаш өңдейтін машиналар:** Табиғи ағаштарды немесе ағаш материалдарына тиісінше өлшемдер мен пішіндер беру немесе олардың бетін әрлеу арқылы өңдеудің түрлі технологиялық операцияларын орындайтын машиналар.

3.784 **Ағаш кесетін станок:** Ағашты және ағаш материалдарды механикалық өңдеуге (кесуге) арналған ағаш өңдейтін машиналар.

3.785 **Ағаш бөгет:** Салмақ түсетін негізгі құралымдары ағаштан, негізінен қылқан жапырақты ағаш түрлерінен жасалған бөгет; межелі су арыны төмен кезінде, әдетте суағарлар болып салынады.

3.786 **Ағаш құралымдар:** Құраушы элементтері негізінде ағаштан орындалған және өзара ойық ағаштармен, қабыршақтармен, сынамен, бұрандалармен, металл бекіткіштермен қосылған құрылыс құралымдары, сондай-ақ желім арқылы индустриальдық әдістермен жасалып желімделген құралымдар.

3.787 **Ағаш көпір:** Аралық ағаш құрылыстары және ағаш немесе бетон (үлкен) тіреулері бар көпір.

3.788 **Техникалық шарттар түпнұсқасын ұстаушы:** Техникалық шарттар түпнұсқасын қалпына келтіру және өзгертулерді енгізу, сақтау, есепке алу, бекітуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға.

3.789 **Дериватограф (құрылысқа арналған полимерлік бұйымдар):** Затта және инерттік эталондағы температураның айырымы мен салмағының өзгеру жылдамдығын тіркейтін, оның салмағын, заттың температурасын тіркеуге, температурасының өзгеруін бір уақытта белгіленген жылдамдықпен тіркеуге мүмкіндік беретін термикалық зерттеу аспабы.

3.790 **Деривациялық су таратқыш:** Гидроэлектрстанцияға, сорғылау станциясы мен т.б. су қоймасына немесе өзен арнасына суды әкелетін немесе олардан суды апарысатын гидротехникалық құрылғы.

3.791 **Деривация:** Суды табиғи арнадан судың жинақталған сарқырамасының деңгейін құру мақсатымен суды бұру су таратқыштар жүйесі.

3.792 **Десюпорт:** Есіктің үстіндегі декоративтік суретті немесе мүсінді қосымша бұйым.

3.793 **Құрылыс бөлшегі:** Жинау операциялары қолданылмай, біртекті материалдан дайындалған құрылыс құралымдарының бөлігі.

3.794 **Ғимарат элементінің ақауы:** Ғимарат элементінің дайындау, орнату және жөндеу кезінде ережелердің, нормалар мен техникалық шарттардың бұзылуы салдарынан болған ақауы (кемістік).

3.795 **Деформацияланғыштығы:** Материалдың бастапқы пішінін өзгертуге бейімділік қасиеті.

3.796 **Деформация:** Дене бөлшектерінің салыстырмалы қалпының өзгеруіне алып келетін сыртқы әсерлер салдарынан дене (не дене бөлігі) пішінінің немесе өлшемінің өзгеруі.

3.797 **Ғимарат (имарат) деформациясы:** Түрлі күштер мен сыртқы әсерлердің салдарынан ғимарат немесе имарат пішінінің және өлшемінің өзгеруі, сондай-ақ орнықтылығының жойылуы (шөгуі, жылжуы, қисаюы ж.т.б.).

3.798 **Құралым деформациясы:** Сыртқы ықпал мен күштердің әсерінен құралым (немесе оның бір бөлігі) пішінінің және өлшемінің өзгеруі.

3.799 **Негіз деформациясы:** Салмақтың ғимараттардан (имараттардан) негізге берілуінен немесе ғимараттарды (имараттарды) салу және пайдалану кезінде негіз топырағының физикалық күйінің өзгеруінен туындайтын деформациялар.

3.800 **Қалдық деформация:** Деформацияны тудыратын күштер мен ықпалдар жойылғаннан кейін қалған деформация бөлігі.

3.801 **Иілімділік деформациясы:** Сыртқы күштер әсерінен түзілетін, материал тұтастығының микроскопиялық бұзылуын тудырмайтын қалдық деформация.

3.802 **Серпімді деформация:** Деформация тудыратын күштер жойылғаннан кейін жоғалатын деформация.

3.803 **Құралымдағы диафрагма:** Кеңістік құралымының беріктігін арттыратын тұтас немесе торлы элемент; ол жұқа қабырғалы құралымдарда, қаңқалы және ірі панельді ғимараттарда ж.т.б. қолданылады.

3.804 **Бөгет диафрагмасы:** Топырақ материалдардан салынған бөгет арасындағы топырақ емес материалдардан (бетоннан, темірбетоннан, металдан, ағаштан немесе полимерлік үлдірлі материалдардан) қабырға түрінде жасалған сүзілуге қарсы құрылғы.

3.805 **Дизайн:** Өнеркәсіптік бұйымдардың, үй заттарының, киімнің, аяқ киімнің ж.т.б. өнімдердің эстетикалық және қызметтік сапасын қалыптастыру мақсатында орындалатын түрлі жайғастыру қызметін білдіретін термин**.**

3.806 **Имарат динамикасы:** Динамикалық күштер әсер ететін имараттардың тербелістері, оларды есептеу әдістері және тербелісті төмендету тәсілдері туралы ғылым; құрылыс механикасының бөлімі.

3.807 **Динамикалық күш:** Уақытқа қатысты шамасы, бағыты немесе түсу нүктесі тез өзгеретін күш.

3.808 **Динамикалық беріктік:** Материалдың динамикалық күштердің әсеріне пішінін өзгертпей немесе пішінін болымсыз өзгерту арқылы қарсы тұру қабілеті.

3.809 **Құрылыс механикасындағы динамикалық орнықтылық:** Динамикалық күштердің әсер етуі кезіндегі құрылыстың орнықтылығы.

3.810 **Диспетчерлендіру:** Құрылыс өндірісінің ағымдағы жоспарлары мен кескіндемелерін реттеу және бақылау арқылы құрылыс-жинақтау жұмыстарының кезеңділігі мен кешенді жүргізілуін қамтамасыз ету және оны материалды-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету, барлық қосалқы мердігерлік ұйымдар, қосалқы өндіріс орындары және қызмет көрсететін кәсіпорындар жұмыстарының үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін құрылыс өндірісінің барлық буындарын орталықтандырылған жедел басқару жүйесі.

3.811 **Ұзақ мерзімді беріктік:** Жоғары температура кезінде ұзақ уақыт бойы шекті күйде болған материалдың беріктігі; ол температураға, химиялық құрамына, микроқұрылымына, үлгінің беттік күйіне, қоршаған ортаға байланысты.

3.812 **Тереңдету жұмыстары:** Су қоймалары мен су ағындары түбін тереңдетіп қазу және қазылған топырақты кеме жолдарынан және гидротехникалық имараттардан тысқары жерлерге шығарып тастау арқылы су қоймаларын және су ағындарын тереңдету және кеңейту.

3.813 **Мердігерлік шарт (келісімшарт):** Тапсырма беруші мен мердігер қол қойған кепілдеме, қосымша, сондай-ақ құрылыс салу барысында туындаған толықтырулар мен өзгертулерден тұратын құжат.

3.814 **Док:** 1) кемелердің суасты бөліктерін тексеру мен жөндеуге және оларды жасауға арналған гидротехникалық имарат не ерекше кеме; 2) теңіз деңгейінің көтерілу-қайту орындарында тиеу-түсіру жұмыстары үшін кемелердің аялдауына арналған жапқышы бар жасанды порттық бассейн; 3) ұшу аппараттарын жөндеуге және оларға техникалық қызмет көрсетуге арналған имараттар кешені.

3.815 **Халықаралық нормативтік құжат:** Жобалау және құрылыс жүргізу кезінде қойылатын міндетті талаптардан тұратын нормативтік құжат.

3.816 **Республикалық нормативтік құжат:** Халықаралық нормативтік құжаттармен реттелмейтін және республика үшін өзіндік маңызы бар мәселелер бойынша талаптарды белгілейтін нормативтік құжат.

3.817 **Өндірістік құжаттама:** Құрылыс-жинақтау жұмыстарының жүргізілу барысын және құрылыс нысандарының техникалық жағдайын көрсететін құжаттар жиынтығы (орындау сұлбалары мен сызбалары, жұмыс кескіндемелері, қабылдау актілері және орындалған жұмыс көлемінің тізімдемесі, жұмыстың жалпы және арнайы журналдары ж.т.б.).

3.818 **Қашау:** 1) тесік, ойық, қуыс ж.т.б. саңылау тесуге арналған қол немесе машиналы ағаш кесетін аспап; 2) ұңғымаларды бұрғылау кезінде тау жыныстарын механикалық бұзуға арналған бұрғылау аспабының негізгі элементі.

3.819 **Қосымша оқшаулама:** Негізгі оқшаулама зақымданғанда электр тогы соғуынан қорғауға арналған негізгі оқшауламаға қосымша жасалған электрлік оқшаулама.

3.820 **Қосымша суоқшаулағыш кілем (орамды немесе мастикалы):** Шатырнауада, ернеулік бөліктерде, қабырғаларға, шахталарға және басқа құралымдық элементтерге жанасу жерлерінде негізгі суоқшаулағыш кілемді күшейту үшін пайдаланылатын шыны материалдармен арматураланған орамды материалдардан немесе мастикалардан жасалатын қабаттар.

3.821 **Шек:** Нақты өлшемнен рұқсат етілген ауытқулардың арифметикалық қосындысына тең болатын ең үлкен және ең кіші шекті өлшемдердің айырмасы.

3.822 **Радиоактивті заттардың рұқсат етілетін шығарынды мөлшері:** Кәсіпорындар мен зертханалар үшін күнтізбелік жыл ішінде желдету жүйесі арқылы атмосфераға шығарылатын радионуклидтер белсенділігінің бақылау деңгейі.

3.823 **Радиоактивті заттардың рұқсат етілетін шығарылымы:** Кәсіпорындар мен зертханалар үшін күнтізбелік жыл ішінде сыртқы ортаға ақаба сулар арқылы шығарылатын радионуклидтер белсенділігінің бақылау деңгейі.

3.824 **Ұйғарынды микроклиматикалық шарттар:** Адамға ұзақ және жүйелі әсер етуде ағзаның жылыту қалпының өзгеруін тез нормалануын шақыртуы мүмкін, терморегуляция механизмдерінің күшін сүйемелдейтін, физиологиялық бейімдеу мүмкіндігінің шегінен шықпайтын микроклимат көрсеткіштерінің сандық үйлесуі. Бұл жағдайда, денсаулық нашарламайды немесе зақымданбайды, бірақ қолайсыз жылу сезулері, хал-жағдайдың нашарлауы және жұмыс істеу қабілетінің төмендеуі мүмкін.

3.825 **Ұйғарынды микроклиматтың параметрлері (бөлмеде):** Адамға ұзақ және жүйелі әсер етуде ағзаның микроклимат көрсеткіштері мағынасының үйлесуі. Терморегуляция механизмдерінің күшін сүйемелдейтін, денсаулық нашарлайтын немесе зақымданатын, қолайсыз жергілікті сезулері, хал-жағдайдың нашарлауы және жұмыс істеу қабілеті төмендемеуі мүмкін.

3.826 **Ұйғарынды еңбек сипаты мен шарттар:** Жұмыс орындарында қауіпті және зиян өндіріс факторлары белгіленген гигиеналық нормативтерден аспайтын, ал еңбек процестерінде шыққан функционалды өзгерістері регламенттелген демалу немесе жұмыс күн ағымындағы уақытқа немесе үйдегі демалуда келесі кезектің басына және жұмыскерлердің денсаулығына және олардың әулетіне жақын және қашықтау арада жағымсыз әсер етпейтін еңбек сипаты мен шарттары.

3.827 **Жол төсеніші:** Арнайы дайындалған жер төсемесінің бетіне салынатын автомобиль жолының жүргіншілер бөлігіндегі көп қабатты құралымы; жабын, негіз және төсеніштен тұрады.

3.828 **Жол-құрылыс материалдары:** Автомобиль жолдарын және алаңдарды салуда қолданылады.

3.829 **Жол-құрылыс машиналары:** Автомобиль жолдарын салу және жөндеу кезінде кешенді жұмыстарды орындау үшін сондай-ақ, теміржол, гидротехникалық, азаматтық, өндірістік, аэродромдық ж.т.б. құрылыстарды салу кезінде пайдаланылатын машиналар.

3.830 **Драглайн:** Адымды (сиректеу - шынжыр табанды) жүрісті өзі жүретін экскаватор, оның жұмыс органы (шөміш) арқандағы (көтеру және тарту) жебеге ілінеді және өзі тұрған жерден төмен деңгейдегі топырақты өңдейді.

3.831 **Ағаш, ксилема:** Жоғары сатылы өсімдіктердің ұлпалары.

3.832 **Ағаш массасы:** Дефибрерде немесе дефибраторда су қолдану арқылы ағашты механикалық жолмен шайғылау арқылы алынатын талшықты масса; қағаз, картон, ағаш талшықты тақталар өндірісінде жартылай фабрикат.

3.833 **Ағаш ұны:** Ағаш жоңқаларын, үгінділерін құрғақ механикалық жолмен ұнтақтау арқылы алынатын ұсақ сусымалы өнім.

3.834 **Ағаш талшықты тақталар (АТТ):** Ұнтақталған және жоңқаланған ағаштан алынған талшықты массаны тақталар түрінде нығыздау арқылы ағаштан жасалған материал.

3.835 **Ағаш-пластикалық массалар:** Синтетикалық шайыр сіңдірілген, 12-15 МН/м^2 қысымда және 120^{0}С температурада кептірілген және нығыздалған ағаш ұнтақтары, жоңқалары, талшықтары, қабыршақ қиындылары негізінде алынған материал.

3.836 **Ағаш-қатпарлы пластиктер:** Жалпақ жапырақты ағаш түрлерінің (әдетте қайың, шамшат, жөке ағашы) жұқа қабыршақтарынан жасалған материал.

3.837 **Ағаш-жоңқалы тақта:** Негізінен, синтетикалық шайырмен байланыстырылған ағаш жоңқаларын тақта түрінде нығыздау арқылы жасалған ағаш материал.

3.838 **Ағаш материалдары:** Табиғи ағаштан алынған құралымдық, оқшаулағыш және ұсталық мақсатқа арналған материалдар.

3.839 **Қолбұрғы:** Металды, ағашты, пластмассаны және басқа материалдарды тесуге арналған қол аспап.

3.840 **Дрена:** Топырақ суларын жинауға және бұрып ағызуға арналған жасанды жерасты құрылғысы (құбыр, ұңғыма, қуыс).

3.841 **Құрғатқыш:** Жерасты суларының деңгейін төмендету, ғимарат (имарат) жанындағы топырақ қатпарын құрғату, сүзу қысымын төмендету мақсатында жерасты суларын жинау мен бұрып әкетуге арналған құбырлар (дрендер), ұңғымалар және басқа да құрылғылар жүйесі.

3.842 **Құрғатқыш машиналар:** Топыраққа дреналарды орналастыруға арналған машина, құрғатылатын және суармалы жерлердегі құрғату құрылғысы.

3.843 **Құрғатқыш құбырлар:** Топырақ суларын жинауға және бұрып әкетуге арналған жабық құрғату жүйелерінде қолданылатын құбырлар.

3.844 **Ұнтақтағыш:** Түрлі қатты материалдардың бөліктерін бұзуға, майдалауға арналған машина.

3.845 **Доғалы пісіру, электр-доғалы пісіру:** Балқытып біріктіру, мұнда біріктірілетін бұйымның металл бөліктері электр доғасы арқылы қыздырылады және балқытылады.

3.846 **Флюс арқылы доғалық пісіру:** Металдың пісірілетін аймағын тотығу мен азоттанудан флюспен қорғау арқылы доғалық пісіру.

3.847 **Түтін шығару құбыры:** Пештерде, қазандықтарда және кептіру қондырғыларында отынның жануы кезінде түзілетін газтәрізді өнімдерді атмосфераға шығаруға арналған тік құбыр.

3.848 **Түтіндік өрт хабарлағыш:** Аэрозольдік жану өнімдерін анықтайтын автоматты өрт хабарлағыш.

3.849 **Дюкер:** Су құбыры, кәріз, суландыру жүйелеріндегі тегеурінді сутартқыш, ол өзен немесе тоған арнасының астына, терең сайдың (жыраның) түбіне және беткейіне,

жолдар астына ж.т.б. жерлерге оларды басып өтетін су ағындарын (тоғандарын) өткізу үшін салынады.

3.850 **Түтін сорғыш:** Қазандықтарда немесе пештерде отынның жануы кезінде түзілетін газтәрізді өнімдерді атмосфераға шығару үшін қазандық агрегатының артына орнатылатын орталық тепкіш немесе осьтік желдеткіш.

3.851 **Бірыңғай модульдік жүйе:** Ғимараттар мен имараттар, олардың элементтерінің, құралымдар мен бөлшектердің өлшемдерін үйлестіру ережесі (барлық өлшемдер негізгі модульге - 100 мм еселі болуы керек).

3.852 **Аудандық бірыңғай бірлік баға (АББББ):** Құрылыс нормалары мен ережелері (ҚНЕ) IV-ші бөлімінің сметалық нормалары негізінде орталықтандырыла жасалған және еліміздің қабылданған аумақтық бөліну аудандары үшін бекітілген жалпықұрылыстық және арнайы жұмыстардың бірлік бағасы.

3.853 **Шатырнауа:** Жабында су жиналу үшін науа (кірме бұрыш) түзетін шатырдың аралық екі еңісі арасындағы кеңістік.

3.854 **БСЖҚ:** Бұйымның барлық өміршендік кезеңінде (жобалауда, дайындауда, пайдалануда, жөндеуде ж.т.б.) қолданатын және өңделетін өзарақатынас нормалар мен дайындау, рәсімдеу және конструкторлық құжаттаманың айналымын белгілейтін стандарттар жиыны.

3.855 **Табиғи жарықтандыру:** Сыртқы қоршау құралымдарының жарық түсуге арналған бөліктері арқылы енетін (тік немесе шағылысқан) жарықпен бөлмені жарықтандыру.

3.856 **Табиғи жерге тұйықтағыш:** Жерге тұйықтағыш ретінде пайдаланылатын құрылыстық және өндірістік құралымдардың және коммуникациялардың электр өткізетін бөліктері.

3.857 **Табиғи радиациялық ая:** Жерде, суда, әуеде, басқа да биосфераның элементтерінде, тамақ өнімдері мен адам мүшесінде табиғи радионуклитердің сәулеленуімен және космостық сәулеленумен құралатын сәулелену дозасы.

3.858 **Жадеит:** Интерьер-дизайндарда, фонтандарда, "стоун-терапия" косметикалық процедураларды жүргізуге салынатын және қайта жөнделетін ғимараттарға, моншалар мен сауналардағы каменок пештеріне, бассейндерге, түркия монша-хаммахтарға, фитнес-орталықтарына арналған құрылыс материалдары классификация бойынша бірінші сыныпқа сәйкес.

3.859 **Пердеше:** Ауа немесе жылу ағындарын реттеп отыру, күн сәулесінен, атмосфералық жауын-шашыннан, шаңнан қорғау үшін қатарластыра орналастырылған табақшалардан жасалған пердеше.

3.860 **Ыстыққа төзімділік:** Құралымдық материалдардың жоғары температурада деформацияға ұшырамай, бұзылмай, механикалық жүктемелерге төзу қабілеті.

3.861 **Ыстыққа төзімді материалдар:** Ыстыққа төзімді етіп жасалған материалдар; оларға никель, темір, кобальт негізіндегі қорытпалар, қиын балқитын металдар және олардың негізіндегі қорытпалар, сондай-ақ кейбір композициялық материалдар жатады.

3.862 **Ыстыққа төзімді қорытпа:** Жоғары температурада газдармен химиялық өзара әрекеттесуге қарсыласуы жоғары қабілетке ие металл қорытпалар.

3.863 **Ыстыққа төзімді бетон:** Ұзақ уақыт бойы жоғары температураның (әдетте 1600^0С дейін) әсер етуі кезінде өзінің қажетті физикалық-механикалық қасиеттерін сақтап қалатын бетон.

3.864 **Ыстыққа төзімділік:** 1) металдар мен қорытпалардың ыстыққа төзімділігі - бұл да ыстыққа беріктік (отқабыршақтануға төзімділік); 2) құралымдық материалдардың ыстыққа төзімділігі - жоғары температурада химиялық және механикалық бұзылуға ұшырамау (өзінің механикалық қасиеттерін өзгертпеу немесе болмашы ғана өзгерту) қабілеті.

3.865 **Темір жол:** Жолаушылар мен жүктерді пойызбен рельс жолдары арқылы тасымалдауды қамтамасыз ететін кешенді көлік кәсіпорны; тар мағынасында - пойыздар жүруге арналған рельс жолдары. Жалпы пайдаланылуға арналған темір жолдың негізгі құраушылары: рельсті жолдары және жасанды имараттары бар теміржолдар; жылжыма құрам; тартым қосалқы станциялары мен байланыс желілері; теміржолдық дыбыс беру, пойыздар қозғалысын басқару, темір жолды, пойыздар мен диспетчерлік байланысты автоматты тоқтату құралдары ж.т.б.; күту залдары, депо, шеберханалар, қоймалар ж.т.б.

3.866 **Тастемірлеу:** Бетон құралымдардың бетін цемент қоса отырып тегістеу, оларға беріктік және су өткізбеушілік қасиет беру.

3.867 **Теміржол станциясы:** Пойыздарды қабылдау, уақтылы жүруін реттеу, қалыптастыру және тарату, жолаушыларға қызмет көрсету, жүктерді қабылдау және өткізу арқылы теміржол көлігін пайдаланатын негізгі кәсіпорын.

3.868 **Теміржол көпірі:** Теміржолдың белгілі бір кедергілерді немесе басқа жолдарды басып өтуі үшін пайдаланылады.

3.869 **Теміржол өткелі:** Теміржолдың автомобиль жолымен, трамвай жолымен, троллейбус желілерімен бір деңгейде тоғысатын орны.

3.870 **Теміржол жолдары:** Арнайы белдеуде орналасқан және бағыттаушы рельстік жолдарды түзетін инженерлік имараттар және желілер кешені.

3.871 **Темірбетон:** Бетон мен болат арматура тұтастай біріктірілген және тұтас құралым ретінде пайдаланылатын құрылыс материалы.

3.872 **Темірбетонды бөгет:** Құралымның қажетті беріктігін қамтамасыз ету үшін негізінен, темірбетоннан жасалған бөгет.

3.873 **Темірбетон құралымдар мен бұйымдар:** Темірбетоннан және бұл элементтердің қоспасынан дайындалатын ғимараттың және имараттың элементтері.

3.874 **Темірбетон көпір:** Темірбетон немесе бетон тіреуіштерге, оның ішінде алдын ала кернеуленген бетон тіреуіштерге қаланатын қаңқалы ж.т.б. қималы темірбетон тақтадан, элементтерден орындалған аралықтары бар көпір.

3.875 **Қаттылық:** 1) дененің (немесе құралымның) деформациялануға қарсы тұру қабілеті; 2) дененің көлденең қимасының физика-геометриялық сипаттамасы, материалдар кедергісіне қатысты есептерді шешу кезінде кеңінен қолданылады.

3.876 **Қаңылтыр:** Жұқа лента немесе қалыңдығы 0,08-0,32 мм табақ түрінде суықтай тегістеліп босаңдатылғанген (негізінен төмен көміртекті) болат.

3.877 **Сұйық жеміргіш орта:** Жеміргіштік әсері өзінің сұйық фазасының құрамымен және қасиетімен анықталатын орта.

3.878 **Өміршендік кезең (жобада):** Жобаның дайындау кезеңі мен оның аяқталу моменті аралығы уақытының арасы.

3.879 **Құрылыс машинаның, техникалық жүйе жабдықтарының өміршендік кезеңі:** Құрылыс машинаның, техникалық жүйе жабдықтарының құру қажеттілігі және шығу моменті туындаған кезден олардың келесіде пайдаланудан шығару кезге дейнгі уақыты.

3.880 **Лактау-сырлау материалының тіршілікке икемділігі:** Компоненттерді араластырудан кейін пайдалануы мүмкін жеке компонент түрде шығарылатын лактау-сырлау материалының максимальды уақыты.

3.881 **Желі:** Екі бағытқа созылған қуаты біршама коп емес тау жынысының орнын басу жолымен пайда болған жер қыртысындағы жар бойындағы жарықты басқа минеральды заттармен толтыратын геологиялық аумақ. тау жынысымен құралған Ж. -ні дайк деп атайды.

3.882 **Тұрғын құрылыс:** жеке тұрғын құрылыстың шегінде ашық әуеде халықтың әрекетін қамтамасыз ететін шаруа алаңшалары, қоғам кеңістігі, аулалар, үй маңайындағы учаскелер - аумақтарымен қоса алынатын тұрғын үйлер орналасатын тұрғын құрылыстың бөлігі.

3.883 **Тұрғын аудан:** Тұрғын үйдің барлық тұрғын бөлмелері (ұйықтайтын, қонақ күту, балалар, үй кабинеті және сол секілді) ауданының қосындысы ретінде есептеледі.

3.884 **Жатақхананың шағын тұрғын орны:** Ортақ пайдаланылатын қосалқы бөлмелермен біріктірілген тұрғын бөлмелер тобы.

3.885 **Галерея типті тұрғын үй:** Пәтерлері (немесе жатақхана бөлмелерінің) ортақ галерея арқылы екі баспалдақпен сыртқа шығуға болатындай етіп орналастырылған ғимарат.

3.886 **Дәліз (галерея) типті тұрғын үй ғимараты:** Үйдің бөлмелері (пәтерлері, жатақхана бөлмелері) ортақ дәліз (ортақ галерея) болмаса екі және одан көп сатылық алаңдар арқылы сыртқа шығатындай етіп салынған ғимарат.

3.887 **Секциялық типті тұрғын үй:** Бір немесе бірнеше секциядан тұратын ғимарат, онда пәтерлері (немесе жатақхана бөлмелері) ортақ галерея (дәліз) арқылы кемінде екі баспалдаққа шығуға болатындай етіп орналастырылған.

3.888 **Тұрғын бөлме:** Тұрақты тұруға және пайдалануға арналған жеке бөлме (пәтер), ол тұрғылықты және қосалқы алаңдардан тұрады.

3.889 **Тұрғын үй (тұрғын үй ғимараты):** Негізінен, тұрғын бөлмелерден (пәтерлерден) және үйдің ортақ пайдаланылатын бөліктерінен, сондай-ақ қосалқы бөлмелерден тұратын құрылыс.

3.890 **Толтырма сүзгі:** Негізінен, суланған құмдарды кептіру үшін, сондай-ақ шахтаның өту жолын және карьерлерді жер астында құрғату кезінде қолданылатын перфорирленген металл құбырдан (ұзындығы 1 м, диаметрі 30-50 мм) және бұру құбырларынан тұратын өзі ағатын құрғатқыш құрылғы.

3.891 **Забой:** Топырақты ашық немесе жерасты тәсілімен өңдеуде жұмысты өндіру процесінде орын ауыстыратын жұмыс орны.

3.892 **Қыш тақташалар қыршалары:** Тақташаның үстіңгі бетінің жұмырланған қыры.

3.893 **Бұрағыш:** Есік тұтқасын айналдыру арқылы есік пен терезені бір жағынан жабу үшін қызмет ететін бұйым.

3.894 **Ауа-жылу пердесі:** Бөлмеге енетін ауа ағынына қарсы жылытылған ауаны желдеткішпен айдау арқылы сыртқы суық ауаның ашық ойықтар (есіктер, қақпа) арқылы енуіне кедергі жасайтын құрылғы.

3.895 **Сүзілуге қарсы перде:** Сүзу жолдарын ұзарту, имарат табанына түсетін сүзу қысымын азайту және сүзуге кететін су шығынын азайту үшін гидротехникалық тежеу имараты негізінің топырағында және жиегіне жанасу кезінде (ерітінді, қоспалардың инъекциясы арқылы) жиналған судың сүзілу ағыны жолындағы қолдан жасалған тосқауыл.

3.896 **Қала сыртындағы аймақ:** Қоныс аударған халықты орналастыру үшін дайындалған халық шаруашылығы мен өзге де мақсаттағы әлеуетті қауіпті нысандары бар елдімекендер үшін белгіленген төтенше жағдайлар болуы мүмкін аймақтардан тыс орналасқан аумақ.

3.897 **Ауаның ластануы:** Ауаның денсаулық үшін зиянды немесе басқа да қатынастарда қауіпті болып табылатын физикалық жағдайларына қарамастан кез келген заттармен ластануы.

3.898 **Ысырма:** Ілмешектің қайтарымды-үдемелі қозғалысының көмегімен есіктер мен терезелерді бір жағынан жабу үшін қызмет ететін бұйым.

3.899 **Алдын ала жұмсалым:** Негізгі қорларды жоспарлы түрде іске қосуды және құрылыс өндірісін бірқалыпты қамтамасыз ету мақсатында жоспарланған кезеңнен кейінгісіне өтетін іске қосылатын нысандар мен кешендерде нақты орындалуы тиіс қуаттылығы, күрделі салымдар мөлшері және құрылыс-жинақтау жұмыстарының ауқымы бойынша аяқталмаған құрылыс көлемі.

3.900 **Құрылыстағы бітеме:** Жоспарланған кезеңнің аяғына ауыспалы объекттерде орындалатын жұмыс көлемі. Қ. б. құрылыс мекеменің қуатын ырғақты пайдалану мен орынды пайдалануы негізгі қорлардың жоспарлы іске қосуын қамтамасыз етеді. Объект құрылысының нормативтік ұзақтығы - бітеме көлемін анықтайтын негізгі көрсеткіші. Бітеме құрамасы, яғни әр түрлі объекттердің техникалық деңгейі ғимарат пен құрылғының конструктивтік ерекшелігінің енгізу мерзіміне, өндіріс өнеркәсіп құрылысында ҚЖЖ ұнының сметасымен бірге бітеме көлемін жұмыс технологиясына байланысты. Өнеркәсіп құрылысында ҚЖЖ ұнының сметасымен бірге бітеме көлемі құрастырылған немесе құрастыруға берілген жабдықтың мен қатар жұмысының технологиясына байланысты.

3.901 **Қуаты бойынша алдын ала жұмсалым:** Құрылыстың басынан жоспарлы мерзімінің аяғына дейінгі іске қосылған қуаттарды алып тастағанда, жоспарлы мерзім аяғында құрылыс сатысында болатын кәсіпорынның жобалық жиынтық қуаты.

3.902 **Күрделі қаржыландырудың көлемі бойынша алдын ала жұмсалым:** Өтпелі құрылыстарда жоспарланған мерзімнің соңына дейін игерілуі тиіс нысандардың сметалық құнына кіретін құрылыс-жинақтау жұмыстары мен басқа да шығындар құны.

3.903 **Құрылыс-жинақтау жұмыстарының көлемі бойынша алдын ала жұмсалым:** Өтпелі құрылыстарда жоспарланған мерзімнің соңына дейін орындалуы тиіс

күрделі қаржыландыру және жинақтау жұмыстарының мөлшері бойынша алдын ала жұмсалым бөлігі.

3.904 **Бітеу:** Тегіс емес жерлерді, жарықтарды, тораптар орнын, яғни бір құрылымның басқа затқа кіретін ұшының немесе шетінің орнын жою.

3.905 **Бітеу (анкерлерді) (іргетастарды):** Имараттан жерлі негізге тартылатын күштің өткізуін қамтамасыз ететін анкердің бөлігі.

3.906 **Задувка:** Күйдіру кезінде түтінді газ әсерінен пайда болатын тақташаның бетіндегі күңгірт дақ.

3.907 **Жерге қосушы:** Жермен немесе оның баламасымен жанасуда болатын өткізгіштер немесе металл арқылы қосылған өткізгіштер жиынтығы.

3.908 **Тапсырыс беруші (құрылыс салушы):** Күрделі құрылысты жүргізуге қаржы бөлінетін немесе осы мақсатта өз қаражаты бар, мердігер ұйыммен күрделі құрылыс жүргізуге мердігер шартын жасайтын ұйым, кәсіпорын немесе мекеме.

3.909 **Карстіленген жыныстар:** Құрамында табиғи суларда еруге бейімделген тас тұзы, гипс, әктасы бар жыныстар, олар жер астындағы үңгірлер, қуыстар, жолдар, табиғи құдықтар кешендерімен сипатталады.

3.910 **Темірбетондағы бекіткіш бөлшектер:** Анкерлік шыбықтарды пісіру арқылы өзара немесе басқа құралымдар арасындағы жинамалы және жинамалы-тұтасқұймалы темірбетондар құралымдарын қосу үшін құралымға оны бетонмен құюға дейін орнатылатын анкерлік шыбықтармен дәнекерленген металл элементтер (дөңгелек, жолақ, бұрыштық болаттан жасалған).

3.911 **Тойтарма:** Нәтижесінде ажырамас тойтарма қосылу пайда болатын бір ұшында шыбықтардан (түтік) және бекіткіш бас тиектерден, ал екінші ұшында тойтару процесі кезінде жасалатын тұйықталатын бас тиектен тұратын бекіту бөлшегі.

3.912 **Тойтарма қосу:** Тойтарма шегелер арқылы тетіктерді ажырамастай етіп қосу.

3.913 **Закомара:** Өзінен кейін орналасқан тоғыспаның сұлбасын қайталайтын қабырғаның сыртқы бөлігінің (екі жауырындықтың арасының) жартылай дөңгелене немесе үшкірленіп аяқталуы.

3.914 **Топырақтарды бекіту:** Беріктігін немесе байламдылығын арттыру, су өткізбейтіндей етіп жасау үшін табиғи жағдайдағы топырақтардың қасиеттерін жасанды өзгерту.

3.915 **Кепіл:** Қаданың қағылуының орташа шамасын өлшеу үшін орындалатын, топыраққа қағылатын қадаға балғаның соғу сериясы.

3.916 **Топырақты сулау:** Төмендеудің тұрақты қалпына келгенге дейін су құю арқылы отырылғыш топырақтарды тығыздау әдісі.

3.917 **Құлып:** 1) кең мағынада алғанда - машиналар мен тетіктердің қозғалмалы бөліктерінің тоқтатылуын қамтамасыз ететін құрылғы; 2) ағаш құралымдардың арнайы қосылуы; 3) үй-жайлардың, жәшіктердің, машиналардың есіктерін ж.т.б. жабуға арналған құрылғы; 4) сәулетте- арканың немесе тоғыспаның жоғарғы (құлып) тасы.

3.918 **Топырақтарды тоңдату:** Тоңданатын топыраққа батырылатын құбырлар бойынша суық тасушы затты айналдыру арқылы берілген мөлшерлер мен беріктіктің мұз топырақ массивін қалыптастырып суға қаныққан әлсіз топырақтарды уақытша бекіту әдісі.

3.919 **Темірбетон құралымының түйісуін құйып бекіту:** Арматура жеңсырықтарын немесе салмалы бөлшектерді бекіту арқылы (көбінесе электр пісірумен) кейіннен түйісу қуыстарын бетон қоспасымен толтыра отырып, екі немесе одан да көп жинамалы темірбетон құралымының немесе олардың элементтері жанасуының тұтасқұймаға айналуы.

3.920 **Құлып-қапсырма бұйымдары:** Терезе жармалары мен есік жаппаларын қосу үшін, сондай-ақ терезелер мен есіктерді жабу, бекіту, белгілеу және безендіру үшін қызмет ететін бұйым.

3.921 **Нөлдеу:** Кернеуде болуы мүмкін ток өткізбейтін металл бөлшектердің нөлдік қорғаныш өткізгішін күні бұрын электрлік қосу.

3.922 **Құрылыстағы қорлар (өндірістік):** Құрылыс алаңында немесе кәсіпорында бар, бірақ әлі өндірістік процеске берілмеген өндіріс құралдары.

3.923 **Материалдар қорлары:** Жеткізушілердің көлік жұмыстардағы кемсіліктерді, жеткізілім шарттары мен мерзімдерді бұзулардан кәсіпорындарды жабдықтауда болжанбаған іркілістерді бір қалыпты өндіріс процесінде және ұзіліссіз қамтамасыз ету қажеттілікпен байланысты құралады. Жалпы М.қ. ағымдағы, дайындау мен сақтау қорларынан тұруы мүмкін.

3.924 **Толтырғыштар (бетондар үшін):** Табиғи немесе қолдан жасалған сусымалы тас материалдар, бетонның негізгі құрамы. Тығыз, кеуекті, ірі, майда болып бөлінеді. Толтырғыштарды таңдау бетонның қасиеті мен оның құнына айрықша әсер етеді.

3.925 **Бекіткіш планка:** Терезені немесе есікті жабу немесе бекіту кезінде ысырма немесе ысырма-ілмешектер кіретін бөлшек.

3.926 **Жанармайды құю орны:** ЖҮК орнатуға арналған технологиялық алаң.

3.927 **Жобадан тыс өнеркәсіптік апат:** Бастапқы қалыптағы жобалық апаттар үшін ескерілмейтін және жобалық апаттармен салыстырғанда қауіпсіздік жүйелерінің қосымша істен шығуымен және қызметкерлердің қате шешімдерін жүзеге асыруымен туындайтын, ауыр салдарларға әкелетін өнеркәсіптік апат.

3.928 **Ысырма:** Бекіткіш планкаға кіру арқылы есікті немесе терезені бекітуді қамтамасыз етуге арналған құлып, орама немесе ысырма бөлшегі.

3.929 **Ысырма-ілмешек:** Бекіткіш планкаға кіру арқылы есікті бекіту үшін қызмет ететін ілгіш бөлшегі.

3.930 **Тегістеу машинасы:** Сылақ қабатын механикалық тегістеуге, сондай-ақ тығыздалған үстіңгі қабатты ажарлауға арналған әрлейтін құрылыс машинасы.

3.931 **Күрделі қаржы жұмсау:** ғимарат, жабдықтар, өндіріс тік көліктер ж.т.б. сияқты бар ұзақ мерзімді өндірістік активтерді кеңейту немесе жаңасын сатып алу шығындары.

3.932 **Құрылыс өндірісіне шығындар:** Құрылыс мекемелердің ақшалай түрде көрсетілген құрылыс өнімін өндіру шығындары. Қ.ө.ш. құрамына материалдық шығындар, еңбек төлеу шығындары, әлеуметтік мұқтаждыққа аударым, негізгі қорлар амортизациясы мен басқа шығындар кіреді

3.933 **Тура шығындар:** Құрылыс-жинақтау жұмыстарының сметалық құнының негізгі құрамдас бөлігі, ол барлық материалдардың, бұйымдар мен құралымдардың, энергетикалық ресурстардың құнын, жұмысшылардың жалақысын және құрылыс машиналары мен тетіктерін пайдалану құнын қамтиды.

3.934 **Тартпа:** Құрылыс құралымдарының шеткі тораптарын қосатын арканың, тоғыспалардың, итарқалардың ж.т.б. кергіш құралымындағы созу күшін қабылдайтын шыбықтық элемент.

3.935 **Алым:** Жұмыстардың құрамы және көлемімен берілген және одан кейінгі телімдерде қайталанатын құрылыс-жинақтау жұмыстарын үздіксіз орындауға арналған ғимарат пен имараттың телімі.

3.936 **Қазаншұңқырды тазарту:** Қазаншұңқыр қабырғалары мен түбінің бетінен кем қазудан қалыптасқан топырақ қабатын алу.

3.937 **Құрылыс материалын тоттанудан қорғау:** Құрылыс материалының тоттануын азайтатын немесе болдырмайтын тәсілдер мен құралдар.

3.938 **Төтенше жағдайларда халықты қорғау (ТЖ-да халықты қорғау):** Халықтың азаюы және олардың өмірі мен денсаулығына төнген қауіпті жою факторлары мен ТЖ көздерінің әсерлерін болдырмауға немесе азайтуға бағытталған өзара байланыстағы ТЖ шараларының өткізу уақыты, ресурстары және орны бойынша жиынтығы.

3.939 **Беттерді қорғау өңдеуі:** Құрылыс бұйымының немесе құралымының беткі қабатының тоттанбау беріктігін арттыратын физикалық, химиялық немесе электрохимиялық өңдеу.

3.940 **Қорғаныштық сіңіруші:** Жеміргіш ортаның әсеріне берік материалдармен құрылыс құралымы материалдарының кеуектерін толтыру немесе қорғау жабынды қондыру.

3.941 **Қорғаныштық-әшекей планка:** Тұтқаның, құлыптың цилиндр тетігін, кілтке арналған ойықты әшекейлі безендіру немесе цилиндр тетікті мәжбүрлеп бұзудан қорғау үшін қызмет ететін есіктер мен терезелерге бекітілетін бұйым.

3.942 **Қорғаныш имараты:** Әлеуетті қауіпті нысандарда апаттар немесе зілзаланың, не осы нысандар орналасқан аудандардағы табиғи апаттардың салдарынан, сондай-ақ қазіргі зақымдау құралдарының әсерінен пайда болатын қауіп-қатерден адамдарды, техника мен мүлікті жасыруға арналған инженерлік имарат.

3.943 **Қорғаныш бетон:** Атом электр станцияларында, ядролық энергетикалық қондырғыларда ж.т.б. нейтрондық сәуледен (ең бастысы, оның сіңуі есебінен) қорғану үшін пайдаланылатын айрықша ауыр бетон.

3.944 **Қорғаушы қабат:** Негізгі суоқшаулағыш кілемді механикалық зақымданулардан, атмосфералық факторлардың, күн радиациясының тікелей әсерінен және жабын беті үстінде от таралуынан қорғайтын жабын элементі.

3.945 **Бетонның қорғаныш қабаты:** Бетонның темірбетон құралымының сыртқы бетінен арматураның жақын арадағы бетіне дейінгі қабаты.

3.946 **Төтенше жағдайлардағы қорғаныштылық (ТЖ қорғаныштылық):** Халық, халық шаруашылығы нысандары мен қоршаған табиғи орта үшін төтенше жағдайлардағы әлеуетті қауіп-қатерлердің пайда болуының теріс салдарын жоятын, болдырмайтын немесе неғұрлым азайтатын жағдай.

3.947 **Дыбыс оқшаулағыш материалдар (көбінесе рулонды немесе тақташалы):** Қабатаралық жабулар құралымдарында, ішкі қабырғалар мен арақабырғаларда (минералдық мақта және шыны талшықты төсемдер мен тақталар), сондай-ақ машиналар

мен жабдықтар астына виброоқшаулағыш төсемдер (созылмалы газ толтырылған пластмасса құйылған немесе кеуекті резеңке) ретінде пайдаланады.

3.948 **Ғимарат құралымын қоршайтын дыбысоқшаулау:** Қоршаудың дыбысоқшаулау мүмкіндіктерін арттыру арқылы үй-жайға сырттан енетін дыбыс деңгейінің әлсіреуі.

3.949 **Дыбыс сіңіргіш құралымдар:** Түсетін дыбыс толқындарын сіңіруге арналған құралымдар мен құрылғылар.

3.950 **Дыбыс сіңіргіш материалдар:** Үй-жайды және шулар деңгейін төмендетуді талап ететін техникалық құрылғыларды қаптау үшін, сондай-ақ көрермен залдарының, радиостудиялардың ж.т.б. акустикалық қасиеттерін жақсарту үшін қолданады.

3.951 **Жер телімі:** Заңмен белгіленген тәртіпте тұрғын үйге бекітілген жер аумағы.

3.952 **Жер қазу машиналары:** Барлық санаттағы топырақтарды, соның ішінде тоң, жартасты, батпақты, сондай-ақ пайдалы қазба кендерін өңдеуге арналған машиналар.

3.953 **Топырақ сору снаряды, жер снаряды:** Топырақты сутопырақ қоспасы (қойыртпақтар) түрінде су астынан сорып алуға арналған қалқымалы жер қазатын машина.

3.954 **Арматураны анкерлеу аймағы:** Арматураның созылымына немесе қысылуына кедергі есебімен пайдалануға мүмкін арматура білігінің ұшынан кесігіне дейінгі учаске.

3.955 **Аэрация аймағы (жер астындағы сулар):** Құыстары жарым жартылай ауамен толтырылған жер астындағы сулардың айнасының үстіндегі қанықпаған аймақ.

3.956 **Қауіпсіздік зонасы:** Жарақаттану қауіпті жағдайларды болдырмауға арналған функционалдық элементтің (алаңшаның) шетіндегі зонасы (жолақ).

3.957 **Қауіпсіздік зонасы (өрт қауіпсіздігі):** Өрт сөндіру бөлімшенің келуіне дейін адамдардың уақытша мекендеуге өрт сөндіру бөгеттері бар және жабдықталған бөлме.

3.958 **Буферлік аймақ:** Белгіленген табиғи тәртіптемені бұзуға мүмкіндік бермейтін қандай да болса қимылдарға тыйым салынатын ерекше қорғанатын табиғи аумақтарға жататын аймақ (жолақ).

3.959 **Әсерлік аймақ (байланыс желісі):** Қалалық электр көліктің байланыс желісі ВЛ сымдарымен немесе темір жолдың ауыспалы тоғының түйіспелі желісімен құралатын электрмагниттік өрісте болуы және сол себепте индуктелген әлеуеттері адамдар мен жабдықтарға қауіпті болуы мүмкін.

3.960 **Қанықтыру аймағы (жерлердің):** Жер асты суларынан немесе арынды қысым шатырынан төмен орналасқан жер асты суларымен қаныққан жерлер.

3.961 **Сумен толық қанықпаған аймақ (жерлер):** Жер асты суларынан жоғары орналасқан жерлер.

3.962 **Қауіпті аймақ:** Адамдардың, олардың өндірістік әрекетімен байланысты, жарақаттану қауіпсіздігі бар жұмыс аймағының бөлігі

3.963 **Демалыс аймағы:** Қаланың, аумақтың рекреациялық мақсаттарға арналған табиғи және жасанды ландшафттары мен демалыс ұйымдар кешендері бар атқарымдық аймақ.

3.964 **Табиғи ортаны қорғау зонасы (қала құрылысының дамуы):** тарихи жағдайлармен байланысты тарихи-мәдени құндылығын рәсімдеумен байланысты тарихи-

мәдени құндылықты учаскесі немесе оған жататын табиғи ландшафттың объектілерін сақтауға арналған табиғи ландшафтпен бос емес аймақ.

3.965 **Кернеуді өткізу аймағы:** Бетонға шамалап қысудан толық кернеу берілетін арматураның өзегінің ұшынан кесігіне дейінгі жер.

3.966 **Жер астындағы суларды тіреу зоналары:** Су қоймасының, өзеннің ж.т.б. тіреулерінен кейін, жер асты суларының бос жерлерінен жоғары су көтерілген жағдайда су жүретін қыртысының аясы.

3.967 **Су деңгейінің көтерілу зонасы:** су қоймаларын, басқа су объектілері мен құрылыстардың салу нәтижесінде немесе қандай да болса халық-шаруашылық әрекеттегі әсерлерде су деңгейінің көтерілуіне тап болған аймақ; су қоймалармен немесе басқа да гидротехникалық құрылғымен тірелгенде жер асты сулардың шаруашылықпен жіберілмейтін белгілерге су деңгейінің көтерілу аумағы.

3.968 **Өрт зонасы:** Өрттің қауіпті факторлары адамға сынды мәні болып табылатын кеңістік.

3.969 **Құрылысты реттеу зонасы (қала құрылысының дамуы):** Жақыннан және алыстан көрінетін орындарынан көз көруге қабылданатын мағынасы мен оған жататын мәдениет құндылықтың тиімді пайдалануынан тұратын ортаның көркемдік бірлігін қамтамасыз етуге арналған немесе тарихи-мәдениеттік құндылығының учаскесі маңында бөлінетін құрылыстың жобаланатын немесе бар аумағы.

3.970 **Үзіліс зонасы:** Қала тұрғындарының демалуына арналған қаланың бір атқарымдық аймағы.

3.971 **Жол-климаттық аймақ:** Су-жылу тәртібінің, топырақтық сулардың орналасу тереңдігінің, топырақтың қату тереңдігінің қабысуымен және тек сол жергілікті жерге ғана тән атмосфералық жауын-шашындар мөлшерінің үйлесуімен сипатталатын автомобиль жолдарының құрылыс ерекшеліктері бойынша бірқалыпты климаттық жағдайлары бар ел аумағының шартты бөлігі.

3.972 **Күзету аймағы:** Орналастырылған нысандарды қорғаудың арнайы тәртібі белгіленетін аймақ.

3.973 **Жұмыс аймағы:** Құрылыс-жинақтау жұмыстары іске асырылатын және ол үшін қажетті материалдар, дайын құралымдар мен бұйымдар, машиналар мен құрал-жабдықтар орналастырылған телім.

3.974 **Ерекше пайдалану шарттары бар аймақ:** Жергілікті жолақтың шекарасынан тыс орналасқан жерді пайдаланудың ерекше тәртібі белгіленетін жер алқабы.

3.975 **Санитарлық қорғау аймағы:** Аумақтарында ғимараттар мен имараттарды орналастыру, сондай-ақ аумақты көркейту санитарлық нормалармен реттелетін қалалардың және басқа да елді мекендердің қоныстану аумақтарынан өнеркәсіптік кәсіпорынды ажырататын аймақ.

3.976 **Санитарлық күзет аймағы:** Белгілі бір шекараларында сумен жабдықтау көздерінің улануы және ластануы мүмкіндігін болдырмайтын ерекше санитарлық тәртіп белгіленетін аумақ және су аймағы.

3.977 **Бөгет тісі:** Судың сүзілуін болдырмау және бөгеттің орнықтылығын ұлғайту үшін қызмет ететін іргетаспен байланысқан және негізге тереңдетілген шоқы түріндегі бөгеттің элементі.

3.978 **Ине сүзгі:** Су ағынымен гидравликалық тәсілі бойынша ине сүзгіні жайластыруға мүмкіндік беретін оның астыңғы ұшына фильтрлік тізбек пен жебесі қосылған құбырлар колоннасынан тұратын құбырлы құдық. Ине сүзгі жер сыларының деңгейінен

3.979 **Инемен сүзу:** Ине сүзгіштің көмегімен су төмендету амалы.

3.980 **Сәйкестендіру (өнімді):** Өнімнің өндіріс саласында айыру белгісі бойынша ұқсас бір мағыналы онімнің арасында қолдану және айналымын қамтамасыз ететін процедура.

3.981 **Қауіпсіздікті теңестіру:** Қауіпсіздіктің барын анықтау және оның сипатын белгілеу.

3.982 **Құрылыс материалдар мен бұйымдарды теңестіру (сертификаттау):** Осы сертификаттауға берілген құрылыс материалдары мен бұйымдарды белгілейтін процедурасы мен бұйымдар түрлері мен (типтеріне) қойылатын талаптар (техникалық нормативтік құқықтық актілері мен техникалық құжаттамаларда, құрылыс материалдары мен бұйымдар туралы ақпарат).

3.983 **Әктас:** Негізінен әктас бақалшықтары (ұлутас) және түрлі ағзалардың қаңқаларының қалдықтары немесе ұсақ кристал түйіршіктері түріндегі кальцит минералынан тұратын кең таралған тау шөгінді жынысы.

3.984 **Әк:** Әктасты, борды ж.т.б. карбонатты жыныстарды күйдіру (және одан кейінгі өңдеу) өнімдерінің жалпы атауы.

3.985 **Құрылыс бұйымдары:** Құрылыс орнына дайын түрде жеткізілетін зауытта жасалған элементтер.

3.986 **Изол:** 1) резеңке битумді байланыстырушыдан, асбестен, пластификатордан және антисептиктен дайындалатын орамадағы материал; 2) изол - шайыр - мұнай битумі мен каучук негізінде жасалған герметизацияланған және жабыстырғыш материал.

3.987 **Ажыратушы машина:** Алдына ала тазартылған және тегістелген құбырдың бетіне битумді шайыр ажырату қабатын жағатын және оны ажыратушы материал - әйнек-кенеп, бризол, қағазбен қаптауға арналған машина.

3.988 **Сырлы тақталар, кафельдер:** Каминдердің, пештердің, ғимараттардың қасбетін, қабырғаларын және т.с.с. қаптауға арналған керамикалық тақташалар (фриздер, жақтаулар, кенерелер).

3.989 **Инженерлік ізденістер:** Құрылыс ауданының тиімділігін және орналасқан жерін негіздеуге, жаңа нысандарды жобалауға немесе бар нысандарды қайта құру үшін қажетті мәліметтер жинауға мүмкіндік беретін нақты зерттеулер, техникалық зерттеулер кешені.

3.990 **Тұнба алаңы:** Ақаба сулардан түсетін немесе метантенктерде шіріп кеткен тұнбаларды құрғату үшін орнатылатын тазарту имараттарының элементі.

3.991 **Импост:** 1) баған, жауырын, ұстын капителі үстіндегі кескінделген, кейде мүсінделіп өңделген сәулеттік бөлшек, немесе дарбаза табанына тірек болатын қабырға тасы; 2) есік немесе терезе ойығын екі бөлікке бөлетін тар аралық немесе терезе блогіндегі вертикал білеуше.

3.992 **Арматура тоттануының ингибиторы:** Арматураның тоттануын болдырмайтын немесе оның жылдамдығын тежеу үшін пайдаланылатын және бетон құрамына немесе арматураның қорғаныс қабаты құрамына енгізілетін зат.

3.993 **Индустрияландыру:** Ғимараттар мен имараттарды тұрғызуда кешенді-механикаландырылған процестер мен озық құрылыс тәсілдерін және құрастырмалы құралымдарды, соның ішінде ірілендірілген жоғары зауыттық дайындық деңгейіндегі құралымдарды кеңінен қолдану арқылы құрылысты ұйымдастыру.

3.994 **Аумақтардың, ғимараттар мен имараттардың инженерлік қорғанышы:** Қауіпті геологиялық, экологиялық ж.т.б. процестердің аумақ, ғимараттар және имараттарға тиетін зиянды әсерін болдырмауға, сондай-ақ олардың салдарынан қорғауға бағытталған инженерлік имараттар мен шаралардың жиынтығы.

3.995 **Елді мекендер аумақтарының инженерлік дайындығы:** Аумақтарды игеруге, оларды тиімді пайдалануға, елді мекендердің санитарлық-гигиеналық және микроклиматтық жағдайларын жақсартуға бағытталған инженерлік шаралардың кешені.

3.996 **Жыныстардың инженерлік-геологиялық массиві (ЖИГМ):** Салу және пайдалану кезінде имараттармен өзара әрекеттесетін геологиялық ортаның бөлігі (табиғи-техногендік жүйе). ЖИГМ-нің негізгі құрамдас бөлігі тау жыныстары. ЖИГМ-нің түрлі деңгейлерін ажыратады, ең кішісі инженерлік-геологиялық элемент болып табылады, оның жыныстарының түрлі геомеханикалық қасиеттері және кернелген күйде болады. ЖИГМ стратиграфолитологиялық формацияның, кешеннің және т.с.с. бөлігін қамтуы мүмкін немесе бірнеше кешеннен, будалардан және т.с.с. тұрады.

3.997 **Ғимараттар мен елді мекендерді инженерлік жабдықтау:** Халықтың қолайлы (жайлы) тұрмыс жағдайын қамтамасыз ететін техникалық қондырғылардың кешені.

3.998 **Өндірістік ғимараттың инженерлік желілері:** Өндірістік процеске қызмет ететін коммуникациялар кешені: технологиялық конвейерлер мен құбырлар, энергиямен жабдықтаушылар, байланыс және дыбыс беру коммуникациялары, сумен қамтамасыз ету, канализация, шуды сіңіруші, шаңнан тазарту ж.т.б.

3.999 **Инжиниринг:** Өнеркәсіптік, инфрақұрылымдық ж.т.б., әсіресе әр түрлі инженерлік-кеңестік қызмет көрсетудің коммерциялық негізінде беру түрде объекттерді құру мәселесін дайындау жөніндегі қызмет саласы. И. негізгі түрлеріне жобалау алдындағы, жобалау, жобалау кейінгі сипаттары және пайдалану жөніндегі нұсқама қызметтері мен шығарылынатын өнімді сату, өндірісті басқарулары жатады.

3.1000 **Инклинометр (көшкіндерді зерттеуге арналған құрылғылар):** Тік ұңғымаларда дәйекті бекітілген және құбырдың әр бөлігінің еңісін арнайы аспаптармен белгіленген иілгіш құбырдың қосылған бөлігінің жүйесінен тұратын көшкіндерді зерттеуге арналған құрылғыларды пайдалану.

3.1001 **Нұсқау:** Құрылыс нормалары мен ережелері жүйесіндегі нормалар мен ережелерді республикалық (РҚН), немесе ведомстволық (ВҚН) құжат: өнеркәсіптің жекелеген салаларында кәсіпорындарды, сондай-ақ әр түрлі арнаулы ғимараттар мен

имараттарды, инженерлік жабдықтардың құралымдарын, құрылыс-жинақтау жұмыстары өндірісінің жекелеген түрлерінің жобасын тағайындайтын, материалдар, құралымдар мен бұйымдарды пайдалануды, жұмыстарды механикаландыруды, еңбекті нормалау және құрылыстық жобалық-сметалық құжаттарды дайындауды және басқаларды реттейтін ережелер мен нормалар.

3.1002 **Аспап:** Еңбек құралдарының жиынтық атауы немесе технологиялық машинаның атқарушы механизмі.

3.1003 **Интерьер:** Ғимараттың немесе жеке бөлменің ішкі кеңістігі.

3.1004 **Инцерт:** Бетон үстерін табиғи немесе жасанды тастардың түзу емес түрлерімен қаптау.

3.1005 **Интерколумний:** Ордерлік сәулеттің діңмаңдайшасында немесе ұстынтізбектердегі қатар тұратын саптарының ара қашықтығы (жарықта).

3.1006 **Интерполяция:** Міндет мағынасының ортадағы мәнінің қатары бойынша тұру.

3.1007 **Интерфейс:** Жүйелердің құрамдастарының өзара қатынасуы мен тоқайласуға арналған техникалық жүйелер мен ережелер.

3.1008 **Инфильтрация (шоғырлану):** Судың жер бетінен аэрация зонасынан немесе гравитациялық күштердің әсерінен қаныөпаған зонаға жер астындағы сулар айнасына бәсеңдейтін жылжуы.

3.1009 **Ауаның қоршаулардан өтіп жиналуы:** 1. Ғимаратта немесе бөлмелердегі механикалық желдетуден кіру-шығу дисбалансынан немесе жел мен гравитациялық күштердің әсерінен шығатын ұйымдаспаған ауа алмасуы; 2. Ғимаратта немесе бөлмелердің сыртқы қоршауларының бос жерлерінен инфильтрацияланатын сыртқы ауа ағыны.

3.1010 **Ауаның қоршаулардан өтіп жиналуы:** 1. Ғимаратта немесе бөлмелердегі механикалық желдетуден кіру-шығу дисбалансынан немесе жел мен гравитациялық күштердің әсерінен шығатын ұйымдаспаған ауа алмасуы; 2. Ғимаратта немесе бөлмелердің сыртқы қоршауларының бос жерлерінен инфильтрацияланатын сыртқы ауа ағыны.

3.1011 **Инженерлік инфрақұрылым:** Елді мекендер мен ауыл аралық аумақтардың тіршілік етуі мен тұрақты дамуын қамтамасыз ететін әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық объектілері, сондай-ақ өндірістің немесе инженерлік жабдықтардың, құрылыстар мен коммуналдық көліктер жиынтығы.

3.1012 **Иньекциялық анкер (іргетастар):** Артықты қысым астындағы қататын ерітіндіні ұңғымаға берумен алынған бітеуі бар (тамырымен) анкер.

3.1013 **Иньекциялау:** Топыраққа немесе құрылым ның бос орындарына қысыа астындағы ағылмалы затты айдау.

3.1014 **Жасанды имараттар:** Жолдардың түрлі кедергілер - өзендер (су ағымдары), сайлар, басқа жолдар, көшкін қауіпті немесе сел қауіпті жерлермен ж.т.б. қиылысында салынатын көліктік имараттардың жиынтық атауы.

3.1015 **Жеделәрекетті (жабдықты) ғимарат немесе имараттың орындалуы:** Техникалық шешімінің климат әсері мен күштеріне сәйкестігі бойынша жеделәрекетті (жабдықты) ғимарат немесе имараттарды топтастыру категориясы**.**

3.1016 **Орындаушы құжаттар:** Орындалған жұмыстардың сызбаларға немесе оларға енгізілген өзгерістерге сәйкестігін растайтын жұмысты жүргізуге жауапты адамдардың жазбалары бар жұмыс сызбаларының жиынтығы, сертификаттар, техникалық паспорттар және материалдардың сапасын растайтын т.б. құжаттар, жабық жұмыстарды қуәландыру туралы актілер, жұмыс журналдары, аралық және қорытынды қабылдау, жүйелерді сынау актілері ж.т.б.

3.1017 **Аумақты пайдалану:** Аумақтарда белгілі бір қызмет түрлерін (функцияларды) жүзеге асыру.

3.1018 **Сынау инженерлік-топографиялық түсіру:** Аяқталған құрылыс объектілерін инженерлік-топографиялық түсіру.

3.1019 **Жер асты құрылғылардың орындауын түсіру:** Орындау құжаттаманы құруға орындалатын жер асты құрылғының геодезиялық байлауларының және зерттеу жұмыстарының жиыны.

3.1020 **Атқару механизмдер:** Реттеуіш клапандарға тартпа болып табылатын құрылғылар. Пайдаланылатын энергия түрлері электрлі, гидравликалық, манометриялық болуы мүмкін.

3.1021 **Жабдықтарды жекелеп сынау:** Орнатылған жабдықтардың жеке бірліктері жұмысының техникалық талаптарға сәйкестігін тексеру.

3.1022 **Жабдықтарды кешенді сынау:** Орнатылған және жеке сынақтан өткен барлық жабдықтар жұмысының техникалық талаптарға сәйкестігін тексеру.

3.1023 **Материалдарды сынау:** Арнайы машиналардағы және аспаптар немесе құрал-жабдықтардағы материалдардың технологиялық және пайдалану қасиеттерін анықтау.

3.1024 **Жасанды имараттар:** 1. Көпір құрылғылары, көлік және жүру тоннельдер, су жіберетін құбырлар, мал өтулері, ағу көпірлер мен паром өткелдері; 2. Инженерлік имараттар су ағарлармен, жыралармен, басқа жолдармен және тосқауылдармен қиылысатын автомобиль жолдармен қиылысқан бөліктерінде орнатылады. 3. Жолдарда, қиылысатын өзендерде, жарларда, тау жоталарымен немесе басқа да жолдармен қиылысқан көліктік құрылғыларды көрсететін көлік құрылысының терминдері: көпірлер, виадуктер, жаймалар, тоннельдер, сүйеу қабырғалар ж.т.б.

3.1025 **Инженерлік-геологиялық зерттеулер:** Тиісті жобалық шешімдер қабылдау, ғимараттар мен имараттарды орналастыруға қолайлы орындарды және құрылыс жұмыстарын жүргізу шарттарын, сондай-ақ ғимараттар мен имараттардың мүмкін болатын геологиялық процестерге беріктігін қамтамасыз ету шараларын анықтау мақсатында геологиялық және гидрогеологиялық (табиғи және адамдардың әрекетінен пайда болған) факторларды кешенді зерттеу және бағалау.

3.1026 **Техногендік төтенше жағдай көзі (техногендік ТЖ көзі):** Нәтижесінде нысанда, белгілі бір аумақта немесе су айдынында техногендік төтенше жағдай болған қауіпті техногендік оқиға. Ескерту: қауіпті техногендік оқиғаларға өндірістік нысандарда немесе көлікте болған апаттар, өрт, жарылыстар немесе әр түрлі энергияның сыртқа шығуы жатқызылады.

3.1027 **Төтенше жағдай көзі (ТЖ көзі):** Нәтижесінде төтенше жағдай пайда болған немесе пайда болуы мүмкін қауіпті табиғи құбылыс, апат немесе техногендік

оқиға, адамдардың, ауыл шаруашылығы малдарының, өсімдіктерінің кең тараған инфекциялық аурулары, сондай-ақ қазіргі заманғы зақымдау құралдары.

3.1028 **Кабель төсеуші:** 1) электр кабельдерін жер астына және су астына салуға арналған тіркелмелі немесе өзі жүретін машина; 2) тауда кабель төсеуші - лаваның ішінде жүретін және шығару комбайнына жалғанған электр кабельдерін немесе басқа қатынастарды арнайы науаға төсейтін құрылғы.

3.1029 **Электр кабелі:** Қорғаныш (әдетте герметикалық) қабатының ішіне орналастырылған бір немесе бірнеше оқшауланған өткізгіштер (ток өткізгіш желілер).

3.1030 **Кабельдік канализация:** Электр және телефон тораптарының кабельдерін қалалар мен өндірістік кәсіпорындарда орналастыруға арналған тұрақты жерасты имараттарының жүйесі.

3.1031 **Кабельді ЭТЖ:** Бір не бірнеше күштік кабельдерден, кабель жалғастырғыштарынан және бекіту бөлшектерінен тұратын электр тасымалдау желісі.

3.1032 **Кабельдік кран, кабель-кран:** Арасында көтеруші арқан бойынша жүкарба жылжитын тұрақты немесе қозғалмалы тіректерге (мұнараларға) орналастырылатын жүк көтеруші кран.

3.1033 **Өкше:** Дөңес және ойыс доғалардан тұратын сәулеттік бөлшек.

3.1034 **Кавальер:** Әр түрлі себептермен пайдаланылмайтын жердің шұңқырынан шығарылған үйме түрдегі құрылғы; 2. Үймелерді төгуге арналған жердің шұңқырынан шығарылған әр түрлі себептермен пайдаланылмайтын үйме түзу түрдегі геотехникалық құрылғы; 3 Үйме; 4. түзу түрдегі үйме жолдар мен арықтарды салуда шұңқырдан алынған және құрылғының өзіне пайдаланылмаған түзу түрдегі құрылғы.

3.1035 **Каверна (тау жынысынан алынған кәсектер):** Көлемі 1,0 мм жоғары дұрыс емес немесе дөңгелек түрдегі бостық.

3.1036 **Каверналар:** Көлемі 1,0 мм жоғары дөңгелек түрдегі тау жынысындағы бостықтар (құыстар). К. Судың еріту қасиетінің нәтижесінде шығатын (көбінесе карбонатты және тұзды жыныстарда), бірәқ басқа шығулар да мүмкін (мысалы, лаваның қатуында).

3.1037 **Кавитация:** Гидродинамикалық немесе акустикалық процестер нәтижесінде сұйықтан бөлініп шыққан буға толы «бостықтардың» - ұсақ көпіршіктердің немесе үлкен қуыстардың пайда болуы нәтижесінде сұйықтық ағынының тұтастығының (біртектілігінің) бұзылуы.

3.1038 **Кадастр:** Тиісті объектіні кезеңді немесе үздіксіз бақылаумен құралатын мәліметтердің жүйелі жинағы.

3.1039 **Кадастрлік квартал:** Осы кварталға бұрын белгіленген қала құрылысы кадастрын жүргізу мақсатына араналған қызмет зонасының шегінде бөлінетін және оның қызмет зонасын жабатын шекарада қала құрылысы регламентін тиісті жоспарлау жобасының кезеңіне тәптіштеуге жалпы пайдалану жерлерімен немесе жолдарымен, қала көшелерімен шектелген елді мекеннің салынған, құрылысқа жататын немесе басқа аумағын пайдалану бөлігі.

3.1040 **Кадастрлік учаске:** Шекарасы нақты анықталған есептік аумақтық бірлік.

3.1041 **Өрт мұнарасы:** Өрт сөндіру бөлімі ғимаратының төбесінде өрттің пайда болуын бақылауға арналған мұнара.

3.1042 **Калевка:** Келтек немесе тақтайдың мәнерлі кескіні.

3.1043 **Калевка (таңдаулы):** Бөлшектердің бетінің қырларын мәнерлеп өңдеуге арналған сүргі.

3.1044 **Күнтізбелік жоспарлау:** Құрылыс өндіріс элементтерінің кеңістігінде және ұйымдастыру-технологиялық үйлестіру уақытындағы процесс.

3.1045 **Құрылыс өндірісін күнтізбелік жоспарлау:** ҚЖЖ өндірісі мен ұйымдастыру-технологиялық жобалаудың негізгі кезеңінің бірі. Қ.ө.к.ж. құрылыстық-жинақтау жұмыстарының көлемі мен капиталдық салымдарды бөлуден, жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау, бұйымдар жинағы мен технологиялық жабдықты жеткізу және уақытша ғимараттар мен құрылыстарды, көліктік құралдарды, материалдық-техникалық және энергетикалық ресурстарды, құрылыс машиналарды, жанды еңбек кеңістігінде және уақыты бойынша регламенттелетін қажеттілікте, жобалау құжаттың санасында дайындалады.

3.1046 **Күнтізбелік кестелер:** Күнтізбелік жоспарлаудың графикалық бөлігі. Әдетінше бұл күнтізбеліктелінген ұйымдастыру-технологиялық модельдер (сызықты және желілі модельдер, циклограммалар).

3.1047 **Күнтізбелік жоспарлар:** Ресурстардағы қажеттілікті және олардың жиындарын немесе жеке объекттерді құруда жабдықтарды жинақтау, құрылыс жұмыстардың орындау мерзімі мен кезектігін белгілейтін жобалау құжаттар.

3.1048 **Құрылыс мекеменің күнтізбелік жоспары:** Құрылыс мекеменің әрекетінің қалыптылығын және толық жүктемелілігін және оның объекттерінің өз уақытта пайдалануға жіберуін қамтамасыз ететін құрылыс, жинақтау және арнайы жұмыстардың орындау мерзімі мен реттілігін, олардың уақытта өзара үйлесуін, объекттер құрылысының орынды кезектігін белгілейтін жобалау-технологиялық құжат.

3.1049 **Калорифер:** Ауаны жылыту, желдету жүйелерінде және кептіргіштерде қолданылатын пластинкалы немесе жұмыр құбырлардан тұратын жылу алмастырушы.

3.1050 **Кальцит:** Әк шпаты, СаСОз карбонаттар класының минералы, құрылыс және әрлеу материалы.

3.1051 **Тас бөгет:** Негізгі құралымдары тас материалдарынан тұтқырларсыз жасалған бөгет.

3.1052 **Тас-топырақ бөгет:** Негізгі бөлігі тас материалдардан, ал сүзілуге қарсы құрылғысы - өткізгіштігі төмен топырақтан жасалған бөгет.

3.1053 **Тас құймасы (базальт, қож құймасы):** Қышқылға төзімді құбырлар, беттік тақташалар ж.т.б. жасауға арналған балқытылған тау жыныстарының немесе қождардың құймасы.

3.1054 **Тас құралымдар:** Табиғи тастан, кірпіштен немесе бетон тастардан, сондай-ақ үлкен құрама бөлшектерден (блоктардан, панельдерден) қаланған ғимараттар мен имараттардың көтеруші және қоршаушы құралымдары.

3.1055 **Тас табиғи құрылыс материалдары:** Тау жыныстарын өңдеу нәтижесінде алынатын және тас қалауға, беттеуге, жабын жасауға, жол бетіне төсеуге ж.т.б. қолданылатын материалдар.

3.1056 **Тас жұмыстары:** Ғимараттар мен имараттардың тас құралымдарын тұрғызған кезде орындалатын құрылыс жұмыстары: кірпіш немесе басқа тастарды ерітіндімен қалау.

3.1057 **Тас көпір:** Аралығы тастан жасалынған көпір, гидрооқшаулағыш қабатпен қапталған ұстындары, тоғыспа және тоғыспа үстіндегі эстакададан тұрады.

3.1058 **Жасанды тас:** Габариттік өлшемдері қалыпты үлгідегі кірпіштерден өзгешеленетін бұйым.

3.1059 **Камера:** 1) арнайы тағайындалған бөлме; 2) тау-кен саласында - көлденең өлшемі кең, ұзындығы қысқа шахтаның немесе рудниктің жерасты қазбасы.

3.1060 **Тас кесуші машина:** Тау жынысы массивінен тас бөлшектерін кесіп алуға арналған машина.

3.1061 **Камуфлеттік анкер (іргетастары):** Жарылатын заттардың жарылуында және қататын ерітіндіні инъекциялауда бітеулердің кеңейуі бар анкерлер.

3.1062 **Қамыс материал:** Қамыстан престелетін, сыммен тігіліп немесе енсіз жұқа ағаш тақтайшамен жапсырылатын тікбұрышты тақта түрдегі жылу оқшаулауыш және арзан құрылыс материалы.

3.1063 **Қамыс, қамыс тақталар:** Сыммен бекітілген, сығылған қамыс сабақтарынан жасалған құрылыс материалы, негізінен қоршаушы құралымдарда жылулық оқшаулау үшін және 1-2 қабатты үйлердің қаңқалық қабырғаларын толтыру үшін қолданылады.

3.1064 **Арық қазушы, канал қазушы:** Құрғату және суару каналдарын, траншеяларын, кюветтерін салуға арналған машина.

3.1065 **Канал:** Қазылып немесе топырақ үйіндісімен қоршалып жасалған, суды қауіпсіз өткізуге арналған ұзын ашық имарат; қатынастарды (кабельдерді, құбырларды және т.с.с.) төсеуге арналған шығыңқы құралымдарға дейінгі биіктігі 2 м-ден төмен, жер астында тартылған ұзын жабық имарат.

3.1066 **Канализациялық торап:** Ақаба суларды қабылдауға және елді мекендер мен өндірістік кәсіпорындардың аумақтарынан тазарту имараттарына әкетуге арналған жерасты құбырлары мен коллекторларының жиынтығы; канализация жүйесінің негізгі бөлігі.

3.1067 **Канализация:** Ақаба суларды қабылдап, жинап, елді мекендер, өндірістік кәсіпорындар және басқа да нысандардың аумақтарынан шет жаққа әкетуді, сонымен қатар оларды пайдаға асыру немесе су қоймасына құю алдында тазарту мен залалсыздандыруды қамтамасыз ететін инженерлік имараттардың (құбырлар, сорғы станциялары, тазарту имараттары мен жабдықтар, санитарлық аспаптар, тікқұбырлар ж.т.б.) кешені.

3.1068 **Арқан:** Болаттардан, жасанды немесе өсімдік (түбіртекті, мақта) талшықтарынан жасалған иілгіш бұйым. Арқандар бұралған, есілген, есілмеген, тоқылған болып ажыратылады.

3.1069 **Сақтандыратын ұстаушы арқан (көтергіштің):** Көтергіш арқанның үзілуінде асылынған бесікті құлаудан сақтауға арналған арқан.

3.1070 **Арқан ара:** Диаметрі 3-6 мм болат арқан түрдегі кесетін органымен тасты кесуге арналған құрылғы. А.а. карьерлерде блоктарды қазуда, тау сілемінде немесе әрлеу тақталардың блоктарынан өндірісте тас өңдеу кәсіпорындарында пайдаланылады.

3.1071 **Арқанды таль:** Жүкті көтеру және түсіруге арналған арқанды таль.

3.1072 **Арқанды аспалы конвейер:** Арқан - тарту элементі болып табылатын аспалы конвейер.

3.1073 **Арматуралы болат арқандар:** Ширатылатын арматура ретінде пайдалануға арналған тарқатылмайтын бір қатарлы, екі қатарлы және көпқатарлы болат арқандар (үшсымды, жетісымды және онтоғызсымды).

3.1074 **Арқан жол:** Вагондар, вагонеткалар және креслолар тіректердің арасына тартылған арқандар бойынша жылжитын жүктер мен жолаушыларды тасымалдауға арналған имарат.

3.1075 **Каннелиріленген ұстындар** Ұңғысы тік науашалармен (каннелюрларымен) кесілген ұстын.

3.1076 **Каннелюра:** Ұңғыдағы тік науашалар немесе сегментті немесе жартылай дөңгелек пилястралар. К. үшкір ұштарымен немесе төсендер арқылы бір біріне жалғасады; жазықтық - иондық базалардың үймелерінде кездеседі.

3.1077 **Ғимаратты күрделі жөндеу:** Қажет болған жағдайда құралымдық бөлшектері мен инженерлік жабдықтардың жүйелерін ауыстырып ғимараттың қорларын қалпына келтіру, сондай-ақ пайдалану көрсеткіштерін жақсарту мақсатында ғимаратты жөндеу.

3.1078 **Капитель:** Бағананың, ұстынның немесе пилястрдың жоғарғы бөлігі.

3.1079 **Капсулданған желі (полимерлік):** өз қоспасында біркелкі жағылған реакциялық-қабілетті компоненттері бар капсулалар жапсыру процесінде бүлінетін полимерлік желі.

3.1080 **Каптаж:** Жерасты сулары жер бетіне шығатын жерлерде оларды қабылдау мен жинауға арналған имарат (тас үйіндісі, құдық, траншея).

3.1081 **Карбонат жыныстары:** Кальций, магний, темір карбонаттарынан тұратын тау жыныстары.

3.1082 **Бетонның карбонаттануы:** Бетонның сұйық фазасының сілтілігінің төмендеуіне әкелетін цемент тасының көмірқышқыл газымен өзара әрекеттесу процесі.

3.1083 **Қаңқа:** Бір-біріне бекітілген жеке өзектер, жылға ж.т.б. тұратын қандай да бір бұйымның, имараттың керегесі, қаңқасы.

3.1084 **Арматуралық қаңқа:** Қалыпқа орнату үшін тиісті көлемдік немесе жазықтықты жүйе түрінде құрастырылған (байланыстырылған, пісірілген) темірбетон құралымдардың бойлық және көлденең арматура шыбықтарының жиынтығы.

3.1085 **Панельді-қаңқалы құралымдар:** Панельдерден құрастырылған қаңқа мен қоршаушы құралымдардың (қабырғалардың, аражабындардың, жабындардың) көтергіш бөлшектерінен тұратын ғимараттардың құралымдары.

3.1086 **Ернеу:** 1) ғимараттың шатырын демеп тұратын және қабырғаны аққан судан қорғайтын қабырғадағы көлденең кертеш; әрлеу мақсатында жиі пайдаланылады; 2) сәнмаңдайшалардың жоғарғы шығыңқы бөлігі.

3.1087 **Тізбек қоршау ернеуі:** Тұтқа бағыттағыштары мен тізбек қоршау қалқандары бекітілетін тізбек қоршау элементі.

3.1088 **Каротаж:** Ұңғымалармен шыққан пайдалы қазбаларды табу және геологиялық кесулерді зерттеу мақсатымен ұңғымаларды геофизикалық зерттеу.

3.1089 **Каротаж:** Ұңғыма оқпаны бойынша табиғи және жасанды жасалған жазықтар мен жердің физикалық қасиетін өлшеу арқылы зерттеудің геофизикалық әдісі.

3.1090 **Карра:** Ағашты шайырлауда жүргізілетін шырынның ағуында жасалатын кесуде ағаш діңінің зақымдануы.

3.1091 **Карст:** Ғимараттар мен имараттарды жобалауда және салуда ескерілетін, жерасты қуыстарын, жолдарын және үңгірлер түзетін, тау жыныстарының (гипс, тас тұз ж.т.б.) табиғи суларда еруіне байланысты пайда болатын құбылыс.

3.1092 **Инженерлік-геологиялық бөлу картасы:** Бөлінген таксономикалық бірліктердің (аудандардың, аудан бөліктерінің, телімдердің және т.с.с.) инженерлік-геологиялық шарттарын осы шарттардың біркелкілігінің қабылданған (берілген) дәрежесіне сәйкес топографиялық жоспарда (картада) көрсету.

3.1093 **Инженерлік-геологиялық жағдайлар картасы:** Ғимараттар мен имараттарға әсерін тигізетін геологиялық ортаның компоненттерін (цифрлық, кескіндемелік және басқа да түрде) топографиялық жоспарда (картада) көрсету.

3.1094 **Инженерлік-экологиялық карта:** Қоршаған ортаның қазіргі экологиялық жағдайын және (немесе) берілген уақыт аралығында оның өзгеруінің болжамын картада кескіндемелік бейнелеу.

3.1095 **Табиғи және технотабиғи процестердің қауіптілігінің картасы (қауіптілік картасы):** Табиғи немесе технотабиғи процестердің қауіптілігінің (үдемелілігінің, қайталануының, ықтималдығының ж.т.б.) сипаттамаларын арнайы картада (цифрлік, кескіндемелік және басқа да түрде) бейнелеу.

3.1096 **Табиғи және технотабиғи процестерден болуы ықтимал қауіп-қатер картасы (ықтимал қауіп-қатер картасы):** Табиғи немесе технотабиғи процестердің әсерінен болуы ықтимал қауіп-қатерді (әлеуметтік, материалдық) арнайы картада (цифрлік, кескіндемелік және басқа да түрде) бейнелеу.

3.1097 **Қатты қағаз:** Қағаздың түрі, үлкен меншікті массасымен сипатталады.

3.1098 **Жеке бағалар каталогі:** Облыстағы (аймақ, республика) құрылыс заңдарына бекітілген жалпы құрылыс және арнайы жұмыстарға немесе жекелеген ірі құрылыстардың нақты шарттарына, сондай-ақ мамандандырылған және салалық құрылыстарға арналған жеке бағалар жинағы.

3.1099 **Катанка:** Бас кермесі 5-10 мм ыстықтай созылған сым. Темірбетон құралымдарын арматуралау кезінде қолданылады.

3.1100 **Жол аунағы:** Топырақты, жол негіздері мен қабаттарын ж.т.б. домалау арқылы нығыздауға арналған тіркелетін немесе өзі жүретін машина.

3.1101 **Кафель:** Қабырғаларды, пештерді қаптауға арналған керамикалық тақташалар. Тегіс, бедерлі, зертас жалатылған болуы мүмкін.

3.1102 **Құрылыс өнімдерінің сапасы:** Құрылыс өнімдерінің тұтынушылық қасиеттерінің жиынтығы және олардың нормативтік және стандарттық құжаттарда

белгіленген техникалық, эстетикалық, әлеуметтік талаптар тұрғысынан халық шаруашылығының немесе халықтың белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілеті.

3.1103 **Кварцтік әйнек:** Кремнийдің табиғи түрлерін - тау хрусталін, желілі кварцті және кварц құмын, сондай-ақ кремнийдің синтетикалық диоксидін балқыту арқылы алынатын силикат әйнек.

3.1104 **Квалиметрия:** Стандарттауды және өнім сапасын басқаруда қабылданатын шешімдерді негіздеуде пайдаланылатын сапа бағалаудың сандық әдісін біріктіретін ғылыми саласы.

3.1105 **Кәсіптік сынақтар (өнімнің):** Кәсіпорынның тапсырылған көлемде өнімді шығаруға дайындығын бағалау мақсатымен жүргізілетін бірінші өнеркәсіп партиясын немесе белгіленген сериясының бақылау сынағы.

3.1106 **Мамандық (жұмыстың):** Осы жұмысты оның күрделілігі, нақтылығы және жауаптылығымен байланысты белгіленген топқа (дәрежеге) жатқызуға мүмкіндік беретін технологиялық, еңбек және ұйымдастыру факторларының жиыны. Жұмысшының М. - осы топқа (дәрежеге) жататын белгіленген ұйымдастыру-техникалық жұмыстар шарттарын орындауда қажетті білімі мен кәсіби тәжірибесінің жиыны.

3.1107 **Кемпинг:** 1. Өзіне-өзі қызмет ету қағидасында автотуристтердің демалуын ұйымдастыруды қамтамасыз ететін маусымдық қызмет ету түрдегі мейманхана мекемесі (рекреациялық мақсатымен курорттарға, туристік орталықтарға, демалу орындарына келетін атотуристерге арналған кемпингтер); 2. Жылдың жазғы кезеңінде автомашиналармен жер жүзін аралайтын азаматтардың демалуына арналған автотуристік лагерь.

3.1108 **Керамзит:** Жеңіл бетондарды толтырғыш, сирегірек ғимараттардың құралымдарында жылу ұстағыш және дыбыс ұстағыш толтырушы ретінде пайдаланылатын малтатас (сирегірек қиыршықтас) түріндегі жасанды кеуекті материал.

3.1109 **Керамзитобетон:** Толтырғышы - керамзит пен құм, тұтқырлаушысы - цемент (сирегірек - құрылыс гипсі, әк немесе синтетикалық шайырлар) болып табылатын жеңіл бетон.

3.1110 **Керамика:** Саз және оның минералды қоспалармен қоспасын, сондай-ақ металдардың ж.т.б. органикалық емес қосылыстардың оксидтерін пісіру арқылы алынатын бұйымдар мен материалдар.

3.1111 **Еденге арналған керамикалық тақташалар, метлах тақташалары:** Жоғары беріктігімен, тозуға төзімділігімен, суға және химиялық әсерге бекемдігімен ерекшеленетін жартылай құрғақ керамикалық ұнтақ тәрізді массалардан сығылып жасалған, одан кейін кептіріліп, піскенше күйдірілген тақташалар.

3.1112 **Керамикалық сырлар:** Жоғары температураларға төзімді, боялған минералды заттар (әдетте ауыр түсті металдардың оксидтері немесе корундтер, гранаттар, циркондар сияқты синтетикалық қоспалар).

3.1113 **Керметтер:** Құрамында металдар (немесе құймалар) және бір немесе бірнеше керамика түрі бар композициялық материалдар.

3.1114 **Сәулеттегі кессон:** Төбедегі, арканың ішкі бетіндегі тереңдету (әдетте квадрат пішінді).

3.1115 **Құрылыстағы кессон:** Су астында немесе сулы топырақта терең ірі іргетас орнатуға арналған көбінесе темірбетон құралымдар.

3.1116 **Кірпіш:** Минералдық материалдардан жасалған, күйдіру немесе бумен өңдегеннен кейін тастың қасиеттеріне ұқсас қасиеттерге (беріктік, суға төзімділік, аязға төзімділік) ие болатын дұрыс пішінді жасанды тас (әдетте тік бұрышты параллелепипед түрінде).

3.1117 **Қам кірпіш:** Күйдірілмеген балшықты кірпіш.

3.1118 **Шартты кірпіш:** Шартты бірлік ретінде көлемі 250х 120х65 мм қабылданған кірпіш.

3.1119 **Оттегімен кесу:** Металды оттегінің жіңішке ағысында газбен, автогендік кесу.

3.1120 **Бетонның қышқылдық тоттануы:** Қышқылдармен өзара әсерлесуі нәтижесінде болатын бетонның тоттануы.

3.1121 **Қышқылға төзімді материалдар, қышқылға берік материалдар:** Қышқылдың қирату әсеріне қарсы тұра алатын материалдар.

3.1122 **Қышқылға төзімді ерітінді (бетон):** Калийдің немесе натрийдің ерітілмелі силикаттары түріндегі тұтқырдан, қатаю инициаторынан және қышқылға төзімді толтырғыштардан: шаң түріндегі толтырғыштан, құмнан (қиыршықтастан) тұратын ерітінді (бетон).

3.1123 **Қысқы қалау:** Сыртқы ауаның төмен температурасында аязға қарсы қоспалар қосылған ерітінділермен немесе мұздату тәсілімен тас құралымдарды тұрғызу.

3.1124 **Желімдік сырлар:** Целлюлоза эфирі, поливинил спирті, крахмал, казеиннің судағы ерітіндісі негізінде жасалған сырлар. Кеуекті, әдетте суға төзімсіз қабаттар түзеді. Ғимараттың ішін әрлеу үшін қолданылады. Суға төзімді казеин желімдік сырларды қасбеттерді сырлау үшін және жуылатын қабат жасау үшін қолданады.

3.1125 **Желім, адгезивтер:** Желімдік қабаттың жабыстырылатын материалдардың беттерімен берік адгезивті байланыс жасауы нәтижесінде түрлі материалдарды жабыстыратын (желімдейтін) органикалық немесе органикалық емес заттар негізіндегі композициялар.

3.1126 **Клейстер:** Крахмалдың су жүзгіндерін жылыту арқылы алынатын желімдегіш ерітінді. Сырлау, түптеу ж.т.б. жұмыстарында қолданылады.

3.1127 **Тойтармалаушы балға:** Тойтармаға тұйықтаушы бас тиек жасау үшін соққылы әрекет жасайтын пневматикалық қол машина.

3.1128 **Тойтармалық құралымдар:** Бөлшектері тойтармалармен қосылатын ғимараттардың, имараттардың, машиналардың, технологиялық жабдықтардың металл құралымдары.

3.1129 **Клеть, сруб:** Бөренелер немесе келтектерді бірінің үстіне бірін қойып жасалған қарапайым ағаш құралым.

3.1130 **Сына:** Бұрыш жасап түйісетін екі жұмыс беті бар призма пішінді бөлшек.

3.1131 **Портландцементті ақ клинкер:** Абсолютті шәкілі бойынша ұсақталған қалпындағы ақтығы 70 % кем емес және аз безілі шикізатты қоспасына дейін күйдірумен пісіруге дейін алынатын, көбінесе, силикат пен алюминаттан, кальцийден тұратын клинкер.

3.1132 **Балшық-топырақты жердің (жоғары балшық-топырақты) клинкер:** Көбінесе төменнегізді кальций алюминаттардан тұратын клинкер.

3.1133 **Құрамы нормаланған клинкер:** Минералогиялық құрамына нормативтік құжатпен талаптары белгіленген клинкер.

3.1134 **Сульфоалюминийлі (ферритті) клинкер:** Көбінесе кальций сульфоалюминийден (ферриттерден) тұратын клинкер.

3.1135 **Цементті клинкер:** Жоғары негізді силикаттар және (немесе) төмен негізіді кальций алюминатын ең алдымен тиісті құрамды шикізат қоспасының еруін немесе күйдірумен пісіруіне дейін алынатын өнім.

3.1136 **Клинкерлік бұйымдар:** Химия өндірісінде сыйымдылықтарды футеровкалау үшін және ғимараттың цокольдары мен фасадтарын, гидротехникалық құрылғыларды қаптауға, жолдарға тсеніш төсеуге пайдаланылатын, әдетте кірпіш түрде, топырақтан жасалған бұйымдарды толық пісіруге дейін күйдіру.

3.1137 **Клинкерлік фаза:** Жеке оксидтердің немесе әйнектің клинкерлік минералының негізінде қатты ерітіндісі ретінде клинкердің құрамалы бөлігі.

3.1138 **Клинкерлік минерал:** Клинкерлік фазалардың кристалдық химиялық негізі болып саналатын стехиометриялық құрамының жасанды қосындысы.

3.1139 **Жол клинкері:** Арнайы (клинкерлік) саздардан толығымен піскенше күйдіру арқылы алынатын беріктігі жоғары кірпіш.

3.1140 **Сыналық қосылыс:** Машина бөлшектерінің сынаның көмегімен тартылатын немесе реттелетін ажыратылмалы қозғалмайтын қосылысы.

3.1141 **Керамикалық тақташалардан жасалған кілем:** Қалау жұмыстарын жеңілдетуге арналған елеуіш үлгісіндегі материал немесе қағаз бетке жапсырылған тақташалар жиынтығы.

3.1142 **Шөміштi элеватор:** Үгітілгіш материалдарды жылжымалы таспаға (таспалық элеваторлар) немесе шынжырға (шынжырлы элеваторлар) қосылған шөміштермен көтеруге арналған үзіліссіз жұмыс істейтін машина.

3.1143 **Төрттағанды кран:** Рельстер немесе бетон негіздің үстінде қозғалатын қатты тіректерге орнатылған көпір түріндегі жүк көтеруші кран.

3.1144 **Сәулеттегі кокошник:** Тек әрлеуге ғана арналған жалған бөлшек.

3.1145 **Қатынас коллекторы:** 1) сұйықтар мен газдарды (құбырсыз) тасымалдау үшін қажет жерасты бойлық имараты; 2) арнаулы түрлі құбырлар мен кабельдерді қиылыстырып төсеуге арналған жерасты бойлық имараты.

3.1146 **Құрғату жүйелерінің коллекторы:** Құрғату торабының реттеу бөлімінен суды қабылдайтын және оны құрғатылатын аймағынан тыс жерге әкететін құрғатқыш құбыр немесе канал.

3.1147 **Құдық:** Тік ұңғыма, шахта немесе камера түріндегі құрылыс. Гидротехникалық құдықтарды жерасты суын жинау арқылы сумен жабдықтау және суару үшін - су алғыш құдық ретінде орнатады; жерасты су қорын жер беті суларымен толықтыру немесе дренаж және тазартылған канализация суларын ағызып жіберу үшін - жұтқыш құдық; өзендерден, көлдерден, су қоймаларынан алынатын су мөлшерін реттеу үшін - жағалық құдық орнатады. Канализациялық құдықты канализациялық торапта оны тексеру, жуу, тазалау ж.т.б. (тексеру, сарқырама, жуғыш құдықтар) үшін орнатады.

3.1148 **Түсірмелі құдық:** Жерді қазған сайын өз салмағының әсерінен төмен батырылатын іші қуыс тік құралым.

3.1149 **Ұстын:** 1) архитектурада - басқа бөлшектерден тік жүктемелерді қабылдайтын ғимараттың, имараттың тік тірегі (әдетте қиысы дөңгелек болып келеді); 2) машина жасауда - жұмыс органдары, аспаптар орналастырылған машинаның көтеруші құралымының шыбықты тік элементі.

3.1150 **Ұстындар қатары:** Горизонталь жабынмен біріктірілген ұстындардың ғимараттың ішінде немесе сыртында орналасқан қатары немесе қатарлары.

3.1151 **Құрастырылған қорғаныш қабаты:** Метал және сырлы лакты қабаттарды үйлестіру жолымен жасалатын қорғаныш қабаты.

3.1152 **Құрастырылған жарық:** Жалпы жарыққа жергілікті жарық қосылатын жарықтандыру.

3.1153 **Құрылыс механикасындағы құрастырылған жүйелер:** Әр түрлі типтегі көтеруші құралымдардың үйлесімі түріндегі жүйелер.

3.1154 **Қатынастар:** Қатынас жолдары: көліктің қозғалу бағыттары, байланыс каналдары, қалалық жерасты шаруашылығының тораптары және т.с.с.

3.1155 **Іске қосу кешені:** Құрылыстың немесе оның кезегінің бөлігі болып табылатын негізгі өндірістік немесе қосалқы мақсаттағы энергетикалық, көлік және қойма шаруашылығы, байланыс, ішкі алаңдық инженерлік катынастар, абаттандыру және басқа да нысандардың тобы (немесе олардың бөлігі), олардың іске қосылуы жоба бойынша белгіленген өнім шығаруды немесе қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді және күші бар актілерге сәйкес қызмет көрсетушілердің жұмыс жағдайын қамтамасыз етеді.

3.1156 **Композициялық материалдар:** Химиялық әртекті құрауыштарды араларын нақты бөліп көлемді біріктірумен жасалған материалдар.

3.1157 **Компрессорлық станция:** Өндірістік кәсіпорындарда, магистральдық құбырларда және құрылыс нысандарында сығылған ауа мен газ алуға арналған агрегаттар кешені.

3.1158 **Орнату кондукторы:** Орнатылатын құралымдар немесе олардың бөлшектерін жобалық орындарына дәлдеп, уақытша бекітіп қоюға арналған құрылғы.

3.1159 **Шатыржал:** Суайырық құрайтын төбенің жоғарғы көлденең қабырғасы.

3.1160 **Құрылыстың бітпеген объектін тоқтатып қою:** Құрылыстың жүзеге асырылатын негізінде үш айдан астам кезеңге келісім-шарты рәсімделген және бұзуға әкелетін құрылысты белгіленген тәртіпте тоқтату.

3.1161 **Шоғырландыру (негіздері мен іргетастарын):** Негізінің шөгінді деформациясы.

3.1162 **Жердің шоғырлануы:** 1. Құрылғының салмағымен немесе өз салмағымен кезеңде іргетасының шөгуінің басылу процесі. 2. Ұзақ тұрақты салмақ астында болған су сіңірген жердің топырағының тығыздалу процесі. Шоғырланудың қайталамасын айырады (норлық қысымды тегістеуден кейін компресиялық тығыздауда қоспа жердің шоғырлану сатысы); бастапқы (қуысты қысымды тегістеуден кейін және қуыстық суды шығарудың алдында компресиялық тығыздауда қоспа жердің шоғырлану сатысы); бірінші (қуысты қысымды тегістеуден кейін және қуыстық суды шығарудың алдында компресиялық тығыздауда қоспа жердің шоғырланудың бастапқы сатысы); фильтрлік (жерді сығу

процесімен негізінде оның су өткізгіштігімен шарттасылған және одан сығым судың қайту шарты); 3. Фильтрлеу негізінде есептелген теориясының іргетастың уақытта шөгуінің өшу процесі.

3.1163 **Шоғарландыру-дренды сынақ (топырақты):** Топырақтың беріктігі мен формасының өзгеру сипаттамасын анықтау үшін үлгіні алдын ала тығыздау және одан бүкіл сынақ процесінде суды сығумен сынау.

3.1164 **Консольдік жүйелер:** Жүйенің құрылыс механикасындағы (салмақ түсетін құрылымы) олардың негізгі элементтері шығып тұратын бөліктері - консольдар. К.ж.-ның арқалықтармен ең тиімді үйлесімі (мысалы, көпірсалуда қолданылатын көп аралықты консольдік-арқалықты жүйелер).

3.1165 **Консоль:** 1) балконды ұстап тұруға, кіре беріске күнқағарды орнатуға және т.с.с. арналған тіректен шығып тұратын құрылыс құралымы немесе оның бөлігі; 2) тұрғын бөлменің интерьерінің элементі - қабырғаға бекітілген гүл, статуэтка қоюға арналған сөре.

3.1166 **Консольді кран:** Консольді ферма түріндегі көтергіш құралымы бойынша жүк тасушы арба жылжитын жүк көтергіш кран.

3.1167 **Құралымы бойынша бірыңғайланған қатар:** Қызметтік тағайыны бойынша бірдей немесе әр түрлі, бірақ бөлшектері, блоктары және агрегаттары құралымы бойынша бірдей бұйымдар.

3.1168 **Кешенді құралымдар:** Тағайындалуы жағынан түрлі бөліктерден тұратын, функционалдық өзара біртұтас байланысқан (мысалы, жылытқыш және төсемі бар төбе жабын тақтасы) құрылыс құралымдары.

3.1169 **Жеңіл түсетін құралымдар:** Жарылыстар болуы мүмкін кезінде жарылыстан болған қысымды азайту және ғимарат пен имарат құралымдарын сақтап қалуды қамтамасыз ету үшін ашық қуыстар жасап түсуге (қирауға) тиісті ғимараттар, имараттар және бөлмелердің сыртқы қоршаушы құралымдары (немесе олардың элементтері).

3.1170 **Тұтасқұйма құралымдар:** Ғимараттар және имараттар салынып жатқан жерде негізгі бөліктері біртұтас (монолит) етіліп жасалған құрылыс құралымдары (негізінен, бетон және темірбетон).

3.1171 **Көтергіш құралымдар:** Жүктер мен әсерлерді қабылдайтын және ғимараттар мен имараттардың беріктігін, қаттылығын және орнықтылығын қамтамасыз ететін құрылыс құралымдары.

3.1172 **Қоршаушы құралымдар:** Беріктігі, жылуды оқшаулауы, суды оқшаулауы, буды оқшаулауы, ауа өткізуі, дыбыстарды оқшаулауы, жарық мөлдірлігі ж.т.б. бойынша қойылатын нормативтік талаптарды ескере отырып, сыртқы қоршаған ортадан немесе өзара оқшаулауға арналған құрылыс құралымдары.

3.1173 **Желдетілетін қоршаушы құралымдар:** Буды, артық жылуды сыртқа шығаруға, жылытқышты кептіруге арналған ауамен қатынасқан қуыстары бар ғимараттың сыртқы қабырғасындағы немесе қабатындағы құралымдар.

3.1174 **Жазық құралымдар:** Тек белгілі бір жазықтықта әсерін тигізетін түсірілген жүктемелердің әсерін қабылдауға қабілетті құралымдар.

3.1175 **Пневматикалық құралымдар:** Тұйықталған ішкі көлемі қысылған ауамен толтырылатын арматураланған үлдірлерден немесе резеңке не полимермен қапталған ауа өткізбейтін синтетикалық маталардан тұратын жұмсақ қабықтар.

3.1176 **Кеңістік құралымдары:** Түсірілген кеңістіктегі күштер жүйесін қабылдауға қабілетті құралымдар.

3.1177 **Өздігінен кернеуленген құралымдар:** Алдын ала кернеуленген темірбетон құралымдарының бір түрі, оларда арматура кернеуі қату кезінде ұлғаятын цемент негізінде жасалатын бетонның көлемінің ұлғаюы нәтижесінде пайда болады.

3.1178 **Құрастырмалы құралымдар:** Кәсіпорындарда жасалған, ғимараттар мен имараттарды тұрғызуда қолданатын құрылыс құралымдары.

3.1179 **Біріктірілген құралымдар:** Түрлі мақсаттарда салынатын ғимараттар мен имараттардың құрылысында қолданылатын және көтергіш және қоршаушы қызметтер атқаратын құралымдар.

3.1180 **Құрылыс құралымдары:** Көтергіш және қоршаушы немесе біріктірілген (көтергіш және қоршаушы) функцияларын атқаратын ғимараттар мен имараттардың элементтері.

3.1181 **Құралымдық беріктік:** Құралымдық элементтердің белгілі бір жағдайларда әлдебір әсерлерді қирамай қабылдау қасиеті.

3.1182 **Құралымдық материалдар:** Күштік жүктемені қабылдайтын құралымдарды жасауға пайдаланылатын материалдар.

3.1183 **Түйіспелік пісіру:** Пісірілетін бөлшектер түйісу жерінен өтетін электр тогімен қыздырылатын және жаншылатын (отырғызылатын) пісіру түрі.

3.1184 **Контейнер:** Көлік түрі ауысқан кезде жүк қайта тиелмейтін, түрлі көлік түрлерімен жүктерді орамасыз тасу үшін қызмет ететін стандартты сыйымдылық.

3.1185 **Өндірістік сапасын бақылау:** Жобада көрсетілген және нормативтік құжаттар мен стандарттар талап ететін ғимараттар мен имараттардың және олардың құрама элементтерінің геометриялық, физика-техникалық және технологиялық шамаларының нысанды салу кезіндегі кіріс, операционалдық және қабылдау бақылауы.

3.1186 **Контрфорс:** Негізгі көтеруші құралымды (көбінесе сыртқы қабырғаны) нығайтатын және негізінен горизонталь күштерді қабылдайтын тас, бетон немесе темірбетоннан жасалған көлденең қабырға, вертикаль кертеш немесе қабырға**.**

3.1187 **Контрфорстық бөгет:** Арындық жабу қабаттары қабылдайтын жоғарғы бьефтегі су қысымы контрфорстарға және олар арқылы негізге берілетін бөгет.

3.1188 **Бетонның тоттануы:** Құрамынан ерітілмелі құрама бөліктерін жуып шығару (тоттанудың бірінші түрі); тұтқырлық қасиеттері жоқ тоттану өнімдерінің пайда болуы (тоттанудың екінші түрі), және бетонның қатты фазасының көлемін ұлғайтатын аз еритін кристалданатын тұздардың жиналуы (тоттанудың үшінші түрі), нәтижесінде бетонның сипаттамалары мен қасиеттерінің төмендеуі.

3.1189 **Құрылыс материалының тоттануға төзімділігі:** Бұйым немесе құралымдағы құрылыс материалының белгілі бір мерзім аралығында жеміргіш ортаның әсеріне қарсы тұратын салыстырмалы қабілеттілігі.

3.1190 **Тоттанып қажу:** Айнымалы циклдық кернеулер мен тоттанатын (жеміргіш) ортаның бір уақытта әсер ету кезінде материалдың төзімділік шегінің төмендеуі.

3.1191 **Құрылыс материалының тоттанып бұзылуы:** Тоттану салдарынан құрылыс материалының және (немесе) құралым массасының, қимасының, беріктігінің өзгеруі немесе басқа да сандық сипаттамалары мен сапалық көрсеткіштерінің төмендеуі.

3.1192 **Қазандық:** Жылумен жабдықтау мақсатында жылу өндіруге арналған қазан (жылу генераторы) және қосымша технологиялық жабдықтар орнатылған ғимараттар мен имараттардың кешені, ғимарат немесе бөлме.

3.1193 **Қазаншұңқыр:** Ғимараттар мен имараттардың негіздері мен іргетастарын орналастыруға арналған жердегі қазба.

3.1194 **Табиғи жарық еселеуіші (ТЖЕ):** Бөлменің ішіндегі берілген жазықтықтың бір нүктесінде аспан жарығы түсіретін табиғи жарықтың (тікелей немесе түсіргеннен кейінгі) бірмезгілдегі мәніне толық ашық көк аспан жарығымен жасалатын сыртқы көкжиек жарығының қатынасы; пайызбен көрсетіледі.

3.1195 **Сақтық еселеуіші:** Пайдалану процесінде жарық қуыстарындағы жарық өткізгіш толтырғыштардың, жарық көздерінің (шамдардың) және жарықтандырушылардың дастануы және тозуы, сонымен қатар бөлме беттерінің шағылдыру қасиеттерінің төмендеуі салдарынан болатын ТЖЕ төмендеуі мен жарықтанудың төмендеуін есептейтін еселеуіші.

3.1196 **Жарықтың ауытқулық еселеуіші:** Газ разрядты шамдардың жарық ағынының айнымалы токқа қосылғанда уақыт аралығында өзгеруі нәтижесінде жарықталу тербелісінің салыстырмалы тереңдігін бағалайтын өлшем.

3.1197 **Жібу еселеуіші:** Материалдың су сіңірілгендегі беріктігінің құрғақ күйіндегі беріктігіне қатынасы, сандық мәні 0-ден 1-ге дейін ауытқиды.

3.1198 **Жарықтық климаттың еселеуіші:** Жарықтық климаттың ерекшеліктерін есепке алатын еселеуіш.

3.1199 **Құбырлық кран:** Құбырлардағы сұйықтың (газдың) ағынын немесе арынын жабу немесе бағытын өзгертуге арналған жапқыш немесе реттеуші құрылғы.

3.1200 **Органикалық бояғыштар:** Түрлі материалдарды бояуға арналған химиялық қосындылар (негізінен, боялған).

3.1201 **Қызыл сызық:** Елді мекендердің жоспарлау құрылымындағы жолдарды, алаңдарды бөліп тұратын шекара.

3.1202 **Құрылыстың қызыл сызығы:** Құрылысқа арналған аумақтарды магистральдан, жолдардан, көшелер мен өтпелерден, алаңдардан бөліп тұратын шартты шекара; ғимараттар қызыл сызықтардан бос жерлерде немесе олардың бойында орналасуы мүмкін; қызыл сызық жобалары арқылы қала құрылысында дайындалатын құрылыс пен қаланы қайта құру тәртібі сақталады.

3.1203 **Көшелер мен жолдардың қызыл сызығы:** Көшеден, жолдардан немесе өзге пайдалануға арналған аумақтардан бөліп тұратын шартты шекара.

3.1204 **Бояулар:** Үлдір түзетін заттардағы (байланыстырғыштардағы) пигменттердің біртекті жүзгіндері.

3.1205 **Бояғыш пульт:** Әрлеу жұмыстары кезінде тұтқыр емес бояуларды қабырғалардың бетіне, төбелерге шашуға арналған тасымалы аппарат.

3.1206 **Сырүгіткіш:** Білікшелер, диірмен тас, дискілердің көмегімен бояғыш материалдарды ұсатуға (үгітуге) арналған қондырғы.

3.1207 **Ауа алмасу еселігі:** Бір сағат ішінде үй-жайға берілетін немесе одан шығарылатын ауа көлемінің үй-жай көлеміне қатынасы.

3.1208 **Крен:** Ғимараттардың немесе құрылыстың тіктіктен ауытқуы.

3.1209 **Ірге тастың қисаюы:** Үйдің іргетасының тік ауытқу күштерінің аралықтарына қатысты бір келікті емес шөгуіне, көтерілуіне ж.т.б. байланысты күштің әсерінен көлемінің немесе формасының өзгеру

3.1210 **Кренометр (ауытқуметр):** Бір ұшында өлшеу винті бар оның негізгі бөлігі болып табылатын градустық немесе салыстырмалы шамада ылдиуын анықтауға мүмкіндік беретін аспап.

3.1211 **Креозот:** Ағаштың құрғақ айдауынан алынатын улы иісі бар майлы сарғыш тұнық сұйықтық; негізінде ағашты шіруден сақтау мақсатымен сіндіру үшін қолданылады.

3.1212 **Бекітпе:** Ағаш бөлшектерді жалғайтын металл винттар, болттар, ырғақтар.

3.1213 **Бекітпе-салыстыру құрылғылар:** Құрастырылатын нышындарды жобалау қалпында салыстырып бекітуге және ұстап қалуға арналған құрылғылар. Оларға салыстыру құрылғылары бар колонналардың, фермалардың тірек бөліктері, көлбеулері, кергіштері, іріктеу тартулары әр түрлі жалғанып салыстырылатын кондукторлар түрлері жатады.

3.1214 **Бекіту заттар:** Қосылуға арналған бөлшектер

3.1215 **Бекіту бөлшектері:** Құрылымар мен машиналар элементтерін мықтылап қосуға арналған бөлшектер. Б. б-ға болттар, бұрамалар, шпилькалар, сомындар, бұрама шегелер, тойтармалар, буаттар мен т.б. заттар және қосымша бөлшектер - тығырықтар мен сіргелер жатады.

3.1216 **Бекіту материалдар:** Тау кен бекітулеріне қолданылатын құрылыс материалдары. Б.м. салмақ түсетін құрылымдарда пайдалынылатын - ағаш, жасанды тастар, бетон, металдарға негіздерге бөлінеді; тұтқыр заттар; судан айырушы қосымша материалдар - қарақағаз, рубероид және басқалар; химиялық реагенттер - сұйық әйнектер, антисептик және т,б.

3.1217 **Бекіту элементтер (қақпалардың):** Ғимараттардың қақпалар кәсектерін тіркеу мен орнатуға арналған тетіктер.

3.1218 **Бекіту реквизиті:** Ағаш және кесілген ағаш материалдарын көлікпен тасымалдауда қолданылатын заттар мен бөлшектер.

3.1219 **Бекіту элементі (анкерлық құрылғы) (қоршау құрылымдардың жылыту оқшаулауы):** Жылыту оқшаулау тақталарды немесе қабырғаларды жылыту жүйелерінің басқа нышандарын біріктіруге арналған нышан.

3.1220 **Бекіткіш:** Ортақ жұмысқа тарту және өзара қалпына келтіру мақсатымен конструктивтік жүйенің нышандарын дәнекерлейтін құрылым.

3.1221 **Қазаншұңқырдың бекіткіші (тіреп тұратын қабырға мен қазаншұңқырдың бекіткіштері):** Сындарлы нышан: жерлі үймелердің немесе ойықтарын анкерлік, тік немесе еңісті құламаларын тірейтін немесе тіреуді қамтамасыз етуге арналған нышан.

3.1222 **Кертпеше (тік босатпа):** Қабырғаның, ернеу сәнмаңдайшаның шығыңқы жері

3.1223 **Бекініс:** Жау қоршауында қалған жағдайда ұзақ уақыт қарсыласуға мүмкіндігі мол тұрақ; жирек төбе жерде орналасатын, айналасы шарбақпен және сулы ормен салынатын тұрақ.

3.1224 **Тіреу (бекітпе):** Жыныстардың құлауына қарсы немесе тау қысымын басқару мақсатымен жер асты тау кен қазбаларын бекітуге арналған құрылым (жиірек ағаштан істелген).

3.1225 **Анкерлік бекітпе (қарнақты бекітпе):** Жыныстың құлауы мен қатпарлануынан ұстап қалу үшін металл, темірбетон немесе сирек ағаштан істелген бекітпе.

3.1226 **Тюбингтік бекітпе:** Қоршау құмдарда немесе нашар тұрақсыз жыныстарда жұмыр қимасының тік, жазық және еңіс қазбаларын бекітуге арналған тюбингтен жиналған бекітпе. Бекітпе және сыйғызатын жыныстар арасының кеңістігі тюбингтегі арнайы тесіктерден тампонажды ерітіндімен толтырылады.

3.1227 **Ысырылу мульдасының қисықтығы:** Мульданың көрші екі интервалының еңкейісінің айырмасының осы интервалдардың жартылай сомасына қатынасы. Мульда нүктелеріндегі мынадай қисықтықтарды ажыратады: жайылу бағытында p_x; құлау бойынша жартылай мульдасы жайылу бағытына тік бұрыш жасайтын p_{y1}; тұру бойынша жартылай мульдасы жайылу бағытына тік бұрыш жасайтын p_{y2}; берілген бағытта $p_{\square}$.

3.1228 **Құрылыс механикасындағы шекті жүктеме:** Деформацияланатын жүйенің орнықтылығы жоғалатын жүктеме.

3.1229 **Жабындық асбестоцемент тақташа:** Ұзындығы мен ені 600 мм, ал қалыңдығы 5 мм аспайтын жазық асбестоцемент бұйым.

3.1230 **Жабындық болат, жабындық темір:** Негізінен ғимараттың жабынын жасауға, сондай-ақ металл ыдыс және кең тұтыну бұйымдарын жасауға арналған жұмсақ көміртегі төмен болат табақтар (қалыңдығы 0,25-2 мм).

3.1231 **Жабын материалдары:** Белгілі қасиеттері: су өткізбеушілік, атмосфераға және аязға төзімділік, беріктік, жеңілдік ж.т.б. бар жабын жасауға арналған орамадағы, мастикалық және даналық материалдар.

3.1232 **Жабын жұмыстары:** Жабын материалдардан ғимараттар мен имараттардың жабынын жабу жұмыстары.

3.1233 **Жабын:** Ғимаратты атмосфералық жауын-шашыннан қорғайтын төбежабынның жоғарғы элементі. Көтергіш құралымдар үстіне немесе жылуұстағыштар үстіне (шатырсыз төбелерге) төселетін су оқшаулағыш қабаттан және негізден (торламадан, тұтас төсемеден, тұтастырғыштан) тұрады.

3.1234 **Тіреуіш:** 1) вертикаль қабырғаға немесе машиналардың немесе құралымдардың шығып тұрған немесе горизонталь бағытта жылжытып шығарылған бөліктеріне бекітуге арналған консольді тірек бөлшек немесе құралым; 2) сәулеттегі кронштейн - қабырғадағы кертеш, әдетте пішінделген, балкондарды, ернеулерді ж.т.б. ұстап тұруға арналған.

3.1235 **Дөңгелекаралы станок:** Бөренелер мен ағаш материалдарын ұзынынан, көлденеңінен және аралас аралауға және пішуге арналған ағаш өңдеуші станок; кесуші аспап - дөңгелек ара.

3.1236 **Құрылыстағы ірі блокті құралымдар:** Ірі жасанды немесе табиғи тастардан (блоктардан) құрастырылатын құрама құралымдар.

3.1237 **Құрылыстағы ірі панельді құралымдар:** Арнайы кәсіпорындарда жасалып, құрылыс алаңында орнатылатын ірі жазықтық құрама элементтерден тұратын құралымдар.

3.1238 **Кіреберіс:** Алаңшасы және баспалдағы бар үйге кіре берістегі сыртқы жапсарлас жай.

3.1239 **Шатыр:** Ғимараттың жоғарғы қоршаушы құралымы. Қардың, желдің және төбенің өзінің салмағын қабырғаларға немесе қаңқаға тарататтын көтергіш бөліктен (итарқалардан, фермалардан, жүгіртпелерден, панельдерден және т.с.с.) тұрады. Шатырлар шатырлық және шатырсыз (жоғарғы аражабынмен біріктірілген) болып бөлінеді.

3.1240 **Вальмды шатыр (төбе):** Төрт еңісті шатыржалы (атшасы) бар, екі еңісі - вальмалы - ғимараттың шетіне қаралып жасалған.

3.1241 **Мансарда шатыры:** Шатыр астындағы орналасқан тұрғын бөлмелер.

3.1242 **Жазық төбелер:** Еңісі шамалы 2,5 % дейін немесе еңісзіз шатыр.

3.1243 **Еңісті төбе:** Бір немесе бірнеше еңісті учаскеден - құрылғыдан тұратын төбе.

3.1244 **Төбе қазандығы:** Ғимараттың төбесінде немесе жабынның үстінде арнайы жасалған негіздің үстінде орналастырылатын қазандық.

3.1245 **Дөңбек:** Ағаш діңгегінің салыстырмалы қысқа жуан кесіндісі, негізінен жапырақты ағаштардан, сирегірек қылқан жапырақтылардан жасалады.

3.1246 **Ксилолит:** Магнезиялық байланыстырушы, ағаш ұны және үгінділері қоспасынан жұқа дисперсті минералды заттар мен сілтіге төзімді пигменттер қосылып жасалатын жасанды құрылыс материалы.

3.1247 **Күмбез:** 1) бөлмелердің жайғасымында дөңгелек, эллипті немесе көп бұрышты жабатын, ғимараттар мен имараттардың дөңес жабынды кеңістікті құралымы; 2) геологияда - қабатты магматикалық жыныстардың, тұздардың ж.т.б. жату пішіні.

3.1248 **Вспарушты күмбез:** Өзара ортогоналдық жазықтықпен төрт тік жартылай сфералық кесумен жасалған күмбез.

3.1249 **Металды күмбез:** Жоғарғы үсті меридиан мен параллельді қисық үстілердің келбетімен анықталатын дөңгелек, эллипті және көпбұрышты түрде дөңес кеңісті төсеуге арналған құрылым. Құрылыста тік біліктің доғасының айналымында меридианды айналумен орналасқан сфералық күмбез қолданылады.

3.1250 **Көп қырлы қабырғадағы күмбез:** Цилиндрлік құрылымға тірелетін күмбездік төсем.

3.1251 **Жатық (жайпа) күмбез:** Көтеру найзасы табанның шеңбер радиусының жартысынан кіші күмбез.

3.1252 **Торлы (ағаш) күмбез:** Негізгі салмақ түсетін нышандары ағаш нышандар (арқау немесе жалпақ тілік) болып табылатын күмбез, оның үсті геометриялық торлы көз түрде құрастырылған.

3.1253 **Кескі күмбез:** Жартылай сферасының жоғарғы сегменті жазық жатығымен кесілген күмбез.

3.1254 **Шам күмбезі:** Жарықтұнықты материалдан жасалған зенитті қайралған күмбезді шам нышаны.

3.1255 **Қапты күмбез (ағаш):** Негізгі салмағы түсетін құрылымының қабы тақтай төсемі мен меридиандық аркаларынан (қабырғалардан) тұратын күмбез.

3.1256 **Курватура (әсемиіндеме):** Сәулет бейнелілігін нығайту және оптикалық қатесін жою үшін қолданылатын ғимараттың түзу желісінің бөлігіндегі бояма, болар-болмас көрінетін қисығы (ғимаратты ракурспен қабылдауда).

3.1257 **Курвиметр:** Кестелерде, карталар мен топографиялық пландарда қисық кесіндерде және иректі сызықтарының ұзындығын өлшеуге арналған аспап.

3.1258 **Кювет:** Жол бетінен және қиябетінен суды ағызуға арналған қаптал ақаба су арығы.

3.1259 **Кюветқазғыш (арыққазғыш):** Темір жолдар мен автожол шұңқырларында, таулы және бойлы су тартқыштарда, мұнай және газ құбырларында, ауылшаруашылықта суару арнасы мен құрғату арналары мен басқа кюветтерді тұрғызуға арналған жер қазу машинасы.Кюветқазғыштың негізгі түрлері: соқалы, көпшөмішті кәсіби жұмыс органды экскаваторлар.

3.1260 **Кюветтер:** Жер төсемдерінің табанының бойында тікелей орналасқан шеткі су тартқыш орлар.

3.1261 **Кәріз:** Жер асты суларын жинап, жер бетіне шығаруға арналған ғимарат.

3.1262 **Құрылыс лабораториясы (зертханасы)**: Құрылыс материалдары мен құралымдарын қажетті сынақтан өткізетін құрылыс бөлімшесінің құрамындағы мекеме немесе бөлім.

3.1263 **Қар көшкіні:** Тұтас күйінде (ылғал көшкіндер) немесе бытыранды қар күйіндегі (құрғақ көшкіндер) тау бөктерлерінен құлап немесе сырғып түсетін қар массаларының жинақталған қозғалысы.

3.1264 **Лазер қауіпсіздігі:** Лазерді (лазер құрылғыларын) пайдалануда персоналдың қауіпсіз жұмыс жағдайын қамтамасыз ететін техникалық, санитарлық-гигиеналық және ұйымдастыру шараларының жиыны.

3.1265 **Лазермен пісіру (металл пісіру):** Лазер сәулесінің энергиясы пайдаланылатын жылуда ерітумен пісіру.

3.1266 **Лазерді-қауіпті зона:** Ұйғарынды деңгей шегінен асатын лазер сәулелендіру деңгейінің кеңістік бөлігі.

3.1267 **Лактар:** Мөлдір қорғаныш және декоративті қабаттар жасау үшін немесе түрлі материалдарға электрлік ажыратушыны сіңдіру үшін, сондай-ақ эмаль сырларды, тегістеушілерді, тығындаушыларды дайындауға қолданылатын қабық жасаушы заттардың органикалық еріткіштердегі ерітіндісі.

3.1268 **Сырлы лак қорғаныш қабаты:** Қорғанатын бетпен адгезивті байланысқан бір немесе бірнеше қабаттан тұратын құрылыс бұйымының немесе құралымының бетіндегі сырлы лак қабаты.

3.1269 **Ландшафт (көрініс):** Өзара қатынасатын табиғи немесе табиғи антропогендік және өте төмен таксономикалық рангтен (төңіректен) тұратын аумақтық жүйе.

3.1270 **Антропогендік ландшафт:** Адамның мақсатты қарекеті салдарынан, сондай-ақ табиғи ландшафтыны әдейілемей өзгертуі барысында пайда болған жасанды компоненттері:өнеркәсіптік және азаматтық құрылыстар мен ғимараттар, терриконда р, карьерлер, жасанды суқоймалары мен т.б.

3.1271 **Жасанды ландшафт:** Сәулетшінің жобасы бойынша жасалған ландшафт.

3.1272 **Қоныс ландшафты (қала, ауыл қоныстары):** Антропогендік, көбінеше мәдени ландшафт, содан немесе өзге табиғи негізінің өзгеру деңгейі елді мекен көлемінен, өнеркәсіп өндірісінің, көлік және басқа факторлардың бары мен бейіміне байланысты.

3.1273 **Табиғи ландшафт:** Жаралуы мен тарихи дамуы бойынша біртекті, бірыңғай геологиялық іргетасымен, ұқсас рельефімен, жалпы ауарайымен, ұқсас гидрологиялық жағдайымен, қыртысы мен биоценозы бар табиғи аума

3.1274 **Ауылшаруашылық ландшафт (Агроландшафт):** Технологиялық нышандары бар (жолдар, құрылыс) әсіресе егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын антропогендік ландшафт.

3.1275 **Қалалану (кенттену) ландшафты (шегіне жеткен антропогенезділген):** Табиғи құрамдарының қысқаруы және олардың техногендермен ауыстырылуы қала мекендерінің интенсивті дамуына тән ландшафт.

3.1276 **Ландшафтық сәулет:** Адамзат игерген аумақтар мен елді мекендерді, сәулеттік кешендер мен имараттарды табиғи ландшафтымен үйлестіру өнері.

3.1277 **Латекстер (сұйықтық):** Полимерлердің судағы дисперсиясы. Латекстердің түрлері: табиғи - сүт тәрізді сұйықтық түріндегі каучукты өсімдіктердің шырыны; жасанды - эмульсиялық полимерлендіруде болатын кейбір пластик немесе каучуктердің судағы дисперсиясы; жасанды - судағы полимер ерітіндісінің эмульгациясымен алынатын дисперсиясы; әдетте бұл үшін ерітіндіде полимеризациялаумен синтез жасаумен - бутил-каучук, изопренді каучукты пайдаланылады.

3.1278 **Латерна:** Күмбез жабынын бітіретін сәулелі ойық.

3.1279 **Жүкарба:** Тарту күші иілгіш элемент (арқан, шынжыр) арқылы қозғағыш барабаннан берілетін механизм. Жүкарба түрлері: барабанды, арқан жүргізетін шкивтері бар, шпильдік.

3.1280 **Легенда (түсіндірме сөздер) (сәулетте):** Картаға, жоспар мен жоба сызбаларына түсінік беретін сөздер. Мекен-жайларды, көпірлер құрылысының өлшеуін ж.т.б. көзбен шолу түсірмелерінде, мисалы, түсіндірме жазбалар түрде құжат шетінің бос жерінде қосымша орналасуы мүмкін.

3.1281 **Қосындыланған болат:** Әртүрлі санда арнайы элементтері мен тектер қосылған (никель, хром, титан, ванадий ж.т.б.) оның құрамын өзгертетін немесе марганец пен кремний қоспасы көбірек болат.

3.1282 **Қосындыланған элементтері бар болат:** Болатқа арнайы белгіленген санда көміртек және басқа элементтер қорытпасын қосады. Қорытпа құрамында көміртектен басқа марганец, кремний, қосалқы элементтер болады. Мұндай болатты көміртекті болат деп атайды. Болат сапасын арттыру үшін, қорытпа құрамына арнайы элементтер қосылады. Мұндай қорытпа легирленген болат деп аталады.

3.1283 **Жеңіл қорытпалар:** Жеңіл металдар (алюминий, магний, титан және бериллий) негізінде жасалған тығыздығы төмен құралымдық материалдар. Жоғары меншікті беріктігімен сипатталады.

3.1284 **Жеңіл бетон:** Көлемдік массасы 1800 кг/м^3 кем бетондардың үлкен тобының жалпы атауы. Оған кеуекті толтырушылардан жасалған бетондар мен ұялы бетондар жатады.

3.1285 **Жеңіл толтырғыш:** Демеулік тығыздығы 2000 кг/м^3 (2,00 Мг/м^3) аспайтын немесе үймелік тығыздығы 1200 кг/м^3 (1,20 Мг/м^3) аспайтын минералды толтырғыш.

3.1286 **Жеңіл керамзитті толтырғыш:** Минералды топырақтың қыздыруда күп болып кебуінде алынатын қиыршық ішкі құрамымен жеңіл қиыршық оқшаулау материал.

3.1287 **Жеңіл ерітінді:** белгіленген мәнінің шегінде қатып қалған құрғақ қалпында құрамының тығыздығы бойынша таңдалатын ерітінді.

3.1288 **Жеңіл түсіріп тасталатын құрылымдар:** Жарылыстарда адам қауіпсіздігін, құрылымдар мен жабдықтардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатымен қысымды төмендетуге арналған ғимараттың, құрылғылардың (немесе олардың бөліктерінің) арнайы сыртқы қоршауының құрылымдары.

3.1289 **Мұз кесуші:** Бөгеттер мен көпірлердің тіректерін мұз кету кезінде мұзбен зақымдалудан қорғау және мұздың кептелуінің алдын алу үшін оларда орнатылған жеке құралым немесе қондырғы.

3.1290 **Мұз түсіруші, мұз түсіруші имарат:** Жоғарғы бьефтен төменгі бьефке мұз өткізілетін (түсірілетін) су төккіш бөгеттің бөлігі.

3.1291 **Ленталық конвейер:** Барлық ұзындығы бойынша стационарлы роликті тіректерге тірелетін, жүк тасушы және бір мезгілде тартушы органы болып тұйықталған иілгіш лента қызмет ететін, үздіксіз жұмыс істейтін тасымалдаушы қондырғы.

3.1292 **Құрылыс мінбесатылары:** Көбінесе ғимараттың (имараттың) сырт жағында қажетті биіктікте жұмысшыларды, аспаптарды, материалдарды құрылыс және жинақтау жұмыстарын жүргізу үшін орнатылатын уақытша құралымдар.

3.1293 **Ағаш материалдар:** Табиғи физикалық және химиялық құрамы сақталған ағаш материалдар.

3.1294 **Ағаш кесуші рама:** Бөренелер мен ағаш келтектерін ұзынынан кесуге арналған станок.

3.1295 **Таяқсаты:** Сатыларын бұру арқылы таяқтары жиналатын өрт сөндіруге арналған қол саты.

3.1296 **Жаздық бөлмелер:** Пәтерлердің (үйлердің) жалпы ауданына төмендету еселеуіштерімен енгізілетін балкондар, лоджиялар.

3.1297 **Лещадь:** Домна пешінің, вагранканың және тағы басқа шахталық металлургиялық пештердің едені (түбі).

3.1298 **Нөсерлі кәріз (жауын кәрізі) (суағарлар):** Елді мекен немесе кәсіпорын аумақтарынан жауын және қар еру суларын қабылдау және бұруға арналған құрылғылар.

3.1299 **Нөсербұру:** Ағын суларды жауын түсулерден қабылдауышқа бұруға арналған құбыр.

3.1300 **Нөсерағар:** Су объектісіне есеп санынан көбірек жаңбыр ағын суларды автоматикалық жіберуге арналған құрылғы.

3.1301 **Нөсерағу (жауын қабылдайтын) құдықтар:** Жер үстіндегі ағын сулар мен атмосфералық жауындарды нөсер кәрәздік жүйесіне қабылдауға аранлған камера немесе шахта.

3.1302 **Кіру алаңшасының сызғышы:** Басқыш төсемі мен жалды өзара түзетуге арналған кіру алаңшасының бөлшегі.

3.1303 **Құрылыс салуды реттеу сызықтары:** Ғимараттар мен құрылыстардың сыртқы бейнесін орналастыруда жүзеге асырылатын шартты шекарасы.

3.1304 **Линолеум:** Еденге төсеуге арналған орамадағы полимер материал.

3.1305 **Табақ құралымдар:** Табақ металдан жасалған құралымдар.

3.1306 **Лифт:** Кабинасы немесе платформасы қоршалған шахтада қатты бағыттаушылар бойынша вертикал қозғалыстағы тоқтап жүретін стационарлы көтергіш.

3.1307 **Лифт холы:** Лифтке кіретін есік алдындағы бөлме.

3.1308 **Лоджия:** Жазғы уақытта демалуға және күн көзінен қорғануға арналған, жайғасымында үш жағынан қоршалып жабылған сыртқы кеңістікке ашық бөлме.

3.1309 **Ложок (бүйір):** Кірпіштің қалану табанына тік орналасқан кірпіштің немесе басқа бір бұйымның ең үлкен бүйір беті.

3.1310 **Лонжерон:** Көптеген инженерлік имараттар мен машиналардың негізгі күш элементі. Әдетте қимасы қорапты немесе двутавр болып келетін сырғауыл түріндегі ең көп күш түсетін жерлері күшейтіліп жасалады.

3.1311 **Сәулеттегі жауырындық:** Ғимараттың қабырғасындағы негізі және капителі жоқ вертикаль кертеш, қабырғаны ритмикалық мүшелеудің негізгі құралдарының бірі.

3.1312 **Науалық еңіс:** Дана және сусымалы жүктер өз ауырлық күші әсерінен қозғалатын жиектері бар көлбеу жазықтық түріндегі қарапайым тасымалдау құрылғысы.

3.1313 **Науа:** 1) тұйықталмаған көлденең қималы, сұйық тегеурінсіз жылжитын суағар, 2) жүктер өз ауырлық күші әсерінен қозғалатын жиектері бар көлбеу жазықтық түріндегі қарапайым тасымалдау құралы.

3.1314 **Сәулеттегі люнет:** Ғимараттың тоғыспасы немесе қабырғасындағы астынан горизонталды шектелген дарбазалық ойық.

3.1315 **Люфт-клозет:** Үй ішіндегі жерасты шұңқыры бар жылы әжетхана, онда дәрет ағымдық (фандық) құбыр арқылы барады, желдету жылыту қондырғыларының жанындағы арнайы люфт-канал арқылы жүзеге асады, шұңқырдың қақпағы сырт жақта орналасады.

3.1316 **Магистраль:** 1) қатынас жолдарының басты бағыты, негізгі желісі; 2) қарқынды көлік қозғалысы бар үлкен қаланың кең көшесі; 3) телеграф және телефон желілеріндегі басты кабель, электр тасымалдау желісі; 4) канализация, сумен және жылумен жабдықтау желілеріндегі басты құбыр.

3.1317 **Бетонның магнезиалдық тоттануы:** Цемент тасының магнезиалдық тұздар ерітінділерімен өзара әрекеттесуі нәтижесінде бетонның тоттануы.

3.1318 **Көркемқыш:** Тығыз қалайы, стронцийлі және қорғасын зертаспен жабындалған табиғи бояулы қыштан күйдіріп жасалған керамикалық бұйымдар.

3.1319 **Макет:** Жобаланған нысанның (бұйымдардың, ғимараттың) нақты көлеміне қатысты шартты материалдардан натуралды, кішірейтілген немесе үлкейтілген масштабпен жаңғыртылуы.

3.1320 **Сырлау жұмыстары:** Бояу құрамдарын бөлмелердің қабырғаларына, ғимараттар мен имараттар құралымдарының ішкі бетіне сулы және сусыз негіздердегі пигменттер мен сұйық байланыстырғыштарды, сондай-ақ көмекші қоспаларды қолдану арқылы жағу.

3.1321 **Мансарда:** Әдетте тұрғынжай және шаруашылық мақсаттар үшін қолданылатын төбе астындағы шатыржай.

3.1322 **Бақша үйінің мансардалық қабаты (мансарда):** Бос шатырасты кеңістігінде бөлмелер орналастыруға арналған қабат.

3.1323 **Материалдардың маркасы:** Әдетте материалдың негізгі пайдалану сипатамасы немесе басты қасиеті бойынша (мысалы, материалдың сығымдалғандағы беріктігіне, қаттылығына сәйкес келетін сан) немесе басты қасиеттер кешені бойынша тағайындалатын шартты көрсеткіш.

3.1324 **Құрылыс материалдарының маркасы:** Негізгі пайдалану сипаттамасы бойынша немесе материалдардың басты қасиеттерінің кешені бойынша техникалық нормалар арқылы белгіленетін көрсеткіш.

3.1325 **Майлы бояулар:** Пигменттердің (немесе олардың қоспаларының) жүзгіндері және олифтердегі толтырғыштар.

3.1326 **Майлы лактар:** Органикалық еріткіштердегі кепкен және жартылай кепкен өсімдік майларының, олифтердің және табиғи шайырлардың ерітінділері.

3.1327 **Мастикалар:** Әдетте ұсақталған толтырғыштары бар қоспалармен органикалық тұтқыр заттың пластикалық қоспасы түрінде құрылыста қолданылатын материалдар.

3.1328 **Діңгек:** Іргетасқа тіреліп, кере тартылған анкерлік құрылғылармен бекітілген, тартпалармен тік ұсталған оқпаннан жасалған имарат.

3.1329 **Шамшырақ:** Кемелерге навигациялық бағыт беру үшін қызмет ететін жарық көзі бар имарат.

3.1330 **Жеке қорғаныш медициналық жабдығы (ЖҚМЖ):** Төтенше жағдайлар көзінің зиянды факторларының адамға тигізер әсерінің алдын алуға немесе әлсіздендіруге арналған медициналық препарат немесе бұйым.

3.1331 **Фермааралық қабат:** Бірқабатты ғимараттарды жабындау немесе көпқабатты ғимараттарды қайта жабындауда фермалардың құралымдық биіктігі шегінде орналасқан өндірістік ғимарат қабаты.

3.1332 **Мезонин:** Тұрғын үйдің ортаңғы бөлігінің үстіне салынатын жай үсті салынымы (көбінесе балконмен).

3.1333 **Бор:** Ұсақ сынықтар мен микроағзалардың толыққальцитті қаңқаларынан тұратын ұсақ түйіршікті аз цементтелген жұмсақ ақ әктас.

3.1334 **Жарғақ:** 1) кескіні бойынша әр түрлі қысымдағы екі жолақты біріктіруге арналған немесе тұйық жолақты ортақ көлемнен бөлу үшін қысым өзгерісін сызықтық орналастырудағы қайта жасауға арналған немесе керісінше жағдайларда бекітілген жұқа иілгіш үлдір немесе табақша; 2) серпімділік теориясындағы мембрана - кескіні бойынша

бекітілген жұқалығы шектеусіз табақша, беттің тік бағытындағы серпімділік модулі нөлге тең; 3) құрылыс механикасындағы мембрана - көтергіш құралым ретінде қолданылуы мүмкін серпімділік жүйе.

3.1335 **Мемориалдық ансамбль:** Құрбан болған батырлар, көрнекті қайраткерлер құрметіне арналған сәулеттік көркемдік кешен. Мемориалдық ансамбль сәулеттік ұйымдасқан кеңістікте ғимараттарды, монумент скульптураларын, сурет, жазу өнерлерін біріктіреді.

3.1336 **Цемент шығынының жергілікті элементтік нормасы:** Аталған өндірісте қолданылатын орташаландырылған нақты сапа материалдарынан қабылданған технология бойынша тапсырылған сападағы 1 $м^3$ бетон дайындауға қажетті цементтің таза шығыны.

3.1337 **Құрылыс құралымдарының металдандырылған қорғаныш жабыны:** Құралым мен оның элементтерінің қорғалатын бетіне балқытылған металды жалату жолымен алынған қорғаныш жабын.

3.1338 **Металл құралымдар:** Ғимараттардың көтергіш қаңқаларында және өзге де инженерлік имараттарда, аралықтары үлкен жабындарда, қабырға және төбе тақталарының қаптамаларында қолданылатын құрылыс құралымдары.

3.1339 **Металл көпір:** Көбінесе көміртекті ыстық қалпында иленген немесе төмен легирленген болаттан және әдетте, бетон мен темірбетоннан тіреуіштері мен аралық құрылымдары бар көпір.

3.1340 **Металлқатпар:** Қалыңдығы 0,05-1 мм бір немесе қос жақты полиолефиндерден, полиамидтерден полимерлі жабыны бар қалыңдығы 0,3-1,2 мм металл (болат, алюминий және оның қорытпалары) табақтан жасалған құралымдық материал.

3.1341 **Металл полимерлер, металмен толтырылған пластиктер:** Ұнтақ түріндегі металл толтырғыштан тұратын, әдетте термопластар, синтетикалық шайырлар мен каучуктер негізінде жасалған материалдар.

3.1342 **Метатенк:** Ауа жеткізбей жасанды қыздырумен ашыту арқылы тұндырғыштарда бөлінетін ақаба сулардың тұнбаларын залалсыздандыруға арналған имарат.

3.1343 **Ағын сулардың тұнуына метантенк:** Көтеріңкі температурада жоғары концентратты ағын сулардың тұнуын анаэробты ашытуын жылдамдату үшін қолданылатын құрылғы.

3.1344 **Метеорологиялық жағдайлар (бөлмеде):** Ауаның үш параметрінің тіркесуі: жұмыс зоналарында өндірістік бөлменің микроклиматын анықтайтын салыстырмалы ылғалдығы мен қозғалғыштығын, температурасын.

3.1345 **Метеорологиялық элементтер:** Ауа райының жағдайын көрсететін, атмосфера жағдайының тікелей байқалатын сипаттамалары, мисалы: ауаның температурасы, ылғалдылығы, желдің жылдамдығы және бағыты, атмосфералық қысым, жауған жауын-шашынның мөлшері.

3.1346 **Метлах тақталары:** Көбінеше едендерді төсеуге арналған берік және мықты қаптайтын (өңдегіш) заттар; топырақты қысумен және әр түрлі сүретімен кейінгі күйдірумен дайындалады.

3.1347 **Әдіс:** 1. Мақсатты есептерді шешуде операциялар мен амалдар жиынын зерттеу, іздеу, құру, негіздеу әдістерін пайдалану; 2. Бірденені жүзеге асыру, біреуге немесе бірденеге әсер ету амалын пайдалану.

3.1348 **"Қабырға топырақта" әдісі:** 1. Терең ірге тас және кигізілген құбырлардың немесе тиксотроптық топырақ суспензиясының қорғау астында олардың конструктивті элементтерінің құрамалы элементтерін құйып бекітумен немесе су астындағы бетондаумен кейінгі көркемдеумен салмақ түсетін жер асты құрылымдардың немесе фильтрацияға қарсы функциялары арқылы жер қазбаларының (траншея, жарықтар немесе үңғымалар) құрылғылар технологиясы; 2. Алдын ала шұңқыр қазандардың ашуынсыз құрастыру немесе салмақ түсетін немесе артық гидростатикалық және гидродинамикалық қысымдары есебіне тиісті қазбалардың қабырғаларындағы уақытша бекітулердің тиксотроптық топырақ суспензиясының қорғануымен ұңғымаларда немесе жердегі тар траншеяларда фильтрацияға қарсы функцияларымен монолитті жер асты құрылымдары тенологиясы.

3.1349 **"Тандем" әдісі (ультрадыбысты бақылау):** Екі немесе одан да көп еңіс жаңғыртушыларды пайдалануда негізделген әдіс, әдетінше құлау бұрышы айырмасыз. Жаңғыртушылар бір жаққа бағытталған, олардың акустикалық осьтері бір жазықтықтағы бақылау объектілерінің үстіне перпендикулярды, әрі жаңғыртушылардың біреуі сәулелендіруде, басқасы - ультрадабысты энергияны қабылдауға пайдаланылады. Әдістің негізгі бағыты - бақылау объектілерінің үстіне перпендикулярды ақауларды табу.

3.1350 **Власов-Канторовичтың әдісі:** Лагранж қағидатында негізделген В.З.Власовпен бір жылда қисынға келтірілген жұқа қабырғалы кеңістік жүйелерге қатысты, ал Л.В. Канторовичпен - майысатын пластинкаларға қатысты. Қарапайым дифференциалды теңдеу жүйелерге қарастырылатын құрылыс механикалардың есебін аудару қолданбалы (континуальды) әдіс.

3.1351 **Деформация (ауыспалылық) әдісі:** Бұл мөлшерден құрылған топтар немесе мұнда негізгі белгісіздер ретінде желілі және бұрышты түйіндердің ауысуының ерікті салмағынан статикалық анықталмайтын жүйелерінің элементтеріндегі күш анықтау әдісі. Түзу осі бар статикалық анықтау арқалықта шығатын реакциялар түзу біліктері бар рамалар үшін деформация әдісін қолдануда қосалқы шамасы ретінде пайдаланылады. Бұл реакциялардың шамалары күш әдісімен табылуы мүмкін.

3.1352 **Жер қалыңдығын анықтау үшін көлемін ауыстыру әдісі:** Сыналатын жер қабатынан қажетті көлемде сынақ алынады, оны белгілі тығыздығымен біркелкі салаға жер сынамасының салмағын оның көлеміне қатысын анықтауда ауыстырады.

3.1353 **Сынау әдісі (өнімді):** Белгіленген принциптер мен сынау құралдарын қолдану ережелері.

3.1354 **Бақылау әдісі:** Белгіленген принциптер мен бақылау құралдарын қолдану ережелері.

3.1355 **Үйлестіру әдісі (табанның деформациясын өлшеу):** Ғимараттың (құрылғының) қисаюын өлшеу әдісі, мұнда объект айналасын жабық полигронометрикалық жүруді төсеу мен үш немесе төрт тұрақты бекітілген ғимараттың, құрылғының орындарының жақсы көрінетін координаттарын әр белгіленген уақыт

аралығынан кертілген таңбамен координатын санап шығарады. Координаттардың айырмашылығынан байқау циклдер арасынан қисаю мөлшері мен оның бағытын табады.

3.1356 **Бұзбау байқау әдісі:** Объекттің қолдануға жарамдығы бұзылмаудың бақылау әдісі.

3.1357 **Бояу әдісі:** Боялатын бетіне лак және бояу материалын жағу амалы.

3.1358 **Бөлек бағыттардың әдісі (табанның деформациясын өлшеу):** Уақыты бойынша тірек белгілерінен маркаларға дейін аралықты және жазықтық бұрыштың өзгеруін өлшеу арқылы деформациялық маркалардың ауытқуын анықтау әдісі.

3.1359 **Шектік қалып әдісі:** Шектік қалып түсінігімен негізделген құрылыс құрылымдарын жобалау әдісі. Шектік қалыптар (Ш.қ.) жұмыс өндірісінде (салуда) құрылым, табан, ғимарат (құрылғы) бүтіндей берілген пайдалану талаптарды қанағаттандыруды қоятын жағдай ретінде анықталады. Ш.қ. екі топқа бөлінеді. Біріншісі құрылым, табан, ғимарат (құрылғы) бүтіндей берілген пайдаланудың толық жарамсыздығына немесе толық (жартылай) ғимарат (құрылғы) салмақты көтеру жарамсыздығына әкелетін Ш.қ. кіргізеді; екіншісі - құрылымдың немесе табандың әдетте пайдалануын қиындататын немесе ғимараттың (құрылғының) ескерілген пайдалану мерзімімен салыстырғанда төзімділігін төмендететін Ш.қ. кіргізеді

3.1360 **Үлкейтіп көрсету әдісі (геодезиялық жұмыстар):** Объекттің екі өзара перпендикулярды осьтарында тіреу белгілері қойылатын, олардан теодолитпен көбірек көрінетін жоғарғы жерін басқа ғимараттың (құрылғының) астында жазықты орнатылған палеткаға (рейкаға) үлкейтіп көрсететін ғимараттың (құрылғының) қисаю есебінің әдісі. Палеткада уақыт аралығында тіркелген жерлердің қатары жазықтыққа жоғарыда бақыланатын жерінен орталық траекторияның проекциясын көрсетеді.

3.1361 **Бұзуды бақылау әдісі:** Объекттің пайдалануға жарамдылығының бұзылуының мүмкіндігін бақылайтын әдіс.

3.1362 **Қию әдісі:** Оймен заттың жазықтығын немесе үстін кесу және осылайша, заттың қарау бөлігіне қатысты ішкі күшін сыртқы сияқты көруге мүмкіндік беретін оның ішкі күшінің барын белгілеуге мүмкіндік беретін әдіс.

3.1363 **Күштер әдісі:** Ерікті салмақтан элементтерде статикалық анықталмағандық жүйелерден күштері анықталатын әдіс, бұл ретте негізгі белгісіздер басқа артық байланысу күштерге жатады. К.ә. бойынша статикалық анықталмаған жүйелердің есебі осы негізгі жүйені таңдаудан басталады. Негізгі жүйе тапсырылған анау немесе басқа артық байланыстар санынан айырылып шығады. Практикада, көбінеше, аумаған артық байланыс сандарына тең мұндай артық байланыс сандары серпіліп тасталады. Бұл жағдайда, негізгі жүйе геометриялық өзгерілмейтін және статикалық анықталмайтындай болып шығады.

3.1364 **Жармалы байқау әдісі (табанның деформациясын өлшеу):** Ұштары жылжымалы емес тіреу белгілерімен бекітілген жарманың сызығынан ғимаратта (құрылғыда) орнатылған уақытта деформациялық ауытқуларды анықтау әдісі.

3.1365 **Объекттерді "кілтіне дейін" салу әдісі:** Мұндай жұмысты ұйымдастыру тәртібі мердігердің тапсырушы алдында объекттің белгіленген мерзімге жобалауына, салу мен пайдалануға енгізуіне толық жауапты болатынын көрсетеді. Бір ұйымдастыру құрылымда инвестициялық процестердің барлық кезеңін басқару қызметінің жинақталу

негізінде дайын құрылыс өнімдерінің бірыңғай үзіліссіз кешенді дайындау процестері (жобалау - құрылыс және жинақтау жұмыстарын, тенологиялық және инженерлік жабдықтармен құрамдауын қоса алғанда) жүзеге асырылады.

3.1366 **Жұмыс әдісі:** Жұмыс процесін олардың операцияларымен, тәсіл құрамымен сипатталатын белгіленген кезеңділігімен реттелуі мен орындалуын жүзеге асыратын әдіс.

3.1367 **Эйлер әдісі:** Созылмалы деформация шегінде түзу біліктің (түзу білікті жүйелердің) бойлық қысуында (жүйе түйіндердегі салмақ салуында) тұрақтылықтың есеп әдісі.

3.1368 **Әдістеме:** Ұсыныстарды зерттеу кезінде шыққан талдауларды жүргізу, практикада қолдану жүйелі жүргізуге арналған әдістер, амалдар мен тәсілдер жиыны; қимылдар тәртібінің ұсыныстары.

3.1369 **Сынақ әдісі (өнімнің):** Қоршаған ортаны қорғау және техника қауіпсіздігінің талаптарын, нәтижелердің нақтылығын, мәліметтерді беру түрлері мен нақтылығын бағалау, сынамаларды іріктеу, объекттің ерекшелігінің бір немесе бірнеше өзара байланысты сипаттарын анықтау операцияларды орындау алгоритімін, құралдар мен сынау тәсілдерін кіргізетін, орындауға міндетті ұйымдастыру-әдістемелік құжат.

3.1370 **Әдіснама:** Теоретикалық таным мен практикалық қызметті құру принциптері мен әдістер жүйесі туралы ілім. Әдіснама теориядан практикалық тиімді білімге жету жолы мен әдістерге акцент жасаумен бөлінеді.

3.1371 **Сәулет әдіснамасы:** 1. Сәулеттік қызметінің таным және практикалық-қайта жасаушылық ұйымдастыру принциптері мен алдыңғы себебін, тәсілін зерттеу ғылыми білімдер саласы; 2. Сәулеттік қызметінің әр түрлі түрде пайдаланылаты, принциптері мен тәсілдемесінің, амалдары мен әдістерінің жиыны.

3.1372 **Бұзбайтын құрылымдарды бақылау әдісі:** Құрылым элементтерін бұзбаумен диагностикалау физикалық әдістерінің кешені.

3.1373 **Қабылдау әдісі:** Құрылыс нормаларымен міндетті түрде жұмыстарды, өнімдерді, объекттерді орындаудың жүйелілігін және қабылдауын жүзеге асыру мерзімін белгілейтін бөлек принциптер мен құралдарды және оларды сақтау жауаптылығын белгілейтін ережелер.

3.1374 **Басқару әдісі:** Басқару субьектісінің өндіріс процестеріне қатысатын адамдар ұжымына мақсатты түрде әсер етуінің тәсілдері мен құралдары жиынтығы. Бірінші жағдайда Б.ә. тікелей әсер ету әдісі, екіншіден - жанама әдісі болып табылады. Б.ә.-ға еңбек ұжымына тікелей (тура) директивті, сендіру, ынталандыру және ықтиярсыз көндіру әсер ету әдісі жатады.

3.1375 **Жер механикасы:** Жер салмағының (кинематиканың, динамика мен статиканың) бос араларында су мен ауа жүруге жүйріктігі бар материалдық бөлшектер жүйесін айқындайтын механикалық жылжуы зерттелетін механика бөлімі. Ж.м.-ның жер кеуектілігінің барымен байланысты жалпы механика заңдарынан, арнайы заңдарынан басқа физикалық базасы болып табылады.

3.1376 **Бұзу механикасы:** Бұзудың деформациялану (тұтқыр) және аз деформацияланатын (сынғыш) әр түрлі моделдерін қарастыратын және жарылу теориясының ізденулерінің нәтижелері мен заттардың күрделі түрлерінің бұзуларын жобалауын дұрыс түсіндіретін қатты заттардың механика бөлімі. Б.м.-ның жарықтарының

көлемі бірнеше тәртіпке метриалдың құрамдық элементтерінен үлкен қазіргі әдістері әдетте біртекті немесе квазиобіртекті заттарды (саласын) қарастырумен шектеледі.

3.1377 **Құрылыс механикасы:** Құрылғылар беріктікгі, мықтылығы, тұрақтылығы мен шайқалуы есебінің әдістері мен принциптері туралы ғылымы. Қ.м. зерттеуінің негізгі объекттері - жалпақ және кеңістік бойлы пластинкалар мен қабыршақтан тұратын жүйелері.

3.1378 **Құрылысты механикалық жарақтандыру:** Құрылыс-жинақтау жұмыстарының жылдық көлеміне машиналар мен механизмдердің баланстық құнының қатынасы арқылы сипатталатын механикаландыру деңгейінің көрсеткіші.

3.1379 **Еңбекті механикалық жарақтандыру:** Құрылыс-жинақтау жұмыстарындағы жұмысшылардың орта тізімдік санына машиналар мен механизмдердің баланстық құнының қатынасы арқылы сипатталатын механикаландыру деңгейінің көрсеткіші.

3.1380 **Шағын аудан:** Тұрғын үй құрылысы және халыққа күнделікті мәдени-тұрмыстық қызмет көрсететін мекемелер кешені енетін және магистралды әрі тұрғын көшелердің «қызыл» сызықтарымен немесе табиғи шектеулермен қоршалған қаланың (кенттің) қоныстану аумағындағы біріншілік құрылымдық элементі.

3.1381 **Микросейсмикалық аудандарға бөлу:** Елді мекендерде (қалаларда, аудандарда) тәжірибе және бақылау жолымен анықталған сейсмикалық әсерлердің шекарасын белгілеу.

3.1382 **Минералды мақта:** Шыны тәрізді талшықтағы металлургиялық қождар мен кейбір таулы жыныстардың қорытпаларын қайта өңдеуден алынатын жылу оқшаулағыш материал.

3.1383 **Көпшөмішті экскаватор:** Үзіліссіз жұмыс істейтін жер қазу машинасы, оның жұмыс органында тұйық шынжырға орнатылған (шынжырлы экскаватор) немесе топырақты, пайдалы қазбаларды ж.т.б. қазуға арналған доңғалаққа (роторлы экскаватор) бекітілген шөміштер болады.

3.1384 **Жеделәрекетті (жабдықты) ғимарат немесе имарат:** Жиынтық зауыт жеткізілімдерінің ғимараты немесе имараты, құралымы оның орнын ауыстыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

3.1385 **Модель:** Жаңғыртатын немесе еліктеулейтін (көбінесе кішірейтілген масштабтағы) құрылым немесе зерттеу, өндірістік, танымдық не спорттық мақсаттағы кез келген («моделдейтін») нысанның іс-әрекетін үйлестіретін құрылғы, қондырғы.

3.1386 **Модельді-үлгілі әдіс, жобалаудың көлемді әдісі:** Белгілі масштабтағы құрылыс құралымдарының модельдерін, негізгі технологиялық және инженерлік жабдықтарды пайдаланып өндіріс мекемелерінің жобаларын әзірлейтін әдіс.

3.1387 **Модификациялау:** Заттың кейбір белгісін, қасиетін, құбылысын және сапалы басқа қалпын шамданатын өзгерулері мен қайта құрулары.

3.1388 **Ағашты модификациялау:** Ағаштан жасалған заттарды пайдалану жағдайларына қатысты физикалық-механикалық, жылуфизикалық, биохимиялық қасиеттерінің өзгеруіне бағытталған процесс.

3.1389 **Модификацияланған ағаш:** Оның модификациялау процесінде пайда болған физикалық-механикалық, жылуфизикалық, триботеникалық немесе биохимиялық қасиеттерінің өзгеруімен жақсартылған ағаш.

3.1390 **Модификацияланған шайыр:** Тиісті химиялық реакция нәтижесінде жарым-жартылай түрі өзгерілген, химиялық құрамында табиғи материалы бар шайыр.

3.1391 **Бетон серпімділігінің модулі:** Нормалы кернеуі мен тиісті салыстырмалы бойлы үлгісінің осьтік қысуда $\sigma=0,3R_{пр}$ серпінісі шапшаң деформацияланатын пропорционалды коэффициент.

3.1392 **Динамикалық серпімділігінің модулі:** Серпімділік тұрақтығы: нормалы кернеудің динамикалық жүктелу процесінде созылудың бірбілекті деформациясында оның салыстырмалы ұзындығына қатысы.

3.1393 **Қысудағы серпімділігінің модулі (жылуоқшаулауыш құрылыстық материалдар):** Қысу кернеуінің қысу кезде пропорционалдық шекте тиісті деформацияға желілік байланыстылығының барындағы қатынасы.

3.1394 **Қабаттың модульдік биіктігі (қабаттың үйлестіру биіктігі):** Ғимарат қабаттарын шектейтін жазықты үйлестік жалпақтықтар арақашықтығы.

3.1395 **Құрылыс көлемін модульді үйлестіру:** Модульдерді қолдану негізінде ғимараттар мен құрылғылар көлемін және олардың элементтерінің көлемдері мен орналасуларын, құрылыс құрылымдарының, жабдықтар заттары мен элементтерін өзара ұйғару.

3.1396 **Модульді кеңестік үйлестіру жүйесі:** Шартты үш бөлімді жазықтық жүйесі мен олардың негізгі немесе туынды модульдеріне тең ара қашықтығының желілік қиылысуы.

3.1397 **Модульдік тор:** Кеңестік үйлестіру жүйенің бір жазықтағы желілердің жиыны.

3.1398 **Модульдік аралық:** Төсемдердің (итарқалық құрылымдар, "аралыққа" деген тақталары ж.т.б.) немесе жабындар (негізгі арқалықтар немесе ригельдер ж.т.б.) негізгі салмақ түсетін құрылымдар жұмысының бағыттары жоспарда екі іргелес үйлестіру біліктерінің модульдік ара қашықтығы.

3.1399 **Модульдік көлем:** Негізгі немесе туынды модульге еселенген немесе тең көлем.

3.1400 **Модульдік адым:** Төсемдердің немесе жабындардың негізгі салмақ түсетін құрылымдар жұмысының бағыттарына перпендикулярды жоспарда екі іргелес үйлестіру біліктерінің модульдік ара қашықтығы.

3.1401 **Кемертірек:** Тәж ернеуді көтеріп, шығыңқы тақтаны ұстап тұратын кронштейннің түрі, сәулеттік бөлшек.

3.1402 **Найзағайдан қорғау, жайдан сақтану:** Найзағай тура түсу кезіндегі зақымданулардан ғимараттар мен имараттарды, электр құрылғыларын сақтайтын техникалық құралдар мен іс-шаралар кешені.

3.1403 **Найзағайтартқыш, жайтартқыш:** Ғимараттарды және өнеркәсіптік, көліктік, коммуникациялық, ауылшаруашылық ж.т.б. құрылымдарды найзағайдың тура соққыларынан қорғауға арналған құрылғы.

3.1404 **Тоқпақ:** 1) металдық дайындамаларды пластикалық деформациялау үшін соқпалы әрекет машинасы; 2) металдарды шыңдауға арналған қол құралы (кішкентай балғаларды қол балға, ал үлкендерін - ауыр балғалар деп атайды).

3.1405 **Балға:** 1) соғу жұмыстарына жұмыс істейтін бас тиек пен саптардан тұратын қол құралы; 2) электрлік, пневматикалық немесе гидравликалық тартпасы бар жұмыс құралының үдемелі қозғалысымен соқпалы әрекеттің қол машинасы.

3.1406 **Инженерлік геологиядағы мониторинг:** Бірыңғай жүйе, оған мыналар енеді: нысанды салу және пайдалану кезеңіндегі инженерлік-геологиялық процестерге, инженерлік қорғаныш тиімділігіне, имараттар мен аумақтардың жағдайын құрылыс жүргізгенде кешенді бақылау; бақылау, есептерді және модельдеу нәтижелерін талдау, инженерлік қорғауды күшейту, имараттардың құралымдарын жетілдіру ж.т.б. жөніндегі ұсынымдар; имараттардың сенімділігін қамтамасыз ету және инженерлік қорғау тиімділігін, әлеуметтік-экологиялық зардаптардың алдын алу жөніндегі қосымша іс-шараларды жобалау; белсенді геологиялық қадағалаудағы қосымша іс-шараларды жүзеге асыру.

3.1407 **Геотехникалық мониторинг:** Құрылыс процесінде және объектіні пайдаланудың бастапқы кезеңінде құрылыс құралымдары мен олардың негіздерінің жайкүйін жай көзбен шолу арқылы және аспаптармен бақылау.

3.1408 **Тұтасқұймалы құралымдар:** Құрылыс құралымдарының (негізінен бетонды және темірбетонды), олардың негізгі бөліктерінің стандартты емес ғимараттар тұрғызылған орындарда, сондай-ақ бөлшектелуі қиын имараттарда бірыңғай тұтас (тұтасқұймалы) түрде орындалуы.

3.1409 **Монорельсті жол:** Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік жүйесі, оның жылжымалы құрамы жер бетіндегі тіректерге кейбір биіктікте орнатылған арқалық - монорельс үстімен (ілмелі) немесе астымен (аспалы) жүреді.

3.1410 **Жинақтау:** Инженерлік немесе технологиялық жабдықтар құралымдарына бақылау және автоматтандыру құралдарын, сондай-ақ шикізатты, суды, буды, энергияны ж.т.б. беруді және өндіріс қалдықтарын шығаруды қамтамасыз ететін қатынас жолдарын біріктіру арқылы жобаға сәйкес жинау,орнықтыру және құралымдарды(құралым элементтерін)тұрақты бекіту.

3.1411 **Іріктеп тексерусіз жинақтау:** Жапсарлардағы түйісу беттері, тесіктері, ұялары жоғарғы нақты өңделген құралымдар мен жабдықтарды қосымша түрде орындарын өзгертпей(тексерусіз) іріктеп жинақтау**.**

3.1412 **Жеделәрекетті (жабдықты) ғимаратты, имаратты немесе кешенді жинақтау:** Жазық, желілік және көлемді элементтерді, сондай-ақ ғимарат, имарат немесе кешеннің инженерлік желілерін жинау және біріктіру, жұмыс (контейнерлік типтегі ғимараттар мен имараттар үшін) немесе жобалық (құрамалы-жинамалы үлгідегі ғимараттар мен имараттар үшін) жағдайларында орнату, құралымдар мен әр алуан жабдықтармен, жиһаздарды бекітумен, тіректерде ғимараттар мен имараттар, шикізат, су, бу және энергия беруді қамтамасыз ететін инженерлік-технологиялық жабдықтарды ғимараттарға немесе имараттарға қосумен (негізінде), жерге орналастыру құрылғысы және жеделәрекетті (жабдықты) ғимарат, имарат немесе кешенді дайындау және пайдалануды қамтамасыз ететін басқа да жұмыстарды орындау.

3.1413 **Мәжбүрлі жинақтау:** Кездейсоқ орын ауыстыруларды толық шектей отырып, құралсыз бақылауды тексеретін құрылғыларды қолдану арқылы құралымды (жабдықты) жобалық орнына дәлдеп орнатуды қамтамасыз ететін, құралымдарды (жабдықтарды) іріктеп тексерусіз жинақтаудың бір түрі.

3.1414 **Көлік құралдарын жинақтау:** Құрылыс алаңының жұмыс аумағына белгілі бір уақытта жеткізілетін және жобалық орнына тікелей көлік құралдарынан жобалық ережемен орнатылатын, зауытта даярланған құралымдарды жинақтау әдісі.

3.1415 **Жинақтау құралдары:** Жинамалы құралымдарды құрастыру кезінде пайдаланылатын түрлі құрылғылар, уақытша құралымдық элементтер, құралдар.

3.1416 **Ғимараттың сапалық тозуы:** Тұрғылықты жағдайды, қазіргі заман талаптарында көрсетілетін қызметтердің көлемі мен сапасын анықтайтын негізгі параметрлердің сәйкес еместігін сипаттайтын шама.

3.1417 **Аязға төзімділік:** Көрінбейтін бұзылу белгілерінсіз және беріктігі болымды мөлшерден азайусыз, жиі суға толы жағдайда, бірнеше рет көлденең мұздату мен ерітуді ұстайтын түрлі материалдардың қабілеті.

3.1418 **Көпір:** Қандай да бір кедергілердің үстінен жол салынған имарат.

3.1419 **Көпір төсемі:** Көпірдің аралық құрылымында жылжымалы құрам доңғалақтарынан және оны беретін жүктемелерді тікелей қабылдайтын жоғарғы жол құрылымы болып табылатын темір жол көпірінің бөлігі.

3.1420 **Көпір кран:** Жүкарбасы бар ілмелі немесе тіректі көпір түрінде орындалатын көтергіш кран. Кран(көпір) астындағы рельспен, ал арбашық - арқалыққа көлденең көпірмен (кран үстімен) жүреді.

3.1421 **Көпір өткел:** Жағалаулар мен жол салдарын судың шайып кетуінен сақтайтын, жағалауды нығайтатын имараттар, көпір тесіктері арқылы судың бірқалыпты ағысын қамтамасыз ететін, реттемелі имараттар (негізінен бөгетшелер), өзен тасқындары (жайылмалары) шегінде оған көпірлерді, жол салдарын қосатын инженерлік имараттардың кешені.

3.1422 **Мәрмәр:** Негізінен әктастың қайта кристалдану нәтижесінде пайда болған метаморфикалық тау-кен жынысы.

3.1423 **Жер бетінің сырғу мульдасы:** Жер асты әзірлемелерінің әсерінен сырғуға әкеліп соқтыратын жер беті телімі.

3.1424 **Сыпырынды өткізгіш:** Құбырлар бойынша құрғақ сыпырындыларды жою үшін көпқабатты тұрғын үйлер мен басқа да ғимараттардағы құрылғы.

3.1425 **Асбестоцементті жалғастырғыш:** Асбестоцементті құбырларды біріктіруге арналған цилиндр пішінді бұйым.

3.1426 **Асбестоцементті қысымсыз жалғастырғыш:** Қысымы атмосфера қысымынан аспайтын сұйықтық немесе газ тасымалдайтын құбырларда пайдалануға арналған жалғастырғыш.

3.1427 **Асбестоцементті қысымды жалғастырғыш:** Сұйықтық немесе газды артық қысыммен (атмосфера қысымынан жоғары) тасымалдайтын құбырларда пайдалануға арналған жалғастырғыш.

3.1428 **Жеделәрекетті (жабдықты) ғимараттар мен имараттар жиыны:** Қызметтік мақсаты, типі және оларды пайдаланатын ұйымдардың қалыпты қызметін

қамтамасыз етуге қажетті сыйымдылығы (қуаттылығы ж.т.б.) әр түрлі жеделәрекетті (жабдықты) ғимараттар мен имараттар жиынтығы.

3.1429 **Сына:** Тақтайлар мен білеулер және т.с.с. пакетіне біріктірілетін ағаш құралымдардың бөліктерін бекіту үшін қолданылатын цилиндр немесе басқа пішінді ағаш немесе тұтас металл немесе қуыс шыбық (штифт).

3.1430 **Жүктеме:** Механикалық ықпал, оның өлшемі осы ықпалдың шамасын және бағытын сипаттайтын және ғимараттар мен имараттар құралымдарының және олардың негіздерінің кернеулі-деформациялану күйінің өзгерісін тудыратын күш болып табылады.

3.1431 **Уақытша жүктеме:** Әсер ету ұзақтылығы шектеулі және ғимараттың немесе имараттың қызмет мерзімінің жекелеген кезеңдерінде болмауы мүмкін жүктеме. Уақытша жүктемелер төмендегідей болып бөлінеді: ұзақ мерзімді, олардың есептік мәні ғимараттың немесе имараттың қызмет мерзімінде ұзақ уакыт ішінде байқалады; қысқа мерзімді, олардың есептік мәні ғимараттың немесе имараттың қызмет мерзімінде аз уақыт ішінде байқалады; ерекше, олар өте сирек жағдайларда (сейсмикалық және жарылыс әсері, апаттық жүктемелер ж.т.б.) пайда болуы мүмкін не өзгеше сипатта (мысалы, негіз топырағының бірқалыпты емес деформациясының ықпалы нәтижесінде туындайтын) болады.

3.1432 **Динамикалық жүктеме:** Уақытқа қатысты мәні, бағыты немесе түсу нүктесі жылдам өзгеретін және құралым бөлшектерінде айтарлықтай инерция күштерін тудыратын жүктеме.

3.1433 **Нормативтік жүктеме:** Номиналдық мәні бойынша қабылданған немесе оның пайда болуын қамтамасыз ету шарты тұрғысынан нормативтік құжаттармен белгіленген жүктеме.

3.1434 **Тұрақты жүктеме:** Ғимараттың немесе имараттың барлық пайдаланылу мерзімінде тұрақты әсер ететін жүктеме.

3.1435 **Біркелкі таралған жүктеме:** Бетке немесе оның бөлігіне үздіксіз түсірілетін қарқындылығы тұрақты жүктеме.

3.1436 **Рекреациялық салмақ:** Демалушылардың өлшем мерзіміне келудің өлшем ауданы. Рекреациялық салмақтың шекті ұйғарынды деңгейі - бір маусым аралығында бір мезгілде рекреациялық аумақа өлшем ауданымен өзіндік қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатқан және өсімдіктер дигрессиялық өзгертулерді көрмейтін табиғи кешендерге елеулі зиян келтірмей демалушылардың санын көрсететін мөлшер.

3.1437 **Аулалық әжетхана:** Қазылған шұңқыр үстіне орналастырылатын жеңіл құрылыс.

3.1438 **Сенімділік:** Бұйымның берілген жұмыс режимдері мен пайдалану, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және тасымалдау жағдайлары кезінде белгілі бір шектерде өзінің пайдалану көрсеткіштерін сақтау арқылы белгіленген қызметтерді орындау қасиеті (қабілеті).

3.1439 **Құрылыс нысанының сенімділігі:** Қажетті уақыт аралығында құрылыс нысанының белгіленген қызмет- терді орындау қасиеті.

3.1440 **Мемлекеттік қадағалау:** Құрылыс нысандарын кемшіліктер мен жобадан ауытқуын анықтау мен жою, тиісті мемлекеттік органдарға қарасты мәселелер мен жұмыс

түрлері бойынша жүзеге асыратын нормативтік құжаттар мен стандарттардың талаптарын сақтау мақсатында қадағалау.

3.1441 **Техникалық қадағалау:** Орындалған құрылыс-жинақтау жұмыстарын қабылдау қызметтерін қоса алғандағы тапсырыс беруші тарапынан жүзеге асырылатын құрылыстың жүргізілуін қадағалау.

3.1442 **Жерүсті арқанды жолы:** Арқанды тартымы бар көлік имараты.

3.1443 **Ығысу мульдасындағы интервалдар көлбеулері:** Мульданың көрші екі нүктесі отыру айырмасының олардың арақашықтығына қатынасы.

3.1444 **Жақтау:** Терезе ойығын сәндік жиектеу.

3.1445 **Шайылмалы бөгет:** Топырақ сорғыларының көмегімен топырақты шаю арқылы (пульпа түрінде) салынған топырақты бөгет.

3.1446 **Полимер материалдардың толтырғыштары:** Өңдеуді жеңілдету, қажетті пайдаланылу қасиеттерін беру мақсатында пластмасса, резеңке, бояулар, желімдердің құрамына енгізілетін (негізінен түйіршікті және талшықты) заттар.

3.1447 **Гидравликадағы арын:** Ағынның берілген нүктедегі сұйық ағынының меншікті энергиясын (салмақ бірлігіне шаққандағы) көрсететін шама.

3.1448 **Су құятын арынды резервуар:** Су құбыры желісінде арын тудыруға арналған су құятын резервуар.

3.1449 **Ерітіп дәнекрленетін құрылыс материалдары:** Битум полимерларымен модификацияланған шатырлы материалдар. Желімдеу мастикаларды талап етпейді.

3.1450 **Кернейтін цемент:** Портландцементті клинкерді (65%), глиноземдік цементті немесе жоғары глиноземдік цементті (2О %) және табиғи гипсті (15%) бірге майдалау арқылы алынатын жылдам ұстасатын және жылдам қатайатын цемент.

3.1451 **Арматурадағы бақыланатын кернеу:** Алдын-ала кернелген құралымдардың кернелетін арматурасындағы кернеудің есептік шамасы.

3.1452 **Механикалық кернеу:** 1) дененің деформациялануы кезінде (имараттар мен машиналардың элементтерінде) пайда болатын ішкі күштердің өлшемі; 2) құралым элементтерінде сыртқы жүктемелердің әсерінен туындайтын ішкі күштердің өлшемі.

3.1453 **Қадам кернеуі:** Ток тізбегінің бір-бірінен бір қадамдық жерде орналасқан екі нүктеде бір мезгілде адам тұрған нүктелерінің арасындағы кернеу.

3.1454 **Қалдық кернеу:** Материалда немесе бұйымда уақыт аралығында сақталып қалатын ішкі кернеу.

3.1455 **Сыртқы өрт баспалдағы:** Өрт сөндіру командаларының жеке құрамын және өрт сөндіру-техникалық құралдарды ғимараттың немесе имараттың төбесіне шығаруға арналған баспалдақ.

3.1456 **Жер бұзулары:** Жердің топырақ жамылғысының бұзылуына әкелетін жердің гидрологиялық тәртібінің, техногендік рельефінің және басқа да жер жайының сапалы өзгеруіне геологиялық қазбаларды, іздену, құрылыс және басқа жұмыстарды орындауда пайдалы қазбаларды өндіруде болатын процесс.

3.1457 **Сорғы станциясы:** Сұйықтықтарды қысыммен тасымалдауға арналған имараттар, машиналар және құрылғылар кешені.

3.1458 **Төсем:** Тіреуші көтергіш құралымдарға (қабырғаларға, беларқаларға, арқалықтарға, жүгіртпелерге) көлденең орнатылған және көпқабатты ғимараттарда еден

орнатуға, шатырды, көпірлердің жүретін бөліктерін, өндірістік цехтарда технологиялық жұмыс алаңдарын орнатуға ж.т.б. арналған ғимараттың аражабын немесе жабын элементі.

3.1459 **Үйілген және салынды жерлер:** Адам әрекетінің нәтижесінде пайда болған жасанды жерлер.

3.1460 **Үйме:** Табиғи және (немесе) техногендік жерлерден жасалған, оның шегінде жер төсемі жер деңгейінен жоғары орналасқан инженерлік жер құрылғысы.

3.1461 **Жол үйіндісі:** Автомобиль жолдарының жол төсемесін немесе теміржол жолдарының жоғары бөліктерін орналастыруды қамтамасыз ететін жол бойының әдетте, бедері ойыс жерлерінде, көпірлердің және жол өткелдерінің алдында салынатын топырақ имарат.

3.1462 **Заттай сынақтар:** Объект сипатының ерекшелігімен анықталатын бақылау немесе дәл бағыты бойынша тікелей бағалаумен оның тиісті жағдайымен пайдалану объектті сынау.

3.1463 **Темір арқауды керу:** Темір арқауда бақыланатын керілетін кернеудің алдын ала қуатталған құрылымдарын құру.

3.1464 **Темір арқауды бетонға керу:** Бетон құрылымдардың қатқылдануынан кейін темір арқаудың керу процесі жүзеге асырылуда алдын ала қуатталған керілген құралмалы темірбетондық құрылымдарды дайындау тәсілі.

3.1465 **Темір арқалықтарды тіреуіштерге керу:** Құрылымдарға бетон қую алдында стенд тіреуішінің немесе қалыбының темір арқаудың керу процесі жүзеге асырылуда алдын ала қуатталған керілген құралмалы темірбетондық құрылымдарды дайындау тәсілі.

3.1466 **Ұлттық стандарт:** Стандарттау жөніндегі ұлттық орган қабылдаған стандарт.

3.1467 **Жылжымайтын мүлік:** Жер телімдері, ғимараттар, имараттар, көпжылдық көшеттер және жерге байланысты өзге мүлік, яғни қолданылуына еселеусіз зиян келтірілмей орын ауыстыру мүмкін болмайтын нысандар.

3.1468 **Тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүлік:** Мүлік шекараларында иелену, пайдалану және билік ету құқықтары белгіленген жылжымайтын мүлік, жер телімдері және онымен тығыз байланысты тұрғылықты және тұрғылықты емес бөлмелерден, үй маңындағы шаруашылық қора-жайлардан, көпжылдық даму кезеңдері бар жасыл көшеттерден тұратын тұрғын үйлер; тұрғын үйлер, пәтерлер, тұрғын үйлердегі өзге де тұрғылықты бөлмелер, тұрақты және уақытша тұруға жарамды басқа құрылыстар; имараттар және тұрғын үй саласының инженерлік инфрақұрылым элементтері.

3.1469 **Баспананың тұрғылықты емес (қосалқы) ауданы:** Тұрғын үй ішіндегі қосалқы бөлмелердің (ас үй, шомылатын бөлме немесе іргелес салынған монша, кір жуатын орын, дәретхана, кіреберіс, дәліз, пәтерлік қойма, жылытатын орын және сол сияқты) ауданының қосындысы.

3.1470 **Тұрғылықты емес бөлме:** Тұрақты тұрудан өзге мақсаттарға арналған, оның ішінде қоғамдық мұқтаждықтар және/немесе шағын кәсіпкерлік үшін пайдаланылатын, тұрғын үйге іргелес (іргелес-жалғастыра) салынған жеке бөлме.

3.1471 **Аяқталмаған құрылыс өндірісі:** Тапсырушымен аяқталмаған объекттер бойынша орындалған жұмысқа есеп айырысу жүйелерінің белгіленген тәртіппен

қабылданбаған және төленбеген СМП жұмыстарының сметалық бағасы. А.қ.о. мердігерлік мекеменің балансында қамтып көрсетіледі.

3.1472 **Аяқталмаған құрылыс:** 1. Жүргізуге енгізілмеген және негізгі қорда тіркелмеген, аяқталмаған немесе пайдалануға тапсырылмаған ғимараттар, құрылғылар мен олардың бөлек конструктивтік элементтері тапсырушы мекемемен қабылданған және төленген объекттер бойынша; 2. Құрылыс объектісінде құрылыстық-жинақтау жұмыстары тоқтатылған кезден объектке көп жылға "тыйым салынған" деген көрсеткіш пайдаланылады.

3.1473 **Ақаулық, ақаулы күй:** Бұйымның белгіленген қызметтерді орындау қабілетін сипаттайтын негізгі параметрлеріне қатысты қойылатын бір немесе бірнеше талаптарға сондай-ақ оны пайдалану қолайлылығына, сыртқы түріне, жинақтылығына ж.т.б. сәйкес келмеуіне қатысты бұйымның (құрылғының) күйі.

3.1474 **Салмақ түсірілмейтін панель:** Ғимарат құралымдары (терезе және есік блоктарынан және терезеаралық жеңіл құралымдардан өзге) үшін тірек ретінде қолданылмайтын панель.

3.1475 **Жылытылмайтын бөлме:** Пәтердегі жылыту жүйесі болмайтын (суық қоймалар, сырттағы дәліздер және сол сияқтылар) және пәтердің (баспананың) тұрғылықты емес ауданына қосылатын тұрғылықты емес бөлмелер. Жылытылмайтын бөлмелерге пәтерішілік ауызғы бөлмелер және дәліздер жатқызылмайды.

3.1476 **Мөлдір емес темплет:** Мөлдір емес немесе жарық өткізбейтін материалдан, мысалы, картоннан, болат фольгадан және т.с.с материалдан жасалған темплет.

3.1477 **Су тұтынудың әркелкілігі:** Уақыт аралығындағы су шығынының ауытқуы.

3.1478 **Бұзбай бақылау:** Бұйымдардың және нысандардың сапасы туралы ақпарат алу мақсатында бұйымдар мен материалдарды бұзбай, олардың сипаттамаларын анықтау. Бұзбай бақылау дефектоскопияның өткізуші өрістерді, сәулелерді және заттарды пайдалануға негізделген түрлі әдістерімен қамтамасыз етіледі.

3.1479 **Сәулеттегі әшекейқабырға:** Тоғыспа қабырғаларын бекітетін қашалған сына тәрізді тастардан жасалған арка. Әшекейқабырғалар жүйесі тоғыспа қалауды жеңілдететін қаңқа түзеді.

3.1480 **Тоттанбайтын болат:** Ауада, суда, сондай-ақ кейбір жеміргіш орталарда тоттануға төзімді легирленген болат.

3.1481 **Жанбайтын материал:** Оттың немесе жоғары температура әсерінен жалындамайтын, бықсымайтын және көмірленбейтін материал.

3.1482 **Көтергіш панель:** Ғимарат құралымдары үшін оларға тірек ретінде пайдаланылатын панель.

3.1483 **Типтік емес бұйымдар (құралым, құрылғы, жинақтау блогы):** Технологиялық, энергетикалық, санитарлық-техникалық және өзге жүйелердің жинақтау орындарында (жинақтау ұйымдарының дайындау шеберханаларында) алғаш рет әзірленген және жасалған бұйым.

3.1484 **Сәулеттегі неф:** Созылыңқы бөлме, бағаналардың немесе діңгектердің бір немесе екі бойлық жақтарының қатарымен шектелген интерьердің бөлігі.

3.1485 **Нефелинді цемент:** Нефелинді шламды, қатаю белсендіргіштерін (әкті немесе портландцементті) және гипсті жұқалап ұсақтау арқылы алынатын гидравликалық тұтқыр зат.

3.1486 **Нефелинді шлам, белитті шлам:** Нефелиннен алюминий тотығын өндіру кезінде түзілетін сиениттерден ж.т.б. тау жыныстарынан, негізінен алюминийдің қос кальцийлі силикатынан (белиттен) тұратын қалдық.

3.1487 **Нивелир:** Көлденең жазықтықта айналатын көру дүрбісімен және сезімтал деңгейімен жабдықталған, геометриялық нивелирлеу үшін пайдаланылатын геодезиялық аспап.

3.1488 **Нивелирлік желі:** Геодезиялық желі, оның пунктерінің теңіз деңгейіне қатысты биіктіктері геометриялық нивелирлеумен анықталған.

3.1489 **Нивелирлік репер:** Нивелирлік желі пунктін бекітетін геодезиялық белгі. Ескерту: репердің өзіндік атауында орнатылатын орын (мысалы, фунттық репер) және орнату ерекшеліктері (мысалы, іргетасты репер) бейнеленуі мүмкін.

3.1490 **Нивелирлеу:** Бірқатар таңдалған нүктелерге немесе теңіз деңгейіне қатысты жер беті нүктелерінің биік айырымдарын (биіктік айырмасын) анықтау.

3.1491 **Материалдық ресурс шығыстарының нормасы:** Өнім (жұмыс) бірлігін өндіруге қажетті материалдық ресурстар мөлшері.

3.1492 **Қалыпты пайдалану:** Жобалау нормаларында немесе тапсырмаларында көзделген технологиялық немесе тұрмыстық талаптарға сәйкес жүзеге асырылатын (шектеусіз) пайдалану.

3.1493 **Нормативтік құжаттама (нормативтік құжат):** Ғимараттар мен имараттарды жобалау, инженерлік ізденістер және оларды салу, жаңарту, күрделі жөндеу, кәсіпорындарды кеңейту және техникалық қайта жарақтандыру кезінде, сондай-ақ құрылыс құралымдарын, бұйымдары мен материалдарын дайындау кезінде міндетті болып табылатын нормалардың, ережелердің, қағидалардың, талаптардың жиынтығын белгілейтін құжат.

3.1494 **Нормативтік жүктеме:** Ғимараттар мен имараттарды пайдаланудың қалыпты жағдайларына сәйкес келетін ең үлкен жүктемелер; құралымдарды шекті күйі бойынша есептеу кезінде пайдаланылады.

3.1495 **Нормативтік құжат:** Белгілі бір қызмет түрлеріне қатысты тәртіптерді, жалпы принциптерді немесе сипаттамаларды белгілейтін және тұтынушылардың кең ауқымына арналған құжат. Ескерту: 1) құрылыстағы нормативтік құжаттар жүйесінде «нормативтік құжат» термині құрылыс нормалары мен ережелері, ережелер жиынтығы, аумақтық құрылыс нормалары, стандарт сияқты ұғымдарды қамтиды; 2) жүйенің нормативтік құжаттарды дайындау, жариялау және қолдану кезіндегі қызметі «нормалау және стандарттау» терминімен белгіленеді.

3.1496 **Материалдық ресурс нормативтері:** Шикізаттар мен материалдар шығысы нормаларының элементтер бойынша құрастырушылары.

3.1497 **Бетонның нормаланған тығыздығы:** Нормативтік-техникалық және жобалық құжаттамада берілген бетон тығыздығының мәні.

3.1498 **Ерітіндінің нормаланған беріктігі:** Белгіленген тәртіппен бекітілген (жобалық марка) нормативтік-техникалық құжаттамада немесе мемлекеттік стандарттарда берілген қатайған құрылыс ерітіндісінің беріктігі.

3.1499 **Қысқы уақытта құрылыс-жинақтау жұмыстарын жүргізу кезіндегі қосымша шығын нормалары:** Қысқы уақытта құрылыс-жинақтау жұмыстарын жүргізуге қажетті қосымша шығындарды есепке алатын сметалық нормалар, оның ішінде: жұмысшылардың еңбекақысына қосымша төлемдер; жұмыс орындарын жақсарту шығындары; қысқы уақытта жұмысты жүргізу технологиясының өзгеруіне байланысты туындайтын шығындар (орнату, кокс пештеріне арналған жылытқыштарды қоспағанда, жылытқыштарды бөлшектеу және жылыту); бетон және темірбетон құралымдарды қажетті температура-ылғалдылық шарттарына сәйкес сақтау, ерітінділерге, бетонға арнайы қоспаларды қолдану ж.т.б. Құрылыс түрлері бойынша белгіленген, тапсырыс берушілер және бас мердігерлік құрылыс ұйымдары арасында орындалған жұмыстар үшін сметалар мен жылдық есептерді құруға арналған нормалар және бас мердігерлік пен қосалқы мердігерлік құрылыс ұйымдары арасында орындалған жұмыс түрлері бойынша есеп айырысу үшін құралымдар және жұмыс түрлері бойынша нормалар.

3.1500 **Құрылыстың ұзақтық нормасы:** Объекттер құрылысының мемлекеттік органдар белгілеген ұзақтылығы. Қ.ұ.н. құрудың екі амалы болуы мүмкін: уақыт құратын факторының функциясы құрылыс ұзақтығы болып табылады және осы фактор мен ұзақтық арасына аналитикалық басыбайлылықты орнату қажет. Факторлар ретінде объекттің бағасы, оның физикалық параметрлері (мөлшері), қуаттылығы болуы мүмкін. Берілген амалды сату шағын әмбебап нормаларын құруға мүмкіндік береді; Құрылыс ұзақтығы оның диапазоны кең техникалық-экономикалық параметрлерінің функциясы болып табылады. Осыған байланысты Қ.ұ.н. оның қысқаша сипаттауы мен уақытша параметрлері объекттер тізімі ретінде беріледі. Мұндай амал нақты объектілер параметрлерінің үйлеспеу шарасыздығымен кең нормативтік базасының Қ.ұ.н. дайындауда нормаларда басқа ұқсастығы жоқ жаңа объектілер үшін нормалау қиындығымен мен қажеттілігімен байланысты.

3.1501 **Өндірістік нормалар:** Жұмыс көлемі бірлігіне (өнім бірлігіне) жұмсалатын еңбек және материалдық ресурстар шығынының шамасын белгілейтін нормалар.

3.1502 **Технологиялық жобалау нормалары:** Министрліктер мен ведомстволар белгіленген тәртіппен бекітетін, өндірістік кәсіпорындар мен имараттардың технологиялық процестерін жобалау жөніндегі нормативтік құжаттар.

3.1503 **Нөлдік кезең:** 1. Ғимараттың немесе құрылығылар мен инженерлік коммуникациялардың бөліктерін тұрғызу жөніндегі құрылыстық-жинақтау жұмыстарын жобалауда шартты "нөлдік" таңбасынан төмен орналасқан кешен; 2. Ғимараттың жер астындағы құрылыс бөлігін жүргізу кешені. Оған: тік орналастыруды, шұңқыр қазанды қазу, іргетастар (жайластыру) құрылғылары, бағаналарды қағу, жертөле қабырғаларын (жайластыру) құрылғылары, инженерлік коммуникацияларды қосы және шығару, қабырғалардың жер астындағы бөлігін гидрооқшаулау, жабындарды құрастыру, шұңқыр қазанның қуыстарын күю жұмыстары кіредт

3.1504 **Құрылыс нөлдігі:** Бірінші қабаттың таза еден деңгейінің жобалау таңбасы. Қ.н. абсолюттік таңбасы құрылыс жобасында беріледі. Қ.н. геометриялық нивелирдеумен

шығарылады және құрылыс алаңшада бекітіледі немесе ғимарат қабырғасында қызыл жазықтық сызықпен белгіленеді.

3.1505 **Суландыру:** Су көздері жоқ не суы қолдануға келмейтін немесе берілген ауданда сумен қамтамасыз ету дебиті жеткіліксіз жерлерде гидротехникалық имараттар салу енетін шаралар кешені.

3.1506 **Жерасты имараттарының қаптауы:** Қоймаларда, тоннельдерде, гараждарда т.б. ішкі беттерін құрайтын құрылыс құралымы. Жерасты құрылыстары қаптауын жерасты имараттарын қираудан, қоршаған тау жыныстарының шектен тыс жылжуынан, жер асты суының басып қалуынан қорғау үшін жасайды.

3.1507 **Ағынды суларды залалсыздандыру:** Ақаба сулардың құрамындағы зиянды заттарды суатқа жіберетіндей немесе өндірістік қажеттерге қайталай қолдану дәрежесіне жеткізетіндей етіп тазалау.

3.1508 **Зарарсыздандыру:** Радиоактивті және қауіпті химиялық заттарды дезактивация, газсыздандыру, демеркурлендіру, сондай-ақ қауіпті биологиялық заттарды дезинфекциялау, детоксикациялау жолымен аумақты, нысандарды, суды, азық-түлікті, азық шикізаты мен жемдерді уланудан және ластанудан белгіленген норма шегіне дейін азайту.

3.1509 **Суды зарарсыздандыру:** Судағы ауру тудыратын бактериялар мөлшерін санитарлық-гигиеналық талаптар белгілеген шекке дейін азайту.

3.1510 **Табиғи және ақаба суларды зарарсыздандыру:** Судағы ауру тудыратын бактериялар мен вирустарды жою.

3.1511 **Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету:** Өрт қауіпсіздігі талаптары мен ережелерін, нормативтік құқық актілерін қабылдау және сақтау, сондай-ақ өртке қарсы іс-шараларды өткізу.

3.1512 **Төтенше жағдайларда өнеркәсіптік қауіпсіздікпен қамтамасыз ету:** Құқықтық нормаларды қабылдау және сақтау, экологиялық қорғау, салалық немесе ведомстволық талаптар мен ережелерді орындау, сондай-ақ төтенше жағдай аймақтарындағы өнеркәсіптік апаттардың алдын алуға бағытталған инженерлік-техникалық, технологиялық және ұйымдастыру шаралар кешенін өткізу.

3.1513 **Сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету:** Құқықтық нормаларды сақтау, экологиялық және сейсмикалық қорғану ережелері мен талаптарын орындау мен ұйымдастыру, болжау, инженерлік-техникалық, сейсмикалық қорғау және адамдарды жер сілкінісінде зақымдану факторларының әсерінен қорғануды, қоршаған табиғи ортаны және экономика объектілерін қамтамасыз етуге бағытталған арнайы шараларды қабылдау.

3.1514 **Тұтқа қаптауы:** Тұтқаның сыртқы әшекей бөлігі.

3.1515 **Аккредиттеу аясы:** Аккредиттелген сатификаттау жөніндегі органның немесе аккредиттелген сынақ зерханасына (орталыққа) өнімнің сынауын немесе сәйкестігін растау жұмыстарын жүргізуге құсы берілген қызмет саласы.

3.1516 **Сертификаттау саласы:** Сертификаттау объектілерінің өзара байланысының жиынтығы.

3.1517 **Техникалық нормаландыру саласы, стандарттау саласы:** Техникалық нормаландыру объекттердің және стандарттау объекттерінің өзара байланысының

жиынтығы. Техникалық нормаландыру, стандарттау салаларына, мисалы, машина жасау, көлік, ауыл шаруашылығын, химиялық өнеркәсіпті ж.т.б. жатқызуға болады.

3.1518 **Қаптау:** Ғимарат элементтерінің (қабырғалардың, ұстындардың, аражабындардың, цоколдардың) және имарат бетінің сыртқы қабатын түзетін дара материалдардан тұратын құралым.

3.1519 **Қаптау жұмыстары:** Ғимараттар мен имараттардың сыртқы бетін әрлеу.

3.1520 **Сәулет қиындылары:** Негізінен көлденеңінен орналасқан (цоколь, ернеу, қабатаралық белдіктерде, тартқыштарда, ұстын түптабандарында) пішіні бойынша әр түрлі кесе көлденең қима түріндегі ұзындықтағы сәулеттік элементтер.

3.1521 **Қазанды айналдыра қаптау:** Қазанның жағу камерасын және газ жүргішін қоршаған ортадан бөлетін, отқа төзімді және жылу оқшаулауғыш қоршауы. Қазанды айналдыра қаптау жылу жоғалтуды азайту, газ жүретін жолдардағы суық ауаның көбеюін төмендету, қазаннан түтіндік газдарды шығарудың алдын алуға мүмкіндік береді.

3.1522 **Тұсқағаздар:** Ғимарат төбесі мен қабырғаларына арналған қағаз немесе басқа да икемді негіздегі бумалық әрлеу материалдары.

3.1523 **Қабықша:** Құралымның басқа өлшемдерімен салыстырғанда екі қисық сызықты бетпен шектелген аралығы (қабықша қалыңдығы) өте аз кеңістікті құралым.

3.1524 **Айналмалы сумен жабдықтау:** Кәсіпорындағы сумен жабдықтау жүйесінде суды бірнеше рет пайдалану.

3.1525 **Өнім үлгісі, өнім эталоны:** Тәжірибелі тексеру және құралымдық-техникалық пен тұтынушылық сапасын бақылау мақсатында оның жобалануы мен жобасының берілген техникалық тапсырмаларда ескерілген бір немесе бірнеше данада өнеркәсіптік тәсілмен дайындалған өнім үлгісі.

3.1526 **Қайырмалы күрек:** Машина бағытында төмен қоғалысты қазумен қамтамасыз ететін бір шөмішті экскаватордың жұмыс құралы.

3.1527 **Жиек:** Тас қалаудың жоғары жатқан бөлігі қалыңдығының өзгеруі нәтижесінде пайда болған іргетас немесе қабырғаның көлденең кертпеші.

3.1528 **Зерттеу (ғимараттарды):** Ғимараттың, оның бөлек элементтерінің техникалық қалпын бағалау және төзімділік деңгейінің техникалық жағдайы туралы мәліметтерді жинау, жүйелендіру және талдау жұмыстарының кешені.

3.1529 **Жер сілкінісінен кейін объекттерді тексеру:** 1. Объекттердің зақымдалу көлемін анықтау мақсатымен әр объект бойынша оны қайта құру, қалпына келтіру немесе бұзу жөнінде оперативті алдын ала шешім қабылдау; 2. Объекттерді қайта құру немесе қалпына келтіру жобаларын дайындау үшін негізгі материалдарды дайындаумен толық жете зерттеу.

3.1530 **Жер асты құрылғыларды зерттеу:** Жер асты құрылғылардың (коммуникациялардың) техникалық сипаттары мен олардың өзара байланыстарының сызбаларын анықтау.

3.1531 **Бөлменің қызмет көрсету зонасы (тұратын орта):** Бөлмедегі еден мен қабырғаға параллельді жазықтықпен шектелген бос кеңістік: еден үстінің деңгейі 0,1 және 2,0 м биіктігімен (төбе жылытуымен төбеден 1 м-ден жақын емес), жылыту аспаптарынан, терезеден, сыртқы және ішкі қабырғалардан 0,5 м аралықта.

3.1532 **Жалпы ұйымдастыру-техникалық дайындық:** Жинақтау жұмыстары мен құрылыс түрлерінің бөлек құрылыс кәсіпорындары мен өндірісінің қызметі әр объектісінің құрылысын қамтамасыз етуге жалпы және міндетті болып табылатын құрылыс өндірісінің дайындау жүйесіне кіретін шаралар жиыны. Бұл дайындаудың жобалық-сметалық құжаттармен, оның ішінде ПОС, құрылысты қамтамасыз ету түрі; құрылыс алаңшасының бұйымындағы бұру; құрылыстың титулдық және ішкі құрылыстық титулдық тізімдерін құрастыру; объект құрылысына мердігер мен қосалқы мердігерлермен келісім-шарттарды (контракттарды) жасасу; жұмыс өндіру құқысына рұқсаттар мен кіру рұқсаттарын толтыру; ғимараттар мен құрылыстар орналасқан құрылысқа бөлінген алаңшаларды босату; бұл ғимараттарда орналасқан тұлғалар мен мекемелерді көшіру; құрылысты кіреберіс жолдармен, электр-, су- және жылумен және байланыс жүйелерімен және тұрмыстық қызмет көрсету бөлмелерімен қамтамасыз ету; жабдықтарға тапсыруларды орналастыру және материалдық ресурстарының жеткізушілерін анықтау.

3.1533 **Тәуекелдікті жалпы бағалау:** Тәуекелдікті бағалау және тәуекелдікті зерттеу процесі.

3.1534 **Пәтердің жалпы ауданы:** Пәтердің лоджиялар, балкондар, дәліздер, қолайлы ашық алаңдары ескерілген тұрғын және қосалқы бөлмелерінің жиынтық ауданы.

3.1535 **Құрылыстардың жалпы ауданы:** Тұрғын үйдің барлық қабаттарының, шаруашылық-тұрмыстық және өзге де құрылыстар көлемінің жалпы жиынтығы болып есептеледі.

3.1536 **Бетон қоспасында жалпы судың мөлшері:** қоспаны араластыруда қосатын су санының мөлшері; толтырғыштағы (бос арада, адсорбиріленген беттердегі) су мөлшері; үстемелермен (модификаторлармен және минералды, егер олар сұйықтық немесе суспензия түрде қолданатын жағдайда) қосылатын сулар; бетонға мұзбен(егер ол экзотермияның төмендеуінде және қоспаның суытылуында қолданатын жағдайда) немесе булауда енгізілетін сулар.

3.1537 **Халық шаруашылығы нысаны:** Біртұтас алаңда орналасқан кәсіпорын, бірлестік, мекеме немесе материалдық өндіріс саласының ұйымы немесе шаруашылықтың өндірістік емес саласы.

3.1538 **Құрылыс нысаны:** Құрылысқа (қайта салуға немесе кеңейтуге) дербес нысандық смета жасалатын ішкі инженерлік тораптары мен қатынасы, галереясы, құрал-саймандары, мүліктері және басқа да өзіне қатысты жабдықтары бар жеке ғимарат немесе имарат. Жеке құрылыс нысаны ретінде басқа да жұмыстар (тік жайғасым, сыртқы инженерлік тораптар, құрылыс алаңын көркейту ж.т.б.) бола алады.

3.1539 **Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің нысандары:** ҚР аумақтары, облыстар, аудандар, елді мекендер және олардың бөліктері, қызметтік аймақтар, технологиялық және инженерлік жабдықтар мен ғимараттардың барлық түрлерін қоса алғандағы жылжымайтын нысандар, арнайы экономикалық аймақтар, мәртебесі ҚР заңдарында белгіленген тарих және мәдениет, қалалық және табиғат көріністерінің жылжымайтын ескерткіштері.

3.1540 **Аудит объектісі (экологиялық):** Бұл заттар туралы белгіленген ақпарат (немесе) басқару жүйесі, жағдай, оқиға, экологиялық әрекет.

3.1541 **Көшетхана газдарының атылу объекттері:** Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан табиғи кешендер немесе қандай да болса бұлақтарының көшетхана газдары тікелей немесе жанама көшет тиімділікпен ауа атмосферасына шығады.

3.1542 **Қорғау объекті (өрт қауіпсіздігі):** Ғимарат, имарат, бөлме, процесс, технологиялық құрылғы, зат, материал, көлік құралдары, бұйымдар мен элементтер және жиындар. Объект құрамына адамда кіреді.

3.1543 **Мониторинг объекті (құрылыста):** Құрылыс процесі мен пайдалануда құрылыс құрылымдары мен іргетас табандарына көзбен шолу және құралдардық байқаулар жүргізіледі.

3.1544 **Күрделі объект:** Құрылысы мұқиятты ұйымдастыру-техникалық дайындығын талап ететін әр түрлі көлемдік-жоспарлық және конструктивтік сипаты бар типтік емес ғимараттар мен имараттардан тұратын құрылыстық өндірістік кешен; мұндай кешеннің құрылысында қолданылатын материалдар мен құрылымдардың кең номенклатурасымен әр түрлі технологиялық түрлері мен көтеру-көліктік жабдықтарды құрастыру және құрылыс жұмыстарының маңызды көлемін орындайтын көп мекемелер (15 тен 20-ға дейін, жобалау, құрылыс, арнай мекемелерді қосқанда) қатысады. Бөлек тұрған ғимараттар мен имараттар: - құрылысы арнайы көмекші құралдар мен құрылғыларды қолданумен жүзеге асырылатын күрделі құрылымдарымен; күрделі құрылымдарымен; стандартты емес есептерді талап ететін құрылыс әдістері немесе күрделі құрылымдарды қолдану жаңа шешімдерімен ерекшеленетін; жер астының тереңдігімен (толық немесе жарым-жартылай) жоспарланған таңбалаудан 10 м-ден төмен. Анықтауда көрсетілген белгілердің бірінің бары объекттің осы күрделі деңгейге жататынын көрсетеді. Күрделі категорияға жататын ғимараттар мен имараттарға көпірлерді, эстакадаларды, жол құбырлар мен басқа да құрылғыларды осы белгілердің бірі немесе бір қатарының барында жатқызу керек; құрылыстың темір бетонды және металдық аралықтарын тұрғызу аспалы немесе жартылай аспалы жинақтау, аспалы бетондау, бойлы жылжу, жүзумен тасымалдау, аркада доғалы қыр ағаштарды құрастыру әдісімен жүргізіледі; бұрғылау бағаналарда немесе бағана-қабыршақтарында терең орналасумен тіректерді орнату; тығыз жағдайларда құрылыс өндірісін ұйымдастыру жағынан бар имараттарды қайта құру; элеваторлар, комбикорм зауыттары, ауылшаруашылық өнімдерді өңдеу кәсіпорындары, ауылшаруашылық техниканы жөндеу зауыттар; күмбездері және басқа элементтері мен бөліктері күрделі конструктивті шешімдерімен биіктігі 30 м-де астам діни ғимараттар мен имараттар

3.1545 **Бірегей объекттер:** Жобалау құжаттарда келесі сипаттарының бірі алдын ала ескерілген теңі жоқ жалғыз күрделі құрылыс объектілер: биіктігі 100 м-ден астам; аралықтары100 м-ден астам; шығуы 20 м-ден астам консольдарының бары; жер асты (толық намесе жарым-жартылай) тереңдігі жерден жоспарланған белгісі 15 м-ден астам; оларға қатысты ерекшелік желілі емес физикалық немесе геометриялық стандартты емес есептік әдісі немесе ғылыми зерттеудің негізінде орындалған арнайы есеп әдісі дайындалатын құрылымдары мен конструктивтік жүйелердің бары.

3.1546 **Эксперименттік (тәжірибелік) объект:** Эксперименттік объекттерінің құрылысы мен жобалау бағдарламасының белгіленген тәртібі бойынша енгізіліп бекітілген қала құрылысы кешендері, елді мекендер, тұрғын аудандар мен кварталдар,

өнеркәсіптік аудандар мен түйіндер, мелиорациялық және су шаруашылығының объекттері, инженерлік-көліктік коммуникациялар және олардың жобалауы мен салуында нәтижелерін тексеру жүргізілетін бірінші рет енгізілген ғылыми-зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың басқа құрылыс объектілері.

3.1547 **Қала құрылысы мен аумақтық жоспарлау объекті:** Қайта құрылуға, дамыуына, талап етілген қалпын көтермелеуге бағытталған басқару әсерімен шартты есептеп шығарылған өмір сүрудің біртұтас кеңістік үзіндісі; жобалау құжаттаманы дайындау; ғылыми зерттеулерді орындау. Қала құрылысы объектілерінің құрамына әкімшілікке бағыну, қатыстылық, функционалды пайдалану, экологиялық қалпы, халықтық-шаруашылық, тарихи-мәдениеттік, табиғи-ландшафттық құндылығы немесе басқа әлеуметті мағыналы белгісімен бөлінген елді мекен аумақтары, олардың бөліктері, қала сырты зоналары кіреді. Аумақтық жоспарлау объекттерінің құрамына осы белгілермен бөлінген ел аумақтары, олардың бөліктерікіреді.

3.1548 **Жол сервисінің (қызмет көрсету) объекттері:** Жолаушыларға, жүргізушілер мен көлік құралдарына қызмет көрсетуге арналған ғимараттар мен имараттар (қызмет көрсету кешені, автобус аялдамасы, авто павильондар, демалу алаңшалар мен көлік құралдарының тұрақтары, көрсетілген объекттерге кірулер).

3.1549 **Жол шетіндегі қызмет көрсету объектілері:** Жол шетіндегі сызықтарда орналасқан жол жүру қатысушыларына қызмет көрсетуге арналған ғимараттар мен имараттар (мотелдер, мейманханалар, кемпингтер, техникалық қызмет көрсету станциялары, автомай құю станциялары, қоректену жерлері, сауда, байланыс, медициналық көмек көрсету, жуу, жарнама құралдары мен басқа құрылғылар).

3.1550 **От жүктемесі** (өрт жүктемесі) - ғимараттар немесе имараттардың 1 шаршы метр едендерінің аудандарына шаққандағы жанған материалдар санын ескеретін жалпы жылулық әлеуеті.

3.1551 **Оттан қорғау:** Арнайы өңдеу жолымен материалдар мен құралымдардағы өрт қаупін азайту.

3.1552 **Оттан қорғаушы зат (қоспа):** Оттан қорғауды қамтамасыз ететін зат (қоспа).

3.1553 **Отқа қарсы бұйым (материал, құралым):** Оттан қорғаудың нәтижесіне жеткен болып табылатын төмендетілген өрт қаупіне ие бұйым (материал, құралым).

3.1554 **Отқа төзімді асбестоцементті жалпақ табақ:** Құрылыс құралымдарын өрт кезінде от әсерінен қорғауға пайдаланылатын, жылу беруде жоғары кедергі келтіруге ие өнім.

3.1555 **Отқа төзімділік:** Құрылыс бұйымы, құралымы немесе элементінің өрт кезінде көтерме және отқа бөгет жасау қабілеті, яғни опырылуға (бұзылуға), жану температурасына дейін қызуына, тесік саңылау және сызат пайда болуына, сондай-ақ бұйымдардың (имарат құралымдары) іші мен сыртында жанудың таралуына кедергі жасау қабілеті. Бұйымның арнайы от сынақтары кезінде отқа төзімділігін сақтау уақытын отқа төзімділік шегі деп атайды.

3.1556 **Өрт сөндіргіш зат:** Жануды тоқтату жағдайын тудырушы физика-химиялық қасиеттерге ие зат.

3.1557 **Отқа төзімділік:** Материалдардың жоғары температура әсеріне балқымай қарсы тұра алуы.

3.1558 **Отқа төзімді материалдар:** Көбінесе, 1580 ^{o}С-тан төмен емес отқа төзімділікке ие минералды шикізат негізінде жасалған материалдар мен өнімдер.

3.1559 **Қоршау құралымдары:** Ғимараттың сыртқы қабығын құрайтын немесе оны жекелеген үй-жайларға бөлетін құрылыс құралымдары; бірмезгілде көтерме құралымдар қызметін де атқара алады.

3.1560 **Қоршау белдігі, қорғаныш бөгет:** Жайылма немесе оның бөліктерін жоғары су басуынан (су тасуы мен тасқын су) қорғайтын үйінді түріндегі реттеуші имарат.

3.1561 **Қорғаныш қоршау:** Адамдардың қауіпті өндірістік факторлар әсер ететін аймаққа кіруіне, сондай-ақ тиісті жұмыс орындарына бөтен адамдардың енуіне күні бұрын тосқауыл жасауға арналған құрылғы.

3.1562 **Бір шөмішті экскаватор:** Шөміш немесе басқа айырбастаушы жабдық түріндегі жұмыс органдары бар циклдік қимылды, өзі жүретін машина. Қолданылуы мен орындайтын жұмыс түрлеріне байланысты бір шөмішті экскаваторлар әмбебап (ең бастысы, құрылыс және жер қазу жұмыстары өндірісі үшін) карьерлік, төбелік және торфтық, жерастылық, жүзетін, адымдайтын ж.т.б. болып бөлінеді.

3.1563 **Одориизеттеу**: 1. Ауаға жағымды иістер шашу. Кейде ауаны кондициялауда қолданады; 2. Газ құбырларының немесе темір кесектердің тызыдап қосылмаған жерлерінен газдың шығуын анықтау үшін жанар газдарға өте иісті заттарды (одоранттарды) қосу. Одорант — этилмеркаптан (C_2H_5SH) пайдалану көп таралған, сирек органикалық сульфидтер мен дисульфидтер қоланылады.

3.1564 **Бояғыш агрегат, пневмобояғыш жасалым:** Бояу шашыратқыш-тапаншаға сығылған ауамен беріліп, лак бояғыш материалдармен үстіңгі беттерді бояйтын машиналар мен құрал-жабдықтар топтамасы.

3.1565 **Омологация**: Импортерел стандарттарына сай тауардың техникалық сипатын келтіру.

3.1566 **Ондулин:** Асбесті жоқ талшықты толтырғышы бар ирек табақты шатырлы материал.

3.1567 **Құрылыстағы қалып:** Бетон мен темірбетон құралымдары мен құрылыстарын тұрғызуда бетон қоспасы мен арматурасын төсеуге арналған пішін.

3.1568 **Қауіпті аймақ:** Қауіпті және (немесе) зиянды өндірістік фактордың адамға әсер ету мүмкіндігі бар кеңістік.

3.1569 **Қауіпті геологиялық процестер:** Адам өміріне, халық шаруашылығы нысандары мен аумаққа кері әсерін тигізетін геологиялық, инженерлік-геологиялық процестер мен гидрометеорологиялық құбылыстар (көшкін, опырылу, карст, сел тасқындары, қар көшкіні ж.т.б.). Ең көп таралған, кешенді шешуді қажет ететін процестер: ылдилық - теңіз жағасы мен су қоймаларындағы процестермен бірге; абразионды және эрозионды - өзендерде; таулы алқаптар мен таулы облыстардағы эрозионды-селді көшкіндермен бірге - карсты және суффизионды, қарлы және қарлы-тасты көшкіндер.

3.1570 **Қауіпті табиғи әсерлер:** Тірі организмдерге, халық шаруашылығының нысандарына және тіршілік ортасына зиянды немесе бүлдіруші әрекет ететін табиғи процестердің пайда болып білінуі.

3.1571 **Технологиялық операция:** Бір жұмыс орнында бір немесе бірнеше жұмыскердің атқарған, сондай-ақ жұмыскерлердің қатысуынсыз немесе олардың байқауымен (автоматтандырылған өндірісте) аяқталған технологиялық процестің бөлігі. Технологиялық операция - жайғастырылған жүктеу жабдықтарының және еңбекті техникалық нормаландырудағы өнімділікті анықтайтын негізгі есептік бірлігі.

3.1572 **Озық инженерлік дайындау:** Өндірістік кешеннің, тұрғын үйлердің немесе олардың кезегінің құрылысына алаңшаны дайындау үшін шаралар мен жұмыстарды орындау қажет. О.и.д. тапсырушымен тіреуш геодезиялық желілерді (қызық сызықтарды, реперлерді, ғимараттың бас білектерін, тіреуіш құрылыс торларын) құру, құрылыстың негізгі мерзімінің дамуы мен оның қалыпты бастамасын қамтамасыз етуді және құрылыс алаңшаның игеруімен байланысты жұмыстары мен шараларды кіргізеді; құрылыс алаңшаны игеру – аумақтарды тазалау, құрылыстарды бұзу ж.т.б.; алаңшаны инженерлік дайындау – жер устіндегі сулардың біріккен науаларының құрылғыларын, тұрақты немесе уақытты жолдардың құрылғыларын, теміржол тарауларын, кемежайларды, бар желілерді көшіру және су мен электр қуатымен құрылысты жаңа құрылғылармен жабдықтау үшін, тұрақты және уақытша көздерінің құрылғыларын қоса алғанда, аумақтарда жоспарлау; құрылыс мәжбүріне уақытты (инвентарлық) құрылғылар мен бөлек негізгі объектілерді; құрылысты басқаруға қажетті байланыс (телефон, радио және телетайп) құралдардың құрылғылары. О.и.д. құрамына теміржолдарды, автожолдарды, трансформаторлық қосалқы станцияларымен электр беру желілерді қоса алғанда, алаңшадан тыс магистральдік (3 км жоғары) желілерді тұрғызу жұмыстары; су іркуіш су құбырларының желілерімен; тазарту құрылғылары бар кәріз коллекторлары; айлақтары бар кеме жүзетін трассалары; байланыс желілері кіреді.

3.1573 **Сипаттама ережесі (өнім сипаттамасы):** Процесс немесе қызмет көрсету, өнім сипатына қатысты міндеттерге сай ереже. Сипаттама ережесі материалдың құрамын және көлемін көрсетумен құрылымдардың, құрылымдық бөлшектердің ж.т.б. сипаттамасын кіргізеді.

3.1574 **Сипаттау талаптары (техникалық нормалау мен стандарттау):** Процесс немесе қызмет көрсетудің, өнім сипатына қатысты міндеттерге сай талап. Сипаттау талап материалдың құрамын және көлемін көрсетумен құрылымдардың, құрылымдық бөлшектердің ж.т.б. сипаттамасын кіргізеді.

3.1575 **Терең салынған ұстын, терең ұстын**: Іргетас құрылысында қазаншұңқыры қазылмай қолданылады.

3.1576 **Көпір ұстыны:** Құрылыс аралығы мен оның негізге жіберетін артық жүгін қабылдауға арналған құралым.

3.1577 **Электрберіліс желілерінің тіректері:** Әуе ЭБЖ, найзағайдан қорғау тросы және өткізгіштерді ілуге арналған имарат (құралым).

3.1578 **Құрылыс тіректері:** Имараттың көтерме құралымдарын сүйеуге және бекітуге арналған құрылғы (бағаналар, тіреулер, ұстындар ж.т.б.).

3.1579 **Түсірмелі құдық:** Терең тіректер, ірі іргетастар (тереңдігі 70 м және одан да жоғары), жерасты үй-жайлар құрылысында (тереңдігі 25-30м) қолданылатын дөңгелек немесе тік бұрышты темірбетон құралым.

3.1580 **Сертификаттау жөніндегі орган:** Берілген басқару мен процедураларды тиісті сертификаттауды жүргізу бойынша қажетті құзыреті мен уәкілдігі бар әділді, мемлекеттік немесе мемлекеттік емес орган.

3.1581 **Стандарттау жөніндегі орган:** Тұтынушылардың кең қауымға қолайлы стандарттарды дайындау, бекіту және қабылдауы (жарғыға сай) негізгі қызметі ұлттық, аумақтық немесе халықаралық деңгейде мойындалған стандарттаумен айналысатын орган.

3.1582 **Ұйымдық жобалау:** Арнайы әлеуметтік әдістерді қолданумен жаңа және бар құрылыстық-жинақтау мекеменің (кәсіпорынның) басқару жүйесін жетілдірудің жобалау процесі.

3.1583 **Мамандандырылған ұйым:** бас мердігермен қосалқы мердігерлік шарт негізінде арнай жұмыс түрлерін (электржинақтау, сантехникалық, технологиялық жабдықтарды жинақтау ж.т.б.) орвндайтын мекеме; шартпен жұмыстарды орындау көлемі мен мерзімі анықталады.

3.1584 **Құрылысты ұйымдастыру:** ақырғы нәтижесінің жетістігіне – объекттерді пайдалануға енгізуге бағытталған объект кешендерінің (өнеркәсіптік кәсіпорын, қала құрылысының кешені немесе тұрғын ықшам ауданы) құрылысын сапалы және тиімді қамтамасыз ету үшін құрылысқа дайындау, жалпы тәртібін орнату және қамтамасыз ету, ресурстың барлық түрлерімен жабдықтау, өзара байланысты жүйе.

3.1585 **Қосалқы мердігерлік ұйым (қосалқы мердігер):** 1) салынып жатқан нысанда жекелеген жинақтау және арнайы құрылыс жұмыстары кешендерін орындау үшін бас мердігермен шартқа отырған мамандандырылған мердігерлік ұйым; 2) жобаның жекелеген бөлімін талдап жасау үшін бас жобалаушымен шартқа отырған мамандандырылған жобалық ұйым.

3.1586 **Сәулеттік ордер:** Белгілі бір жүйенің бірігуі және көтерме (архитрав, фриз, ернеу) және көтергіш бөліктер (капителімен, базасымен, түптабанымен ұстын) мен тіреу-бөренелік құралым бөлшектерінің пластикалық өңделуі негізінде жасалған сәулеттік композицияның түрі.

3.1587 **Ғимараттардың бағдары:** Ғимараттардың жарық бағытына байланысты орналасуы (көкжиек бағыттары).

3.1588 **Құрылыстағы шөгу:** Құрылыстың (оның бөліктерінің) тік өлшемдерінің қысқаруы немесе оның негізінің тығыздалуы нәтижесінде имараттың (топырақтық) төмендеуі.

3.1589 **Шөгулік жік:** Артық жүктеме (жер қыртысындағы өзгерістер, суу, қызу нәтижесінде) әсерінен пайда болатын имараттың тігінен белгіленген шегіндегі екі жақтың бос ығысуын қамтамасыз ететін бөліктерді жалғастырушы қосылыс.

3.1590 **Шөгу:** Жылжу мульдасының жер беті нүктесінің жылжу векторын тік құрағышы.

3.1591 **Бөлу осьтері:** Жергілікті бекітілген геодезиялық белгілермен немесе ғимараттардың және имараттардың жеке элементтерінің нақты жағдайын анықтайтын

орнатылған жобалық жағдайдағы көтеруші құралымдарға тұрақты бекітілген бағдарларымен таңбаланатын берілген координаталары бар сызықтар (бағыттар).

3.1592 **Жабын астылық негіз:** Суоқшаулағыш кілемнің (орамды немесе мастикалы) қабаттарын желімдеп жапсыратын көтергіш тақталар немесе тұтастырғыштар-

3.1593 дың жылуоқшаулағыш беті. Асбестоцементті табақтармен және басқа да даналық материалдарды жабындарда табақтарды бекітуге арналған тіректер (жүгіртпелер немесе торламар).

3.1594 **Имарат негізі:** Имараттың жүктемесін тікелей қабылдайтын топырақ массиві.

3.1595 **Ерекше жеңіл бетон:** Орташа тығыздығы (көлемі бойынша) 500 кг/м^3-нан төмен бетон.

3.1596 **Ерекше ауыр бетон:** Орташа тығыздығы (көлемі бойынша) 2500 кг/м^3-нан астам бетон.

3.1597 **Құрғату:** Елдімекен аумақтарынан**,** ғимараттардан, имараттардан, ауыл шаруашылығын игеруге арналған алаңдардан және т.т. бұру құрғатқышы, су азайту қондырғыларының көмегімен құрғату және бұру каналдары бойынша топырақ және сыртқы суларды бұрудың техникалық шараларының жиынтығы.

3.1598 **Көпір саңылауы:** Судың есептік биіктігі деңгейінде өлшенген көпір асты бос кеңістігінің көлденең өлшемдерінің қосындысы.

3.1599 **Бұру:** Бағытын бір қалыпты өзгертуге арналған құбырдың бір бөлігі.

3.1600 **Жер бөліп беру:** Кәсіпорынның пайдалануына және оның дамуына қажет құрылыс үшін керек жерлерді жер бөлудің заңымен белгіленген тәртібі және нормативтік құжаттарда анықталған өлшемі бойынша беру.

3.1601 **Бұру каналы:** ГЭС трубиналары арқылы өткен суларды өзен тарамдарына бұру үшін қызмет ететін имарат.

3.1602 **Құрылыстағы әрлеу материалдары:** Ғимараттар мен имараттардың пайдалану және декоративтік қасиеттерін жақсарту мақсатында қолданылатын материалдар және құралымның негізгі материалдарын атмосфералық ж.т.б. әсерлерден қорғау.

3.1603 **Құрылыстағы әрлеу жұмыстары:** Ғимараттар мен имараттардың эстетикалық және декоративтік, санитарлық-гигиеналық, пайдалану қасиеттерін жақсарту, өміршеңділігін жоғарылату мақсатында орындалатын құрылыс жұмыстарының кешені.

3.1604 **Тоқтап қалу:** Технологиялық процестің бақылау параметрінің шекті мәні, оның (бас тартуы) жұмыс өндірісіндегі жетістігі есептік талаптарды орындауды білдіреді.

3.1605 **Тоқтап қалу (жер тегістеуде):** Жер тегістеу процесінің соңында тығыздатудың бір соққысынан тығыздалатын жердің үстінің шекті мөлшерінің төмендеуі.

3.1606 **Тоқтап қалу: (жерді тығыздауда):** Жерді тығыздау процесінің соңында тығыздатудың бір соққысынан тығыздалатын жердің үстінің шекті мөлшерінің төмендеуі.

3.1607 **Құрылымдардың тоқтап қалуы:** Берілген функциялары бар құрылымдардың жұмыс қабілеттілігін бұзудан тұратын тиісті рұқсаттарымен анықталатын оқиға. Салмақ түсетін және қоршау құрылымдарының нормативтік сенімділігін белгілеуде Қ.т.қ. ретінде салмақ көтеру қабілеттілігін немесе қоршау функциясын толық жоғалтуға әкелетін элементтің техникалық қалпын түсіну керек.

Тұрғын үйдің мүлтіксіздік ұғымының тұтас күрделі техникалық жүйесі оның элементтері мен жай жүйелерінен кеңдігі екі қалпындағана бола алады: жұмыс қабілеттілігінде немесе жұмыс қабілетсізідігінде. Бөлек қоршау құрылымдар мен техникалық құрылғылардың (шатырлардың, пішін арасының қосылу орындарының, едендер мен т.б.) тоқтап қалуы ішінара болып табылады. Объекттің жұмыс істеуінің тоқталуын бүтіндей тәртіптемей олар оның қызмет сапасын төмендетеді. Тұрғын үйдің сыртқы жағдайының кешеніне мұндай бейімделу белгіленген артықтығының себебінен шығады – тапсырылған қызметін ең төменгі қажетте орындауының сипаты.

3.1608 **Қаданың түсуі:** Қағылма қаданың топыраққа батуының орташа шамасы (см), он соққының біреуіне кепілдігі, ал қаданы дірілдетіп енгізгенде дірілдеткіштің 1 мин. уақыттағы жұмысының нәтижесіндегі бату шамасы (см).

3.1609 **Құлама, еңіс:** Табиғи топырақ массиві, шұңқыр немесе жол үйіндісін шектейтін жасанды көлбеу бет.

3.1610 **Созылу немесе сығылудың салыстырмалы горизонталь деформациялары:** Жылжу мульдасындағы горизонталь жылжудың біркелкі еместігінен туындайтын горизонталь жазықтықтағы жер бетінің деформациясы. Жылжу мульдаларының нүктелеріндегі горизонталь деформацияларды төмендегідей ажыратады: қабаттардың орналасу бағытындағы E_x; жартылай мульда құлау бойынша қабаттардың орналасуына қарама-қайшы бағыттағы E_{y1}; жартылай мульда өрлеу бойынша қабаттардың орналасуына қарама-қайшы бағыттағы E_{y2}; берілген бағыттағы E_λ.

3.1611 **Жылыту қазаны:** Жеке үй немесе көп үйлі тұтас аудандағы орталық жылыту жүйесінің жылу көзі.

3.1612 **Жылыту:** Тұрғын және өндірістік жайларда жылу жоғалтудың орнын толтыру үшін және адамдардың жылу жайлылығы жағдайына, кейде технологиялық процесс талаптарына сай келетін берілген температураны ұстау үшін жасанды жылыту.

3.1613 **Тұндырғыш:** Сумен жабдықтау, канализация, суландыру және су байланысы имараттарының жүйелеріндегі ағын суының баяулаған кезінде тұндыру және коагуляция жолымен суды тазалау (құрамындағы қоспаларды кетіру) үшін жасалған имарат.

3.1614 **Қорғау зонасы (құрылыстағы еңбек қауіпсіздігі):** Орналастырылатын объекттерді қорғаудың арнайы тәртібі белгіленетін зона.

3.1615 **Қорғау зонасы (қала құрылысының дамуы):** Қайта құрылуы мен белгіленген күту тәртібімен ерекшеленетін тарихи-мәдениеттік құндылығы бар және оның айналасын жағымды көзбен шолу мен жақсы функционалды пайдалануын сақтауға арналған тарихи-мәдениеттік құндылық учаскесіне жататын аумақ.

3.1616 **Сәйкестікті бағалау:** 1. Өнімдердің белгіленген талаптарға сәйкестік деңгейін жүйелі тексеру; 2. Объекттердің стандарттау мен техникалық нормалау саласындағы техникалық нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкестік деңгейін бағалауды анықтау әрекет.

3.1617 **Өнімнің техникалық деңгейін бағалау:** Бағаланатын өнімнің техникалық кәмелетін сипаттайтын көрсеткіштер номенклатурасын таңдауды кіргізетін, бұл көрсеткіштердің мәнін анықтайтын және олардың негізімен салыстырудың операциялар жиыны.

3.1618 **Өнім сапасының деңгейін бағалау:** Бағаланатын өнімді сипаттайтын көрсеткіштер номенклатурасын таңдауды кіргізетін, бұл көрсеткіштердің мәнін анықтайтын және олардың негізімен салыстырудың операциялар жиыны.

3.1619 **Экологиялық тиімділікті бағалау:** Бұл процестің кезекті қарастыру мен жақсарту ақапаратын тарату және есебін жасауды, экологиялық тиімділігінің критериі бойынша ақапаратты бағалау, мәліметтерді зерттеу мен жинауды, көрсеткіштерді таңдау әдісімен ұйымдастырудың экологиялық тиімділігіне қатысты басқару шешімдерді қабылдауға мүмкіндік беретін процесс.

3.1620 **Құрылыс кезеңі:** Бір топ ғимараттардан, имараттардан және құрылғылардан тұратын құрылыс нысанының іске қосылған соң, бұйымдар шығара алатын немесе қызмет көрсете алатын жобада ескерілген бір бөлігі.

3.1621 **Тазарту құрылыстары:** Ақаба суларды олардың құрамындағы ластанудан тазартуға арналған елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіорындардағы канализация жүйесіндегі инженерлік имараттар.

3.1622 **Павильон:** 1) қоршаушы ландшафтпен үйлестірілген, жеңілдетілген ашық құралымы бар, көлемі аса үлкен емес жеке салынған құрылыс; 2) өз алдына жеке төбесі бар үлкен ғимараттың (клубтың, сарайдың ж.т.б.) бөлігі; 3) сауда, киноға түсіру, көрме қойылымдары ж.т.б. арналған дербес имарат.

3.1623 **Пагода (ғибадатхана):** Атамұраны сақтауға арналған көпқабатты мұнара; буддистердің табыну және мемориалдық құрылысы.

3.1624 **Падуга (сахна қалқасы):** бөлменің ішінде қабырғадан төбе (плафон) үстіне өту ретінде пайдаланылатын ернеудің қисық желілі үсті.

3.1625 **Пажилина (ағаш):** Қаптаманы бекітетін ордың бекіту тіректерімен немесе дуалдың бағанасы арасындағы жазықтық вгвш тақтайша.

3.1626 **Ойық:** 1) паркет жұқа тақтайшасының жиектерінің бүйір және сырт жағындағы ойық, оған іргелес жұқа тақтайшамен қосатын жота енеді; 2) тас қаландысының беріктік қасиеттерін жақсартуға арналған оның беттеріндегі ойық.

3.1627 **Дәнекерлеу:** Дәнекермен ерітілген қатты күйіндегі материалдардан (болат, шойын, шыны, графит, керамика ж.т.б.) ажырамайтын қосылыс алу процесі.

3.1628 **Пакер (буроинъекциялық анкерлер):** Анкердің бітеу зоналарына оның ұңғыма бойынша айдауында қоспалардың шығуына кедергі жасайтын кеңею камера түрде тығыздайтын құрылғы.

3.1629 **Пакер (іргетастар):** Анкердің бітеу зоналарына оның ұңғыма бойынша айдауында қоспалардың шығуына кедергі жасайтын кеңею камера түрде тығыздайтын құрылғы.

3.1630 **Пакеляж:** Жолға төселетін төсемнің астындағы табандардың түрі немесе жерге тікелей салынатын трамвай рельстерінің жартылай қатты табандары.

3.1631 **Пал:** Өтпелі құралымдар, топ қадалар ж.т.б. түріндегі имарат немесе қақпаның бас бөлігі жақтарында орнатылған және қақпаға кіруде немесе шығуда кемелерді бағыттау және кеме тіреу қуатын сөндіру үшін арналған массивті темір бетонды қабырға.

3.1632 **Палетка:** 1) тормен сызық (сирегірек нүктелермен) жүргізілген мөлдір табақша. Жоспардағы немесе картадағы телімдердің аудандарын анықтау немесе

координаттарды санау ж.т.б. үшін қызмет етеді; 2) храмдар мен сарайлардың қабырғаларын әшекейлеу үшін қолданылатын бедерлер бейнеленген жұқа тас тақташа.

3.1633 **Ескерткіштер:** Тарихи аумақтардан құрылған жекелеген құрылыстар, ғимараттар және имараттар (оның ішінде дінге негізделген ескерткіштер ж.т.б. құдайға табынуға арналған арнайы нысандар); мемориалдық пәтерлер; мұражайлар, жекелеген жерлеу орындары; монументалды өнер шығармалары; ғылым мен техника, оған қоса әскери нысандар; жерде немесе су астында жартылай немесе толық жасырылған адам іздері, оған қоса барлық жылжымалы заттар, археологиялық қазбалар немесе олжалар туралы негізгі немесе негізгі көздердің бірі болып саналатын ақпараттар.

3.1634 **Дүниежүзілік атамұра ескерткіштері:** ЮНЕСКО дүниежүзілік атамұраның халықаралық тізіміне мәдениет ескерткіштері немесе табиғи ескерткіштер арнайы процедура негізінде кіргізілген. Өзінің сипаты бойынша бұл бір қала немесе табиғи аумақ болуы мүмкін.

3.1635 **Пандус:** 1) әр түрлі деңгейде орналасқан беттерді байланысты-ратын көлбеу жазықтықты коммуникациялық құралым; 2) тік жылжытқан кезде қолайлылық пен ыңғайлылық деңгейін көтеретін бойлық еңісі бар имарат.

3.1636 **Панель:** 1) түрлі мақсаттардағы ғимараттар мен имараттар салуда қолданылатын және жылжымалы, қоршамалы немесе қос қызметтілік (жылжымалы және қоршамалы) қызметтерді атқаратын зауыттық дайындаудың тік жазықтықты элементі; 2) барлық қабырғаларды әрлегенде айқындалып тұратын үй-жай қабырғаларының төменгі бөлігі; 3) негізгі жүктемелерді қабылдайтын фермалардың жоғарғы не төменгі белдеуінің екі іргелес тораптар арасындағы аралық; 4) бұл да жаяужол сияқты.

3.1637 **Асбестцементті панельдер:** Жазықтық құрылыс элементін көрсететін бұйым; тік қалпында пайдалануға арналған сыртқы төсемі мен ішкі кеңістігі асбестцементті қажетті жағдайда оқшаулау материалдармен толтырылынатын пішін.

3.1638 **Бетонды панель:** 1. Беріктігі пайдалану кезеңінде бетонмен ғана қамтамасыз етілетін панель, панельдерді дайындау мен тасымалдауда және қабырғаларды құрастыруда пайда болатын жігерін қабылдауға арналған құрылымдық арматурасы бар және есептік арматурасы болуы мүмкін Б.п. Егер арматура шектелген учаскелерде ғана бар болса панель бетонды деп саналады (мысалы, тірек зоналарында, жергілікті жүктемеден кернеу шоғырланатын аймақта); 2. Құралымдық арматуралы панель, пайдалану кезеңінде оның беріктігі бетонмен ғана қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар бетонды панельдерге жұмыс арматурасы шектелген учаскелерде ғана орналасқан (мысалы, ойық үстіндегі маңдайшада, аспа шоқыда, тірек аймақта, жергілікті жүктемеден кернеу шоғырланатын аймақта) және тік жұмыс арматурасы болмайтын панельдер.

3.1639 **Желдетілетін панель:** бір немесе бірнеше қуыстарда ауаны айналдыру панелі.

3.1640 **Екі қабатты панель:** Екі негізгі қабаты бар қабатты панель. Жаппай кесуі бар Е.қ.п. екі армирленген бетонды қабат: салмақ түсетін және жылуоқшаулауыш. Сыртқы экраны бар және ішкі қабаты армирленген құрылымдық-жылу оқшаулауыш бетоннан жасалған Е.қ.п.

3.1641 **Сәулелену инфрақызыл панельдер:** панельді-сәулелі жалынсыз оттық жылыту, оныңтабиғи немесе сұйытылған газдың жануында пайда болатын жылу инфрақызыл сәулелену жолымен бөлмеге жайылады.

3.1642 **Қабырғалы панель:** Қабырғасының қаттылығы көлденең және (немесе) бойлы күшейтілген панель.

3.1643 **Экраны бар панель (қабырғалы сыртқы бетонды және темірбетонды панельдер):** Относта (ауа қабатшасымен) орналасқан сыртқы қабаты бар қабатты панель – сыртқы экранымен. Сыртқы экрандарды қабырғаның негізгі құрылымын судан қорғау, желдету және жылу тұрақтығын жоғарту үшін климаттық әсерлерді төмендету мақсатымен қолданылады және олар армирленген бетоннан, жапырақты және басқа материалдардан жасалады.

3.1644 **Құралмалы панель:** 1. Дербес дайындалған армирленген бетон элементтерден немесе армирленген бетон және негізгі элементтерден (терезе және есік блоктарын қоспағанда) тұратын панель, оның құралымының тұтастығы осы элементтерді жалғау бұйымдары көмегімен немесе басқа тәсілмен қосу арқылы қамтамасыз етіледі; 2. Металды біріктіруші бұйымдардың көмегімен немесе басқа амалмен қосылған бірнеше бетон және/немесе темірбетонды элементтерден тұратын панель.

3.1645 **Тұтас панель:** Ауа қабаттауышы мен кеуектігі жоқ панель.

3.1646 **Термикалық құрылымды панель:** Тұтқыр полистиролдан көпірту әдісімен жасалған панель. Микропор нәтижесінде құрылған ауамен толтырылған майда қуыстар.

3.1647 **Ферма панельдері:** іргелес жоғарғы (төменгі) түйіндермен шектелген жазық ферманың бөлігі.

3.1648 **Папильонажды қимыл:** балшық сорғыш кеменің бір шеткі жерден басқа ойыққа көлденең жерге ауысуы.

3.1649 **Папильондау:** балшық сорғыш кеменің жерді өңдеуде ойыққа көлденең жерге ауысуы немесе бұл бағытта бір жер іркуіш құрылғының жылжуы.

3.1650 **Парадигма:** Зерттеу мәселелерді шешу үлгісі ретінде қабылданған проблемалардың қойылу теориясы (немесе моделі).

3.1651 **Бөлменің герметикалық емес параметрі:** Қорғанатын бөлменің көлеміне тұрақты ашық ойықтарының суммарлық алаңына қатысты анықталатын мөлшер.

3.1652 **Аумақтың құрылыс параметрі:** қала құрылысының аймақтандыруында құрылыс объектінің қабаттыққа, тығыздыққа, қарқынды және басқа сипаттарына қойылатын талаптар.

3.1653 **Парапет:** 1) толқындардың, шашыраулардың ж.т.б. қирату іс-әрекеттерінен имаратты сақтауға қызмет ететін бөгеттің, бөгетшенің, тоқпақтың ж.т.б. жотасынан өтетін жоғарғы еңісте аса биік емес, тұтас қабырға; 2) биік құламалардың бітеу қоршауы; қауіпсіздік өлшемдері және ақпараттылығы жөніндегі қызметтерді қоса атқаратын қозғалыс жолдары мен қызметтік кеңістіктерді қоршайтын құралымды элемент.

3.1654 **Паркет:** Еденді жабуға, сондай-ақ осындай еденнің (беткі қабатын) өзінен-өзі жабылуына арналған аса үлкен емес сүргіленген ағаш тақтайшалар (тойтармалар).

3.1655 **Паркетті жұмыстар:** Еденді (беткі қабатын құрау үшін) жабу үшін паркет төсеу.

3.1656 **Паркет әрлеуші машиналар:** Паркетті едендерді тазалау, әрлендіру және сүргілеу үшін қолданылатын машиналар.

3.1657 **Бумен жылытқыш:** Үй-жайларда орнатылған жылыту құралдарындағы құбырлар (бу құбырлары) бойынша орталық жылумен жабдықтау, аудандық қазандық немесе жергілікті бу қазандығы желілерінен түсетін су булары жылутасығыш болып табылатын жылыту жүйесі.

3.1658 **Паронит:** Асбест талшықтары, каучук, минералды толықтырғыш (ұнтақтар) және күкірттерден шығатын салмақты сығымдаудан алынатын табақша материал.

3.1659 **Бу құбыры:** Бу тасымалдауға арналған құбыр.

3.1660 **Пемзобетон:** Толықтырғышы табиғи пемзалық қиыршықтас және қандай да бір құм (кварцты, пемзалық, қоқысты) болып табылатын жеңіл бетон.

3.1661 **Пенетрациалық-каротаждық бұрғы (жерлер):** Жыныстар қасиеті жөнінде өлшеу ақпаратты алу үшін арналған бастапқы жаңғыртушы үздіксіз қимылдар тобын конструктивті біріктіретін өлшеу құрылғысы. Тау жынысының дала зерттеуінде анықталатындар: бұрғы ұшының (конусының) астындағы жердің үлестік тойтарысын; бұрғының бүйір жағында жердің тойтарысы немесе бұрғының бүйір жағы учаскесіндегі үлестік тойтарысы; нейтрон-нейтрондық каротажбен жыныс ылғылдығының мөлшерін; гамма-гамма каротажбен жыныс ылғалдығының мөлшерін; гамма-каротажбен жыныстың табиғи гамма-белсендігін.

3.1662 **Пенетрациялық-каротаждық станция (жерлер):** Пенетрациялық-каротаждық бұрғыны шығару және жынысқа енгізуге арналған күштік құрылғысы мен ПК өлшеу жүйесінің көліктік базасын кіргізетін құрылғы.

3.1663 **Пенетрациялық каротаж:** 1. Жынысқа пенетрациялық-каротаждық бұрғыны тереңдігі бойынша үздіксіз енгізу жыныс қасиетінің көрсеткіштері кешенін анықтау геофизикалық әдісі; 2. Жынысқа пенетрациялық-каротаждық бұрғыны тереңдігі бойынша үздіксіз енгізу дала шарттарында көрсеткіштер қатарының жыныс қасиетінің көрсеткіштерін анықтау геофизикалық және бұрғылау әдісі.

3.1664 **Көбік бетон:** Тұтқырлы заттың (әдетте портландцемент) орнықты көбікпен араластыру жолымен ұсақ кеуекті құрылымды алынатын қуысты бетон.

3.1665 **Көбікті бетонараластырғыш:** Көбікті бетон және көбікті силикат қуысты қоспалар дайындауға арналған қондырғы.

3.1666 **Көбікті металл:** Металл немесе қуысты құрылым қорытпасы.

3.1667 **Көбік дайындайтын үстемелер:** Техникалық көбіктердің талапты еселігі мен беріктілігін талап ететін техникалық көбіктерді алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін беткі-белсенді органикалық заттар, ол бетон қоспаларының құраушыларымен араласқан кезде қуысты немесе көбікті құрылым бетондарын алуға мүмкіндік береді.

3.1668 **Көбіктастар, газбен толтырылған полимерлер:** Газбен толтырылған (көбінесе ауамен) қуыс (кеуек) жақтары мен қабырғалардан пайда болатын полимерлі үлдірлерден шығатын қаңқалары бар композициялық материалдар. Кеуекті қатынастары бар көбіктастар қабықты қаттар деп аталады.

3.1669 **Көбікшыны:** Жұқалап ұсақталған әйнекті ұнтақ пен көбік жасаушыны (кокс, бор, доломит) жентектеуде алынатын кеуекті материал (салыстырмалы тығыздығы 100-800 кг/м³).

3.1670 **Тоттанудан біріншілік қорғау:** Дайындауға дейін немесе құралымды дайындау процесінде материалдарды таңдау арқылы құрамды немесе құрылыс материалы құрылымын өзгертіп жеткізілетін тоттанудан қорғау.

3.1671 **Пергамин:** Жұқа картонды жеңіл балқитын мұнай битумдарын сіңдірумен алынатын, жабын қабаттарын төсейтін құрылғылар, құрылыс құралымдарын оқшаулау ж.т.б. үшін қолданылатын орама материал.

3.1672 **Аударылған (реверсивті) жабын:** Гидрооқшаулағыш қабат үстінен жылуұстағыш төселетін жабын, ол қорғаушы тормен жабылып, сыртқы ортадан малтатас немесе керамзит қабатымен оқшауланады. Жылуұстағыштың жоғары аязға төзімділігі және төмен су сіңірімділігі болуы тиіс.

3.1673 **Арақабырға:** Жекелеген бөлмелердегі күрделі қабырғалар арасында жататын ғимараттағы іргелес үй-жайды бөлетін ішкі қоршалған құралым.

3.1674 **Жылжымалы өрт сөндіргіш:** Доңғалақтар немесе арбалар үстіне орнатылған өрт сөндіргіш.

3.1675 **Жеделәрекетті (жабдықтық) ғимарат, имарат немесе кешеннің қоныс аударуы:** Көлік құралдарының көмегімен бір орыннан басқа орынға көшіру арқылы жеделәрекетті (жабдықтық) ғимаратты, имаратты немесе кешенді ауыстыру.

3.1676 **Ғимараттың аражабыны:** Ішкі горизонталь қоршау құралымы. Негізгі (көтеруші) бөліктерден тұрады: арқалықтар, тақталар, едендердің, кейде төбелердің (аражабынның дербес элементі ретінде) оқшаулама қабаттары. Аражабынды қабатаралық, шатырлық, жертөлелік деп ажыратады.

3.1677 **Маңдайша:** 1) құрылыс кезінде гидротехникалық имараттарды немесе олардың қазаншұңқырларын су басудан сақтайтын қоршау; 2) жоғары жатқан құралымдардың салмағын көтере алатын, қабырғалардағы ойықтарды жабу үшін жасалған арқалық немесе арқалық типті құралымды элемент.

3.1678 **Құлама:** 1) температуралар, қысымдар ж.т.б. белгілер деңгейінің түрлілігі; 2) бойлық кескіннің күрт өзгеруімен түрлі деңгейдегі трассаларда орналасқан су ағындарының қысымсыз бөліктерінің гидротехникалық имараты; 3) әр деңгейдегі су ағыны имарат бойымен тікелей құлап, одан ажыратыла суатқа сорғалап тұратын суаттардың қысымы жоқ бөліктеріне түйіндесуге арналған гидротехникалық имарат (ашық сатылы және аспалы, жартылай қысымды және қысымды).

3.1679 **Эскалатордың баспалдақ төсеміндегі ауысым:** Горизонталь баспалдақ тақтасы телімінің көрші басқыштарының арасындағы деңгейлерінің айырмашылығы.

3.1680 **Көпірлі өткел:** Жағалауларды бекітетін және реттегіш имараттардан, көпір мен оған келетін жолдардан (эстакадалардан, топырақ үйінділерінен немесе ойықтардан) тұратын инженерлік имараттар кешені.

3.1681 **Мерзімдік кескін:** Ұзындығы бойынша өлшем өзгерістері мен көлденең қиысу нысандары мерзімді қайталанатын ауыспалы кескіннің түрі.

3.1682 **Периптер:** Төрт шетінен ұстындармен көмкерілген жайғасымдағы төртбұрыш ғимараттар.

3.1683 **Перлитобетон:** Толтырғышы болып қызмет ететін ісініп көтерілген перлитті жеңіл бетон, оның тұтқыры ретінде цемент, әк, гипс, еритін шыны, синтетикалық шайырларды пайдалануы мүмкін.

3.1684 **Құрылыс бойындағы қызметкер:** Құрылыс-жинақтау жұмыстарына тікелей басшылық ететін инженерлік-техникалық қызметкер (телім бастықтары, жұмыс өндірушілер, құрылыс шеберлері және телім механиктері).

3.1685 **Алғы шептік:** 1) адамдардың заттарды көріп қабылдауына сәйкес жазықтықта зат әлемін бейнелейтін жүйе; 2) желілік а. ш. - орталық проекциялаудың көмегімен жазықтықта кеңістік фигураларын бейнелейтін тәсіл, кеңістік нүктесінде жазықтықпен тура қиысатын нүкте болып табылатын нүкте жазықтығы жобаланады.

3.1686 **Құмдар:** Кварц (құмдарынан), егіс қалақшаларының, слюдаларының түйіршіктерінен және кейбір жағдайларда шаң, саз және органикалық бөлшектерден тұратын, мөлшері 0,1 мм-ден 1 мм-ге дейінгі шөгінді сынықтарынан құралған борпылдақ ұсақ сынықты шөгінді тау жыныстары.

3.1687 **Құмұстағыш:** Минерал тектес механикалық қоспаларды ақаба сулардан бөлуге арналған құрылғы.

3.1688 **Құм шашыратып өңдеу:** Ғимарат қасбеттерін, металл үстін оларды сырлау алдында өңдеу (әсіресе тазалау).

3.1689 **Құмды бетон, ұсақ түйіршікті бетон:** Тұтқырғыш (цемент), су және ұсақ толтырғыш қоспаларынан (құмнан) жасалады.

3.1690 **Топса:** Есіктер мен терезелерді, қораптармен қосатын және есіктердің, терезелердің, фрамугалардың және желдеткіштердің ашылуы мен жабылуына қызмет ететін бұйым.

3.1691 **Пеш:** Жанғыш отынның (кейде басқа да химиялық реакциялардың) немесе электр қуатының ауысуы нәтижесінде материалдарды ж.т.б. жылыту, жылытып өңдеу үшін пайдаланылатын құрылғы.

3.1692 **Жаяу жүргіншілер көпірі:** Кез келген кедергілер арқылы жаяу жүргіншілер жолын өкізуге арналған көпір.

3.1693 **Пигменттер:** Пластмассаларды, резеңкелерді, теріні, қағаздарды, химиялық талшықтарды бояуға, бояулар мен тығыздағыштарды ж.т.б. дайындауға арналған жұқалап үгітілген (жоғары дисперсиялық) ұнтақтар түрінде қолданылатын түрлі-түсті химиялық қосылыстар.

3.1694 **Пикет:** 1) жер бетінің нүктесі, оның орналасуы белгілі бір жер телімін геодезиялық түсірумен анықтау процесінде түсіру нүктесіне қатысты белгіленеді; 2) т/ж телімінің (кесінді) нөмірі көрсетілген жол белгісі және осындай белгілермен шектелген, бір-бірінен 100 м қашықтықта орналасқан телімнің өзі.

3.1695 **Ара:** Ағаштарды, металдарды, тасты ж.т.б. материалдарды бөлуге (аралауға) арналған қол немесе станокты көпкескішті құрал, сондай-ақ түрпілі немесе болат диск, болат арқан, қол ара тақтайшасы, жолақтар ж.т.б. түріндегі кескіш құралы бар станок.

3.1696 **Пилон:** Құрастырмалы белдеуге енетін және тоғыспаларды, аркаларды, ғимараттардың аражабындарын, көпір аралықтарын ж.т.б. ұстап тұратын шомбал бағана; саябақ, ғимарат ж.т.б. әдетте кіреберісіне әшекейлік мақсатпен симметриялы орнатылатын жеке тұратын имарат.

3.1697 **Пилястра:** Бөліктер мен ұстындар пропорцияларын қайталайтын жазық тікбұрышты қабырғаның (бағанның) шығыңқы жері.

3.1698 **Пирс:** Порттың ішкі су аймағына, жағалауға тік немесе бұрышпен салынған екі жақты айлақ имараты.

3.1699 **Тесіп өтетін тапанша:** Материалда тесік жасау үшін жарылғыш (оқ-дәрілі) немесе серіппелі әрекет ететін аппарат.

3.1700 **Бояу шашыратқыш тапанша:** Беттерді лак бояғыш материалмен сырлауға арналған аппарат.

3.1701 **Балқытылған пісіру қосындысы (флюс) (металдарды пісіру):** Кейінгі балқытпа ұсақталумен және оның балқытумен алынған құрастырмалары доғамен пісіру қосындысы.

3.1702 **Жалату:** Термомеханикалық тәсілмен металл бұйымдардың (табақшалардың, тақталардың, құбырлардың, сымдардың) бетін басқа металмен немесе қорытпалармен жұқалап жалатып, оларды тоттанудан сақтау.

3.1703 **Жоспар:** 1) топографиялық жоспар - жердің қисықтығын есептемейтін жергілікті жердің телімін картографиялық бейнелеу; 2) сәулеттегі жоспар - белгілі бір масштабта (әдетте кішірейтілген) орындалатын жердің, елді мекеннің, имараттың сызбасы; 3) бейнелеу масштабы (ірі жоспар, шағын жоспар); 4) бұл да жоғарғы жағынан көрінетін (жоспарда) көлденең проекция сияқты.

3.1704 **Инженерлік-топографиялық жоспар:** Жағдай элементтері және жергілікті жердің бедерлерінің (оның ішінде су ағындары, су қоймалары және су аймағының түбі), оның жайғасымдалуы, олардың техникалық сипаттамалары бар қолданыстағы (жерасты, жер және жерүстілік) ғимараттар мен имараттардың геодезиялық негіздер пункттерінің (нүктелері) цифрлық, кескіндемелік және басқа да түрде құрылған немесе жаңартылған арнайы жоспардағы картографиялық бейнесі.

3.1705 **Жерасты және (немесе) жерүсті инженерлік коммуникациялар жоспары:** Арнайы жоспар (цифрлық, кескіндемелік және басқа да пішіндегі), онда сұйықтықтар мен газдарды тасымалдауға, жер жағдайын қажетті ең төменгі бейнелеу арқылы энергия мен ақпараттарды, олардың техникалық сипаттамаларымен беруге пайдаланылатын жерасты немесе жерүсті желілік имараттар бейнеленеді.

3.1706 **Нысанның өрт сөндіру жоспары:** Нысанда пайда болған өртті сөндіруді ұйымдастырудың негізгі мәселелерін белгілейтін құжат.

3.1707 **Ахуалдық жоспар:** Құрылыс-жинақтау ұйымының өндірістік базасымен, жақын елді мекендермен, энергиямен, жылумен, сумен қамту көздері және олардың сыртқы желісімен, кәріздеу, тасымалдау және байланыс желісімен, олардың имараттарымен, карьерлер және үйінділермен, сондай-ақ құрылыс ауданы аумақтарындағы негізгі табиғат ерекшеліктеріне байланысты құрылыс нысанының орналасуын көрсететін жоспар.

3.1708 **Өрт кезінде көшіру жоспары:** Өрт пайда болған жағдайда нысандағы көшіру жолдары мен шығу есіктері көрсетілген, адамдардың өзін-өзі ұстау тәртібі, сондай-ақ қызмет көрсетуші қызметкерлердің іс-әрекет тәртібі мен реттілігі белгіленген құжат.

3.1709 **Аумақты тік жайғастыру:** Құрылыс салу және соңынан нысанды пайдалану мақсаты үшін топырақты қиындысы мен үйіндісі бар жер бедерінің жобасына сәйкес өзгерту.

3.1710 **Жердің жайғасымдық белгісі:** Ірге жаппа шекарасындағы жер деңгейі.

3.1711 **Жайғасымдық тақтасы:** Темплеттер орналастырылатын және бекітілетін тақта немесе беті.

3.1712 **Пластикат:** Иілгіш пластмасса.

3.1713 **Пластификаторлар:** 1) органикалық заттар, полимерлік материалдар құрамына илемділігі және (немесе) иілгіштігін арттыру үшін қосады; 2) құрылыс ерітінділері мен бетонды қоспаларға олардың илемділігін келтіру, қозғалғыштығын (созылғыштығын) арттыру және орналастыру қолайлығын қамтамасыз ету мақсатында (тұтқырғыш салмағынан 1 %-тен кем емес) белсенділігі жоғары қоспалар (мылонафт, сабындалған ағаш шайыры ж.т.б.).

3.1714 **Цементтің илемденуі:** Арнайы қопаларды қосу арқылы цементтің су қажетсінуін төмендету.

3.1715 **Илемдендіруші қоспалар:** Бетон қоспаларының жылжымалылығын арттыратын зат.

3.1716 **Илемді массалар, пластмассалар, пластиктер:** Қысыммен күйдіру кезінде берілген түрді қалыпқа келтіретін және оны салқындатқаннан кейін тұрақты сақтайтын полимерлер негізінде жасалынған материалдар.

3.1717 **Платформа:** Көтерілген алаң, тақтайша үстел.

3.1718 **Әшекейтөбе:** 1) кез келген үй-жайдың жазық, тоғыспа тәрізді немесе күмбез аражабыны; 2) әдемі немесе мүсінді бейнесі немесе сәулеттік-әшекейлік мотивтермен безендірілген төбе.

3.1719 **Полимерлі үлдірлер:** Қалыңдығы ереже бойынша, 0,5 мм.-ден кем полимерлі материалдар.

3.1720 **Үлдір құраушы заттар, үлдір құраушылар:** Төс етегіне жоғары жабысуға ие болушы, металдық, ағаш немесе басқа да беттері бар қатты және берік қабыршақты құрғатуды жасай отырып, ерітінді, жүзгіндер немесе балқытудың жұқа қабаттарын жасауға қабілетті синтетикалық немесе табиғи заттар (әдетте полимерлер немесе олигомерлер).

3.1721 **Үлдірлі қорғаныш жабыны:** Үлдірлі табақшалы немесе орамалы материалдардан жасалатын қорғаныш жабыны.

3.1722 **Үлдір шыны:** Иілгіш жұқа (қалыңдығы 10-нан 200 мкм-ге дейінгі) табақшалы шыны.

3.1723 **Тізбек қоршау ернеулігі:** Тізбек қоршау қалқандары бекітілетін, алжапқыш үстіне орналасқан тізбек қоршау элементі.

3.1724 **Тақта:** Әр түрлі мақсаттардағы ғимараттар мен имараттар құрылысында қолданылып көтергіш, қоршаушы және біріктірілген (көтергіш және қоршаушы), теплотехникалық, дыбыс өткізбейтін және басқа да міндеттерді орындайтын (қимасының ені биіктігі немесе қалыңдығынан артығырақ болатын) горизонталь жазықтықтағы элемент.

3.1725 **Өрнек-нақышты тақташа:** Қабырғалар қаптамаларына арналған қағазға желімденіп немесе бос салынып жеткізілетін сырланбаған немесе түрлі-түсті бітеу шыныдан жасалынған нақышты тақташа.

3.1726 **Бөгет:** ГЭС немесе су қоймасы орналасқан жердегі қысымның шоғырлануын, олардың алдындағы су деңгейін көтеру үшін өзенді (немесе басқа су ағындарын) тосқауылдайтын гидротехникалық имарат.

3.1727 **Ағаш ұсталық жұмыстар:** Ағаштан жасалынатын бұйымдарды төмендеу өңделуін (ағаш шеберінің жұмыстарымен салыстырғанда) сипаттайтын ағаш құралымдары мен бөлшектерін дайындау және орнату жөніндегі құрылыс жұмыстары.

3.1728 **Алаңша:** Жабдықтарды орналастыруға, қызмет етуге немесе жөндеуге арналған, жеке тіректерге, ғимарат құралымдарына ғимаратта немесе одан тысқары орналасқан бір қабатты имарат (қабырғасыз).

3.1729 **Автоцистерна үшін алаң (АЦ):** АЖС-нда ағызу-құю операциялары кезінде АЦ қондырғыларына арналған технологиялық алаң.

3.1730 **Құрылыс алаңы:** Құрылыс кезеңінде құрылыс нысандарын тұрақты орналастыруға, сондай-ақ материалдар мен құралымдарды жинау, машиналарды, уақытша ғимараттар мен имараттарды орналастыруға арналған белгіленген тәртіпте бөлінген жер телімі.

3.1731 **Терезелер ауданы S_m:** Жарықтандырылған бөлмелердің сыртқы қабырғаларында орналасқан жарық саңылауларының (жарықта) жиынтық ауданы, м^2.

3.1732 **Фонарь ауданы $S_ф$:** Бөлмелер немесе аралықтармен жарықтан-дырылған жабында орналасқан барлық фонарлардың жарық саңылауларының (жарыққа) жиынтық ауданы, м^2.

3.1733 **Қорыс:** Жоғары жатқан қабаттардың қысымынан және басқа механикалық әсерлерден ағымдағы жағдайға өтетін, ал мұздаған кезде - ісінетін сумен қаныққан борпылдақ шөгінді.

3.1734 **Шаю жағажайы:** Жер имараттарын шаю процесінде лай немесе мөлдір су ағатын топырақ беті.

3.1735 **Зақымдалу:** 1) сенімділік ұғымдарының бірі; бұйым дұрыстығының бұзылуын білдіретін жағдай; 2) нысанның жұмыс қабілеттілігі күйін сақтай отырып, жарамды күйінің бұзылуын білдіретін жағдай.

3.1736 **Ғимарат элементінің зақымдалуы:** Сыртқы әсерлер (жағдайлар) салдарынан болған ғимарат элементінің немесе оның құрама бөліктерінің ақауы.

3.1737 **Дыбыс сіңіру:** Жылытуға бағытталған басқа энергия көздеріндегі дыбыс толқындары қуаттарының пайда болу салдарынан оның кез келген орта арқылы өту кезіндегі дыбыс қарқындылығының әлсіреуі.

3.1738 **Жарықты сіңіру:** Орта бөліктерімен өзара әрекет ету салдарынан ортадағы жарық толқындарының тарату кезінде оның қарқындылығының азаюы.

3.1739 **Аспалы жол:** Жердің жоғары деңгейіндегі тіректерде орналасқан аспалы арқанды немесе біртұтас рельсті жолмен көтеру-тасымалдау имараты.

3.1740 **Айналмалы жүрісті аспалы арқанды жол:** Жүк және бос бағытта көлік құралдарының жеке қозғалысына арналған көтергіш арқандардың екі тармағы бар аспалы арқанды жол.

3.1741 **Маятникті жүрісті аспалы арқанды жол:** Жүк немесе бос бағыттарда көлік құралдарының қозғалысына арналған көтермелі арқанның бір тармағымен жүретін аспалы арқанды жол.

3.1742 **Суасты бетондау:** Гидротехникалық имараттардың су асты бөліктерін, көпірлер мен басқа біршама тереңдікте тіреулерін салу және жөндеу кезіндегі бетондық жұмыстарды өндіру тәсілі.

3.1743 **Суасты-техникалық жұмыстар:** Гидротехникалық имараттарды салу, теңіз мұнай өнімдерінің өндірістерін күту, құбырларды салу ж.т.б. су астында орындалатын құрылыс-жинақтау жұмыстары.

3.1744 **Аумақты инженерлік тұрғыдан дайындау:** Құрылыс мақсатында пайдалану үшін аймақты игеруде істелетін шаралар мен жұмыстардың кешені.

3.1745 **Табандық:** Бұйымның төменгі бетін қалыптастыру процесінде құру үшін арналған пішіндеу элементі.

3.1746 **Жерасты резервуары (жер астында сақтау):** Егер резервуардағы сұйықтың жоғары деңгейі тиесілі алаңның жайғасымдалған төменгі белгісінен кем дегенде 0,2 м-ден төмен болса (резервуар қабырғасынан 3 м шегінде) мұнай өнімдерін сақтауға арналған резервуар.

3.1747 **Сенек:** Тас немесе ағаш ғимараттың тұрғылықты емес төменгі қабаты.

3.1748 **Кран арқалығы:** Ұстынға тірелген, жүк көтергіш кран жүру үшін бекітілген рельсі бар металл немесе темірбетонды арқалық.

3.1749 **Кран жолы:** Қозғалмалы жүк көтергіш кранның жылжымалы арбаларына бағыт беретін екі параллель рельс.

3.1750 **Төсеніш:** Жеке дайындалатын құрал-жабдық немесе әр түрлі биіктіктегі бірқатар құрылыс және жөндеу жұмыстарында пайдаланылатын қатты кеңістік түріндегі типтік жабдықтық құралым.

3.1751 **Іргетас табаны:** Жүктемені негізге түсіретін іргетастың төменгі жазық беті.

3.1752 **Еденасты:** Бірінші немесе іргелік қабаттың жабыны мен топырақтың жоғарғы жағының арасындағы инженерлік жүйе құбырларын орналастыруға арналған кеңістік.

3.1753 **Тіреуіш қабырға:** Сыртындағы топырақ массивін опырылыстардан сақтайтын құралым.

3.1754 **Қазбалы аумақ:** Жерасты тау өңдеулерінің ықпалынан өтетін аумақ. Тау өңдеулері аймағының шекарасы шекара бұрыштарымен анықталады.

3.1755 **Нысан астын қазбалау:** Нысанға әсер ететін пайдалы қазбалардың ойындысы.

3.1756 **Бригадалық мердігерлік:** Әкімшілікпен арада жасалған шартқа сәйкес бригадаға құрылыс нысаны немесе оның бөлігі бойынша жұмыстарды орындау тапсырылады және жұмыстарды орындау үшін осы шартпен қарастырылған қажетті жағдайларды жасайтын төменгі шаруашылық есебінің түрі.

3.1757 **Мердігер:** Мердігерлік және (немесе) мемлекеттік келісімшарт бойынша жұмыстар немесе қызметтерді орындайтын жеке немесе заңды тұлға.

3.1758 **Төселетін қабат:** Топыраққа жүктемелерді бөліп тарататын еден қабаты.

3.1759 **Подтоварник:** Ағаштардың қылқан жапырақтыларында жоғарғы кесіндісінің диаметрі 6-13 см, жапырақты түрлерінде - 8-11 см дөңгелек орман материалы (жұқа бөренелер).

3.1760 **Аражабынды көтеру:** Жобамен тапсырылған биіктікке жер деңгейінде дайындалатын қабаттарды немесе жабындарды көтеру жолымен көп қабатты ғимараттарды тұрғызу әдісі.

3.1761 **Құрылыстық көтерме:** Пайдалану жүктемелерінің әрекеті кезінде жобаға сәйкес қажетті пішін алуын қамтамасыз ету үшін құралымдарды даярлау немесе жинақтау процесінде жасалатын белдеулік (арқалық) құрылыс құралымдарын қосымша ию.

3.1762 **Өрт:** Тұрғындардың өмірі мен денсаулығына зиян, қоғам және мемлекет мүддесіне материалдық залал келтіретін бақылаусыз жану.

3.1763 **Өрт қауіпсіздігі:** Тұрғындар, халық шаруашылығы нысандары мен өзге де маңызы бар, сондай-ақ өрттің қауіпті қауіп-қатері мен әрекеттерінен қоршаған табиғи ортаны сақтайтын жағдай.

3.1764 **Өрт дабылы:** Өртті анықтауға, оның пайда болу орнын хабарлауға және өрт туралы дабылды өңдеуге арналған техникалық құралдар кешені.

3.1765 **Өрт сөндіру гидранты:** Сыртқы су торабынан өрт сөндіру қажеттеріне су алуға арналған тұрақты құрылғы.

3.1766 **Өрт туралы хабарлағыш:** 1) басталған өрттің бастапқы белгілерін (қызуды, жалынды, түтінді) қабылдауға және осы белгілерді одан әрі жеткізуге жарамды электр сигналдарына түрлендіруге арналған өртке қарсы дабылдаудың элементі; 2) өрттің бастапқы белгілерін (әдетте түтін) қабылдайтын және өрт дабылының дыбыстық сигналын беретін дербес аспап.

3.1767 **Өрт сөндіру краны:** Өртке қарсы су құбырына орналастырылған клапаннан және өртке қарсы жалғастырғыш бастиектен, сондай-ақ қол оқпаны бар өртке қарсы жеңдіктен тұратын жиынтық.

3.1768 **Өрт қауіпсіздігі аймағы:** Белгілі уақыт ішінде (өрт шыққан сәттен құтқару жұмыстары аяқталғанға дейін) адамдарды өрттің қауіпті факторларынан қорғау үшін өртке қарсы кедергілермен бөлініп тасталған, эвакуация мен құтқаруды жүргізудің кешенді шараларымен қамтамасыз етілген ғимараттың, имараттың, өрт сөндіру бөлімінің бөлігі.

3.1769 **Өртжарылыс қаупі жоғары нысан:** Техногендік төтенше жағдай пайда болуының нақты қаупін тудыратын тез тұтанғыш және өртжарылыс қауіптілігі жоғары заттарды өндіретін, пайдаланатын, өңдейтін, сақтайтын немесе тасымалдайтын нысан.

3.1770 **Жинақтайтын бұйымның істен шыққандағы өрт қауіптілігі:** Өрт шығудың қауіпті факторының пайда болуына әкелуі мүмкін жинақтайтын бұйымның істен шығуы.

3.1771 **Өрт қауіптілігінің көрсеткіші:** Өрт қаупінің қандай да бір қасиетін сандық сипаттайтын шама.

3.1772 **Жабын:** 1) пайдалану әсеріне тікелей ұшырайтын еденнің жоғарғы қабаты; 2) үй-жайды сыртқы климаттық факторлар мен әсерден қорғауға арналған ғимараттың жоғарғы қоршамасы. Жоғарғы қабаттың аражабынының үстінде кеңістік (өтпелі немесе жартылай өтпелі) бар болса, ол шатырлы деп аталады; 3) бірмезгілде көтеру, ылғалдан сақтау, ал шатырсыз (аралас) төбелер мен жылы шатырларда жылу оқшаулау қызметін атқаратын жоғарғы қоршама құралым.

3.1773 **Ғимараттың жабыны:** Ғимарат үй-жайларын сыртқы ортадан оқшаулайтын және оларды атмосфералық ылғалдан және басқа да сыртқы әсерлерден қорғайтын жоғарғы қоршама құралым.

3.1774 **Оттан қорғайтын жабын:** Оттың әсеріне олардың кедергі келтіруін арттыру мақсатымен құрылыс құралымдарын беттік өңдеу (сылақ жүргізу, пасталар жағу және т.с.с.).

3.1775 **Еден:** Пайдалану жүктемесінің әсерін қабылдайтын ғимарат (имарат) құралымының элементі.

3.1776 **Қалқымалы еден:** Іргелес бөлмелердің дыбыс оқшаулағыштығын арттыру мақсатымен қабырғалар мен аражабындардан серіппелі немесе оқшаулағыш құрылғымен бөлінген еден.

3.1777 **Пайдалы аудан:** Тұрғын үйдің тұрғылықты және тұрғылықты емес аудандарының жиынтығы ретінде есептеледі. Тұрғын үйдің шығыңқы іргелік және жертөле қабатында орналасқан аудан тұрғын үйдің пайдалы ауданына жатқызылмайды.

3.1778 **Пайдалы қабат:** Топырақты құрылыс материалдар ретінде пайдаланылатын геологиялық орта мен техногендік жасалымдардың бөлігі.

3.1779 **Полигон:** Бұйымдарды бетондауға арналған қалыптармен, бетонсалғыштармен, дірілалаңшасымен, жүк көтеру крандарымен ж.т.б. жабдықталған құрылыс құралымдарының жинамалы элементтері мен бөлшектерін дайындауға арналған ашық алаң.

3.1780 **Полимербетон, пластбетон:** 1) құрамында түйіршіктілігі жоғары толтырғыш, ірі және ұсақ толтырғыштар, бутүзгіштер, илемдегіштер, еріткіштер және қатырғыштар бар, синтетикалық полимер (әдетте термореактивті шайыр) байланыстырғыш қызметін атқаратын бетон. Металмен арматураланған полимербетон - болатполимербетон - беріктілігі жоғары құралымдық материал; 2) химиялық төзімді минералды толтырғыштар, толтырғыштар мен қоспалар, полимер байланыстырғыш негізіндегі арнайы бетондар.

3.1781 **Жеңіл полимер бетон:** Кеуекті химиялық төзімді ірі толтырғышпен және химиялық төзімді тығыз немесе кеуекті толтырғышпен, жеңіл массасының көлемі (1500-1800 кг/тек.м) немесе жеңілдетілген (1800-2200 кг/тек.м) синтетикалық байланыстырғышты тығыз құрылымдық полимербетон.

3.1782 **Ауыр полимербетон:** Тығыз химиялық төзімді ірі және ұсақ толтырғыштармен, массасының көлемі (2200- 2500 кг/тек.м) синтетикалық байланстырғышты болатын тығыз құрылымдық полимербетон.

3.1783 **Әрлеу:** Материалдарды беті айна тәрізді жалтырағанға дейін өңдеу (әрлеу). Металдарды әрлеу жоғарғы бетіне әрлегіш қойыртпақ жағылған киізден немесе мәуітіден жасалған жылдам айналатын шеңберлері немесе жылдам қозғалыстағы таспасы бар әрлегіш білдектермен, сондай-ақ өңделетін бөлшектер орналастырылған, қажау материалдары оның ішінде еркін қозғалатын барабаны бар сұйық қажаумен өңдеуге арналған қондырғыларда жүзеге асырылады. Ағашты әрлеу тегістелген бетке мөлдір шайырды (политураны) жағу және спирт араластырылған қышқыл әрлеу немесе вена әгімен айнадай жалтыратумен жүзеге асырылады. Тасты әрлеу арнайы білдектерде немесе

қолмен тегістеп алғаннан соң, бетіне ұсақ ұнтақ жағылған дымқыл киіз шеңбермен ысқылау жолымен жүзеге асырылады.

3.1784 **Полиспаст:** Арқанмен немесе тізбекпен шалынған бірнеше жылжымалы және жылжымайтын шығырлардан тұратын жүк көтеру құрылғысы.

3.1785 **Полиэтилен:** Синтетикалық полимер, этиленнің полимерлену өнімі.

3.1786 **Жартылай цилиндірлік жарықтандыру:** Көшемен оның осьіне паралелль келе жатқандағы бақылаушы үшін кеңістікті жарықпен қанықтырудың және жарықтың көлеңкетүзгіш әсерінің сипаттамасы. Көшенің бойлық желісі бойынша 1,5 м биіктікте тік орналасқан, радиусы мен биіктігі нөлге ұмтылатын жартылай цилиндрдің жарықтандыру ағынының орташа тығыздығы ретінде анықталады. Жартылай цилиндрлік жарықтандырудың есебі инженерлік әдіспен жүзеге асырылады.

3.1787 **Қозғалыс жолағы:** 1) ені көлік құралдарының ең үлкен көлемі бойынша габариті мен қауіпсіздік саңылауын қоса алып, бекітілетін автомобиль жолының қозғалыс бөлігінің жолағы; 2) көлік құралдарының қозғалысы бір қатарда өтетін өтпе бөліктің бойлық жолағы; 3) бір бағытта бір қатармен қозғалысқа арналған жаяу жүргінші жолының бөлігі.

3.1788 **Шеткі жолақ:** Көлік құралдарының қозғалысын ұйымдастыру және жол ернеуі қирауының алдын алу үшін шеткі белгілеу жолағын орналастыру мақсатында жоғары (I және II) санаттағы автомобиль жолдары жабынының енін ұлғайту.

3.1789 **Жер төсемі:** Теміржол жолдарының жоғарғы құрылысы немесе автомобиль жолдарының жол төсемі үшін негіз болатын үйінді, ойпаң түріндегі инженерлік топырақ имарат. Жер төсеміне онымен тікелей байланысы бар суды бұру, ірілендіргіш және қорғаныш қондырғылар мен имараттар да жатады (жырмалар, науалар, кермелер, тіреме қабырғалар т.с.с.).

3.1790 **Жартылай тоған, буна, көлденең бөгетше:** Су ағыны режимін реттеуге және теңіз немесе өзен жағалауын, жағалау имараттарының негіздерін сумен шайылудан қорғауға арналған гидротехникалық имарат.

3.1791 **Бөлме (үй-жай, жай):** 1) азаматтардың немесе заңды тұлғалардың, сондай-ақ ҚР мен аумақтық бірліктердің меншігіндегі тұрғылықты, тұрғылықты емес немесе басқа мақсаттар үшін дербес пайдалануға арналған, табиғи түрде бөлінген жылжымайтын мүлік кешенінің бірлігі (тұрғын ғимараттың бөлігі, тұрғын ғимаратпен байланысты басқа да жылжымайтын мүлік нысаны); 2) ғимараттың ішіндегі белгілі бір қызметтік мақсаты бар және құрылыс құралымымен шектелген кеңістік; 3) үйдің ішіндегі белгілі бір қызметтік мақсаты бар және құрылыс құралымымен шектелген кеңістік.

3.1792 **Табиғи желдетілмейтін бөлме:** Сыртқы қабырғаларында ашылатын терезелері не ойықтары жоқ бөлме немесе ашылатын терезелері (ойықтары) бөлменің биіктігінен бес есе асып түсетін қашықтықта орналасқан бөлме.

3.1793 **Жеке қызмет көрсету бөлмесі (қызметтік):** Мекеменің (кәсіпорынның) қызметкерлері өзіне-өзі немесе аз келушілерге қызмет көрсету жүзеге асырылатын кабина немесе кабинет. Кабинаның (кабинеттің) габариттерінде ілесіп келген тұлғаның да орналасу мүмкіндігін де ескеру керек.

3.1794 **Адамдар жаппай келетін бөлмелер:** Адамдардың тұрақты немесе уақытша (апаттық жағдайдан басқа) болатын бөлменің ауданы 50 ш.м және одан астам бөлменің әр

1 ш.м 1 адамнан артық болмайтын бөлме (театрлардың, кинотеатрлардың залдары мен фойелері, мәжіліс, жиналыс залдары, дәріс аудиториялары, мейрамханалар, вестибюльдер, касса, өндіріс залдары және басқалар).

3.1795 **Понур:** Жоғарғы ағыс жағынан бөгетке немесе басқа суға тосқауыл имаратына жанасатын өзеннің табанының су өтпейтін жабыны.

3.1796 **Трассаның көлденең кескіні:** Жобаланған имараттың трассасы осьіне перпендикуляр сызығы бойынша жергілікті жердің кескіні.

3.1797 **Қырөрнек:** Кірпіштердің бір қатары қабырғаның сыртқы бетіне қарай бұрыштап орналастырылатын өрнекті кірпіш қалаудың түрі.

3.1798 **Кеуектілік қоспалары:** Бетонның бойындағы мақсатты түрде ауа немесе басқа газтәріздес кеуек түзуге әсер ететін заттар.

3.1799 **Кеуектілік:** Материалдағы кеуек көлемінің жалпы материал көлеміне (габариттік) пайыздық қатынасы. Материалдың негізгі қасиеттері кеуектілікпен анықталады: беріктігі, аязға төзімділігі, су-газ өткізгіштігі ж.т.б.

3.1800 **Пороизол:** Битум мен резеңке қосындысынан жасалған кеуекті иілгіш жгут түріндегі құрылыс материалы.

3.1801 **Поролон:** Өнеркәсіп шығаратын иілгіш пенопластың саудалық атауы.

3.1802 **Бутүзгіштер, көбіктенетін заттар:** Бастапқыда біртұтас материалда олардың көмегімен кеуекті жүйе жасалатын органикалық емес және органикалық заттар, кеуекті құрылымды пенопласт, үрмелі резеңке, газобетон, керамикалық бұйымдар ж.т.б. материалдар алу үшін қолданылады.

3.1803 **Ұнтақты бояулар:** Бояудың үгілгіштігін және оның төсемге таралуын жақсартатын құрамында илемдегіштер, толтырғыштар, қатырғыштар, стабилизаторлар және қоспалар бар синтетикалық және үлдіртүзгіш заттар мен пигменттер негізіндегі ұнтақтылығы жоғары композициялар.

3.1804 **Порт:** Кемелерді тиеп-түсіруге және оларға толық қызмет көрсетуге арналған су ауданы (су аймағы) және имараттар мен құрылғылар кешені бар жағалау телімі.

3.1805 **Портал:** 1) ғимаратқа кіреберісті сәулеттік жиектеу; 2) құралымның немесе машинаның П тәріздес бөлігі, порталды металл кескіш білдектің тіректі бағыттау бөлігі.

3.1806 **Діңмаңдайша:** Ашық галерея түзетін ұстындармен немесе бағандармен бекітілетін жабындардан құралатын ғимараттың шығыңқы бөлігі.

3.1807 **Портландцемент:** Порланцементті клинкер негізінде алынған цемент.

3.1808 **Портландцементті клинкер:** Көбінесе, негізділігі жоғары кальций силикаттарынан, сондай-ақ алюми-наттар мен кальцийдің алюмофериттерінен құралатын клинкер.

3.1809 **Төсем (кірпіш қалауда):** Қалану табанына параллель төселген бұйымның беті.

3.1810 **Әлеуетті қауіпті нысан:** Төтенше жағдай көздерінің пайда болуына нақты қауіп төндіретін радиоактивті, өртжарылыс қаупі бар, қауіпті химиялық және биологиялық заттарды пайдаланатын, өндіретін, қайта өңдейтін, сақтайтын немесе тасымалдайтын нысан.

3.1811 **Потерна:** Гидротехникалық имараттың (бетонды немесе темірбетонды) денесіндегі оны қарау және жөндеуге, жағалаулар арасындағы қызметтік қатынастарға, сондай-ақ сүзілген суды бұруға қызмет ететін бойлық галерея.

3.1812 **Ғимараттардағы төбе:** Үй-жайды төбесінен шектейтін қоршама құралымның бөлігі. Жабынның төменгі жағында да болуы мүмкін немесе ерекше құралымдық элементтерден (аспалы төбе) жасалады.

3.1813 **Тұрғын-жайдың тұтынушылық сапасы:** Тұрушылық қауіпсіздігінің (техникалық, өрт қауіпсіздігі, экономикалық, қызметтік, қылмыстық) деңгейін анықтайтын параметрлері мен сипаты; санитарлық-гигиеналық жайлылықтың (ауа құрамы, ауа алмасу, ауызсудың жетімділігі, сұйық және қатты қалдықтарды жою, зиян жәндіктерден, кеміргіштерден, бактериялардан, инсоляция мен жарықтылық, температуралық-ылғалдық тәртіптеме, акустикалық тәртіп); ресурстарды сақтау; әлеуметтік-қызметтік жетімділік (қатынасу амалдары мен түрлері, қызмет әрекетінің қажетті және қалаулы барлық түрлерін орындау).

3.1814 **Тұрғын-жайға тұтынушылық талаптар:** Тұрғын-жайлардың, тұрғын бөлімшелердің, олардың орналасқан жерлерін, тұрушылық қауіпсіздігінің, энергия тұтынудың, санитарлық-гигиеналық және әлеуметтік-қызметтік жетімділік жайлылық деңгейін анықтайтын параметрлері мен сипаты.

3.1815 **Қабатаралық эскалатор:** Ғимарат пен имарат қабаттарының арасына орнатуға арналған эскалатор.

3.1816 **Сейсмикалыққа қарсы белдеу:** Ғимарат қабырғаларының бойымен орналасқан үзіліссіз арматураланған тұйық темірбетон құралым.

3.1817 **Ережелер:** Ғимараттар, имараттар және олардың бөлшектерін салуда материалдық ресурстарды үнемді пайдалану, қауіпсіздік техникасы ж.т.б. құрылыс өндірісі мен технологиясын ұйымдастыру жөніндегі белгіленген міндетті талаптар.

3.1818 **Өрт қауіпсіздігі ережелері:** Нысанды салу және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптары мен нормаларының сақталу талаптарын белгілейтін ережелер кешені.

3.1819 **Алдын ала кернелген құралым:** Құралым бөлшектеріне оңтайлы таратылған, алдын ала (дайындау немесе жинақтау процесінде) кернелген құрылыс құралымдары.

3.1820 **Су өткізбеушілік шегі:** Терезе блоктары арқылы судың өтпелі енуінің пайда болатын қысымның айырмашылығының ең аз мәні.

3.1821 **Отқа төзімділік шегі:** Құрылыс құралымдарының отқа төзімділігі стандартты сынақтың басталғанынан бастап отқа төзімділігі бойынша шекті жағдайлардың біріне жеткенге дейінгі уақыт (сағат немесе минут): 1) құралым мен тораптардың көтеруші қасиетін жоғалтуы (құралым түріне байланысты құлауы немесе майысуы); 2) жылу оқшаулағыш қабілеті бойынша - құралымның қызбайтын бетінде температураның 160° С жоғарылауы немесе сынаққа дейінгі температурасынан кез келген нүктесінде 190° С-ге дейін артуы, немесе сынаққа дейінгі температураға тәуелсіз 220° С-ден жоғарылауы; 3) тығыздығы бойынша құралымдарда жану немесе жалындау өнімдері өтетін өтпе тесіктері мен саңылауларының түзілуі; 4) оттан қорғайтын сырлармен

жабылған немесе жүктемесіз сыналған құралымдар үшін құралым материалының шекті температурасына жету күйі шекті болады.

3.1822 **Желім қосылысының үзілу сынағы кезіндегі беріктік шегі:** Үзу сынағы кезінде желім қосылысының бұзылуына әкеп соғатын кернеудің алдындағы ең жоғары шамасы.

3.1823 **Желім қосылысының ұсатылу кезіндегі беріктік шегі:** Желім қосылысының бұзылуына әкеп соғатын ұсату сынағы кезіндегі кернеудің алдыңғы шамасы.

3.1824 **Оттың таралу шегі:** Үлгілерді отқа стандартты сынаудың басталғанынан оттың құралым бойына таралуын сипаттайтын кез келген белгісінің басталуына дейінгі уақыт (сағат немесе минут).

3.1825 **Қауіпті заттың рұқсат етілетін шоғырлану шегі (РШШ):** Адамммен тығыз байланыста болатын немесе белгілі бір уақыт аралығында әсер ету кезінде адамның денсаулығына әсер етпейтін және қолайсыз себептер тудырмайтын көлемнің немесе массаның бірлігімен өлшенетін топырақтағы, ауадағы немесе судағы, азық-түліктегі, тағам шикізаттары мен мал азығындағы қауіпті заттардың ең көп мөлшері.

3.1826 **Рұқсат етілетін шығарындылар шегі:** Атмосфералық ауа шығарындылардың техникалық нормативі мен атмосфералық ауаның фондық ластануын қоса есептегендегі тұрақты ластану көзі үшін белгіленетін, берілген көз арқылы атмосфералық ауа сапасының гигиеналық және экологиялық нормативтерінің, экологиялық жүйелерге түсетін жүктемелердің рұқсат етілетін (ауыспалы) шегінің, өзге де экологиялық нормативтердің атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығарындысының рұқсат етілетін шегінің нормативі.

3.1827 **Атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер нормативінің рұқсат етілетін шегі:** 1) атмосфералық ауаға әсер етуші шулы, дірілді, электромагнитті және өзге де физикалық ықпалдар үшін және берілген барлық басқа да көздердің атмосфералық ауаға физикалық әсерлері деңгейінің рұқсат етілетін шегінің жоғарылауына әкеліп соқпайтын зиянды физикалық ықпалдары кезінде белгіленетін норматив; 2) адам денсаулығы мен қоршаған табиғи ортаға зиянды әсері болмайтын атмосфералық ауаға түсетін физикалық ықпалдың ең жоғары деңгейінің рұқсат етілетін шегін көрсететін атмосфералық ауаға түсетін физикалық ықпал нормативі.

3.1828 **Жағдайдың шектелуі:** 1) бұйымның, құралымның, имараттың алдағы мақсатқа сәйкес қолданылуының болмайтындығы және тиімсіздігі, ал оны қалыпқа келтіру немесе жұмыс істейтіндей етіп түзетудің мүмкін емес немесе жөндеу құнының жоғарылығынан мақсатқа сай емес жағдайы; 2) құралымның, негіздің (ғимарат немесе бүтіндей имарат) берілген пайдалану талаптарын немесе жұмысты өндіру (жаңарту) кезіндегі талаптарды қанағаттандырмайтын жағдай.

3.1829 **Ғимараттар мен имараттар құрылысының баға көрсеткіші:** үлгі жобалар немесе қайта қолданылатын жобалық шешімдер негізінде тиісті жерлерде нақты белгіленген ғимараттар мен имараттар құрылысының сметалық құнын анықтау үшін жасалатын сметалық нормативтер.

3.1830 **Сығымдау:** Бұйымдарды ұнтақ тәріздес қоспаға қандай да бір құраушылар (су, желім ж.т.б.) қоса отырып, сығымдау тәсілімен дайындау.

3.1831 **Сығымдалған (илемделген) ағаш:** 120 ºС-қа дейінгі температурада және 15-30 МН/м² (150 300 кгс/см²) қысымда нығыздалған жапырақты жыныстардың (әдетте, қайыңның, сирегірек - бүктің, шамшаттың, үйеңкінің ж.т.б.) ағаш үгінділерінен алынған материал.

3.1832 **Сығымдалған кескіндер:** Сығымдау (экструдирование) арқылы алынған ұзын өлшемді металл бұйымдар (металл кескіндер).

3.1833 **Санитарлық аспаптар:** Тұрғын, қоғамдық, коммуналдық және өндірістік ғимараттардың ішінде орнатылатын ақаба суды қабылдағыштар (шаруашылық, тұрмыстық). Тағайындауларына қарай мыналарға бөлінеді: гигиеналық мақсаттар үшін (қолжуғыштар, ванналар, душтар, табандықтар, унитаздар т.с.с); шаруашылық қажеттіліктер үшін (асүйлік раковиналар, жуғыштар т.с.с); арнайы мақсаттар үшін (зертханалар үшін, балалар және медициналық мекемелері мен өндірістік ғимараттардың тұрмыстық бөлмелері үшін).

3.1834 **Үйлестіру осьіне байланыстыру:** Құралымдық және құрылыстық элементтердің, сондай-ақ қоса салынған жабдықтардың үйлестіру осьіне қатынастары бойынша орналасуы.

3.1835 **Жобаны бейімдеу:** Құрылыс құралымдары мен материалдарын дайындау мүмкіндіктері мен құрылыс алаңының нақтылы жағдайларына байланысты ғимараттардың үлгі (немесе қайта қолданылатын) жобаларына қажетті өзгерістер енгізу.

3.1836 **Құралым элементтерін үйлестіру осьіне байланыстыру:** Қашықтықтың үйлестіру осьінен құралым элементінің қиылысқан геометриялық осьіне дейін немесе оның қандай да бір (сыртқы, ішкі, бүйіріндегі) құралымдық жазықтығына (қырына) дейін орналасуы.

3.1837 **Қабылдап алу бақылауы:** 1) нысан құрылысының немесе оның кезеңдерінің, жасырын жұмыстарының және басқа да бақылау нысандарының аяқталуына бақылау жүргізу. Оның нәтижелері бойынша бақылау нысанының пайдалануға жарамдылығы туралы немесе жұмыстарды одан әрі орындауға байланысты сол көрсеткішті қабылдап алу бақылауын бірнеше деңгейде және әр түрлі әдістермен жүзеге асыруға байланысты (мысалы, топырақтың жеке қабаттарының және үйіндінің тұтастай тығыздығы) құжатталған шешім қабылданады. Мұндайда төменгі деңгейдегі бақылау нәтижелері жоғары деңгейдегі бақылау нысанасына айналуы мүмкін (мысалы, үйінді негізін қабылдау бойынша жасырын жұмыстарды куәландыратын акті үйіндіні тұтастай қабылдағанда ұсынылады). Жауапты құралымдарды қабылдаудың аралық актілерінде, қадаларды сынақтық жүктемемен сынау және ғимараттар мен имараттарды салу жұмыстарын қабылдау жөніндегі қолданыстағы нормативтерде қарастырылған қабылдап алу бақылауының нәтижелері жасырын жұмыстарды куәландыру актілерінде тіркеледі; 2) қабылданатын өнімді бақылаудың нәтижелері бойынша оның жеткізілуге және (немесе) пайдалануға жарамдылығы туралы бақылау.

3.1838 **Бетонның призмалық беріктігі:** Призма (стандарттық өлшемді призма) қирататын үлгінің осьтік сығу күшінің (стандарттық өлшемдер призмаларына) осы күшке тік қиылысу аудандарына қатынасы.

3.1839 **Пәтер жанындағы жер телімі:** Үйдің (пәтердің) тікелей шыға берісімен түйісіп тұрған жер телімі.

3.1840 **Халықаралық стандартты, аймақтық немесе басқа елдің ұлттық стандартын қолдану:** Халықаралық, аймақтық немесе басқа елдің ұлттық стандартын, оның толық мазмұнын стандарттау жөніндегі отандық нормативтік құжатқа енгізу жолымен пайдалану.

3.1841 **Жеделәрекетті (жабдықтық) ғимаратты, имаратты немесе кешенді қолдану:** Жеделәрекетті (жабдықтық) ғимаратты, имаратты немесе кешенді қайта ауыстыру, сақтау, жөндеу, жинақтау, пайдалану және бөлшектеуді қамтитын процесс.

3.1842 **Стандартты қолдану:** Стандартта белгіленген талаптарды таралу аймағы мен қолданылу саласына сәйкес орындай отырып, пайдаланушылардың стандартты пайдалануы.

3.1843 **Табиғи орта (табиғат):** Табиғи және табиғи-антропогенді нысандар, табиғи ортаны құраушылардың жиынтығы.

3.1844 **Табиғи-антропогенді нысан:** Адаммен жасалған шаруашылық және басқа да әрекеттердің нәтижесінде өзгерген және (немесе) табиғи нысан қасиеттеріне ие және рекреациялық және қорғаныштық мәні бар табиғи нысан.

3.1845 **Табиғи ресурстар:** Шаруашылық және басқа да әрекеттерді жүзеге асыру барысында энергия көзі, өндіріс өнімі және тұтыну заттары ретінде пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін және тұтынушылық құны бар табиғи нысандар және табиғи-антропогенді нысандар, табиғи орта құраушылары.

3.1846 **Табиғи жүйелер:** Заттардың белгілі бір энергетикалық жағдайы, алмасуы мен айналымы заңдылықтарымен сипатталатын қызметтік өзара байланыстағы тірі организмдер мен оларды қоршаған ортаның кеңістікпен шектелген жиынтығы.

3.1847 **Кемежай:** Өзен кемелерінің тұруы үшін жағалауда арнайы жабдықталған орын.

3.1848 **Жапсаржай:** Өндірістік ғимараттар мен бөлмелерден өртке қарсы кедергілермен бөлініп тұратын, әкімшілік және тұрмыстық үй-жайларды орналастыруға арналған ғимарат бөлігі. Жапсаржайларға инженерлік жабдықтарды орналастыруға (ішінара) болады.

3.1849 **Айлақ:** Кемелердің қауіпсіз келуі мен қауіпсіз тұруына арналған, оларға тиеу, түсіру және қызмет көрсету, сондай-ақ жолаушыларды кемелерге отырғызу мен түсіру құрылғылары бар гидротехникалық имарат.

3.1850 **Шұңқырша:** Таяу орналасқан құралымдар мен қондырғыларды байқап тұру үшін қызмет көрсететін жұмыскерлердің кіріп-шығуын немесе олардың қоршаған ортамен байланысын арттыруды қамтамасыз ету мақсатында ғимараттар мен имараттардың қандай да бір бөлігінде жасалған жер ойығы.

3.1851 **Цемент сынамасы:** Сынақ жүргізу үшін бақыланатын партиядан (партия бөлігінен) іріктеліп алынған цемент мөлшері.

3.1852 **Мәңгілік тоң қабатындағы желдетілетін еденасты:** Топырақ беті мен (шығыңқы іргелік, техникалық) бірінші қабаттың аражабыны арасындағы ашық кеңістік.

3.1853 **Иілім:** Күштік, температуралық ж.т.б. факторлардың әсерінен арқалық (арка, жақтау және т.с.с) нүктелері мен осьтерінің тігінен ығысуы.

3.1854 **Табиғи және техногенді жағдайлар өзгерісінің болжамы:** Табиғи және техногенді факторлардың әсерінен табиғи орта қасиеттері мен күйінің уақыт пен кеңістіктегі өзгерісін сапалық және (немесе) сандық бағалау.

3.1855 **Сырғауыл:** Жабын табақтарына тірек қызметін атқаратын және (ферма, беларқа және т.с.с) негізгі көтергіш бөлшектерге жүктеме түсіретін ғимарат жабынының арқалық түріндегі құралымдық бөлшегі.

3.1856 **Құрылыс ұзақтығы:** Жобада қарастырылған жұмыс құрамдарының толық орындалуы кезіндегі өндірістік қуаттардың, оның кезегінің, іске қосылатын кешендер мен жеке нысандардың құрылысы басталған күннен іске қосылуына дейінгі кезең.

3.1857 **Трассаның бойлық кескіні:** Жобалаудағы имарат трассасының осьі бойынша жер кескіні.

3.1858 **Құрылыс өнімі:** Құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген өндірістік және өндірістік емес мақсаттар үшін салынған нысандар (кәсіпорындар, ғимараттар мен имараттар).

3.1859 **Өткел:** Бір жақты жүру бөлігінен, жол шеттері, кюветтер және бекітетін бермалардан тұратын көлік пен жаяу жүргіншілер қозғалысына арналған аумақ.

3.1860 **Жоба:** 1) салынып жатқан имарат (бұйым) құрылғысы туралы түсінік пен жұмыс құжаттамасын әрі қарай әзірлеуге қажет бастапқы деректерді беретін принципті (нобайлы Ж.) немесе соңғы (техникалық Ж.) шешімнен тұратын құралымдық құжаттардың жиынтығы; 2) жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, келісу және бекіту тәртібіне арналған ҚНжЕ талаптарына сәйкес нақты бір нысан үшін әзірленген жобалық-сметалық құжаттама.

3.1861 **Тігінен жайғастыру жобасы:** Инженерлік мақсаттар үшін жер бедерінің өзгеруін анықтайтын техникалық құжат.

3.1862 **Бөлшектік жайғастыру жобасы:** Қаланың жекелеген бөліктері үшін оның бас жоспары негізінде құрылыстың сәулеттік-кеңістіктік және инженерлік-экономикалық шешімдерін анықтау мақсатында әзірленетін жоба.

3.1863 **Құрылысты ұйымдастыру жобасы (ҚҰЖ):** Құрылыстың жалпы ұзақтығы мен аралық мерзімін, күрделі қаржы жұмсалымдарын бөлуді және құрылыс-жинақтау жұмыстарының көлемін, материалдық-техникалық және еңбек ресурстары мен оларды жабатын көздерді, құрылыс-жинақтау жұмыстарын орындаудың негізгі әдістері мен нысан құрылысын басқарудың құрылымын анықтайтын техникалық (техникалық жұмыс) жобаның құрамдас бөлігі.

3.1864 **Жұмыстарды жүргізу жобасы (ЖЖЖ):** Жеке ғимараттарды (имараттарды) салудың өндірістік процестерін ұйымдастыру кезінде негізгі басқару құжаты болып табылатын және құрылыс-жинақтау жұмыстарының технологиясын, мерзімін, орындалуын және ресурстармен қамтамасыз етілу тәртібін анықтайтын жоба.

3.1865 **Жобалау:** Техникалық-экономикалық негіздемесі, есептері, сызбалары, макеттері, сметалары, түсіндірме жазбахаттары және елді мекендерді, кәсіпорындарды, имараттарды салуға (қайта жаңартуға) және жабдықтарды, бұйымдар мен т.с.с. өндіруге қажет т.б. материалдары бар кешенді техникалық құжаттаманы (жобаны) әзірлеу.

3.1866 **Жобалық құжаттама:** Техникалық міндеттер мен құрылыс нормаларына сәйкес әзірленген құрылыс-жинақтау жұмыстарын орындауға және нысандарды

пайдалануға қажетті материалдардың, құралымдардың, жабдықтардың, іріктелген бұйымдардың жобасы, жұмыс құжаттамасы, техникалық шарттары, төлқұжаттары (сертификаттары), дайындаушы зауыт құжаттамасы ж.т.б.

3.1867 **Жобалық ұйым:** Жобалау-іздестіру жұмыстарын орындайтын ұйым.

3.1868 **Жобалық белгі:** Жобамен берілген нүктенің бастапқы деңгеймен салыстырғандағы биіктігі.

3.1869 **Жобалық өнеркәсіптік апат:** Белгіленген шектеулердегі апаттың салдарын шектеуді қамтамасыз ететін қауіпсіздік жүйелері қарастырылған, бастапқы және соңғы жай-күйі жобамен анықталған өнеркәсіптік апат.

3.1870 **Бетонның жобалық жасы:** Берілген талаптардың таңбалары, кластары немесе нормативтік-техникалық құжаттамада бетон және темірбетон бұйымдарында немесе бетонды және темірбетонды біртұтас имараттардың жұмыс сызбаларында белгіленетін басқа да көрсеткіштер бойынша қол жеткізу қамтамасыз етілуге тиіс уақыт аралығы.

3.1871 **Жинақтау ойығы:** Көлемі ірі жабдықтардың немесе құралымдардың ірілендірілген түйіндерін жинақтау орнына немесе бөліп алу кезінде кедергісіз ауыстыру үшін жобада қарастырылған қабырғадағы немесе аражабындағы саңылау.

3.1872 **Мөлдірлік:** Орта сипаттамасы; тарату бағытының өзгеріссіз ортасынан өтетін сәулелену ағынының сол ортаға параллель шоғыр түрінде енетін сәулелену ағынының ұзындығына тең жолдың қатынасымен анықталады.

3.1873 **Өндірістік қызмет:** Құрамына әр түрлі шикізатты өндіруді және қайта өңдеуді, құрылысты және әр түрлі қызмет түрлері енетін ресурстарды дайын өнімге айналдыруға қажетті еңбек құралдарын қолдана отырып, адамдардың әрекет ету жиынтығы.

3.1874 **Өндірістік құжаттама:** Құрылыс-жинақтау жұмыстарын жүргізу және құрылыс нысанының техникалық жағдайының барысын бейнелейтін құжаттар жиынтығы (орындау сұлбалары мен сызбалары, жұмыс кескіндемелері, қабылдау актілері мен орындалған жұмыс көлемдерінің тізімдемелері, ортақ және арнайы жұмыс журналдары ж.т.б.)

3.1875 **Өндірістік аумақ:** 1) салынып жатқан немесе қолданыстағы ғимараттар мен имараттары бар құрылыс немесе өндірістік қызметті жүзеге асыру үшін бөлінген аумақ; 2) өнеркәсіп кәсіпорындарын және олармен байланысты нысандарды, олардың тәжірибелі өндірісі бар ғылыми мекемелер кешенін, коммуналдық-қоймалық нысандарын, сыртқы көлік имараттарын, қала ішіндегі және қала жанындағы қатынас жолдарын орналастыруға арналған аумақ.

3.1876 **Құрылыс өндірісі:** Құрылыстың дайындық және негізгі кезеңдерінде жасалатын құрылыс-жинақтау және арнаулы-салалық жұмыстарды қоса алғанда, тікелей құрылыс алаңында орындалатын өндірістік процестердің жиынтығы.

3.1877 **Илемдік кескіндер:** Илемдеу арқылы алынатын металл кескіндер.

3.1878 **Ауа ЭБЖ-нің аралығы:** Электр беру желілерінің көрші тіректері арасындағы ара қашықтық: 100 - 200м (ағаш тіректер), 250 - 400м (темірбетон тіректер), 300-450 м (металл тіректер).

3.1879 **Аралық (көлемдік):** Модульдік аралықтың мөлшерін шектейтін аралас екі тік негізгі үйлестіру жазықтықтарының арасында орналасқан бір қабатты ғимараттың немесе көп қабатты ғимарат қабаттары бірінің көлем бөлігі.

3.1880 **Есептік аралық:** Тірек бөліктері осьтерінің арасының ара қашықтығы, ал тірек осьтерінің арасы болмаған жағдайда ол аралықты жабатын көлденең құралымдар сүйенетін шартты нүктелердің аралығы.

3.1881 **Көпірдің аралық құрылымы:** Көпір тіректері аралығындағы аралықты жабатын және (көлік құралдарынан, желден ж.т.б. болатын) жүктемелерді қабылдау үшін арналған құралым.

3.1882 **Құрылыс материалдарының өнеркәсібі:** Ғимараттар мен имараттардың құрылыс құралымдарын жасауға және құрылыс бұйымдарын дайындауға арналған материалдарды (соның ішінде даналық) өнеркәсіптік жағдайларда дайындау.

3.1883 **Өнеркәсіп имараттары:** Өндірістік процесте белгілі бір қызметтерді орындайтын немесе технологиялық жабдықтардан, коммуникациялардан және басқалардан болатын жүктемелерді қабылдауға арналған имараттар.

3.1884 **Қабатша:** Жабынды еденнің төменгі қабатымен байланыстыратын немесе жабын үшін серпімді төсем қызметін атқаратын еденнің аралық қабаты.

3.1885 **Түтінге қарсы қорғаныш:** Адамдарға әсер ететін түтіннің, жоғары температураның және улы жанатын өнімдердің алдын алуға бағытталған ұйымдастыру шаралары мен техникалық жабдықтардың кешені.

3.1886 **Аязға қарсы қоспалар:** Кері температура кезінде судың қату температурасын төмендететін және бетонның қатуына жағдай жасайтын заттар.

3.1887 **Өртке қарсы тосқауыл:** Ғимараттың бір бөлігінен екіншісіне оттың таралуына кедергі болатын, отқа төзімділігінің нормаланған шегі бар құралымдар.

3.1888 **Өртке қарсы қабырға, брандмауэр:** Өрттің таралуына мүмкіндік бермеу мақсатында екі жапсарлас ғимараттың немесе ғимараттың жапсарлас бөлмелерін ажырату үшін қолданылады.

3.1889 **Өртке қарсы сумен жабдықтау:** Өрт сөндіру үшін суды жинақтау және тасымалдау, оның қорларын сақтауға және пайдалануға арналған инженерлік-техникалық имараттар кешені.

3.1890 **Өртке қарсы іс-шаралар:** Өртке қарсы режимді сақтауға, өрттің деркезінде алдын алу және (немесе) өртті тез сөндіру жағдайларын жасауға бағытталған ұйымдастыру және (немесе) техникалық сипаттағы іс-шаралар.

3.1891 **Радиацияға қарсы жасырын орын (РҚЖ):** Халықтың иондалған сәулелердің зиянды әсерінен жасырынуы үшін және жасырын орында отырған кезеңде оның өмірлік іс-әрекетін қамтамасыз етуге арналған қорғаныш имараты.

3.1892 **Сүзуге қарсы перде:** Тежеуіш гидротехникалық имараттарда, тежеуіш имараттың негіздеу топырағында және сүзілу жолын ұзарту үшін оның жағалау қиылыстарында жасалған ағынды сүзуге арналған су өткізбейтін тік немесе еңіс тосқауыл.

3.1893 **Беріктік:** Материалдардың белгіленген жағдайлар мен шектеулерде бұзылмай, қандай да бір әсерлерді (жүктемелерді, біркелкі емес температуралы, магниттік, электрлік және басқа да өрістерді, дененің әр түрлі бөліктеріндегі физикалық-химиялық процестердің біркелкі жүрмеуін) қабылдай білу қасиеті.

3.1894 **Бетонға берілген беріктік:** Алдын ала кернеуленген темірбетон құралымдары кернеуінің бетонға (созылған арматураны босатқандағы) берілу кезіндегі бетонның нормаланған беріктігі.

3.1895 **Ерітінді беріктігі:** Қатқан құрылыс ерітіндісінің жүктемелер мен әсерлердің әр түрін бұзылмай қабылдау қасиеті.

3.1896 **Ұлпа-клозет:** Фекальдық қалдықтардың ұнтақ күйдегі құрамда, әдетте, торф тәрізді құрғақ түрде оқшауланған сыйымдылықта (қақпақты шайырланған жәшік) компост жасалғанша ұсталып өңделетін туалет.

3.1897 **Іске қосу кешені:** Негізгі, қосалқы және қызмет көрсету бағытында өнімнің шығарылуын немесе жобамен қарастырылған қызмет көрсетулерді қамтамасыз ететін және пайдаланылуы мүмкін нысандардың (немесе олардың бөліктерінің) жиынтығы.

3.1898 **Жолөткел:** Жолдардың әр түрлі деңгейде қиылысуын жасау мақсатында бір жолды екінші жолдың үстінен өткізу үшін қызмет ететін көпір түріндегі имарат.

3.1899 **Дақ:** Керамикалық тақташаның негізгі түрінен көлемі 2 mm артық айрықшаланатын өзге түсті бояу аймағы.

3.1900 **Геодезиялық жұмыстар:** Құрылыс нысанының геометриялық параметрлерінің жобаға сәйкестігін қамтамасыз ететін өлшеулер мен құрылымдар және оған енетін геодезиялық бөлу негізін жасау, құрылыс процесінде бөлу жұмыстарын жүргізу, құрылыс-жинақтау жұмыстарының геометриялық дәлдігін геодезиялық бақылау және салынып жатқан ғимараттар мен имараттардың деформациясын геодезиялық бақылаулар.

3.1901 **Жасырын жұмыстар:** Құрылыс нысанын пайдалануға берген кезде қабылдау комиссиясы көзбен көру арқылы тексере алмайтын және кейін орындалатын жұмыстар нәтижесінде құралымдармен жабылып қалатын кейбір жұмыс түрлері (іргетастарды орнату, гидрооқшаулау, темірбетон құралымдарының ішіне арматура және төсейтін бұйымдарды орнату ж.т.б.).

3.1902 **Арнайы жұмыстар:** Оқшаулау, топырақты нығайту, технологиялық жабдықтарды, құбырларды, бақылау және автоматика құралдарын жинақтау, электр орнату ж.т.б. қосатын жұмыстар.

3.1903 **Құрылыс-жинақтау жұмыстары:** Құрамына жалпықұрылыстық, әрлеу, санитарлық-техникалық, арнайы және жинақтау жұмыстары енетін ғимараттар мен имараттарды салу кезінде орындалатын жұмыстар кешені.

3.1904 **Жұмыс аймағы:** 1) еден немесе жұмыс алаңының үстіндегі кеңістік, биіктігі жұмыс тұру арқылы істелетін болса 2 м, отыру арқылы істелетін болса - 1,5 м.; 2) еден немесе алаң деңгейінен 2 м биіктікпен шектелген жұмыскерлердің тұрақты немесе тұрақты емес (уақытша) жұмыс істейтін орындары орналасқан кеңістік.

3.1905 **Жұмыс орны:** 1) жұмыскер жұмысына байланысты болуы тиіс немесе келуі қажет тура немесе жанама түрде жұмыс берушінің бақылауындағы орын; 2) жұмыскерлер еңбек процесінде тұрақты немесе уақытша болатын орын.

3.1906 **Жұмыс жарығы:** Үй-жайлар мен ғимараттардың сыртында жұмыс жүргізілетін жерлерде нормаланған жарық жағдайларын (жарықталуды, жарық сапасын) қамтамасыз ететін жарық.

3.1907 **Қалыптың жұмыс орны:** Бетон қоспасын салуға дайындалған қалыптың жобалық орны.

3.1908 **Жұмыс макеті:** Жұмыс құжаттарын жасау кезеңінде темплеттер және (немесе) модельдер қолданылып жиналған макет.

3.1909 **Түйіннің жұмыс сызбасы:** Барлық өлшемдер, қосу және бекіту бұйымдарының таңбалары, пайдаланған материалдар туралы мәліметтер және құрылыс пен жинақтау жұмыстарын жүргізуге қажетті және жеткілікті басқа да мәліметтер көрсетілген құрылыс түйінінің сызбасы.

3.1910 **Радиатор:** Ғимараттарды, үй-жайларды жылыту жүйелерінде пайдаланылатын жылыту аспабы.

3.1911 **Радиациялық қауіпті нысан:** Радиоактивті заттарды сақтайтын, өңдейтін, пайдаланатын немесе тасымалдайтын нысан, онда апат болған немесе ол қираған жағдайда адамдардың, ауылшаруашылық малдарының және өсімдіктердің, халық шаруашылығы нысандарының, сондай-ақ қоршаған табиғи ортаның иондық сәулелермен сәулеленуі немесе радиоактивті ластануы болуы мүмкін нысан.

3.1912 **Радионуклид:** Берілген массалық санды және атомдық нөмерлі, ал изомерлік атомдар - сондай-ақ атом ядросының белгілі бір энергетикалық күйіндегі радиоактивтік атомдар. Элемент радионуклидтерін оның изотоптары деп атайды.

3.1913 **Бөлшектеу торабы:** Жобаны нақты өлшемдерге көшіру үшін жасалатын геодезиялық торап.

3.1914 **Бөлшектеу сызбасы:** Құрылыстың бөлшектерін нақты өлшемдерге көшіруге арналған барлық қажетті деректері бар сызба.

3.1915 **Көлік түйіні:** Әртекті көлік құралдары ағынын бөлуге немесе біртекті қиылысатын көлік ағынын бөлу мен қосуға арналған бір немесе бірнеше деңгейде орналастырылатын инженерлік имарат немесе имарат кешені.

3.1916 **Бөлуші трансформатор:** Энергия қабылдаушыны алғашқы электр жүйесінен және жерлендіру жүйесінен бөлуге арналған арнайы трансформатор.

3.1917 **Қима:** Ойша бір немесе бірнеше жазықтықтармен қиылған заттың бейнесі, мұнда ойша қию тек берілген қимаға жатады және осы заттың басқа бейнелерін өзгертпейді. Қимада қию жазықтығында және оның артында орналасқан нәрселер көрсетіледі. Заттың құралымын түсінуге қажет болмаса, қию жазықтығынан кейінгілердің барлығын көрсетпеуге болады.

3.1918 **Құрылыс жүргізуге рұқсат:** Қала құрылысы нормативтерін, бекітілген қала құрылысы құжаттарының талаптарын орындауды бақылау, сондай-ақ қоршаған табиғи ортаға зиян келтірудің алдын алу мақсатында тапсырыс берушіге (құрылыс салушыға) ҚР атқарушы органдары беретін сәулеттік жобаны жүзеге асырудың негізі.

3.1919 **Декордың үзілісі:** Тақташаның кейбір жерлерінде өрнектің болмауы.

3.1920 **Жақтау:** Бөлшектері (тіреулері мен ригельдері) барлық немесе кейбір түйіндерде бір-бірімен қатаң қосылған жазық немесе кеңістіктік геометриялық өзгермейтін шыбықты жүйе.

3.1921 **Терезе блогінің жақтаулық құралымы (бөлшегі):** Бір-бірімен қатаң бұрыштық байланыстармен қосылған: тиектермен және желіммен, пісірумен,

механикалық байланыстармен (бұрамалық, тістік пластинкалар, сығымдау жолымен) ж.т.б. қосылған келтектерден (кескіндерден) тұратын терезе блогінің құрастыру бірлігі.

3.1922 **Рампа:** 1) көлік құралдарының түрлі екі деңгейлер арасында жылжуына қолайлы еңістері бар құрылғы (құралым), мысалы, жүктерді темір жол платформасына көтеруге арналған, тиеу-түсіру машиналары- ның қоймаларға енуіне арналған, метрополитен поездарының жер бетінен жер астына өтуіне арналған ж.т.б.; 2) жол құрылысында - екі деңгейдегі қозғалыс түйініндегі негізгі магистральға өтуге арналған құрылғы; 3) сахнаны астынан жарықтандыратын аппаратураны көрермендер жағынан жауып тұратын сахнаның алдыңғы бөлігі жағындағы төмен бөгеу; 4) тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізуге арналған құрылыс. Рампаның бір жағы қойманың қабырғасына тиіп тұрады, екінші жағы темір жол (темір жол рампасы) немесе автокөлік кіре берісі (автомобильдік рампа) бойымен орналасады.

3.1923 **Іргетас арқалық:** Жеке іргетасқа тіреліп тұрған және оның өзінен жоғары орналасқан қабырғадан жүктемелерді қабылдайтын арқалық (әдетте, темірбетон немесе металл түрінде).

3.1924 **Құрылыс ерітіндісі:** Уақыт өту барысында тасқа айналатын ұсақ толтырғыштың (табиғи немесе жасанды құм), тұтқыштың (цемент, әктас, гипс ж.т.б.), судың және қосындылардың (кейбір жағдайларда) қоспасы.

3.1925 **Ерітілмелі әйнек:** Натрий немесе калийдің силикаттарынан тұратын мөлдір әйнек түріндегі материал.

3.1926 **Ерітіндісорғы:** Құрылыс ерітінділерін (негізінен, сылағыш) пайдалану жеріне айдауға арналған тұрақты немесе қозғалмалы машина.

3.1927 **Ерітінділер:** Екі немесе одан көп заттардың (құраушылардың) араласқан біртекті қоспасы.

3.1928 **Тартпа:** Өзіндік орнықтылығы жоқ, тек тартуға жұмыс істейтін иілгіш жинақтау құралы.

3.1929 **Мердігердің есебі (смета, өндіріс шығымдарының калькуляциясы):** Құрылыс өнімдерінің еркін (келісімді) бағалары бойынша мердігердің ұсыныстарын негіздеуге арналған құжаттар жиыны. Онда жасалатын мердігерлік шартқа сәйкес мердігер орындауға ұсынатын жұмыстар мен шығындардың құны келтіріледі.

3.1930 **Есептік жүктеме:** Қалыпты пайдаланудың берілген шарттарынан мүмкін ауытқуларды есепке ала отырып анықталатын нысанға (мысалы ғимаратқа, ұшақ қанатына) түсетін ең үлкен жүктеме.

3.1931 **Есептік сұлба:** 1) имараттың, механизмнің нақты жұмысын сақтап және барлық әсер ететін күштерді есепке алып, оларды есептеуді оңайлатуға арналған имараттың, механизмнің және т.с.с. шартты бейнеленуі; 2) ғимараттардың, имараттардың және олардың бөлшектерінің құралымдық-технологиялық ерекшеліктері, соның ішінде технологиялық процестер мен операцияларды орындау тәсілдері мен реттілігі есепке алынатын нәтижелік және құрастырылымдық геометриялық параметрлер арасындағы байланыстарды кескіндемелік бейнелеу.

3.1932 **Реттеуіш имараттар, түзетуші имараттар:** Өзен арнасын реттеуге арналған гидротехникалық имарат.

3.1933 **Жерасты суларының режимі:** Жерасты сулары деңгейінің (арынының), температурасының, химиялық, газдық және бактериологиялық құрамының және басқа да сипаттамаларының уақыт аралығындағы және кеңістіктегі өзгерістері.

3.1934 **Радиациялық қорғаныш режимі:** Иондаушы сәуленің адамдарға әсерін мүмкіндігінше азайту мақсатында радиоактивті ластану аймағында халықтың іс-қимылының және қорғаныш құралдары мен тәсілдерін қолдану тәртібі.

3.1935 **Жылуды тұтыну режимі:** Берілген уақыт аралығында (сағат, тәулік) шартпен белгіленген жылу энергиясын (қуатын) тұтыну, циркуляциялық шығындар және пайдаланылатын жылу тасымалдағыштар мөлшері.

3.1936 **Жылумен жабдықтау режимі:** Шартпен белгіленген жылу энергиясын (қуатын) босату мөлшерлері және жылу тұтыну жүйелерінің қалыпты жұмысын қамтамасыз ететін жылу тасымалдаушының параметрлері (шығыны; температурасы; қысымы).

3.1937 **Резерв:** Бермадан ағатын жер беті суларын жинауға және әкетуге арналған теміржол топырақ үйіндісі бойында орналасқан арық.

3.1938 **Резервтеу:** Нысанның бір немесе бірнеше бөлшектері істен шыққан жағдайда оның жұмысқа қабілетті күйін сақтау мақсатында қосымша құралдар мен мүмкіндіктерді пайдалану.

3.1939 **Резервуар:** Сұйықтар мен газдарды сақтауға арналған ыдыс.

3.1940 **Ұсыныстар:** Ғылыми-зерттеу институттарында ғылыми зерттеулер нәтижелерінің негізінде жасалатын және жобалау мен құрылысты одан әрі жетілдіруге бағытталған материалдар.

3.1941 **Ұсынылатын ережелер (Recommendation):** Орындалуы міндетті емес кеңес немесе нұсқаудан тұратын ережелер (норма немесе ереже).

3.1942 **Қайта құралымданатын көпір:** Аралық құрылымдары толығымен қайта орнатылатын және бар тіректерді (толығымен немесе бір бөлігін) пайдаланып қайта құрылымдануға жататын көпір.

3.1943 **Қайта құралымдау:** Ғимараттың, имараттың жұмысын жақсарту үшін оны қайта құру немесе жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда (станцияларда) өндіріс көлемін арттыруды қарастыратын шаралар кешені.

3.1944 **Топырақ құнарлылығын қалпына келтіру:** Бұзылған жерлердің халықшаруашылықтық құндылығы мен өнімділігін қалпына келтіруге және қоғам мүдделігіне сай қоршаған ортаның шарттарын жақсартуға бағытталған жұмыс жиыны.

3.1945 **Аумақ құнарлылығын қалпына келтіру:** Ауыл шаруашылығы немесе орман шаруашылығына пайдалану үшін құрылыс жұмыстар кезінде бұзылған аумақтарды дайындау шараларының жиыны.

3.1946 **Құнарлылығы қалпына келтірілген жерлер:** Қоршаған ортаның шарттары жақсартылған және халықшаруашылық құндылығы, өнімділігі қалпына келтірілген бұзылған жерлер.

3.1947 **Рекуперативтік ауажылытқыш:** Заттардың жануынан пайда болған жылу оларды бөлетін қабырғадан жылынатын ауаға жылу алмастырушы саладан біртекті ағатын рекуперативтік типті жылу алмастырғыш ауажылытқышы.

3.1948 **Рекуператор:** Бөлінген қабырғадан үздіксіз ыстық жылутасымалдағыштан сұыққа жылуды беретін шыққан газдардың жылуын пайдалану үшін жоғарғы типті жылу алмасу.

3.1949 **Рекуперация:** Түпкілікті өнімді өндіруде қалдықтардың санын төмендететін технологиялық процесте қайта пайдаланылатын технологиялық процеске қатысатын энергия немесе құнды заттарды қайта пайдалану мен шығару процесі. Солай, қандай да болса технологиялық құрылғылардың жұмыс істеуінде пайда болатын газдар осы құрылғыға түсетін ауа мен отынның түсуіндегі жылытуларды пайдалануы мүмкін. Бұл процесс жүретін құрылғы рекуператор деп аталады.

3.1950 **Қалдықтардың рекуперациясы:** Қалдықтардың құнды құрауыштарын, оларды қайта пайдалануға қайтару үшін, шығару және қалпына келтіруді қосқанда, технологиялық өңдеу туралы әрекет.

3.1951 **Релин (резеңке линолеум)**: Ылғалдылығы жоғары үйлерде еденді жабу үшін қолданылатын екі қабатты орама материал. Беттік қабаты түрлі-түсті резеңкеден, ал астар қабаты ұсақталған резеңке мен битум қоспаларынан тұрады.

3.1952 **Жөндеу: -** нысанның жұмысқа қабілеттілігін және бұйымның немесе оның құрама бөліктерінің қорын қалпына келтіруге бағытталған операциялар кешені.

3.1953 **Ғимаратты күрделі жөндеу:** Ғимараттың қорларын қалпына келтіру, сондай-ақ пайдалану көрсеткіштерін жақсарту мақсатында қажет болған жағдайда құралымдық бөлшектері мен инженерлік жабдықтар жүйесін ауыстырып жөндеу.

3.1954 **Жөндеуге жарамдылық:** Тоқтап қалулардың, зақымданулардың алдын алу мен пайда болу себептерін анықтауға және техникалық қызмет пен жөндеу жүргізу арқылы олардың салдарын жоюға бейімделуден тұратын нысанның қасиеті.

3.1955 **Ғимаратты (имаратты) қалпына келтіру:** Тарихи қалыптасқан кескінін уақыт аралығында жоғалтқан немесе бұзылған кескінін өзгертпей қалпына келтіру арқылы жылжымайтын мүлік нысандарының (ереже бойынша, сәулет өнері ескерткіштерінің) ұзақ мерзімді физикалық сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар.

3.1956 **Техникалық қор:** Пайдаланудың басынан немесе белгілі бір жөндеу түрінен кейін қалпына келтірілгеннен шекті жағдайына жеткенге дейінгі нормативтік-техникалық құжаттарда көрсетілген бұйымдардың жұмысы.

3.1957 **Аумақтардың ресурстық потенциалы:** Аумақтардың табиғи және техногендік ресурстармен қамтамасыз ету деңгейі (табиғи, рекреациялық, елдік, шикі затпен, материалдық, техникалық ж.т.б.)

3.1958 **Ресурс кеңдігі (сыйымдылығы):** Шығарылатын өнімнің немесе қызмет көрсетудің бірлігін алу үшін пайдаланылатын ресурс саны.

3.1959 **Қор үнемдеу:** Жабық технологияларды құруға, шикі зат пен материалдарды кешенді қайта өңдеу, қалдықтарды пайдалану жөніндегі шаралар және оларды тұтыну процесінде ресурстарды тікелей үнемдеу.

3.1960 **Ресурстар:** Құрылыс өндірісінде жұмыстарды орындауда қажетті еңбек, материалдық, техникалық және қаржылық құралдардың жиыны.

3.1961 **Рефлектометр:** Радиотолқындық сәулеленуді бақылау объектіден тойтару параметрлерді өлшеуге арналған радиотолқындық бұзбай бақылау аспабы.

3.1962 **Рециклинг:** 1. Техногенездік процестерге қалдықтардың, қоқыстар мен шығарулардың қайту процестері; 2. Өнімді өндіру және тұтыну кезеңінде техногенез процесі арқылы материалдық айналымнан қалдықтардың, қоқыстардың, шламдардың, шығарулардың, қоспалардың қайту процестері; 3. Өңдеуден кейін қандай да болса ресурстың қайта пайдалануы (мысалы, тазалаудан кейін суды технологиялық кезеңде пайдалануы).

3.1963 **Рециркуляция (қайта айналу):** Ауаның қызмет көрсететін бөлмелерге олардан желдету сору жүйесімен тазалау арқылы толық немесе жарым-жартылай қайтуы (қажетті жағдайда алдын ала дайындаумен).

3.1964 **Ауаның қайта айналуы:** бөлмедегі ауаны аздап сыртқы ауаға қосу және бұл қоспаны осы немесе басқа бөлмелерге жіберу; бір бөлмедегі ауаның қайта айналымы, оның ішінде жылыту агрегаттармен немесе (аспаптармен) немесе желдеткіш-желпуіштермен шығарылатын ысыту (суыту) рециркуляцияға жатпайды.

3.1965 **Ақаба сулардың рециркуляциясы:** Тазартылған суды ақаба суды тазарту станциясының имараттарына араластыру үшін немесе осы имараттарда ақаба судың белгілі бір шығынын ұстап тұру үшін қайтару.

3.1966 **Торлы құралымдар:** Есептік сызбалары геометриялық өзгермейтін жүйе ретінде қабылданатын ғимараттар мен имараттардың түйін қосылыстармен біріктірілген шыбықтардан құралатын құрылыс құралымдары (фермалар, ұстындар, тіректер, жақтаулардың ригельдері ж.т.б.).

3.1967 **Беларқа:** Ғимараттардың ұстындарын, жақтаулардың тіреуіштерін және т.с.с. бір-бірімен байланыстырып тұратын көлденең немесе көлбеу арқалық.

3.1968 **Ризалит:** Қасбеттің биіктігі бойынша қасбеттің негізгі сызығынан шығып тұратын және негізгі құрылыспен біртұтас ғимараттың бөлігі.

3.1969 **Рисберма:** Арнаны шайып кетуден сақтауға, пульсацияны басуға, су ағынының жылдамдығын түзетуге және төмендетуге арналған суқағардан кейін орналасқан су ағардың түбін төменгі бьефке бекіту бөлшегі.

3.1970 **Ростверк:** Қадалық іргетастарды бір тұрақты жүйеге біріктіретін және жүктемелерді қадаларға біркелкі таратуға арналған қадалық іргетастың жоғарғы жағының бетон немесе темірбетон тақта немесе арқалық түріндегі құралымы.

3.1971 **Ротонда:** Әдетте, ұстындарға тіреліп тұратын күмбезбен жабылатын жайғасымдағы дөңгелек имарат (табынушылық, ескерткіш, парк ж.т.б.).

3.1972 **Тиксотроптық қаптама:** Топырақ қыртысы мен орын ауыстырылатын немесе жер астына түсірілетін имараттар (мысалы, төмен түсірмелі құдық, терең тіректер) арасындағы үйкелісті азайтуға арналған қасиеттері, құрамы және қоюлығы сәйкес саздар ерітіндісінің қабаты.

3.1973 **Рубероид:** Жабындық қатты қағаздарға оңай балқитын мұнай битумдерін сіңірту, одан кейін екі жағына да қиын балқитын мұнай битумін жағып қорғаныс қабаты (опа, асбест ж.т.б.) себілетін орамалық материал.

3.1974 **Нұсқау:** Жобалауға және құрылысты жүргізуге арналған қосымша деректер көрсетілген және нормативтік құжаттардың жобасын (көбінесе құрылыс нормалары мен ережелерінің тарауларын) жасаушы жетекші мамандар шығаратын материал.

3.1975 **Рульдеу жолы (РЖ):** Әуе кемелерін басқаруға және жетекке алуға арнайы дайындалған аэродромның ұшу алаңының бөлігі. РЖ магистральдық (МРЖ), біріктіретін, қосалқы болуы мүмкін.

3.1976 **Ряж:** Таспен (сирегірек топырақпен) толтырылған бөренелерден (келтектерден) немесе темірбетон арқалықтардан қабырғалары тұтас немесе торлы етіп жасалынған жәшік түріндегі құралым.

3.1977 **Ряждік бөгет:** Жүктемені қабылдайтын негізгі бөлшектері ряждерден жасалған ағаш (сирегірек темірбетон) бөгет.

3.1978 **Өзі желдету:** Өзі реттелетін желдету, бөлмелердегі ауа ылғалдығын реттеу және терезелердің ішкі бетіне конденсат түсуінің алдын алу мақсатында кескін камераларының каналдары арқылы немесе терезе блоктарының ішіне орнатылған өзі реттелетін климатикалық клапандар арқылы шектелген ауа алмасуының жүйесі.

3.1979 **Өзін-өзі көтеруші құрылымдар:** Тек өз салмағын көтеруге жарамды құрылымдар

3.1980 **Сулардың өздігінен тазалануы:** Су объектілерінің бастапқы экологиялық қалпына келтіруді қамтамасыз ететін табиғи процестер жиыны.

3.1981 **Сандрик:** Ернеу немесе фронтон түріндегі, кейде консольға тіреліп тұратын ғимараттың есігінің немесе терезесінің үстіндегі әшекейлі сәулеттік бөлшек.

3.1982 **Санитарлық-техникалық жұмыстар:** Тұрғын және қоғамдық ғимараттарда жылыту, желдету, жылу және газбен жабдықтау, ыстық сумен жабдықтау, сумен жабдықтау және канализация жүйелерін орнатуға байланысты жүргізілетін құрылыс жұмыстары.

3.1983 **Санитарлық аспаптар:** Тұрғын, қоғамдық және өндірістік ғимараттардың санитарлық жағдайын қамтамасыз етеді.

3.1984 **Санитарлық алшақтық:** Залалды заттардың атмосфераға шығу көздерінен селитебтік аумақтарға немесе басқа кәсіпорныдарға дейін ара қашықтығы.

3.1985 **Санитарлық торап (санторап):** 1) қол жуғышпен, унитазбен, ваннамен және/немесе душпен жабдықталған бөлме. Санитарлық торап бөлінген және қосылған болуы мүмкін; 2) адамның жеке гигиенасына арналған санитарлық аспаптар орналасқан бөлек бөлме.

3.1986 **Сатинирдеу (металдарды тоттанудан қорғау):** Микролық тегіс еместік есебіне беттердің жартылай жылтыр болуына механикалық, химиялық немесе электр химиялық тәсілмен (бояу) жабу және (немесе) негізгі жабынатын (боялатын) металды декоративті өңдеу.

3.1987 **Сатуратор:** Ерітілетін заттың ерітіуштеріндегі шоғырлануын мәжбүрлі көбейту аспабы.

3.1988 **Теңдестірілген манипулятор:** Жұмыс органының құрылғысын теңдестіру жүйесі бар қолмен басқарылатын манипулятор.

3.1989 **Құрастырмалы темірбетон төбе:** Бөлмені атмосфералық әсерлерден қорғауға арналған ғимараттың жоғарғы қоршау құралымы. Төбелер шатырлы және шатырсыз болуы мүмкін.

3.1990 **Құрама-тұтасқұйма құрылыс құралымдары:** Зауыттар мен полигондарда алдын ала жасалған жеке бөліктерден және тұтас бетоннан тұратын және ғимараттардың

(имараттардың) тұрғызылатын жерінде орнатылатын және барлық құраушы бөліктерді біртұтас етіп қосатын құралымдар.

3.1991 **Құрастырмалы-жинамалы көпір:** Көпірді тез орнатуға, оны жинауға және бөліктерін басқа жерге көшіруге арналған зауытта жасалған тасымалданатын болат немесе алюминий бөлшектерден (аралық құрылысы және көпірдің тіректері) тұратын көпір.

3.1992 **Қада қадаушы жабдық:** Қаданы орнатуға (нысаналауға), оны дәлдеуге, бекітуге және жерге енгізуге арналған жабдықтар жиынтығы.

3.1993 **Қадалық іргетас:** Жерге жүктемелерді беретін негізгі бөлшектері ростверкпен біртұтас біріктірілетін қадалар болып табылатын іргетас.

3.1994 **Жарық қалтасы:** Дәлізге жалғасқан және оны жарықтандыруға арналған табиғи жарықпен жарықтанатын бөлме. Жарық беру қалтасының рөлін дәлізден ені 1,2 м-ден кем емес әйнектелген есіктермен бөлінген баспалдақ торлары атқара алады. Бұл жағдайда жарық беру қалтасының ені ретінде баспалдақ торына өту ойығының ені алынады.

3.1995 **Жарық климат:** Бір жердегі он жылдан артық мерзім аралығындағы табиғи жарық жағдайларының (жарықтану және аспанның шашыраған жарығымен және күннің тура жарығымен жасалатын горизонталь және көкжиек жақтары бойынша түрлі бағдарланған вертикаль беттердегі жарық мөлшері, күн жарығының ұзақтығы және төсеуіш беттің альбедосы) жиынтығы.

3.1996 **Жарық фонары:** Баспалдақ торы немесе ішкі ауланы жарықтандыруға арналған жабынның әйнектелген құралымы.

3.1997 **Жарық өткізгіш қоршау құралым:** 1) ғимараттардың бөлмелерін табиғи жарықпен жарықтандыруға арналған қоршау құралым; 2) ғимараттардың немесе имараттардың ішкі бөлмелерін табиғи жарықпен қаматамасыз етуге арналған құрылыс құралымы.

3.1998 **Тоғыспа:** 1) кергіштің болуымен ерекшеленетін және негізінен сығуға жұмыс істейтін көтергіш кеңістіктік құрылыс құралымдары; 2) геометриялық пішіні дөңес қисық сызықты бет түріндегі құрылыстың сәулеттік кеңістік құралымдары, аражабыны немесе төбежабыны. Тоғыспалардың негізгі түрлері: цилиндр, крест тәрізді, қабыстырылған, айналы, күмбез (желкен) тәрізді.

3.1999 **Құрылыс құралымдарындағы байланыстар:** Қаңқаның негізгі (көтеруші) құралымдарының орнықтылығы мен құрылыстың жалпы кеңістіктік қатаңдығын қамтамасыз ететін қосу элементтері.

3.2000 **Сейсмикалық барлау, сейсмобарлау:** Жер қойнауларының құрылысын, заттық құрамын және кернеуленген жағдайын зерттеу мақсатында сейсмикалық (серпімді) толқындарды жасанды түрде қоздыру мен тіркеуге негізделген геофизикалық барлау әдістерінің жиынтығы.

3.2001 **Сейсмокаротаж:** Каротаждық зонд немесе сейсмоқабылдағыш көмегімен ұңғыма бойында орналасқан тау жыныстарының сейсмикалық қасиеттерін зерттеу.

3.2002 **Сейсмикалық берік құрылыс, антисейсмикалық құрылыс:** Жер сілкіністері кезінде пайдалану қасиеттерін сақтап, сейсмикалық әсерлерге қарсы тұра алуға қабілетті ғимараттар мен имараттардың құрылысы.

3.2003 **Сейсмикалық төзімділік:** Ғимараттар немесе құрылыстардың пайдалану сапасын жоғалтпау арқылы сейсмикалық әсерлерге қарсы тұру қабілеті.

3.2004 **Секция:** 1) жоспарда шартты түрде шектелген және көлемдік-жайғастыру, техникалық немесе құралымдық жағынан біртұтас ғимарат немесе имараттың бөлігі; 2) сыртқы қабырғалармен немесе (және) деформациялық жіктермен шектелген және аралықтарының бағыты бір және осы бөліктің толық көлемінің шегінде (бір не көп қабатты бөліктің) немесе оның әр қабатының шегінде (көп қабатты бөліктің) қабаттарының модульдік биіктігі бірдей бір типті немесе әр типті (модульдік аралықтар мен қадамдар бойынша) ұяшықтардың жиынтығынан тұратын ғимараттың құралымдық жағынан дербес көлемдік-жайғастыру элементі.

3.2005 **Құбырдың секциясы:** Диаметрі бірдей бірнеше құбырдан тұратын, тасымалдау өлшемдерімен шектелген түзу сызықты құрастырма бірлігі.

3.2006 **Сел ағыны:** Тауға жақын және таулы аймақтарда, кіші өзендер мен тальвегтерінің еңісі үлкен логтардың (> 0,1) бассейндерінде көп мөлшерде жаңбыр жауғанда немесе қар тез еріген кезде пайда болатын балшық пен тасы көп қысқа мерзімді күйретуші ағындар.

3.2007 **Қоныстану аймағы:** Тұрғын үйлер қорын, қоғамдық ғимараттар мен имараттарды, соның ішінде ғылыми-зерттеу институттары мен кешендерін, сондай-ақ санитарлық қорғаныш аймақтарын жасауды қажет етпейтін кейбір коммуналдық және өнеркәсіптік нысандарды орналастыруға арналған, қала ішіндегі жолдарды, көшелерді, алаңдарды, бақтарды, бульварларды және басқа да қоғамдық пайдалану орындарын жайғастыруға арналған аумақ.

3.2008 **Серпантин:** Таулы жерлерде салынатын жолдың бұрылу бұрышынан тыс оның екі бағыты сүйір бұрыш жасай түйіскен (айырылысқан) жерде автомобиль жолын доғалдау түрі.

3.2009 **Серитификат:** Жасалған материалдардың (бұйымдардың, құралымдардың) стандарттарға немесе техникалық шарттарға сәйкестігін растайтын дайындаушы-кәсіпорынның құжаты.

3.2010 **Сәйкестік сертификаты:** 1) сертификатталған өнімнің қойылған талаптарға сәйкестігін растайтын сертификациялау ережелері бойынша берілген құжат; 2) сертификациялау жүйесінің ережелеріне сәйкес теңестірілген өнімнің, процестің немесе көрсетілетін қызметтің нақты стандартқа немесе басқа нормативтік құжатқа сәйкестігін қажетті сенімділікпен қамтамасыз етілуін көрсететін құжат.

3.2011 **Өнімді сертификациялау:** 1) дайындаушыға (сатушы, орындаушы) және тұтынушыға (сатып алушыдан) тәуелсіз, өнімнің қойылған талаптарға сәйкестігін ұйымның жазбаша түрде куәландыратын растау процедурасы; 2) өнімнің, процестің немесе көрсетілетін қызметтің белгіленген талаптарға сәйкестігін үшінші жақ жазбаша түрде куәландыратын процедура. Ескерту: сертификациялау нысандарын көрсету барысында «тауарлар, жұмыстар, қызметтер» терминдері пайдаланылады.

3.2012 **Құрылыста пайдаланылатын өнімді сертификаттау:** Үшінші тұлға жазбаша түрде өнімнің сапалы сипаттары тексерілген және ережелердің немесе нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін мақулдайтын аттестаттау процедурасы.

3.2013 **Тұрақты жұмыс орындарын сертификаттау:** Жұмыскерлердің жұмыс орындарының еңбек жағдайының қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ететін көрсеткіштерге сәйкестігін растау.

3.2014 **Құрылыс материалдар мен бұйымдарды сертификаттау:** Үшінші тұлға жазбаша түрде құрылыс материалдар мен бұйымдардың талаптарға сәйкестігін мақулдайтын процедурасы.

3.2015 **Сертификатталған құрылыс материалдары мен бұйымдар:** Сертификаттаудан өткен құрылыс материалдары мен бұйымдар.

3.2016 **Желілі жоспарлау мен басқару (ЖЖБ):** Желілі моделдермен, соның ішінде желілі кестелермен негізіделген ірі халық-шаруашылықтық кешендердің, ғылыми зерттеулердің, құрылыстың, қайта құру және т.басқалардың жоспарлау мен басқару жүйесі. Жоспарланатын жұмыстардың оптималдық бірізділігін анықтауды, оның алынған нәтижелерімен өзара байланысын белгілеу мен жоспарды реттеуге мүмкіндік береді.

3.2017 **Желілік кесте:** Құрылыстың нормативтік ұзақтылығын сақтау және барлық ресурстарын тиімді пайдалану мерзімінде ұйымдастыру-технологиялық құжаттаманың құрамында құрылыстық - жинақтау жұмыстарын орындаудың технологиялық бірізділігін анықтайтын негізгі құжат. Ж.к. бас параметрлері - оқиға мен жұмыс, туындысы - сынамалы жол мен уақыттың бары.

3.2018 **Желілік кесте (құрылыста):** Хабардар графы (масштабты емес стрелкалар мен шеңберлер) түрде сүреттелген құрылыс объектісі (кешені мен т.б.) технологиялық жұмыстардың өзара байланысын және олардың ақырғы мақсатын көрсететін процесінің динамикалық моделі.

3.2019 **Ұстындар торы:** Жоспардың екі бағытында (аралық пен қадамның модульдіктері бағыттарында) ұстындардың қадам өлшемін анықтайтын горизонталь негізгі координациялық жазықтықтағы сызықтардың жиынтығы.

3.2020 **Жылу торабы:** Жылумен жабдықтау көзінен тұтынушыларға қарай жылу тасушы орналасатын (ыстық су немесе бу) құбырлардың (жылу құбырларының) жиынтығы.

3.2021 **Электр желісі:** Электр станциясын электр энергиясын тұтынушылармен байланыстыратын электр желілерінің, қосалқы станциялардың, тарату және ауыстырып қосу пункттерінің жиынтығы.

3.2022 **Силос:** Үгітілмелі материалдарды сақтауға арналған мұнара типіндегі имарат.

3.2023 **Аспирация жүйесі:** Қоршаған ортаға ауа құбырлардан шығатын ауаны тазартатын тазарту құрылғылардың шаң жинауларынан оның жабдықтардан бөлмелерге шығуын болдырмайтын, ғимаратта шаңның жиналуын оқшаулайтын аспирациялық құрылғылар жиыны.

3.2024 **Газбен жабдықтау жүйесі:** Газды шығаруға, тасымалдауға, сақтауға, жеткізуге арналған технологиялық, ұйымдастыру және экономикалық жағынан бір-бірімен байланысқан және орталықтан басқарылатын өндірістік және басқа да нысандардың мүліктік өндірістік кешені.

3.2025 **Сапа жүйесі:** Сапаны жалпы басқаруды қаматамасыз ететін ұйымдық құрылымның, жауапкершіліктің, процедуралардың, процестер мен қорлардың жиынтығы.

3.2026 **Коммуналдық жылумен жабдықтау жүйесі:** Белгіленген тәртіппен тиісті арнайы рұқсат (лицензиялар) алған тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылық жүйесінің жылумен жабдықтау ұйымы пайдаланатын жалпы өндірістік процеспен біріктірілген жылу көздерінің және (немесе) қаланың (ауданның, кварталдың), басқа да елді мекеннің жылу жүйелерінің жиынтығы.

3.2027 **Жергілікті сорғыштар жүйесі:** Ауа құбырларына жергілікті сорғыштар қосылатын жергілікті сыртқа тарту желдеткіш жүйесі.

3.2028 **Сертификациялау жүйесі:** Сәйкестік сертификациясын жүргізу үшін процедуралары мен басқаруының өзіндік ережелері бар жүйе.

3.2029 **Аймақты су басудан және судың жайылуынан инженерлік қорғау жүйесі:** Аймақты су басудан және судың жайылуынан инженерлік қорғауды қаматамасыз ететін бір аймақтық жүйеге біріктірілген түрлі тағайындағы гидротехникалық имараттар.

3.2030 **Жартастық топырақтар:** Түйіндері қатаң байланысқан тұтас массив түріндегі немесе сызатты, желмен бұзылмаған магматикалық, тұнбалық немесе метаморфийлық тау жыныстары.

3.2031 **Еңіс:** Жабынның еңіс беті.

3.2032 **Нысандағы қойма:** Құрылысты ұйымдастыру жобасына сәйкес жинақтау крандарының жұмыс істеу аумағына орналастырылатын құрылыс материалдарын, бұйымдарын, құралымдары мен жабдықтарын сақтауға арналған қойма (имарат, бөлме, алаң).

3.2033 **Жиналмалы(бүктемелетін) құралымдар:** Қабыршық тәрізді жұқа қабырғалы, бір-бірімен бұрыш жасап қосылған жазық бөлшектерден (табақшалардан) тұратын құрылыс құралымдары.

3.2034 **Мұнай мен мұнай өнімдерінің қоймалары:** Мұнай және мұнай өнімдерін қабылдауға, сақтауға және беруге арналған ғимараттар, резервуарлар және басқа да имараттар кешені.

3.2035 **Қапсырмалық бұйымдар:** Құрылыста, ағаш шеберлік жұмыстарында және ағаш бұйымдарын жасау кезінде пайдаланылатын ұсақ металл (негізінен бекітуші) бөлшектер.

3.2036 **Жылжу мульдасының нүктелерінде бұрау:** Шаршы алаңның деформацияға дейін параллель болған шектері еңісінің айырмасының оның жағына қатынасы. Жайылу бағытында (жайылуға қайшы) бұрауды есептегенде ол x және y жылжулары бойынша отыру функциясының екінші дәрежелі туындысы ретінде анықталады (мұнда x - жайылу бағыты бойынша қарастырылатын нүктеден жайылуға қайшы мульданың бас қимасына дейінгі ара қашықтық; y - жайылуға қайшы бағытта қарастырылатын нүктеден қабаттың жайылу бағыты бойынша мульданың бас қимасына дейінгі ара қашықтық). Жайылу бағытындағы (жайылуға қайшы) және берілген бағыттағы бұрауды ажыратады.

3.2037 **Жасырын жұмыстар:** Кейінгі жұмыстар мен құралымдар жасырып тұратын, кейінгі жұмыстар орындалғаннан кейін сапасы мен дәлдігін анықтау мүмкін болмайтын жұмыстар.

3.2038 **Қабатты панель:** Бетоннан немесе бетон мен бетон емес жылу оқшаулаушы материалдар мен бұйымдардан жасалған бірнеше қабаттардан тұратын панель, соның ішінде экраны бар панель.

3.2039 **Қабатты пластиктер:** Қатайтатын толтырғышы параллель қабаттарға орналастырылған полимер материалдар.

3.2040 **Смета:** Жобалық мәліметтер негізінде нысан құрылысының құнын, соның ішінде құрылыс-жинақтау жұмыстарының кейбір түрлерін орындауға және жабдықтарды сатып алуға қажетті шығындарды, сондай-ақ құрылысты жүргізуге байланысты басқа да шығындарды анықтайтын құжат.

3.2041 **Табиғи шайырлар, натуралды шайырлар:** Қабық бетіне өздігінен немесе жараланған кезде шығатын кейбір өсімдіктердің тіршілік ету өнімдері.

3.2042 **Біріктірілген жарық:** Нормалар бойынша жеткіліксіз табиғи жарық жасанды жарықпен толықтырылатын жарық.

3.2043 **Біріктірілген көпір:** Бірмезгілде түрлі көліктер өтуге арналған көпір.

3.2044 **Күннен қорғау құралдары, күннен қорғау:** Күннің жағымсыз әсерінен қорғауға және ғимараттар (имараттар) мен елді мекендердің ашық алаңдарында жайлы жарықтық жағдай және микроклимат жасауға арналған сәулеттік-жайғастыру және құралымдық құралдардың жиынтығы.

3.2045 **Имарат:** Табиғи немесе жасанды кеңістіктік шекаралары бар және өндірістік процестерді орындауға, материалдық құндылықтарды орналастыру және сақтау немесе адамдарды, жүктерді уақытша орналастыруға (жылжытуға), сондай-ақ жабдықтарды немесе қатынастарды орналастыруға (төсеуге, жүргізуге) арналған жасанды көлемдік, жазықтықты немесе сызықтық (жер үсті, су беті және (немесе) жерасты, суасты) нысаны. Имарат сондай-ақ көркемдік-эстетикалық, әшекейлік, қолданбалы немесе мемориалдық болуы мүмкін.

3.2046 **Екі мақсатта пайдаланылатын имарат:** Қауіпті нысандарда болған апат нәтижесінде, сондай-ақ қазіргі заманғы зақымдау құралдарының әсерінен пайда болатын қауіптерден адамдарды, техниканы және мүлікті жасыруға бейімделген (жобаланған) өндірістік, қоғамдық, коммуналдық-тұрмыстық немесе көліктік мақсаттағы инженерлік имарат.

3.2047 **Каптажды имарат:** Жерасты суларын жер бетіне шығу жерлерінде ұстап және жинап алуға арналған имарат.

3.2048 **Салстырмалы стандарттар:** Талаптардағы өзгешеліктерді біржақты салстыруға мүмкіндік беретін стандарттау жөніндегі әр түрлі органдар бекіткен және бір әдістерге негізделген бір нысанға арналған стандарттар. Ескерту: салстырылмалы стандарттар үйлестірілген стандарттар болып табылмайды.

3.2049 **Біртекті қоршау құралымдарының жылу беру кедергісі:** Тұрақты жылу беру жағдайында біртекті қоршау құралымының екі жағындағы қоршаған орта температуралары айырмасының құралымнан өтетін жылу ағынының тығыздығына қатынасы.

3.2050 **Құрама қабырға:** Қалыңдығы бойынша екі қабырға: сыртқы және ішкі қабырғадан тұратын қабырға.

3.2051 **Құрама өзек:** Бір-бірімен тақтайшалар немесе торлардың көмегімен тұтастандырып біріктірілген жеке қарапайым металл кескіндерден тұратын шыбықтық құрылыс құралымының элементі.

3.2052 **Шектік күй:** Құралымдардың, іргетастардың, ғимараттар немесе имараттардың берілген пайдалану талаптарын немесе жұмыс өндіру кезіндегі талаптарын қанағаттандырмайтын жағдай.

3.2053 **Цементке арнайы қоспа:** Цементке арнайы қасиеттер беру үшін немесе кейбір сапа көрсеткіштерін реттеу үшін қосылатын қоспа.

3.2054 **Арнайы құралымдар:** Аэродромның түрлі телімдерінде әуе кемелерін қалыпты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге арналған желдің, дөңгелек жүктемелерінің, авиақозғалтқыштардың газ-ауа ағындарының ж.т.б. күштерін қабылдайтын ағынды бұратын қалқандар, қондыратын және жерлендіруші құрылғылар, тереңдетілген каналдар, құдықтар, жарықпен дыбыс беру жабдықтары ж.т.б.

3.2055 **Арнайы цемент:** Беріктікті қалыптастырумен қатар арнайы талаптар қойылатын цемент.

3.2056 **Шиыршық жікті электр пісіру болат құбыры:** Шиыршықтан және ұзіліссіз пісіру шиыршықты жалғасқан жерінің жігі штрипстерден немесе қалыпқа келтіру жолымен табақты илемдеумен жасалған электр пісіру болат құбыры

3.2057 **Титулдық тізім:** Күрделі қаржы салымдары жоспарларына енгізілетін салынып жатқан (қайта құрылып, кеңейтіліп жатқан) кәсіпорындар, ғимараттар мен имараттардың немесе олардың бөліктерінің тізімі.

3.2058 **Спринклерлік өрт сөндіргіш қондырғы:** Қалыпты жағдайда жабылып тұратын, белгілі бір температураға жеткенде ашылатын спринклерлік шашыратушылармен жабдықталған автоматтандырылған сумен өрт сөндіру қондырғысы.

Ескерту: Күту жағдайындағы спринклерлік қондырғылар олардың құбырларының сұйық өрт сөндіруші затпен немесе қысылған ауамен толтырылуына байланысты сумен толтырылғаны «сулы» немесе құрғақ құбырлысы «құрғақ» деп аталады.

3.2059 **Су шашатын түтік суландырғыш:** Жылыту құлпысының жарамсыздану кезінде ашылатын шығу құысымен тиекті құрылғысы бар суландырғыш.

3.2060 **Сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы:** Тәуліктің белгілі бір мерзімінде бірдей уақыт аралығында өлшенген сыртқы ауа температурасының орташа мөлшері. Ол метеорологиялық қызметтің мәліметтері бойынша қабылданады.

3.2061 **Бетонның тығыздығының орташа деңгейі:** Тығыздығы бойынша жеткен біркелкілігіне сәйкес өндірісте қолданылатын және бетонның құрамы тағайындалатын белгілі бір бақыланатын мерзімде кәсіпорындар мен құрылыстардың лабораториялары белгілейтін бетон тығыздығының орташа мәні.

3.2062 **Көшелер, жолдар және алаңдардың орташа жарықтануы:** Ауданы бойынша орташа өлшенген жарықталу.

3.2063 **Жол бетінің орташа жарықтылығы:** Көліктің жылжу осьінде орналасқан бақылаушының көзі бағытындағы құрғақ жол жабынының ауданы бойынша орташа өлшенген жарықтылығы.

3.2064 **Төсеу құралдары:** Жер немесе аражабын деңгейінен 1,3 м биіктікте немесе тереңдікте құрылыс-жинақтау жұмыстарын жүргізген кезде жұмыс орындарын ұйымдастыруға арналған құрылғылар.

3.2065 **Қызмет ету мерзімі:** Бұйымды пайдалану басталған күннен нормативтік-техникалық құжаттарда көрсетілген шектік жағдайдың пайда болу кезіне дейінгі немесе жарамсыз деп аталуына дейінгі уақыт аралығы.

3.2066 **Цементтің ұсталыну мерзімі:** Нормаланған жағдайларда анықталатын цементтік қамырдың ұсталынуының басталу және аяқталу уақыты.

3.2067 **Топырақтың тұрақтануы:** 1) топырақтардың консолидациясы процесі аяқталған кездегі (яғни берілген кернеуленген жағдайда топырақтың максималды шөгуіне жеткендегі) топырақ материалдардан жасалған имараттардағы және негіз топырағының жағдайы; 2) деформациялануын азайту және беріктігін жоғарылату мақсатында топырақтың қасиеттерін жетілдіру әдісі.

3.2068 **Болаттемірбетон:** Анкерлердің көмегімен бекітілген табақ болатпен (мембранамен) жабылған темірбетон тақтадан жасалған құрылыс материалы.

3.2069 **Болатбетон:** Портландцемент, су, кварцтік құм және болат жоңқалар мен үгінділердің қоспасынан жасалатын тозуға төзімді бетон.

3.2070 **Стандарт:** 1) кең мағынада: басқа ұқсас нысандарды салыстыру үшін қабылданатын алғашқы үлгі, эталон, модель. Техникада әдетте стандарт деп бір өнім және оны жобалауды, өндіруді және пайдалануды қамтамасыз ететін техникалық шарттар мен талаптар орындалу үшін тиісті шарттар көрсетілген нормативтік-техникалық құжат аталады; 2) мемлекеттік стандарт, санитарлық нормалар мен ережелер, құрылыстық нормалар мен ережелер және заңдарға сәйкес тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) сапасына міндетті талаптар қоятын басқа да құжаттар; 3) әдетте мүдделі жақтың көпшілігінің негізгі мәселелер бойынша қарсылықтарының жоқтығымен сипатталатын келісім негізінде жасалған, өкілетті органмен (кәсіпорынмен) қабылданған (бекітілген) стандарттау бойынша нормативтік құжат. Ескерту: стандарттар ғылымның, техниканың және практикалық тәжірибенің жалпы нәтижелеріне негізделеді және қоғамға едәуір тиімді пайда келтіруге бағытталады.

3.2071 **Су тазартқыш станция:** Суды тазартуға арналған ғимараттар, имараттар және құрылғылар кешені.

3.2072 **Ескіру:** 1) металдардың ескіруі - бөлмелік температурада ұзақ мерзім ұстаған кезде өздігінен болатын (табиғи ескіру) немесе қыздыру кезінде болатын (жасанды ескіру) металдар мен қорытпалардың механикалық, физикалық, химиялық қасиеттерінің өзгеруі; 2) полимерлердің ескіруі - қайтарылмайтын өзгерістер, соның ішінде оттегі әсерінен болған химиялық өзгерістер нәтижесінде полимерлердің бағалы химиялық қасиеттерін жоғалтуы.

3.2073 **Көп қабатты қорғаушы әйнек:** Өзара түрлі қатынаста полимерлі материалдармен силикат әйнек табақтарының, силикаттының органикалық әйнекпен, поликарбонатпен немесе беріктендіретін үлдірлермен желімделуі. Қорғаушы қасиеттері бар көп қабатты блок болып табылады.

3.2074 **Боялған илемделген табақ әйнек:** Бір жақ беті тегіс, екінші жағы ұсақ кедір-бұдырланған мөлдір емес, ақ немесе түрлі-түсті илемделген табақ әйнек.

3.2075 **Эмальданған шынықтырылған табақ әйнек:** Бір жақ бетіне эмальмен боялып, беріктендіру және бетіндегі бояуды бекіту үшін қыздырылып өңделген табақ әйнек.

3.2076 **Бейорганикалық әйнек:** Құрамында әйнек түзетін құраушылары мен метал оксидтері бар қорытпа суығанда алынатын қатты, аморфты, оптикалық диапазонның кейбір тұстарында мөлдір (бояусыз немесе боялған) морт материал.

3.2077 **Органикалық әйнек:** Органикалық полимерлердің негізінде жасалған оптикалық мөлдір қатты материал.

3.2078 **Әйнекбетон құралымдар:** Арасына ерітінділермен әйнек блоктары орнатылған бетон таспа түріндегі құрылыс құралымдары; тұрғын, қоғамдық және өнеркәсіптік ғимараттардың жарық өткізгіш қоршауларын жасауға арналған.

3.2079 **Әйнек блогі:** Герметикалық тығыздық жасап, екі сығымдалған жартылай блоктарды пісіру арқылы алынатын әйнек бұйым.

3.2080 **Әйнек пакеті:** Арасында құрғатылған газбен толтырылған герметикалық қуыстар жасап, жиектері бойымен бір-бірімен қосылған екі немесе бірнеше әйнек табақтардан тұратын ғимараттардың жарық қуыстарын әйнектеуге арналған бұйым.

3.2081 **Әйнекпластиктер:** Құрамында беріктендіруші толтырғыш ретінде мата (стеклотекстолит), шабылған талшықтар (стекловолокнит), жіптер, арқандар, маттар ж.т.б. түріндегі әйнек талшықты материалдар бар пластмассалар.

3.2082 **Әйнекпрофилит:** Түрлі кескінді қатайтылған және қатайтылмаған түссіз және боялған әйнектен, негізінен тоқтаусыз тарту әдісімен жасалған ірі габаритті құрылыс бұйымдары.

3.2083 **Әйнекрубероид:** Екі жағынан да битум сіңіртілген әйнек мата түріндегі орамадағы гидрооқшаулаушы материал.

3.2084 **Әйнекмата:** Өзара перпендикуляр әйнек талшығының (қимасы дөңгелек немесе кескінді) жіптерін өру арқылы алынатын материал.

3.2085 **Әйнек талшық:** Балқытылған әйнектен алынатын қимасы дөңгелек немесе кескінді талшық.

3.2086 **Стеллаж:** Вертикаль тіреулерге бірнеше қаттама етіп бекітілген сөрелерден (төсеулерден) тұратын заттар мен бөлек материалдарды сақтауға арналған құрылғы.

3.2087 **Жердегі қабырға:** Жерасты және тереңдетілген имараттардың тік қабырғаларын, сондай-ақ ордың ішіне топырақтардың құлауын тежейтін бентонит топырағынан жасалған ерітіндімен (жүзгінмен) қорғау арқылы орларда салынатын сүзілген суға қарсы бүркеулер салу тәсілі.

3.2088 **Ғимараттың қабырғасы:** Ғимаратты сыртқы атмосфералық әсерлерден қорғайтын және бірмезгілде көтеруші қызмет атқаратын (горизонталь және вертикаль жүктемелерді қабылдайды, ғимараттың ішкі көлемін жеке бөлмелерге бөледі) негізгі қоршау құралымдар.

3.2089 **Қалқандық қабырға:** Гидротехникалық имаратты қалқып жүрген түрлі заттардан, қабыршақ мұздардан, (бауырлап қатқан мұздардан) қорғау үшін астыңғы қыры судың ең төменгі деңгейінен төмен түсірілген суалғыш тесіктің алдына орналасқан тік қабырға.

3.2090 **Стилобат:** Үстіне құрылыс салынатын, ескерткіш қойылатын беті тас тақталармен жабылған биіктетілген платформа.

3.2091 **Ақаба сулар:** Тұрмыстық немесе өндірістік қажеттерде пайдаланылған және сонымен бірге оның алғашқы химиялық құрамын немесе физикалық қасиеттерін ауыстырған қосымша қоспалар (кірлер) қосылған су, сондай-ақ атмосфералық жауындар немесе көшелерді суғару нәтижесінде елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың аймақтарынан ағып шығатын су.

3.2092 **Тік құбыр:** Тармақтар (жеткізгіштер) арқылы су бөлетін (газ бөлетін) аспаптарға су (немесе газ) беруге және санитарлық аспаптар мен түрлі қабылдағыштардан бұру құбырлары арқылы келетін ақаба суларды (немесе газдарды) әкетуге арналған барлық қабаттар арқылы өтетін тұрғын, қоғамдық немесе өндірістік ғимараттың ішіндегі тік құбыр.

3.2093 **Стробоскопиялық эффект:** Айнымалы тоққа қосылған газ разрядты жарық көздерінен жасалған жарықтандырушы қондырғылардағы нысандардың қозғалысының жиілік сипаттамаларының еселіктері кездескенде пайда болатын жылтылдап тұрған жарықта айналып тұрған, қозғалып келе жатқан немесе ауысып отыратын нысандарды көзге бұрмалап көрсету құбылысы.

3.2094 **Сүргілеу:** Аспапты немесе бұйымды (дайындаманы)салыстырмалы қайтармалы-ілгерілемелі қозғалтып жазықтықтар мен пішінді беттерді (ойықтарды, жырашықтарды, тереңдіктерді) жоңқалап кесіп өңдеу.

3.2095 **Құрылыс материалдары мен бұйымдары:** Ғимараттар мен имараттарды тұрғызғанда пайдаланатын табиғи және жасанды материалдар мен бұйымдар.

3.2096 **Құрылыс машиналары:** Ғимараттарды, көпірлерді тұрғызғанда, жолдар салғанда және т.с.с. дайындық, жобалық, жер қазу, тасымалдау және басқа да жұмыстарды жүргізуге арналған машиналар.

3.2097 **Құрылыс нормалары мен ережелері:** Атқарушы билік огандары қабылдаған, міндетті талаптар қоятын құрылыс саласындағы нормативтік құжат. *Ескертулер:* 1) құрылыс нормалары мен ережелері техникалық регламенттің (technical regulation) жеке жағдайы болып табылады; 2) құрылыстағы нормативтік құжаттардың жүйесінде құрылыс саласына нормалау және стандарттау нысандары жатады.

3.2098 **Құрылыстық көтерілім:** Имараттың пайдалану және сәулет сапасын жоғарылату мақсатында кейбір құрылыс құралымдарын дөңес жағын сыртқа қаратып (қарсы майысым) азғантай майыстыру.

3.2099 **Құрылыс:** 1) өндірістік және өндірістік емес мақсаттағы негізгі қорлар құрылатын материалдық өндіріс саласы; 2) құрылыс жұмыстары, жабдықтарды орнату, қосалқы, тасымалдау жұмыстары, сондай-ақ ғимараттар мен имараттарды қайта тұрғызу, қайта құру және жөндеу, бұзу және қозғалтуға байланысты жұмыстардан тұратын оларды тұрғызу процесі.

3.2100 **Струг:** 1) екі вертикль қалқан түріндегі жұмыс органы машинаның ұшында орналасқан үзіліссіз жұмыс істейтін машина; 2) карьерден пайдалы қазбалардың жұқа қабаттарын алуға (кесіп алуға) арналған экскаватордың жұмыс органы; 3) пайдалы қазбаларды жер астынан шығарып алуға арналған стругтік қондырғының жұмыс органы.

3.2101 **Бетон құрылымы:** Ірі және майда толтырғыштардың түйірлерінен толатын және көпсанды микропорлармен және химиялық байланыспаған сулары, су булары мен ауасы бар капиллярлармен өткізілген цемент тасының кеңістікті торы түрде құралады. Сондықтан, бетон капиллярлық-кеуекті тас материалы болып көрінеді, онда тұтастығы бұзылған және үш фазасы бар - қатты, сұйық және газды. Цемент тастың бетондағы құрылымы күрделі және біртектілі емес. Цемент тасы серпілмелі кристалды арқаудан және оны толтыратын тұтқыр құрылымдық негізден - гельден тұрады. Цемент тасының тұтқыр және серпілмелі құрылымдық цемент тасын құрайтын бетонмен серпілмелі-пластикалық сырғымалы заттың қасиетімен үлестірілген.

3.2102 **Топырақ құрылымы:** 1. Топырақтың барлық заттарын ұйымдастыру кеңістігі (қатты, сұйық, газды және биотикалық құрауышы) геометриялық, морфометриялық және энергетикалық нышандарының жиынымен және құрылымымен анықталатын сандық қатынасы бар және топырақ құрауышының өзара байланысымен сипатталады; 2. Құрылымдық кеңістік ұйымдастыруы қатты, сұйық, газды және топырақтың биотикалық құрауышы геометриялық, морфометриялық және энергетикалық нышандарының жиынымен және құрылымымен анықталатын сандық қатынасы бар және топырақ құрауышының өзара байланысымен сипатталады.

3.2103 **Тартпа (жабынның астындағы негіз):** 1) еден астындағы немесе аражабын қабатын тегістеуге, аражабынның үстіндегі еденге берілген еңіс жасауға, түрлі құбырларды жасыруға, аражабынның үстіндегі еденнің қатты емес қабаттарына жүктемелерді таратуға арналған еден қабаты; 2) жұпталған есіктер мен терезелердің жақтауларын нығыздап жабылуын қамтамасыз ететін бұйым; 3) жүктемелерді қабылдауға және астыңғы жылу және дыбыс оқшаулаушы қабатқа беруге арналған ғимараттардың аражабындары мен жабындарының көп қабатты құралымдарының жұқа және салыстырмалы берік қабаты.

3.2104 **Қосалқы мердігер:** Бас мердігердің шарт негізінде салынып жатқан нысанда құрылыс, арнайы құрылыс, жөндеу, жинақтау жұмыстарының жеке түрлерін орындауға шақыратын мамандандырылған мердігерлік ұйым.

3.2105 **Цементтің сульфатқа төімділігі:** Цемент тасының құрамында сульфатиондар бар су орталарының бұзушы әсеріне қарсы тұру қасиеті.

3.2106 **Құрғақ сылау:** Гипсті бетон негізінде жасалған, беті қатты қағазбен қапталған табақ түріндегі өңдеуші материал.

3.2107 **Цементтің ұсталынуы:** Гидратация нәтижесінде цемент қамырының қозғалмалылығын қайтарымсыз жоғалтуы.

3.2108 **Инженерлік қорғау сызбалары:** Оның іріленген болжама құнын және кезекті жүзеге асыруын инженерлік қорғаудың негізделген оптимальды кешенін анықтау және негіздеу мақсатымен дайындалған бас, жете, арнайы жобалау материалдар.

3.2109 **Түсіру (топографиялық түсіру):** Топографиялық картаның немесе жоспардың түсіру түпнұсқасын алу үшін, сондай-ақ басқа да түрде топографиялық мәліметтер алу үшін жүргізілетін жұмыстар кешені.

3.2110 **Тамбур:** Ғимаратқа, баспалдақ алаңшасына немесе басқа бөлмелерге кіруде суық ауаның, түтіннің және иістің енуінен қорғайтын есіктер арасындағы өтпелі бөлме.

3.2111 **Тампонаж:** Тау жынысына арнайы ерітіндіні қысыммен толтыру процесі; шахталық құрылыста немесе ұңғымалар арқылы гидротехникалық имараттардың (бөгеттер және басқа) негіздерін бекіту кезінде қолданылады.

